**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі**

**Жалпы білім беретін пәндеркафедрасы**

# ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ӨҢДЕУ

Пән коды: ЖГП 03
Пәні: «Қазақстан тарихы»
Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» 3,6 ж
Оқу сағатының кредиттің/көлемі:48/2
Теория: 48 с.
Курсы: 2
Оқу семестрі: 3
Бақылау түрі: емтихан

\

Шымкент, 2023 ж.

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама №13 «27» 06 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі: ____________ А.Т. Сатаев

**№ 1 сабақ**

**1. Сабақтың тақырыбы**: Кіріспе. Тарих ғылым және пән ретінде.Алғашқы қауымдық құрылыс және тас дәуіріндегі Қазақстан.Қола дәуіріндегі Қазақстан.

**Сағат саны**: 90 мин.

**2. Сабақтың мақсаты:**

- Білім беру: Жастардың тарихи санасын қалыптастырудағы ҚР тарихының орны мен ролін объективті түрде сипаттау;
- Қазақстан территориясындағы тас дәуірінің адамзат тарихындағы алатын орнын ашып көрсету,білім алушылардың назарын дәуірлердің ерекшеліктеріне бейімдеу.
- Қазақстан территориясындағы қола дәуірінің адамзат тарихындағы алатын орнын ашып көрсету, білім алушылардың назарын дәуірлердің ерекшеліктеріне бейімдеу.

Андронов мәдениетінің ерекшелігі мен маңызына тоқталу.

- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың  Қазақстан тарихынан алған бастапқы білімдерін тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндетін айқындау.

- Қазақстан тарихы пәнінің негізгі зерттеулерін;
- Қазақстан тарихы пәнінің мақсаттары мен міндеттерін;
- Қазақстан тарихының кезеңдерін;
- пәннің негізгі мағлұматтары мен дерек көздерін;
- қазіргі Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін;

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1.Қазақстан тарихының мақсаты мен маңызы.
2.Қазақстан тарихын оқытуда әдістер мен дерек көздері.

Тарих – адамзат қоғамының өткенін зерттейтін ғылым. Ол жер бетіндегі барлық халықтардың материалдық және рухани өмірі саласындағы сан ғасырлар бойындағы тәжірибесінің жиынтығы, бүгінге дейін өткен мыңдаған ұрпақтардың кейінге қалдырған мұрасы. Қоғамның әрбір мүшесі ұрпақтар зердесінің, бір сөзбен айтқанда, тарихи зерденің негізінде қалыптасады. Тарихи сана қоғамдық сананың жеке бір бөлігі болып табылады және дүниеге  көзқарас жүйесінде маңызды

орын алады. Тарихи сананы қалыптастыру жас ұрпақты өз халқының рухани өмірімен етене жақындастыруға, оның мәдениеті мен тарихының бастауларын түсініп өсуіне көмектесуі тиіс.

Қазақ халқының тарихы дүниежүзілік тарихтың маңызды бөлігі болып табылады. Түрік халықтарының қатарына жататын қазақтар саны жағынан олардың ішінде төртінші орын алады, ал территориясы жағынан дүние жүзі халықтарының ішінде алғашқы ондыққа кіреді. Тарихта әртүрлі этнонимдармен белгілі болған қазақтардың арғы ата-бабалары әркилы қиын-қыстау жолдардан өтті, жат елдік басқыншыларға қарсы өз тәуелсіздігі үшін күрес жүргізді және дүниежүзілік өркениетке өздерінің лайықты үлесін қосты. Алайда ғасырларға созылған орталық езгі кезеңінде үстемдік етушілер халықтардың бостандығын, жерін, табиғи байлықтарын, мәдени ескерткіштерін тартып алып қана қоймай олардың тарихи зердесін де өшіруге тырысты. Жаулап алынған елдердің халқын өздерінің тарихи дәстүрінде тәрбиелеу отарлық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақ халқының тарихын революцияға дейін де, одан кейін де Ресей тарихшылары жазды және империялық ұлы державалық идеология тұрғысынан түсіндірілді. Өз халқының тарихын шындық тұрғысынан қарастыруға ұмтылған ұлттық тарихшылар жазалауға ұшырап отырды.

Бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымының алдында үлкен де жауапты міндеттер тұр. Көпғасырлық орталық бұғауынан құтылған ол халықтың шындыққа негізделген тарихи санасын қалыптастыруы, жас ұрпақты отансүйгіштік рухында тәрбиелеуі тиіс. Өткенді қайта жаңғыртуға тарихи деректер көмектеседі. Олар мынадай топтарға бөлінеді:

1.*Заттай ескерткіштер* (еңбек құралдары, қолөнер бұйымдары, үй тұрмысында қолданылатын бұйымдар, ыдыс-аяқ, киім-кешек, әшекей заттар, металдан жасалған ақшалар, қару-жарақ, тұрғын үйлердің қалдықтары және т.б.). Ежелгі замандардан қалған заттай ескерткіштерді зерттеумен арнайы тарихи ғылым-археология айналысады. Олар қазба жұмыстары арқылы бізге жетеді. Археологиялық ескерткіштер әлі жазу болмаған өте ерте дәуірлерді зерттеуде баға жетпес деректер болып табылады.

2.*Этнографиялық ескерткіштер*, яғни халқымыздың ежелгі тұрмыс бүгінге дейін жеткен қалдықтары: салт-дәстүрлері, діни сенім-нанымдары. Оларды зерттеумен этнография ғылымы айналысады.

3.*Лингвистикалық ескерткіштер* немесе халқымыздың тілінде сақталған тарихи деректер. Географиялық атаулар, жеке адамдардың есімдері, басқа тілден кірген сөздер, ескі тілдердің қалдықтары халқымыздың шығу тегін анықтауда, миграциялық үдеріс пен ежелдегі қоғамдық қатынастарды зерттеуде көп көмегін тигізді.

1.*Фольклорлық материалдар,* яғни халқымыздың ауыз әдебиетінің ескерткіштері-әртүрлі аңыз әңгімелер ертегілер, мақал-мәтелдер, тарихи жырлар, шежірелер.

2.*Жазба деректер:* тасқа, металлға, сүйекке, керамикаға жазылған ежелгі жазулар мен қағаз бетіне түскен әртүрлі қолжазба және баспа құжаттар. Қазақстан тарихы жөніндегі мәліметтер түрлі тілдерде: көне парсы, көне грек, латын, қытай, көне түрік, араб, парсы және орыс тілдерінде жазып қалдырылған.

1.*Кино-фото-фотоқұжаттар* деректердің ең жаңа түрлері болып табылады. Бұлар бізге және келешек ұрпақтарға XX ғасырда болып өткен аса ірі тарихи оқиғалардың тынысын, тарихи қайраткерлердің бет-бейнесі мен көрінісін жеткізді.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1.Қазақстан жеріндегі алғашқы қауымдық құрылыс.

2.Тас ғасыр дәуірі және оның ерекшеліктері.

***Қазақстан жеріндегі алғашқы қауымдық құрылыс.***

Қазақстан жеріндегі ежелгі адамның іздері ерте палеолит дәуіріне жатады. Ежелгі адамдардың тұрақтары табылып, зерттелуде. Археологиялық деректер бойынша Африка, Үндістан, Жұңғо жерлерінде адам мекендеген кезде бүгінгі Қазақстанның оңтүстігінде де адамдар тіршілік еткен.

Археологиялық қазбалардың нәтижелері көрсеткендей, оңтүстік өңіріндегі Қаратау жоталары мен Сыр бойындағы Бетпақдаладағы қаптаған аңдардың, қажетті тамақ пен су көздерінің, өзеңдер жағасындағы жақсы орындардың көптігі мұндағы адамдардың күн көруі үшін мейлінше қолайлы болды. Арыстанды, Шаян, Боралдай өзендерінің басынан тас дәуірінің құралдары табылған мекендердің санының өзі қазір отыздан асып отыр. Адамдардың шығуы, оның дамуы мен еңбек қызметінің тарихы жер бетінде бір-біріне ұқсас жүрді. Тас ғасырының палеолит, мезолит, неолит кезеңдеріне байланысты өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсетін археологиялық деректер мен қоныс тұрақтар еліміздің оңтүстік аймақтарынан табылды.
Жер бетіндегі ең алғашқы адам қалдықтары Кениядағы Олдувай шатқалынан табылды. Бұл ежелгі адамды зерттеушілер оның тұрпатына және жанынан табылған тас құралдарға қарап оны «епті адам» деп атады (Homo habilis). Олардың еңбек құралдары, негізінен бір жағы сүйірленіп келген, ал екіншісі жағы қолға ұстауға ыңғайлы болу үшін әдейі доғалдандырылған жұмыр тастан болған.
Адамдардың келесі даму кезеңіндегі жандарды ғалымдар «тік жүретін адам» (Homo erectus) деп атады. Олардың ғылымға белгілі өкілдері питекантроп және синантроп.
Адам дамуының келесәі сатысы – неандерталь адамы. Бұл адамды «қазіргі адам» (Homo sapiens) деп атайды.
Қоғамның дамуы баяу жүрді. Өйткені адамдар көп уақытын тамақ іздеумен өткізді. Дегенмен, адамзаттың жетілу құбылыстары да жүріп жатты. Әр ұрпақ өзінен бұрынғылардың тәжірибесіне сүйене отырып, тамақ табу әдістерін жетілдіріп отырды.

***Тас ғасыры және оның кезеңдері.***

Алғашқы қауымдық құрылыс табылған материалдарына қарай үш кезеңге бөлінеді. Олар: тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі. Тас дәуірі үш кезеңге бөлінеді: палеолит (ерте тас дәуірі), мезолит (орта тас дәуірі), неолит (жаңа тас дәуірі).Палеолиттің өзі үшке бөлінеді: ерте палеолит, орта палеолит, кейінгі палеолит. Палеолит дәуірінің еңбек құралдары алғаш рет Оңтүстік өңірде (Жамбыл облысындағы Қаратау қаласының солтүстік шығысында), Талас ауданы орналасқан жерде Бөріқазған және Тәңірқазған деген тұрақтардан табылды. Оны 1958 жылы археолог Х. Алпысбаев зерттеді. Оңтүстік Қазақстан облысының территориясындағы Қошқорған, Шоқтас, Қозыбай деген тұрақтардан палеолит ескерткіштері табылды, оны зерттеуде археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Таймағамбетов ерекше үлес қосты. Бұл жерлерден табылған көне тас дәуірінің еңбек құралдары тастан жасалған екі қырлы және бір қырлы шапқылар, ауыр тас сынықтары, ірі ұра тастар-нуклеустер болып бөлінеді.
Кейінгі палеолит б.з.б. 35-30 мыңжылдықтардан б.з.б. 12-10 мыңжылдықтардың аралығын қамтиды. Бұл уақыт жер шарының барлық климаттық аймақтарына адамның кеңінен тарай қоныстануымен және нәсілдер мен нәсілдік топтардың прогрестік құрылуымен, рулық қауымның қалыптасу үрдісімен, адам ұжымының қоғамдық ұйымдасуының өзіне тән алғашқы нышаны ретінде рудың шығуымен тікелей байланысты болды.

Осы кездерде рулық ұйым барлық жерлерде ана тектес және шеше жағынан топтасты, ал әйелдер қауымда үстем жағдайда болды деп топшыланды.
Б.з.д. 12 мыңжылдықтан 5 мыңжылдық аралығын қамтыған орта тас дәуірі болып саналатын мезолит кезеңіндегі жетістік садақ пен жебенің кең қолданылуы болып табылады. Еңбек құралдарының жетілдірілуі өндіргіш күштерді өркендетіп, қоғамның алға жылжуына жол ашты.
Жаңа тас дәуірі деп аталатын неолит кезеңі шамамен б.з.д. V-III мыңжылдықтар аралығын қамтиды. Бұл дәуірдің негізгі жетістігі болып жер және мал шаруашылығын игеру болды. Сондай-ақ неолит кезеңінде басқа да мәдени-тұрмыстық жаңалықтардың шығуы, атап айтқанда кен өндіру, қыш құмыра ісі қоғамның дамуына өз ықпалын тигізбей қоймайды. Энеолит дәуірі б.з.д. II-I мыңжылдықтар арлығын қамтиды. Энеолит дәуірінде климат ылғалды болды. Сол арқылы ірі сүтқоректілер санының күрт өсуіне жағдай жасалды. Энеолиттік кешендер оңтүстік

өңірлерде неғұрлым көп кездеседі. Оларда мыс құралдарының енгізілуі егіншілер мен малшыларға өндірісті дамытуда елеулі табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Қазіргі кезде Қазақстан жерінде 500-ден аса неолиттік және энеолиттік ескерткіштер табылды. Неолит тұра?тары орналасу сипатына қарай 4 түрге бөлінеді: бұлақ бойындағы, өзен жағасындағы, көл жиегіндегі және үңгірдегі тұрақтар. Қазақстан жерінде көбірек тарағаны бұлақ бойындағы тұрақтар. Неолиттік тұрақтар: Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданындағы Караүңгір тұрағы., Батыс Қазақстандағы Шатпаққөл, Құлсары II –IV, Шаңды ауыл, Қайнар, Жыланқабақ, Сарықамыс, Шаянды т.б.

Адамдардың металл қорыту ісін меңгеруі қоғамның алға басуына жол ашты. Қола дәуірінде егіншілікпен бірге мал шаруашылығы пайда болды. Археологтардың мәліметі бойынша қола дәуірінде мыс, алтын, қалайы, күміс қорытылып одан әрі түрлі қару-жарақ, зергерлік бұйымдар жасалды.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Алғашқы адамдардың дамуының негізгі сатыларын көрсетіңіз?
2.Ежелгі Қазақстанның табиғатын қазіргімен салыстырыңыз?
3.«Өндірістік еңбек» ұғымын түсіндіріңіз?
4.Тас дәуірінің негізгі тұрақтарын көрсетіңіз?
5.Кейінгі палеолитте адамдарда еңбек құралдарының қандай түрлері пайда болды?
6.Мезолит кезеңінде табиғаттың өзгеруі адам өміріне қандай өзгерістер енгізді?

**Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Андроновшылардың қоғамдық құрылысы, діні және өнері
2. Андронов мәдениетіндегі шаруашылық, қолөнер және үй кәсіпшілігі.
3.Қола дәуірінің ерекшелігі және кезеңдерге бөлу.

Б.з.б. 2 мыңжылдықтың алғашқы ширегі бітер кезде Волга мен Алтай арасында мал шаруашылығымен айналасқан адамдар қола жасауды меңгерді. Қола мыс пен қалайының қосындысынан алынды. Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласы маңындағы Андроново селосынан қола дәуірі ескерткіштері алғаш рет табылды. Оны 1913 ж. Б.Г. Андрианов ашты. Ғылымда шартты түрде Қазақстан жеріндегі қола дәуірі ескерткіштерін Андронов ескерткіштері деп атайды. Бұл атауды ғылыми айналымға 1927 жылы С. А. Теплоухов енгізген. 1927 жылы археолог М.П.Грязнов осындай қорымды Батыс Қазақстаннан да тапты. Андронов ескерткіштері Қазақстан, Орта Азия, Сібір жерлерінен табылып отыр.Андронов мәдени-тарихи қауымның негізгі орталықтарының бірі Қазақстан аумағында болды. Батыс аудандардың андроновтық тұрғындары қима мәдениетінің туысқан тайпаларының ықпалына үнемі түсіп және өз тарапынан оларға тікелей ықпал жасап отырды.

Жаңа тас дәуірінің соңында адам баласы металдан қару-жарақ жасауды үйрене бастайды. Алғашқыда мыс, одан соң қоладан құрал-сайман жасады. Мыс-тас дәуірінің ескерткіштері жаңа тас дәуірінің соңғы кезіндегі ескерткіштермен мыс-қола дәуірінің ескерткіштерінің алғашқы кезімен аралас кездесіп отырады. Бірақ Қазақстандағы мыс-тас дәуірінің ескерткіштері осы уақытқа дейін жеткілікті зерттелмеген. Қола таза күйінде табиғатта кездеспейді, ол екі металдың қоспасы (мыс пен қорғасын). Қоланың пайда болуы адам өмірінде үлкен жаңалық, металл қорытуды бастағандығы. Бұл дамудың алғашқы прогрессивтік қадамы. Сондықтан да мыс тастан, қола сияқты күрделі металға өту кезеңіндегі өтпелі дәуір.

Б.з.б. екі мыңжылдықтан бастап аналық құрылыс ыдырап, аталық рулық құрылыс дами бастады.

Ф. Энгельстің айтуы бойынша, “Аналық-рулық құрылыстың ыдырауы, жеке семьялардың дамуын туғызады.” Қола дәуірінің жеке семьялық обалар бұл пікірді толығымен қуаттайды.

Қоныстарың жиі өзгертетін, жігерлі, пысық малшы тайпалар ұлан-байтақ және қуатты бірлестіктер құрды; бұлардың қалыптасуында соғыс қақтығыстары едәуір рөл атқарды. Қару енді

жабайы хайуандарды аулау үшін ғана емес, сонымен қатар тайпалар арасындағы қақтығыстарда да жиі пайдаланылатын болды. Қару жасау бірте-бірте металл өндеудің дербес саласына айналды. Археологиялық материалдар бойынша, Андронов тұрпатты ескерткіштер қалдырған далалық малшы-егінші тайпалардың мәдени ортақтығы жақсы мәлім. Барлық жергілікті өзгешеліктеріне қарамастан, ұлан-байтақ аумаққа тараған бұл тайпалар неолит дәуіріндегі тайпалық ала-құлалықты айқын мәдени біркелкілік ауыстырғанын көрсетті. Қола дәуіріндегі коғамның ілгері басуы екі факторға байланысты. Олардың бірі — жаңа дәуірді белгілеген фактор - палеометалдардың өндірістік жолмен игерілуі болды. Б.з.б. ІІ мыңжылдықтың ортасында Қазақстан тайпалары қола бұйымдар жасау ісін меңгерді. Қоланың өзі бұйымның неге арналуына қарай, әр түрлі пропорцияда мыс пен қалайының, кейде сүрменің, құшаланың, қорғасынның қорытпасы болып табылады. Мыспен салыстырғанда қоланың бірсыпыра артықшылықтары бар: оның өзгешелігі — өзі қатты, балқу температурасы төмен, түсі алтын сияқты әдемі. Қола еңбек құралдары мен қару жасау үшін колданылатын негізгі шикізат бола бастады. Қазақстан жер қойнауында полиметалдардың, ең алдымен қалайы-мыс рудаларының барынша молдығы бұл аумақта металлургияның мықты ошағы шығуының бір себебі болды. Б.з.б. ІІ мыңжылдықтың басында-ақ Еділ бойы, Орал өңірінің, Қазақстан мен Алтайдың далалық тайпаларында кешенді малшылық-егіншілік шаруашылық қалыптасады. Осы уақыттан бастап далалық Еуразия тұрғындарының шаруашылығында мал шаруашылығы неғұрлым көбірек орын ала бастайды. Б.з.б. ІІ мыңжылдықтың аяғында — І мыңжылдықтың басында далалық өңірлердегі тұрғындардың көпшілігі шаруашылықтың маманданған жаңа түріне — көшпелі мал шаруашылығына көшеді.

Алғашқы экономиканың қайта құрылуына бәрінен бұрын табиғи-климаттық өзгерістер себепші болды. Мәселен, қола дәуірінде ұзаққа созылған салқын-ылғал кезеңнің орнына климаттың жылылық пен қуаңшылыққа қарай бірте-бірте өзгеруінің мың жылдан асатын дәуірі келді, сөйтіп ксеротермиялық минимум дәуірі басталды. Қуаңшылық дәуірінде өзендердің суы тартылды, жайылмадағы алаңқайлар бірте-бірте құрғады, көлдердің су деңгейі төмендеді, түптеп келгенде, солтүстік жарты шардағы құрлықтардың жалпы ылғалдылығы азайды. Климаттың жедел құрғауына байланысты Шығыс Европа мен Батыс Азиядағы далалық тайпалардың шаруашылығы мен тұрмысында болған өзгерістерді археологиялық деректемелер де растайды. Батыс және Орталық Қазақстанның ұзақ уақытқа арналған қоныстарында сумен жабдықтаудың жаңа әдісі — құдық қазу шығады. Егер Қазақстанның солтүстік аудандарының тұрғындары мен Батыс Сібірдің орман және тайғалы аймақтарының тайпалары энеолит пен алдыңғы қола дәуірінде шаруашылық және мәдениет жағынан бір-біріне көп ұқсас болса, кейін климат өзгергенде бұл ұқсастық жойылады. Б.з.б. ІІ мыңжылдықтың ортасында, Орталық Қазақстандағы сияқты, бұл аудандарда да малшылық-егіншілік шаруашылық өрістеп, мал шаруашылығы басым дамиды. Тұрғындардың қоғамдық құрылысы мен отбасылық некелік қатынасарында елеулі өзгерістер болды. Қола дәуіріндеті экономиканың басты-басты екі батыты болып табылатын мал шаруашылығы мен металлургияның тез дамуы өндіргіш күштердің өсуіне, қоғамдық еңбек маманднуының күшеюіне, қоғамдық өмірдегі ірі өзгерістерге жеткізді. Жеке отбасылар оқшауланды, отбасылық меншік кеңейді, рулық қауым ішінде мүлік теңсіздігі өсті.

Қоладан жасалған  құрал-жабдықтың және әшекей бұйымдардың көптеп табылуына қарағанда, адамдар руда бар жерді тауып металл өңдеуді игерген. Академик  Қ.Сәтбаевтың айтуына қарағанда, ертедегі кеншілер құрамында 5 фаиз мысы бар рудаларды пайдаланған. Ертедегі Жезқазған рудасынан 1 млн. тоннадай алынған. Сонымен қатар бұл кездегі адамдар әлі де болса тастан, сүйектен  құрал жасаудан бас тартпаған. Оған дәлел қоладан жасалған құрал-жабдықтардың өзі өмірге деген қажеттілікті толық өтей алмағандығын көрсетеді.

Қазақстан территориясындағы қола дәуірі мәдениеті үш кезеңге бөліп зерттеледі:

-бірінші кезеңі  - б.з.б. XVIII--XVI ғғ;

-екінші кезеңі - б.з.б. XV – XIII ғғ;
-үшінші кезеңі - б.з.б. XII--VIII ғғ.
Қазақ жеріндегі қола дәуірі мәдениеттерінің басталуы мен дамуын Ә.Марғұлан негізгі үш кезеңге бөледі. Алғашқы кезеңі – ортаңғы; өркендеп дамыған кезеңі – Нұра және Атасу сатылары; соңғы кезеңі – өтпелі сәт пен Беғазы-Дәндібай мәдениетінен тұрады.
Солтүстік Қазақстанда Андронов мәдениетінің өзіне тән ерекшеліктері бар болғандығынан үш кезеңге бөлінеді:
1.Федоров кезеңі;
2.Алакөл кезеңі;
3.Замараев кезеңі;
Федоров кезеңінде адамды жерлегенде, мәйітті өртеп күл-көмірін қойған. Ал кейбір жерлерде өртемей оң жақ қырымен жайғастырылып, бас жағына ас салынған құмыра, біз, пышақ тағыда басқа әшекей заттар бірге қойылған. Жасалған көзелердің шығыңқы келген иықшалары болған.
Алакөл кезеңінде өлікті жерлегенде, жартылай өртеп қою етек алған, көзелердің сыртындағы иықшалары жойылып, оның жаны ернеуінен түбіне қарай күрт түседі. Ал сыртындағы өрнектер көзенің тұла бойында үш бөліктен салынған, ернеуінен мойнына дейін бір бөлек, бүйірінде екіншісі, түп жағында үшінші бөлік. Өрнектер көбінесе геометриялық сызықшалар, әсіресе, үшбұрышты және қошқар мүйізді үлгілерде де кездеседі. Қола дәуірінің осы екі кезеңінің қыштан жасалған ыдыстарының сыртындағы ою-өрнектердің үлгілері қазақ халқының тұскиіз, текемет, алаша, кілем, сырмақ сияқты бұйымдарының үлгі-өрнектері мен ұқсастығын көруге болады.
Замараев кезеңі – қола дәуірінің соңғы кезеңі. Ғалымдар темір дәуіріне өтетін өтпелі кезең деп те атайды. Оның өзіне тән ерекшеліктері:
- адамды өртемей шалқасына жатқызып жерлеу;
Замараев кезеңінде құмыралардың жасалу сапасы жағынан және сыртына салынған өрнектерінің әдемілігі жағынан нашарлай бастайды. Ал, діни нанымдар сол алдыңғы кезеңдердегідей сақталады.
Ертедегі Нұра кезеңі — жерлеу салтында кремация (мәйітті өртеу) басым болған. Мәйітті табытқа салып қою рәсімімен де жерлеу кездеседі. Керамика ыдыстар жоғары жағы ғана әсемделеді. Қабір ішінде мәйітпен қатар үй жануарларының сүйектері де табылған.
Келесі — Атасу кезеңінде жерді игеру, оның ішінде шөлейт аудандарды да игеру кеңінен жүргізіледі. Тау-кен жұмыстарының көлемі күрт өседі. Мәйіттерді бір жамбасына бүк түсіріп жатқызып жерлеу жиірек ұшырасады.
Орталық Қазақстанның қола дәуірінің ең соңғы кезеңі — «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» деп аталады. Оның хронологиялық шектері, өтпелі кезеңді қоса есептегенде, б.з.д. XII—VIII ғасырлар. Беғазы-Дәндібай мәдениеті ескерткіштерінің ең басты ерекшелігі болып өте жоғары дәрежеде дамыған тас архитектурасы. Бұл мәдениетке жататын үйлердің, жерлеу орындарының құрылыстары өте ірілігімен, тас қашау, тас қалау өнерінің жетілгендігімен ерекшеленеді. Олардың қабырғалары екі қатар болып, тастар бір-бірімен иленген балшық арқылы байланыстырылып, ішкі және сыртқы жақтарына тастың тегіс бетін қаратып қалаған. Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын жерлеу орындарының көпшілігі — қорған-қоршаулар. Олардың пішімі кейде дөңгелек, кейде төртбұрышты болып келеді. Қорғандардың биіктігі 70—80 см-ден 1,5—2 м-ге дейін болады.
Беғазы-Дәндібай кезеңінде үлкен патриархалды отбасыларға арналған, көп адам жерленген зираттардың орнына бір-ақ адам жерленген үлкен жерлеу құрылыстары кездеседі. Бұл осы кезеңдегі ру, тайпа көсемдерінің, беделді бай адамдардың зираты. Осы мәдениетке жататын қыш құмыралардың сипаттамасы мынадай: ернеуі тік, бүйірі шар тәріздес болып томпайып келген, түбі тегіс. Сол кезеңде көшпелі тұрмысқа ыңғайлы ыдыстар көбейе түсті. Беғазы-Дәндібай құмыраларының өрнегі әр түрлі. Тарақ жүзді ою-өрнекпен салынған үшбұрышты, балдақ пішінді

батырып салынған өрнектермен қатар тырнақпен, ұштаған таяқшамен салынған өрнектер де көп кездеседі. Батырып салынған таға сияқты өрнек, моншақ өрнек, түйін өрнек кездеседі. Шығыс Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштері төрт кезеңге белінеді. Олар:

1. Усть-Бөкен кезеңі (б.з.д. XVIII-XVI ғғ.).
2. Қанай кезеңі (б.з.д. XV-XIII ғғ.).
3. Кіші-Красноярка кезеңі (б.з.д.XIII-IX ғғ.)
4. Трушниково кезеңі (б.з.д. IX-VIII ғғ.)

Усть-Нарым селосы жанындағы қоныс Ертіс өзенінің жағасында. Екі үйдің орны қазылып, зерттелді. Үй жердің бетіне салынған. Көлбеу екі қатар сырғауылдардан шатырша етіп үйдің ағаш қабырғасын тұрғызған. Содан соң оның үстіне қамыс, аң терілерін жапқан. Үйдің ортасында тас ошақ болған. Ал осы қоныста зерттелген тағы бір үйдің көлемі үлкен, ұзындығы 11 метр де, ені — 8 метр. Алдыңғы үйдегідей көлбеу бағаналардың ізі жоқ, үй жер бетіне ағаштан қималанып салынған. Тамақ істейтін, үйді жылытатын ошақ үйдің солтүстік бөлігінде орналаскан.Үйдің сыртында аулада тағы бір ошақ болған. Ол ашық жерде орналасқан, оның үстінде жай жаппа сияқты калқа болған болуы керек. Адамдар бұл ошақты жазда пайдаланған.

Шығыс Қазақстанда зерттелген, сондай-ақ Кіші Красноярка, Трушниково қоныстарындағы, жерлеу орындарынан табылған, қоладан жасалған, тарихи-мәдени құнды заттар: қанжар, білезік, шот, кайла, жебелер, шокпардың бес емшекті басы (тас), найза ұшы, орақ, балта-шоттар, пышақтар. Қола дәуірінің соңына қарай тайпалар арасында алыс-беріс күшті дамиды. Шығыс Қазақстандықтар бұл кезде, әсіресе бір жағынан Жетісуды, екінші жағынан Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалармен тығыз араласқан. Бұл олардың арасында қола, алтын, геометриялық өрнекпен өрнектелген қыш ыдыстар, мал түліктерімен ауыс-түйісінен, айырбасынан көрінеді.

Қола дәуірінде Шығыс Қазақстан жерінде тау-кен өнеркәсібі және металлургия жақсы дамыды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудан қола дәуірі ескерткіштері аздау зерттелген. Оңтүстік Қазақстанда өткен ғасырдың 60-жылдары Таутары, Бесарық, Алакөл ойпатында Қарақұдық қорымы зерттелген еді. Аралдың шығыс жағындағы Егізкөк, Көксеңгір тұрақтарын, Солтүстік Түгіскен қорымдарын 60-жылдары Хорезм экспедициясы зерттеген. 80-жылдары қола дәуірін зерттеу жұмысы Алматы, бұрынғы Талдықорған, Жамбыл облыстарында жоспарлы түрде жүргізілді. Бұл өңірден ерте қола дәуірі ескерткіштері әлі табылған жок. Орта қола ескерткіштеріне Жетісуда Талапты, Құйған, Қарақұдық, Айдаһар, т.б. қорымдары жатады. Олардың мерзімделуі - б.з.д. XVI-XIII ғасырлар. Оңтүстік Қазақстан жерінде осы кезеңге Биліккөл, Киікті, Таутары қорымдарын жатқызуға болады

Жетісуда 50-ге жуық тасқа таңбаланған ескерткіштер бар. 50 жылдардың аяғында Тамғалыда тасқа таңбаланған суреттері бар әулие жер табылды. Соңғы қола ескерткіштеріне Биғаш, Ақсай, Сағанды, Жыланды, т. б. жатады. Олардың пайда болған уақыты шамамен б.з.д. XII—IX ғасырлар. Оңтүстік Қазақстанның қола дәуіріне сол замандағы металлургиялық орталықтың бірі Орталық Қазақстанның Андронов мәдениетінің әсері күшті болды. Жетісудың қола дәуірі мәдениетіне сол заманғы қола металлургиясының ірі орталығының бірі Алтай - Тарбағатай қола мәдениетінің әсері болған. Қола дәуірінің соңына қарай Жетісуға Орталық Қазақстандық Андронов мәдениеті тайпаларының қоныстануына байланысты жаңа мәдени үрдістер пайда болды.

Жамантоғай обалары– қола дәуірінен сақталған зират. Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Сырдарияның оң жағалауында, бұрынғы Шардара құрылыс кентінен 38 шақырым жерде. Барлығы 9 оба қазылды. Кейін Шардара су қоймасының астында қалған.

Ғылыми зерттеулерге қарағанда, жоғарыда көрсетілген кезеңдерде өмір сүрген рулар бірінің орнын екіншісі басып, екіншісінің орнын үшіншісі алмастырып дамып отырған.

Қола дәуірде жабайы жануарларды қолға үйретуге көшу адам қоғамы дамуының занды кезеңі болды. Қолға үйретілген және қолда өсірілген жануарлар аңшылық сәтсіз болған күнде, әсіресе қыс кезінде, тамақ қоры болуын қамтамасыз етті. Жабайы жануарларды қолға үйрету сонау неолит дәуірінде басталды. Қола дәуірінің алдыңғы кезеңіндегі қоныстарда жиналған сүйек материал бұл уақытта Қазақстан аумағындағы адамның негізгі кәсібі үй маңында мал өсіру болды деуге мүмкіндік береді. Малдың көбі ірі қара болды; оны жаю үшін жайылымдағы шалғын пайдаланылды. Қой мен жылқы аз болды. Кәрі малдар мен әр жылғы төл қыска ет дайындауға арналды, ал төлдің бір бөлегі табында қалдырылды. Қазақстанның барлық аймақтарындағы тарихи тұрақтарда тас кетпен, тас орақ, тас дәнүккіш, мүйіз теселер, тастан жасалған түйгіштер, келі-келсаптар табылған. Бұл - қола дәуірінің басынан бастап-ақ жерімізді мекендеген тайпалар тек малшылықпен ғана емес, қарапайым кетпенді егіншілікпен де айналысқандығының дәлелі. Алғашқы егіншілік үлкен өзендердің бойында емес, ұсақ өзен-сулардың, аққан бұлақтардың, көлшіктердің жағасында да дамыды. Өйткені өзендердің биік жағасына су шығару үшін жетілген құралдар, суландырудың дамыған тәсілдері қажет. Қола дәуірінде Қазақстан аумағында ұсақ өзен-сулар маңында егіншіліктің алғашқы қарапайым түрлері дамыды. Табиғи-географиялық жағдайы қолайлы Жетісу, Оңтүстік Қазақстан аймақтарында малшылық егіншіліктен басым болғанымен, солтүстік өңірлерде егіншілік жақсы дамыған.

Қола дәуірінің соңына жататын қоныстарда қола және мыс орақтар кездеседі. Көкшетау маңындағы Шағалалы қонысынан қола шалғы табылған. Неғұрлым жетілген құралдардың пайда болуына байланысты егіс те біраз өсті. Негізінде бидай, қарабидай, тары егілді. Дәнді дақылдардың бұл түрлерінің бәрі қоныстарда салынған үйлер мен қора-қопсыларда айқын көрінеді.

Қоныстарда, әдетте, 5—10 үй, кейде 20 шақты үй болды. Тұрғын үйлерді екі түрге бөлуге болады. Біріншісі — жартылай жертөле үйлер де, екіншісі — жер бетіне салынған үйлер. Жартылай жертөле үйлердің қабырғасы жартылай таспен қаланып, жерге батып тұрған қабырғасы кейде қақпатаспен де шегенделетін. Төбесін жуан сырғауылмен төртжаппа етіп жауып, содан соң арасына құрай, шөп араласқан шыбықтармен шегендеп тастайтын.

іне бірін көлденеңінен байластырып, үйдің қабырғасын жасаған.

Қола дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген тайпалар рулық тайпалық құрылыста өмір сүрді. Тарихи-мәдени жағынан олар ауқымы кең Андрондық тарихи-мәдени бірлестіктің бір құрамдас бөлігі болды. Андрондық тарихи-мәдени қауымдастық шығыстан батысқа қарай 3000 шақырымға, ал оңтүстіктен солтүстікке қарай 14000 шақырымға жуық аумақта өмір сүрген. Осы тарихи-мәдени бірлестік өз ғұмырында ру-тайпалық құрылыстан бастап, дамыған патриархалдық қоғам, мүлік теңсіздігі, әлеуметтік әркилылық деңгейге дейін жетті.

Мал шаруашылығымен айналысқан, кейіннен көшпелі тұрмыс кешкен андрондықтардада, қазақ жерін одан кейінгі мекендеген басқатайпадарда да әйел затының қоғамдағы рөлі ешқашан төмендемеген. Бұдан 2300 жыл бұрын Батыс Қазақстанды мекендеген сарматтардың әйелдері қоғамдағы орны жағынан ерлерден кем түспеген. Енисейдегі тағар мәдениетін қалдырушы тайпалар мен сарматтардың әйелдерін де қару-жарағымен жерлеу дәстүрі осыны көрсеткендей.

Көптеген көне кен орындарынан мыс (Жезқазған, Зырянов, Қаршыға, Жалтыр, Ащылы, Ұратөбе, Күшікбай), қалайы (Атасу тауы, Қалба мен Нарын жоталары), алтын (Степняк, Қазаншұңқыр, Балажал, Ақжал, Дайбай, Майқапшағай, Ақабек) кентастары алынды (қола Ежелгі кен қазбалары).

Қола дәуірінің ескерткіштеріне жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары - бұл кездегі өмір сүрген адамдардың шаруашылығынан әдет- ғұрып, наным – сенімдерінен ғана ақпар беріп қоймай, олардың саяси - әлеуметтік және қоғамдық құрылысынан да хабар береді. Қазба жұмысы жүргізілген молаларда, отбасылық, аталық рулық зираттар кездеседі. Олардың өзіне тән

ерекшеліктері болған. Мәселен, отбасылық молалар бір  қоршаудың ішіне жерленсе, ал аталық рулық қабірлерде ер адамның жанына оның әйелі қоса жерленген.
Қола дәуірінің тайпалары табиғат күштеріне табынған. Жерленген адамның басы батысқа немесе оңтүстік-батысқа қаратылып, қол-аяғы бүгіп жатқызылған. Бұл жер-ана құшағына барған сәби қалпындағы адам түсінігін берген. Өлікті матаушы ажал құдайы Ямаға сыйынған. Ерте қола дәуірінде жерлеу салтында кремация, яғни мәйітті өртеу басым болған. Бұдан андроновтықтардың отқа табынғанын байқаймыз. Қола дәуірінің жартастар бетіне салынған суреттерінің өзіндік ерекшеліктері бар, ертедегі адамдар жартастардың тегіс бетіне қатты да үшкір тас сынықтарымен жануарлар, Күн бейнелі адамдар суретін, соғыс арбалары мен шайқас көріністерін салған. Бұл – адамның рухани мәдениеті және оның дүниетанымы жөніндегі аса бағалы хабарлар бастауы болып табылады. Қазақстан – жартастағы суреттер-петроглифтердің саны мен әралуандығы жөнінен әлемдегі ең бай жерлердің бірі. Осындай суреттер көп табылған Таңбалы, Ешкіөлмес, Қаратау, Маймақ, Тарбағатай, Бөкентау аймақтары дүниежүзілік мәдениеттің қорына қосылады. Қола дәуірінің адамдары ойлаудың мифологиялық сатысында болған. Жартастардағы салынған суреттер – андроновшылардың өздерін қоршаған дүние жайлы түсініктерінің көрінісі еді.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Қола дәуіріндегі сауда қатынастарының түрін және бағытын көрсетіңіз?
2.Андроновшылардың үй кәсіпшілігіндегі ерекшелектер қандай болды?
3.Андронов мәдениетіне жататын қандай ескерткіштер белгілі?
4.Андроновшылардың шаруашылықтың аралас түрі болғандығын дәлелдеңіз.
5.Андроновшылардың ыдыс жасаудың қандай әдістері болды?
6.Металды өндіру мен қолдана білудің адам тұрмысына қандай әсері болды?
7.Мал ұстаудың жаңа түріне байланысты отар құрамында қандай өзгерістер болды?
8.Үй кәсіпшілігіне негізінен қандай шикізат пайдаланылды?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыдарды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе. Тарих ғылым және пән ретінде.Алғашқы қауымдық құрылыс және тас дәуіріндегі Қазақстан.Қола дәуіріндегі Қазақстан.

**Кестені толтырыңыз:**

| Дәуір | Тарихи шеңбер | Ауа райы | Еңбек құрал-дары | Қоғамдық құрылым | Археологиялық ескерткіштер | Мәдениет |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация,  жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау,  оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

## 2 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Темір дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан аумағындағы ежелгі мемлекеттер.

**Сағат саны:** 90 мин

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Қазақстан территориясындағы тайпалық одақтар мен ерте мемлекеттерге сипаттама беру, білімді қалыптастыру, сақ-сармат дәуірінің ерекшеліктеріне оқушылардың назарын аудару, тың мәліметтер беру;

Ғұндар мемлекетінің саяси тарихымен, мәдениетімен, өткен үрдістер мен оқиғалардың, құбылыстардың тарихи, тарихи әлеуметтік, тарихи-саяси, тарихи-мәдени, антропологиялық сараптамаларының ерекшеліктерін таныстыру;

- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Кіріспе. Тарих ғылым және пән ретінде.Алғашқы қауымдық құрылыс және тас дәуіріндегі Қазақстан.Қола дәуіріндегі Қазақстан.Ескерткіштері. Кесте.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Сақтардың саяси тарихы, шаруашылығы және қоғамы.
2. Үйсін мен Қаңлы мемлекеттері.
3. Ғұндар мен Сарматтардың саяси тарихы.
4. Өнер және мифология.

Сақ тайпалары б.з.д. YII-IY ғасырларда қазіргі Қазақстан территориясында мекендеген. Сақ тайпалары бізге жеткен деректер бойынша үш топқа бөлінді Парадарий сақтарыҚара теңіздің солтүстігінде, Амудария Сырдарияның төменгі ағысында, Арал теңізі жағаларында шашыраңқы жағдайда өмір сүрген. Тиграхауда сақтарыСырдарияның орта ағысында және Тянь-Шань аудандарында мекендеген. Хаомаварға сақтары Мұрғаб өңірінде орналасқан сақтар негізіен мал шаруашылығымен ішінара егін шаруашылығымен айналысты.

Сақ деген сөз парсы “ержүрек” деген мағына білдіреді. Сақтарды грек авторларының шығармаларнда скифтер деп атаған Скиф деген сөз барлық көшпенділерге ортақ ат.

Сақ тайпаларында бейнелеу өнерінің «аңдық стил» ерекше дамыды. Сонымен қатар аң стилінде бейнелеген суреттер сақ тайпаларының дүниетанымы мен мифалогиялық түсініктерінен хабар береді.

Ассирия, Индия мемлекетінің патшалары сақтарға қарсы үнемі шабуыл жасап, бірде жеңіп, бірде жеңіліп отырған. Сақтар парсылармен соғысып Грецияға дейін жеткен. Ассирия, Индия мемлекеттерін жаулап алған Александр Македонскийдің Шығыс?а қарай шабуылын тойтарған. Сақ тайпасының оның ішінде көсемдерінің қорғандары, Талас, Шу, Іле өзендерінің бойында Алатау бойында кездеседі. Алматыдан шығыс?а қарай 50 шақырым жерде орналасқан Есік обасынан табылған "Алтын адам" ескерткіші сақтардың өмірінен мол мағлұмат береді. Қорғанның диаметрі 60м, биіктігі 6 метр. Қорғанға екі адам көмілген. Оның ортадағысы ерте

тоналған, жанындағысы аман қалған. Қорғаннан әр түрлі алтын бұйымдар, ыдыс-аяқ, күміс қасық, 26 әріптен құралған жазу бар кішкене кесе, өлген адамның қолында алтынмен күптелген садақ ұшы, алтын оқ, қамшы т.б. көптеген дүние мүліктер табылған. Сақ тайпалары металл өндірген. Оның ішінде қола, алтын қорыту кәсібімен шұғылданған.

Сақ тайпаларында бейнелеу өнерінің аңдық стилі ерекше дамыды. Аң стилінде қой, түйе, жолбарыс, барыс, қыран т.б. аңдардың бейнесі сомдалып жасалды. Сонымен қатар аң стилінде бейнеленген суреттер сақ тайпаларының дүниетанымы мен мифологиялы? түсініктерінен хабар береді. Сақтар мифологиясында сәйгүлік ат күнмен, отпен байланысты болған. Сақ тайпаларының мәдениеті сол кездегі көшпелілердің идеологиялық көзқарасын да көрсете білді. Сақтар арсында зергерлік өнер мейлінше жетілдірілген. Зергер шеберлер алтын, к?місті балқытып әртүрлі бұйымдар жасай білген. Есік обасынан табылған бұйымдар сақтардың зергерлік өнерінің жоғары деңгейде болғандығын әлемге паш етеді. Археологтар зерттеулері Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан сақтардың байырғы мәдениетін ашуға мүмкіндік жасады. Б.з.д. VII-III ғғ. Орталық Қазақстан жерінде Тасмола мәдениеті қалыптасқан. Мұны зерттегендер Ә. Марғұлан мен М.Қ. Қадырбаев болатын. Шығыс Қазақстан сақ тайпаларының мәдениеті үш кезеңді басынан өткізген: Мәйемир кезеңі(б.з.д VII-VI), Берел кезеңі (б.з.дV-IV) және де Құлажүргін кезеңі (б.з.д. III-I). Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда сақтардың тиграхауда тайпалары мен массагеттер өмір сүрген.

***Үйсін мен қаңлы мемлекеттерінің саяси тарихы мен мәдениеті.***

Үйсіндер б.з.д. II ғасырда Жетісуды мекенді және сақтардың мұрагерлері болды. Астанасы Чигучен (қызылалқал қаласы Ыстықкөлдің жағасына орналасты. Мемлекет билеушісі «гуньмо» (Күн бегі) деп аталады. Үйсіндердің билеушілерінің қытай ханшаларына үйленуі бұл мемлекеттің қуатты болғандығын дәлелдейді. Олар негізінен мал шаруашылығымен айналысты. Ежелгі қытай деректерінде үйсіндер тарихынан мәліметтер мол. Олар біздің заманымыздың V ғасырына дейінгі кезеңді қамтиды.

Шудағы үйсіндердің баспанасы қам кірпіштен соғылды. Кеген үйсіндердің үйлері тастан жасалған төрт бөлмелі және мал қамайтын бірнеше бастырмалы болды. Бір ауылда бес-алты үйден болды. Ауыл маңында ру қорымы болды. Оларда жерлдеудің жаңа түрі болды: қабір шұңқырының бүйірінен үңгіп қуыс қазылды. Мәйіттің басын батысқа бұрып шалқасынан осы қуысқа жатқызды. Өлген кісінің қасына тамақ, оның жеке заттарын: қару-жарақ, бағалы мүліктер, сәндік бұйымдар қойды.

Мал шаруашылығы үйсіндердің өмірінде маңызды рөл атқарды. Қыстау мен жазғы жайылымының ара қашықтығы ұзақ емес – 30-100 шақырым аралығында болды. Сондықтан да үйсіндер қыстау мен жайлауда, сонымен қатар тау бөктеріндегі жайылымдарында ұзақ уақыт отыра алатын. Ол жерде тұрақты баспана салды, егін, бақша екті. Елдің көп бөлігі жайлауға шығып кеткенде, қалған тұрғындар егінді күтіп, оны күзде жинап алатын.

Қытай деректеріндегі Чжан Цяннің хабары бойынша қаңлы тайпалары халқының жалпы саны-600 мың, жауынгер жасақтарының саны-120 мың адам. Орталығы Сырдария өзенінің бойында орналасқан Битэн қаласы. Қытай деректеріне қарағанда, қаңлы тайпаларының иелігінде Сусе, Фуму, Юени, Ги, Югень деп аталатын 5 аймақ болған. Бұл жерлерді қазіргі кезеңдегі аудандармен салыстырып қарайтын болсақ: Югень-Хорезм; Ги-Сырдарияның сағасы; Фуму-Жаңақорғанның солтүстік батысынан Қазалыға дейін; Сусе-Сырдарияның орта ағысы, Арыс өзенінің аңғары, Қаратау беткейі; Юени-Ташкент аймағы.

Қазақстан және Орта Азия жерінде қаңлы тайпаларының ескерткіштеріне жүргізген зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша, олардың қалдырған материалдары шартты түрде 3 мәдениетке бөлінеді. 1. Қауыншы. 2. Жетіасар. 3. Отырар-Қаратау мәдениеті.

Бірінші-Қауыншы мәдениеті, Ташкент маңындағы кенттерден табылған заттармен байланысты, оның бірі Қауыншы қаласының атымен аталған. Бұл мәдениеттің тарихи тұрғындарының өмір

сүрген кезеңдері б.з.б. 3-ғасырмен б.з. 1-ғасыр арасы. Қазақстан ғалымдары бұл мәдениетке Ташкент аймағына жақын орналасқан Шардара су қоймасының жеріндегі ескерткіштерді де жатқызады. Олар Ақтөбе 1, Шаушықұм қалашықтарының орындары. Бұлардан керамикалық ыдыс-аяқтар, егіншілік кәсібіне және мал шаруашылыған қажет құрал-жабдықтар мен қару-жарақтар табылған.

Екінші-Жетіасар мәдениетіне Сырдарияның төменгі ағысындағы және Арал бойындағы қаңлы тайпаларының тарихи ескерткіштері жатады. Бұлардың қатарына-Алтынсар, Томпақасар, Бидайықасар, Үңгірліасар, Жетісар қалашықтары кіреді. Мұндағы табылған заттар б.з. 1 мың жылдығының алғашқы жартысында өмір сүрген қаңлы тайпаларының тарихы туралы мәлімет береді.

Үшінші – Отырар-Қаратау мәдениетіне Сырдарияның орталық ағысы, Отырар аймағы мен Қаратаудың солтүстік және күнгей бетіндегі ескерткіштер жатады. Жазба деректер бұл жерлердегі қаңлы тайпаларының негізгі өсіп-өнген, этникалық ата-мекені болғанын көрсетеді.

***Ғұн мемлекеті және оның Евразия аумағындағы алатын ролі.***

Б.з.д. IV-III ғасырларда Қазіргі Моңғолия мемлекетінің территориясында, Қытайдың батысында және Оңтүстік Сібір жерлерінде көшпелі ғұн тайпаларының күшті саяси бірлестіктері қалыптасты.

Ішкі қайшылықтардан ғұндар солтүстік және оңтүстік болып екіге бөлінді. Солтүстік бөлігі Қытай империясының қол астына өтіп, оңтүстік бөлігі тәуелсіздігін сақтап қалды. Ғұндардың екінші қоныс аударуы б.з.д.93 жылы басталды. Олар жолдарындағы тайпалардың бірін өздеріне ертіп, енді біреулерін тізеге салып батысқа қарай жөңкіді. Олар Сырдария Арал маңайына Орталық және Батыс Қазақстанға сыналай кірді. Алайда Ғұндар бұл жерлерде біржолата тұрақтап қалған жоқ.. Олар орыстардың далалы аймақтарын басып өтіп, Дунай арқылы Батыс Европаға дейін жетті. Сонымен б.з.д. II ғасырдан бастаған ғұн тайпаларының шығыстан батысқа қарай жылжуы біздің заманымыздың IУ ғасырына дейін созылған.

Ғұндардың жоғары билеушісі шаньюй деп аталды. Егер патриархтық-рулық құрылыстың кезінде шаньюйді ру ақсақалдары сайлайтын болса, ал патриархтық-феодалдық жаңа қатынастың дамуына байланысты Шаньюйлік ендігі жерде мұрагерлікке көшті. Шаньюй өлсе оның орнына інісі не үлкен баласы билікті өз қолына алатын болды.

Ғұндардың экстенсивті мал шаруашылығы басты рөл атқарады. Олардың отырықшылары егін шаруашылығымен айналысты. Сонымен қатар аң шаруашылығымен де шұғылданды. Деректемелерге қарағанда ғұндар 24 руға бөлінген, оларды ру басылары, ақсақалдар басқарған. Рулық құрылыстың ақсақалдар кеңесі және халық жиналысы сияқты институттары сақталды. Халық жиналыстарында ру басылары мемлекеттік істерді талқылап шешіп, құрбан шалып, ол ойын сауыққа айналып ат, түйе жарыстарын тамашалайтын болған. Ғұндар соғыста тұтқынға түскендерді құл етіп жұмсады. Ал, ел ішіндігі тұрмысы төмен адамдар үй қызметтерінде, бақташылық, жер шаруашылық және қолөнер салаларында жұмыстар атқарды.

Ғұндар киіз үйлерде тұрды. Киіз үй еденінен текемет, кілем төселді. Төсек ағаштан жасалып, киізбен қапталды.

***Сарматтар.*** Сарматтар тайпалар одағы Батыс Қазақстан өңірінде өмір сүрген. «Сармат» деген атау көне деректерде б.з.д. III ғасырдан белгілі. Сол уақыттан бастап сарматтар скифтер еліне кіре бастайды. Сармат тайпалар одағының бірі роксаландар б.з.д. Іғ. Сонау мидия шекараларына дейін жетсе, кейін олардың осы ізін Арал теңізінің солтүстігін жайлаған аландар да басып өткен. Сарматтар жаулап алған елдердің саяси өміріне өз ықпалын жүргізіп отырған. Ғұндар батыс Қазақстанды мекендей бастаған тұста сарматтар олармен біте қайнасып, бірігеді. Сарматтар иран тілді ел болған. Ғұндардың келуімен олар түркіленіп, түркі тілінің ықпалына біржола көшкен.

Хронологиялық тұрғыдан сарматтар мәдениеті үш кезеңге бөлінеді:

1.ертеректегі сарматтар – прохор мәдениеті

2.ортаңғы сарматтар – суслов мәдениеті
3.кейінгі сарматтар мәдениеті.

Басқа тайпалар сияқты сарматтар да көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Жылқы мен қой малы басым болды.

Археологиялық маңызды және бай сарматтардың жерлеу орындары Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданында табылып, зерттелді. Ғалымдардың айтуынша бұл мола біздің дәуіріміздің ІІ-ІУ ғасырларына, яғни сармат мәдениетінің соңғы кезеңіне жатады.

Сармат тайпалары Еуразияның саяси-экономикалық және мәдени өмірінде елеулі рөл атқарған одақтар мен мемлекеттер құрамына кірді.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Қазақстан территориясындағы тайпалық одақтардың құрылуының алғышарттарын атаңыз?
2.Сақтардың шаруашылығындағы негізгі бағыттарды атаңыз?
3. Б.з.б. ІІ ғасырда Үйсіндердің территориясын көрсетіңіз?
4. Қаңлылардың қоғамдық –саяси өміріндегі ерекшеліктерді көрсетіңіз?
5. Ғұндардың бірінші «ұлы қоныс аудару» кезеңін атаңыз?
6. Сармат мәдениетінің кезеңдерін көрсетіңіз?

**Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1.Саяси тарихы, шаруашылығы
2. Қоғамдық құрылысы.

Ғұндар — көшпенді халық. Ғұндар тәңірілік дінді ұстанып, түркі жазуын тұтынған. Сөйлеу тілі де түркі тілі болған.

Ғұндардың юэчжилермен, Қытаймен, үйсіндермен, қаңлылармен қарым-қатынасы

Біздің заманымызға дейін 1 мыңжылдықтың 2-жартысынан бастап Еуразияның этникалық-саяси тарихында Орталық Азияның көшпелі тайпалары ролі артты. Біздің заманымызға дейін 4-3 ғасырларда Қытайдың солтүстігі мен Орталық Азияда ғұндар деген тайпалар бірлестігі (сюнну, дунху) пайда болды. Нақты айтқанда, біздің заманымыздың дейін 209 жылы бой көтеріп, біздің заманымызда 216 жылы дейін дәурен сүрді.

Шаңырағын көтерген әйгілі Мөде (Мотэ) батыр. Біздің заманымызға дейін 209 жылы Мөде әкесін өлтіріп, таққа ие болады.

Осы заманнан бастап, ғұн мемлекеті күшейе бастады (атап айтсақ, біздің заманымызға дейін 188 жылы ғұндар өзіне қытай императоры Гао-Диды бағындырады, хань династиясы ғұндарға салық төлеп тұрғаны белгілі. Юечжи, ловфань, байянь, үйсүн тағы да басқа тайпалардың жерін тартып алады.)

Ғұндар Байкалдан Тибетке, Шығыс Түркістаннан Хуанхэ өзеніне дейінгі жерде мемлекет құрды. Оның әскері 300-400 мың болды.

Мөде кайтыс болғаннан кейін өзара қырқыс басталды. Хулагу кезінде, біздің заманымызға дейін 47 жылы ғұндар оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінді. Оңтүстік ғұндар Қытай бодандығын қабылдады, ал солтүстігіндегілер орталық азиялық тайпалармен одақтасып батысқа кетіп, өз тәуелсіздіктерін сақтады. Алайда, үнемі Қытайдың қысымына түскендіктен Тянь-Шаньды асып өтіп, қаңлыларға келді. Бұл ғұндардың Орта Азия мен Қазақстанға алғашқы қоныс аударуы болды.

Екінші қоныс аудару біздің заманымыздың 1 ғасырында болды. 93 жылы Қытайлар ығыстырған солтүстік ғұндар тағы да батысқа қарай жылжыды. Олар Қазақстан территориясы арқылы батысқа бет алды. Бұл көшпенділердің Қазақстанға енуіне байланысты шығыс иранның қаңлы тайпаларының түріктенуі басталады.

Біздің заманымыздың 1 мыңжылдығы басында Жетісу, оңтүстік қазақстан тайпаларының кескін-келбеті монғолдана бастады. Ғұндар жергілікті тайпаларды бағындырып, Сырдария бойымен Арал өңіріне, орталық және батыс Қазақстан аймақтарына барып енеді. Ғұндардың біздің

заманымыздың 4 ғасырда Шығыс және Орталық Еуропа жеріне келуіне үш ғасыр уақыт керек болды.

Ғұндар Рим империясына қауіп төндірді. 5 ғасырдың 30-жылдары ғұндардың басшысы Аттила Еуропа халқының үрейін ұшырды. 375-376 жылдары вестготтардың Қазақстан даласынан келген ғұндармен күресі ежелгі Рим империясының құлауына әкелді.

Шаруашылығы

Шаруашылық-мәдени типінің негізі — көшпелі мал шаруашылығы. Мал өсіру, әсіресе жылқы өсіру басты роль атқарды. Сондай-ақ қой өсіру, аң аулау, егіншілік дамыды.

Ғұндардың қол өнер кәсібі күшті дамыған (металдан, сүйек пен мүйізден, тас пен саздан, ағаштан, керамикадан жасалды). Сауда дамығандығын жібек маталар, айналар, нефриттен істелген бұйымдар көрсетеді.

Қоғамы

Патриархалды-рулық қарым-қатынастардың белгілері өте күшті болған. Ғұндар 24 руға бөлінген. Олардың басында ағамандар тұрған. Ағамандар кеңесі мен халық жиналысы жұмыс істеген. Әскери тұтқындардан құралған құлдар да болған.

Жазба деректр ғұндар қоғамындағы өкімет белгісі туралы мәлімет те қалдырған. Елді шаньюй басқарған. Одан кейін түменбасылар болды. Ғұндар қоғамында мал мен жерге жеке меншіктің пайда болуы, тұрпайы бюрократтық аппараттың құрылуы, алым-салық, жазу-сызудың болуы таптық қоғам мен мемлекеттің пайда болуын туғызды.

Ғұндардың юэчжилермен, Қытаймен, үйсіндермен, қаңлылармен қарым-қатынасы

Ғұндардың юэчжи тайпасымен күресі ғұндардың жеңісімен аяқталды. Юэчжилер тек біздің заманымызға дейін 174—165 жылдары түпкілікті талқандалды. Нәтижесінде, юэчжилер Орталық Азияға шегініп, Әмударияның жоғарғы ағысына жылжиды. Ғұндарға бағынғандардың арасында үйсіндер де бар еді. Қытай жазбаларында 36-ға жуық көрші ұлыстардың бағындырылғандығы айтылған. Мөде біздің заманымызға дейін 174 жылы қайтыс болды.

Мөденің баласы Лаушан тұсында юэчжилер тасталқан болып жеңіліп, олардың бір бөлігі Жетісуды мекен етті. Жетісудағы сақтардың бір бөлігі юэчжилердің қысымынан Ферғананы басып өтіп, Парфия, Бактрияға жылжып, келесі бір бөлігі Ауғанстан Солтүстік Үндістанға (Кашмирге) өтіп кетеді. Үлкен юэчжилер Жетісуды 30—40 жыл шамасындай ғана иемдене алды. Кейін Жетісуды үйсіндер юэчжилерден тартып алды. Ғұндардың әскери көмегінің арқасында үйсіндер осылайша Жетісуға орналасқан болатын. Батысқа қарай ығысқан юэчжилер Бактрияны өзіне бағындырады. Олардың енді бір бөлігі үйсіндермен араласты.

Ғұндар мен Қытай арасында айырбас сауда жүріп тұрды. Бұл, әсіресе ғұндарға тиімді еді. Біздің заманымызға дейін 158 жылы шекарадағы сауда көздерін кеңейту мақсатында тәңірқұты Қытайға қарсы соғыс ашты. Біздің заманымызға дейін 152 жылы ғұндармен тағы сауда жөніндегі шартқа қол жеткізеді. Шекаралық аймақтарда сауда орындары ашылады. Сонымен қатар Гобиден оңтүстікке қарай жайылымдарды қайтарып алады.

Біздің заманымызға дейін 133 жылы ғұн-қытай соғыстарының жаңа кезеңі басталды. Бұл жолы соғысты қытайлықтар бастады. Әскери кимылдар бұрынғы ғұн аумағына ауысты. Соңғы ұрыста 90 мың ғұн әскері талқандалды. Біздің заманымызға дейін 90-жылдардағы қақтығыстарда 70 мың қытай әскері ғұн әскерін жеңе алмады. Өз күшімен ғұндарды жеңе алмайтындығына көзі жеткен Қытай билеушілері енді 20 жыл үзілістен кейін басқа көшпелі тайпаларды ғұндарға қарсы айдап салуға кірісті. Біздің заманымызға дейін 71 жылы ғұндар бағындырған елдерді өз жағына тарта бастады. Солардың қатарында үйсін билеушісіне елші жіберіп, некелік байланыстар орнатады. Ғұндар да қарап қалмай, өз кезегінде үйсін күнбиіне (гуньмосына) бір қызын береді. Ал ғұндар мен қытайлықтар арасындағы текетірес одан әрі жалғаса берді. Ғұндар енді қытайлықтардың одақтасы — үйсіндерден кек алуға кіріседі. Үйсіндердегі қытай ханшасы император сарайына хат жолдап, үйсіндерге көмек беруін талап етеді. Қытайдың 100 мың атты әскері ғұндарға қарсы

аттанады. Үйсіндердің өзі 50 мың әскер шығарады. Біріккен үйсін-қытай күштеріне қарсы тұра алмаған ғұндардың 39 мың беделді адамдары қолға түсіп, 700 мың малы жаудың қолында қалды. Бұл ғұндар үшін орны толмас ауыр соққы болды. Біздің заманымызға дейін 71 жылы үйсіндерге қарымта шабуылға шыққан ғұндарға шығыстан дунхулар, батыстан үйсіндер шабуыл жасады. Ғұндар әскері ауыр жеңіліске ұшырайды. Бүкіл малдарының тең жартысынан айырылады. Үштен бір бөлігі ұрыс алаңында қаза табады. Адамдарының 3/10 бөлігі аштан өледі. Қытай әскерлері де үш бағытта шабуылдап, мыңдаған әскерді тұтқынға түсіреді. Қытайлықтар ғұндарға қарсы көршілерін айдап салуын жалғастыра берді. Ғұндардан тартып алған жерге әскери еңбек армияларын орналастырады.

Біздің заманымызға дейін 59 жылы Қытай Батыс өңірді басқаратын орган құрды. Енді ғұндардың өз ішінде де іріткі басталып, билікке талас туған еді. Билікке таласудан, ішкі-сыртқы дағдарыстардан Ғұн мемлекеті ыдырап, біздің заманымызға дейін 55 жылы оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінеді. Хуханье шаньюй бастаған оңтүстік топ — Қытаймен бейбіт қарым-қатынас орнатты. Ал Чжи-Чжи бастаған ғұндардың солтүстік бөлігі Қытайдың қысымымен батысқа ауады.

Біздің заманымыздың Ill ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Қазақстан мен Жетісуға келген ғұн тайпалары V ғасырға дейін өмір сүрген Юэбан мемлекетін құрды. Бұрынғы солтүстік ғұндардың ұрпақтары болып саналған аталмыш мемлекет дәстүрлі тәңірқұты атағын алды.

Деректерде юэбандықтардың тілі ежелгі түрік тіліне жақын болғандығы туралы мәлімет бар.ҚосымшаҒұндар, хұндар — ежелгі дәуірдегі тайпалар одағы, түркі халықтарынын арғы тегі. Біздің заманымызға дейін 1-мыңжылдықта қалыптасқан. Бастапқы кезде солтүстік Қытайда, Моңғолияда, Байкал өңірінде қоныстанған. Ежелгі Қытай жылнамаларында Ғұндар гуй фан, гун руң, хун ю, шиан ю, шиұң ну секілді, т.б. атаулармен берілген. Біздің заманымызға дейін 3 ғасырдыңдың соңына қарай Ғұндар бірігіп әскер түзеп, өздерінің мемлекетін құрды. Ғұндар 24 руға бөлінген, оларды елағасы — бек биледі. Әрбір рудың көшіп жүретін өз жері болды. Жоғары билеушісі «Тәңірқұт «лауазымын иемденген. Қытай деректерінде Ғұндардың жоғары билеушісі «шаньюй» деп аталады. Ғұндардың өмірінде көшпелі мал шаруашылығы басты рөл атқарады. Жылқының асыл тұқымдарын өсіріп, ат баптауды жетік меңтерген. Ғұндардың ішінде отырықшы тұрмыс кешіп, егіншілікпен шұғылданғандары да болған. Ғұндар дәнді дақылдың ішінде тарыны көп өсірген. Қолөнері мен бейнелеу өнері жоғары деңтейде болған. Зергерлік өнердегі полихром стилін дүниеге әкелген. Ат үсті ойындарының негізін салған. Көктөңіріне табынын, ата-баба рухына сиынған. Өздерінің дәстүрлі құқық жүйесін қалыптастырған. Онда, негізінен, мыналар көзделген: «Ұрлық жасап, кінәлі болғанның жері алынады, шайқаста жаудың басын шауып алған немесе оны тұтқынға алған адамға бір кеспек шарап сыйланады, қолға түсірілген олжа соған беріледі, ал тұтқынға алынғандар соның құлдары мен күндері етіледі; ұрыс алаңында қаза тапқан адамның сүйегін кім өкелсе, оның отбасының бүкіл мүлкін сол алады». Ғұндар өз арасында қылмыс жасап айыпты болғандардың бетін тілген. Тілінген беттің тыртығы бұрынғы қынмысын білдіріп тұратындықтан, ондай адамдардың қайта қылмыс жасауға батылы бара бермеген. Себебі, келесі жазаланғанда өлім жазасына кесілетін. Ғұндар соғыс тұтқындарын құл қылып, оларды үй қызметшілері, бақташылар, қолөнершілер және жер жыртушылар ретінде пайдаланған. Ер азаматтарының барлығы дерлік қатардағы жауынгер саналған. Ғұндар әскерінің негізі атты әскерден тұрды. Салт атты жауынгерінің қару-жарағы — садақ, семсер, қанжар, найза, бұғалық (ұры құрық). Ғұндардың жауынгерлік құдіретінен сескенген қытайлықтар ұлы Қытай қорғанын салдырған. Ғұндардың күшті мемлекет болып отыруы кытайлықтарға ұнамады. Олар ғұндарды әлсіретудің жолын іздеді. Біздің заманымызға дейін 209 жылдан Ғұндарды Мөде басқарды. Мөде билік еткен алғашқы жылдардың өзінде-ақ Қытайдың шекаралық аудандарына жорықтар жасап, күйрете соққы берді. Кескілескен күресте әскери-саяси қуаты басым Ханьә әулетін ғұндардың Ордостағы көшіп жүретін жерлерінен дәмеленуден бас тартуға мәжбүр етті.

Хань императоры Гаоцзу Мөденің алдында бас иіп, онымен «тыныштық және туыстық туралы шартқа» қол қоюға мәжбүр болды. Бұл шарт бойынша ол Мөдеге өзінің ханшасын әйелдікке беруге және жыл сайын «сыйлық» ретінде салық төлеп тұруға міндеттенді, кейін ол салықты үнемі төлеп тұрды. Шығыста Мөде «шығыс ху» тайпаларын бағындырды, ал оның құрамына, шамамен алғанда, Керулен және Онон алқаптарында мекендеген сяньби және ухуань тайпалары кіретін еді. Батыста юечжи тайпаларына жорықтар жасады. Бұл кезде қазіргі Кореядан Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылып жатқан аумақ Ғұндардың қол астына түсті. Біздің заманымызға дейін 201 жылы жорықта ғұндар Алтай тайпаларын түгелдей дерлік бағындырды. Біздің заманымызға дейін 177 жылға қарай Тынық мұхиттан Каспий тауының жағалауына дейінгі жерлерді өздеріне қаратты. Осылайша ғұндар мемлекеті құрамына дунху, юечжи, гянгунь (қырғыз), үйсін, қаңлы, т.б. тайпалары кірді. Біздің заманымызға дейін 1 ғасырдың орта шеніне қарай империяға айналған ғұндар мемлекеті толассыз қанды соғыстан, ұшыға түскен тақ таласынан, бір орталыққа бағынғысы келмеген күштердің әсерінен әлсірей бастады. Нәтижесінде біздің заманымызға дейін 56 жылы Ғ. Хуханье бастаған оңтүстік жене Чжичжи (Шөже) басшылық еткен солтүстік топтарға бөлінді. оңтүстік Ғ. Ордос өңірін мекендеп қалды да, солтүстік ғұндар өз тайпаластарының қысымымен Саян және Байкал өңіріне ығысты. Біздің заманымызға дейін 49 жылы Чжичжи Хань империясының боданына айналған оңтүстік ғұндардың жерін басып алуға, сол арқылы бірлікті қайта орнатуға әрекет жасады. Бірак оның Бұл әрекетінен нәтиже шықпады. солтүстік ғұндарды 87-93 жылдары қытайлардың сяньби және динлин тайпаларының бірлескен одағы талқандалды. Жеңіліске ұшыраған солтүстік ғұндардың бір бөлігі 5 ғасырда Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияда өз мемлекетін құрып, Ауғанстан мен Иранды, Үндістанның біраз бөлігін жаулап алды. Хань империясының бодандығындағы оңтүстік ғұндар 304 жылы көтеріліс нәтижесінде Лю-хан атты өз мемлекетін құруға мүмкіндік алды. 318 жылы Лю-хан мемлекеті Үлкен Чжао және Кіші Чжао болып екіге бөлінді. 329 жылы Кіші Чжао Үлкен Чжаоны және солтүстік Қытайды бағындырды. 350 ж. шыққан тегі қытай болып келетін Кіші Чжаоның қолбасшысы Жан Мин мемлекет билігін тартып алын, Кіші Чжаодағы ғұндардың көп бөлігін қырып тастады. Бұл көп ұзамай Кіші Чжаоның құлауына алын келеді. оңтүстік ғұндар 4 ғасырдың соңына қарай қайта күшейе түсті. 5 ғасырдыңдың бас кезінде олардың әйгілі қолбасшысы Хэлян Баба Ся патшалығын, ал Мэн Сун көсем Бэй Лян патшалығын құрды. Ордос пен Нанынан (қазіргі ҚХР-дің Ганьсу провинциясы) өңірінде құрылған осы екі мемлекет 439 жылы тобғаштардың (тоба) шабуылы нәтижесінде қирады. солтүстік ғұндардың Еділ-Жайықтағы үлкен бөлігі 4 ғасырдың 2-жартысында Қара теңіз жағалауын, Днестрге дейінгі өлкені бағындырды. Сарматтарды тізе бүктірген соң аландарды талқандады. 375 жылы остгот, герул, генид, сақ тайпаларын бағындырын, Қап тауына жорық жасады. Ғұндардың Батысқа жорығы «халықтардың ұлы қоныс аударуына» түрткі болды. Ғұндар Еуропада өз империясын құрды.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Ғұндардың саяси тарихы.
2.Ғұндардың шарушылығы.
3.Ғұндар заңы.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Темір дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан аумағындағы ежелгімемлекеттер.

**Кестені толтырыңыз:**

| Тайпалар | Тарихи шеңбері | Территориясы | Астанасы | Билеушінің титулы | Тайпалардың құрамы | Шаруашылығы | Археологиялық ескерткіштер | Саяси тарихы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.

8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**3 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Көне түркілер. Түрік қағанаттары.Түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ қағанаттары.

**Сағат саны:** 90 мин

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

Білім беру: Түркі дәуірінде Қазақстан территориясында мемлекеттердің пайда болуы мен орналасуын түсіндіру. Мемлекеттердің шаруашылығы, мәдениеті мен әлеуметтік құрылысымен таныстыру.

-Білім беру: Түркі дәуіріндеҚазақстан территориясындағы түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ қағанаттарының пайда болуы мен орналасуын түсіндіру. Мемлекеттердің шаруашылығы, мәдениеті мен әлеуметтік құрылысымен таныстыру.

- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру**:** 5 мин.

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардыңөтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Темір дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан аумағындағы ежелгі мемлекеттер.
Кесте

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1.Көне түркілер.
2.Түрік қағанаттарының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуы.

Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі Қазақстан мен Орта Азияның және Шығыс Европаның этникалық және саяси картасын өзгертті. V ғ. Түркі тілдес теле тайпаларының көп топтары Солтүстік Моңғолиядан бастап, Шығыс Европаға дейінгі ұланғайыр далаға кең жайылып қоныстанады, оңтүстікте олардың қоныс- өрісі Амударияның жоғарғы ағысына дейін жетеді.

VI ғ. Қазақстан жері аса қуатты мемлекет - Түрік қағанаты өкіметінің қол астына қарайды, олардың билеушілері түрік тайпасының Ашындар әулетіне шығып отырған. Қағанат ұйымдасқанға дейінгі түрік этносының өзінің құрылу тарихына келсек, ол II ғ. VI ғ. Ортасына дейінгі Ганьсу, Шығыс Түркістан мен Алтай аймақтарында бірте - бірте сатылып құрылған.

«Түрік» атының тұңғыш рет аталуы қытай шежірелерінен кездеседі және ол 542 жылға жатады. Қытайлар түріктерді сюнну ғұндар деп атаған. 546 ж. Алтайда теле тайпасы қыруар әскерінің талқандалуы салдарынан түріктерге 50 мың үйдің келіп қосылу себепті олар кәдімгідей күшейеді. 552 ж. түріктердің бастаушы Бумын өздерінің билеушісі аварларға қарсы шығып, оларды ойсырата жеңеді. Осы мемлекеттің ойрандалған орнында олар Түрік қағанатын құрады. Бұл этникалық - әлеуметтік бірлестіктің атасы - Бумын - қаған болды. Оның мұрагері Мұкан - қаған билік құрған жылдарда Түрік қағанаты Орта Азияда саяси үстемдікке ие болады. Олар Маньчжуриядағы қидандарды, Енисейдегі қырғыздарды бағындырады, бұларға Солтүстік Қытай мемлекеті алым - салық төлеп тұрады.
Отырықшы тайпалар байлығына ие болу үшін түріктер Орта Азияға қарай ұмтылады. Бұлар арада олар қарауындағы жерлері Каспий теңізінен Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан эфталиттерге кездеседі. 561 -563 жж, Түріктер Иранмен эфталиттерге қарсы одақ құрады. 564 ж. Иранның шахы Хосору Ануширван эфталиттерге аса маңызды стратегиялық Тохарстан облысын тартып алады. 587 ж. Бұқара түбінде түріктер эфталиттердің негізгі күшінің күл-талқанын шығарады. Иран мен Батыс түрік қағанатының саяси шекарасы Амудария болады.
Түріктер мен олардың билігінде болған соғдылар Византиямен тікелей сауда байланысын орнатуға ынтызар еді.
Иран бұған кедергі жасайды.568 ж. Соғды көпесі Маниах түрік қағанатының елшілігін Константинопольге бастап барады, онда екі еларасында сауда келісімі және Иранға қарсы әскери шарт жасалды. Парсылар империямен қағанаттың өзара одақ құруына мейлінше қарсы болды. Иран түріктерге жыл сайын 46 мың алтын теңге салық төлеп тұрады және олардың сауда - саттығына кедергі жасамауды міндетіне алады. Осыдан кейін түрік әскері Амударияның арғы бетіне әкетіледі. Бұл жағдай Византия -түрік одағына әсер етеді. 571 ж. Истеми Терістік Кавказды алып, Боспоға шығады. Оның ұлы Түріксанф Керчіні басып алып, Қырым жеріне енеді, бірақ көп ұзамай жарты аралдан кетіп қалады. Өзара қырылыс пен әлеуметтік қайшылықтар қағанатты қатты әлсіреді. Күшейіп алған Иран 588 ж. Герат түбінде Түріктерді жеңіп шығады. Византия 590 ж. Боспорды қайтадан жаулап алады.
Түрік қағанатындағы өзара қырғыс кезеңі 603 ж. Батыс Түрік қағанатының бөлініп шығумен аяқталады, Шығыс Түркістанның көкалды аймақтарынан бастап Амударияға, Еділ өңірі мен Терістік Кавказ далаларына дейін созылып жатқан байтақ жер осынау Қағанат қарауына көшеді.
**Батыс Түрік қағанаты (603-704 ж.)**. Қағанаттың этникалық саяси өзегі «он тайпа» болды, олар Қаратау баурайынан Жоңғарияға дейінгі аралықта жатқан ежелгі үйсін жерін жайлайды. Шу өзеннің шығыс жағында Дулының бес тайпасы, ал оның батыс жағында бес тайпалы нушебилер тұрып жатты. Суяб қаласы елдің астанасы болды, ал қағанның жазғы ордасы Мың бұлақ (Түркістан қаласы жанында). 610-618 жж. Жеғуй-қаған мен оның інісі Түн-жабғы қаған билеген кезде қағанаттың күш - қуаты таси түседі. Тохарыстан мен Ауғаныстанға жасалған жаңа жорықтар мемлекет шекарасын Үндістанның солтүстік - батысына дейін жылжытып кеңейтеді.
Қағанат шаруашылықтың көшпелі және жартылай көшпелі әдісі басыңқы және отырықшы - егіншілік түрі қоса жүргізілетін бірігей жүйесі болып табылады. Қала мен дала қағанат құрамындағы біріккен - әлеуметтік - саяси ағзаның бір - біріне аса қажет, бірін-бірі толықтырып отыратын бөлшектер еді. Елдің халқы - түріктері де, соғдылары да - бәрі бірдей сауда - саттықпен қолөнер кәсібімен, егіншілік және мал өсірумен айналысып отырған.
Қағанаттағы бірінші тұлға - жоғарғы билеуші - басқарушы, әскери бастық, күллі жердің қожасы да-қаған болған. Қағанаттағы жоғарғы лауазымдар - жабғы, шад және елтебер -қаған әулетіне ғана тән атақтұғын. Сот қызметтерін бұйрықтар мен тархандар атқарған. Қағанаттың негізгі халқы мал өсіретін ерікті ұсақ қауым мүшелері болған, оларды «қара будун» деп атаған. Әлеуметтік жағынан тайпалар - ақ сүйек және вассал тайпалар болып бөлінген. Бағыныштылар

эманда алым - салық төлеп отырған. Түріктердің көрші тайпалар мен халықтарға шапқыншылық жасағандағы мақсатының бірі - құлдарды әкету болған.

Жаулап алынған жерлерде негізінен олардың әлеуметтік, экономикалық және мемлекеттік құрылысы сақталған, бірақ қағанның орынбасарлары - тудундар алым - салық жинау және оны қаған ордасына жіберіп отыруды қадағалаған. Батыс түрік қағатында таптардың пайда болу процесі және ерте феодалдық қоғамдық қатынастардың құрылуы жедел жүріп жатты.

Қарауындағы халықтар мен тайпаларды ұдайы бағынышты етіп ұстап отыруға Батыс түрік қағанаты Орталық өкіметінің әскери - саяси ресурсы жетіспейтін болып шықты.

Қағанат ішінде өзара тартыс үздіксіз жүріп, билеушілер жиі - жиі ауысып жатты, бұл ыдыраушылықты асқындырып жібереді. Он алты жылға созылған тайпалар арасындағы соғыс пен әулеттік ішкі қырқыстар Жетісуға Тан империясы әскерінің баса көктек кіруіне әкеліп соқты. Таң губернаторлары Батыс түрік тайпаларын қаған әулетінен өздері қалып қойған сыбайластары арқылы басқаруға тырысты. Алайда Түріктердің Таң басқыншылығына және олардың сыбайластарына қарсы жүргізілген тынымсыз күресі түргештердің күшейіп көтерілуіне, сөйтіп 704 ж. Жетісуда олардың саяси жетекшісі күш болып шығаруына себепші болды.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1.Түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ қағанаттарының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуы.

Түрік қағанатындағы өзара қырғыс кезеңі 603 ж. Батыс Түрік қағанатының бөлініп шығумен аяқталады, Шығыс Түркістанның көкалды аймақтарынан бастап Амударияға, Еділ өңірі мен Терістік Кавказ далаларына дейін созылып жатқан байтақ жер осынау Қағанат қарауына көшеді.

**Батыс Түрік қағанаты (603-704 ж.)**. Қағанаттың этникалық саяси өзегі «он тайпа» болды, олар Қаратау баурайынан Жоңғарияға дейінгі аралықта жатқан ежелгі үйсін жерін жайлайды. Шу өзеннің шығыс жағында Дулының бес тайпасы, ал оның батыс жағында бес тайпалы нушебилер тұрып жатты. Суяб қаласы елдің астанасы болды, ал қағанның жазғы ордасы Мың бұлақ (Түркістан қаласы жанында). 610-618 жж. Жеғуй-қаған мен оның інісі Түн-жабғы қаған билеген кезде қағанаттың күш - қуаты таси түседі. Тохарыстан мен Ауғаныстанға жасалған жаңа жорықтар мемлекет шекарасын Үндістанның солтүстік - батысына дейін жылжытып кеңейтеді.

Қағанат шаруашылықтың көшпелі және жартылай көшпелі әдісі басыңқы және отырықшы - егіншілік түрі қоса жүргізілетін бірігей жүйесі болып табылады. Қала мен дала қағанат құрамындағы біріккен - әлеуметтік - саяси ағзаның бір - біріне аса қажет, бірін-бірі толықтырып отыратын бөлшектер еді. Елдің халқы - түріктері де, соғдылары да - бәрі бірдей сауда - саттықпен қолөнер кәсібімен, егіншілік және мал өсірумен айналысып отырған.

Қағанаттағы бірінші тұлға - жоғарғы билеуші - басқарушы, әскери бастық, күллі жердің қожасы да-қаған болған. Қағанаттағы жоғарғы лауазымдар - жабғы, шад және елтебер -қаған әулетіне ғана тән атақтұғын. Сот қызметтерін бұйрықтар мен тархандар атқарған. Қағанаттың негізгі халқы мал өсіретін ерікті ұсақ қауым мүшелері болған, оларды «қара будун» деп атаған. Әлеуметтік жағынан тайпалар - ақ сүйек және вассал тайпалар болып бөлінген. Бағыныштылар эманда алым - салық төлеп отырған. Түріктердің көрші тайпалар мен халықтарға шапқыншылық жасағандағы мақсатының бірі - құлдарды әкету болған.

Жаулап алынған жерлерде негізінен олардың әлеуметтік, экономикалық және мемлекеттік құрылысы сақталған, бірақ қағанның орынбасарлары - тудундар алым - салық жинау және оны қаған ордасына жіберіп отыруды қадағалаған. Батыс түрік қағатында таптардың пайда болу процесі және ерте феодалдық қоғамдық қатынастардың құрылуы жедел жүріп жатты.

Қарауындағы халықтар мен тайпаларды ұдайы бағынышты етіп ұстап отыруға Батыс түрік қағанаты Орталық өкіметінің әскери - саяси ресурсы жетіспейтін болып шықты.

Қағанат ішінде өзара тартыс үздіксіз жүріп, билеушілер жиі - жиі ауысып жатты, бұл ыдыраушылықты асқындырып жібереді. Он алты жылға созылған тайпалар арасындағы соғыс пен әулеттік ішкі қырқыстар Жетісуға Тан империясы әскерінің баса көктек кіруіне әкеліп соқты.

Таң губернаторлары Батыс түрік тайпаларын қаған әулетінен өздері қалып қойған сыбайластары арқылы басқаруға тырысты. Алайда Түріктердің Таң басқыншылығына және олардың сыбайластарына қарсы жүргізілген тынымсыз күресі түргештердің күшейіп көтерілуіне, сөйтіп 704 ж. Жетісуда олардың саяси жетекшісі күш болып шығаруына себепші болды.

**Қарлұқ мемлекеті (756 - 940 жж.)**

Қарлұқтар туралы «бұлақ» деген атпен мәлім болған алғашқы деректер V ғ. жатады. Ежелгі түріктердің руникалық ескерткіштері «үш қарлұқ» атын Алтай тауы мен Балқаш көлінің шығыс жағалауы арасын қоныс еткен көшпелі тайпаларының қуатты одағы. VII ғ. орта кезінде қарлұқ бірлестігінің құрамына ірі - ірі үш тайпа - бұлақ, шігіл мен ташлық кірген. Қарлұқ тайпаларының көсемі Елтебер деп аталған.

742ж. Моңғолия даласындағы саяси жетекшілер шығыс түріктерінің өкіметі қиратқан үш тайпаның - қарлұқтың, ұйғырлар мен басмалдардың одағына көшеді. Аз уақыт басмалдардың бағы жанды - олардың көсемі қаған болды. Қарлұқтар басшысы мен ұйғырлардың жетекшісі жабғы атағын алды. Алайда 744ж. басмалдарды ұйғырлар мен қарлұқтардың біріккен күші күл талқан етеді. Орталық Азияда жаңа мемлекет -ұйғыр қағанаты пайда болды. Ұйғыр тайпаларының басы жоғарғы қаған болды да, қарлұқтар көсемі оң жабғы атағын алды. Дербес тұруға ұмтылған қарлұқтар ақырында ұйғыр қағанатынан бөлініп кетеді.

VIII ғ. орта кезінен бастап, қарлұқтар мен оғыздар арасында түргештер мұрасын иемдену жолындағы тартыс етек алады, олардың қалың - қалың топтары Ыстық көл мен Талас облыстарына негізгі бөлігі Жетісу жерінен өтіп, Сырдария өңіріне кетіп қалды.

766 ж. Түргеш қағандарының қос ордасы - Тараз бен Суябты қоса, бүкіл Жетісу қарлұқ жабғысының қоластына көшеді. Қарлұқтар қам - харектімен ерте феодалдық мемлекет құрылды. Қарлұқтар бір тынбастан шекараларын кеңейте береді. 466 - 775 жж. қарлұқтардың бір бұтағы Қашқарияны басып алады, ал VIII ғ. аяқ кезінде олардың өзге бір тобы Ферғанаға ықпалын жүргізе бастайды.

Жетісу территориясында қарлұқ тайпаларының саяси бірлестігі құрылады. Араб және парсы деректеріне жүгінсек IX - X ғғ. Қарлұқ бірлестігі болып жатқан рулық - тайпалық таптар құрылды. Мысалы, араб жағрафияшысы Әл-Марфази қарлұқтар құрамында тоғыз тайпа болған дейді. Қарлұқ құрамына Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның: тұхси, шігілдер, түркештер, халаджылар, чаруктер, барысхандар сияқты көшпелі және жартылай көшпелі түрік тілді тайпалары енген. Қарлұқтардың қоластындағы халықтар этникалық жағынан бір тектес болмаған, олардың ішінде иран тілді соғдылыр, Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдерінен ауған келімсектер бартұғын.

VIII - X ғғ. қарлұқ мемлекетінде отырықшы - егінші тұрғындары түріктендіру процесі қызу жүріп жатты.

VIII - X ғғ. қарлұқ тайпалары Қазақстанның Жоңғар Алатауынан бастап, Сырдарияның орта ағысына дейінгі кең көсіліп жатқан территориясын қоныс етеді, Балқаш пен Ыстық көлдер арсында Іле, Шу, Талас өзендері бойында, Тян-шяннің сілемдерінде, Испиджаб облысындағы орта ғасыр қаласы Отырарға дейін еркін көшіп - қонып жүреді. Араб жағрафияшысы Ибн Халдунның мәліметіне қарағанда, «қарлұқтар жерінің батысынан шығысына дейін жету үшін 30 күн жүру керек» екен.

Қарлұқтар мен ұйғырлардың шығысындағы VIII ғ. аяғы мен IX ғ. бас кезіндегі бәсекелі талас - тартысы қарлұқтардың жеңіліп, Моңғолиядағы ұйғыр қағанатының жоғарғы билігіне мойынсұнуымен аяқталады. Қарлұқтар батыста Мәуереннахрдың араб жаулаушыларымен жан аямай күреседі. IX ғ. бас кезінде арабтарға қарсы бағытталған әртүрлі қимыл - әрекеттерді белсене қолдайды. 810 ж. арабтар қарлұқтарға шапқыншылық жасап, Құлан қаласына дейін жетеді. 812 ж. олар Отырарға жортуылға шығып, қарлұқтар қолын қирата жеңіп, олардың жабғысын қимақ еліне қашып кетуге мәжбүр етеді. IX ғ. 20 жж. бастап Мәуереннахрда

жергілікті саманилер әулеті билік жүргізеді, ол Бағдаттағы араб халифына сырттай ғана тәуелді болып есептеледі.
840 ж. Орталық Азия даласында аса маңызды оқиға болды: Енисей қырғыздары ұйғыр қағанатын жойып, ұйғырларды Тұрфан көгалды аймағы мен Ганьчжоу ауданына еріксіз көшіреді. Бұл оқиғаны Исфиджаб билеушісі, қарлұқ жабғысы Білге Күл Қадырған шебер пайдаланады да, жаңадан қаған атын алып, өзінің жоғарғы өкіметті алуға қақы бар екенін ашықтан - ашық жариялайды. Тап сол жылы қарлұқ қағанатының саманилерге қарсы соғыс жүргізуіне тура келеді. Өйткені Самарқант уәлиі дінсіз түріктерге қарсы қасиетті соғыс ашылды деп жар салады да, Исфиджабты басып алады. 893 ж. самани Исмаил ибн Ахмет Таразға жорық жасайды. Қарлұқ қағаны Оғұлшақ Қадырхан қаланы ұзақ уақыт қамап қоршаса да шыдайды, бірақ ақырында қала құлап, оның халқы ислам дінін қабылдайды. Оғұлшақ өз ордасын Тараздан Қашқарияға көшіреді де, Саманилерге қарсы соғыс әрекеттерін жүргізе береді. Бұған қарсы Жетісу түріктері Саманилердің қысымына тойтарыс беріп қоймай, олардың мемлекетіне жортуыл жорықтар да жасап тұрады. 904 ж. Мауереннахрға түріктің қалың әскері басып кіреді, бірақ олар біраздан кейін тықсырылып шығарылады.
Оңтүстік Қазақстан жерінің Қарлұқ қағанатына кіретін азғана бөлшегінде ғана араб өктемділігі орнайды. Фараб, Исфиджап, Тараз сияқты қалалары саяси күрестің небір қиын -қыстау кездерінің өзінде, ерте орта ғасыр дәуіріндегі араб тарихшылырының айтуынша, арабтар үшін тынышсыз жерлер болып қала береді. Арабтардың жаулап алуы халифат қол астындағы территориялардың әлеуметтік - экономикалық, саяси және мәдени өмірінде, ондағы этникалық, тілдік процестерде белгілі бір із қалдырады.
Қарлұқтардың мемлекеттік құрлымының бір сипаты - онда еншілік тайпалық жүйесінің дамыған түрі бар болатын, бұл әрине басқарудың орталықтанған түрінің бекуіне жәрдемін тигізбеді. Қарлұқ жабғылары билігінің аты болмаса, заты жоқтұғын. Ірі - ірі тайпалар құрып, жер - суы бар билеушілер өздерінің жартылай дербес, ал шын мәнінде тәуелсіз иеліктерін күшейтіп, нығайтуға ұмтылып отырды. Тайпаның текті кісілерінің көп артықшылықта бартұғын және олардың мұрагерлік сипаты болатын. Қарлұқ мемлекетіндегі басқарудың әскери - әкімшілік жүйесі - олардың көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс - салтының ерекшеліктерін көрсетеді. Әлеуметтік және жіктік теңсіздік қарлұқ қоғамының негізгі өзегі болатын. Байларға ілесе кедейлер жүретін, қауымның ешбір Құқы жоқ тобы - құлдар еді. Алайда халықтың негізгі бұқарасы қоғамның қатарындағы мүшелері еді, олар көбінесе малы мыңғырған қамқоршы байларға экономикалық жағынан кіріптар болып қалатын. Өктемдік жүргізетін ақсүйек билеушілердің қатал иерархиялық жүйесі айдан-анық көрініп тұрумен қатар, қарлұқ конфедерациясының рулар мен тайпаларды да өзінің әлеуметтік маңыз - мәніне қарай бөлінеді.
Көшпелі тайпалардың билеушісі ақсүйек топтарының қолында жайылымдар мен құнарлы жер ғана емес, қала орталықтары да болатын. «Худуд әл - адам» бойынша қарлұқтар елінде 25 қала мен қыстақ болған, олардың ішінде: Тараз, Құлан, Мерке, Алмалық, Тұзын, Балиг, Барысхан, Сыйкөл, Талғар, Тонг, Пенчул т.б. бар екен. Қарлұқтардың астанасы және олардың көптеген қалалары Ұлы жібек жолы бойында тұрған, ал бұл жолдың Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу үшін елшілік және сауда - саттық желісі ғана емес, сол сияқты мәдени және рухани байланыстар арнайы орасан зор маңызды болды.

***IX-XII ғасырлардағы ортағасырлық мемлекеттер***

**Оғыз мемлекеті (IX - XI ғғ. басы)**

VIII ғ.орта кезінде Түркештер мұрасы үшін қарлұқтармен болған күресте оғыздардың едәуір бөлігі Жетісуды тастап, тау баурайлары мен Шу алқабына кетіп қалған болатын. Осы арада олрдың «Көне Грузия» деп аталатын ордасы бар тұғын. IX ғ. бас кезінде оғыздардың көсемі қарлұқтармен және қимақтармен одақтасып, хазар - печенег бірлестігін күйретеді, сөйтіп

Сырдарияның төменгі жағы мен Арал өңірі даласын басып алады. IX ғ. соңғы кезінде олар хазарлармен одақ құрып, печенегтерді жеңеді де, Орал мен Еділ арасын қол астына қаратады.

Печенегтермен ұзақ уақытқа созылған күрес - тартысы олардың саяси бірлігін күшейтіп, тайпалардың оғыздық одағын құруға себепші болды. Қырғыздар құрамына Сырдария алқабы мен Арал - Каспий далаларындағы үнді - еуропа  және фин -  тектес ежелгі этникалық компоненттері және сонымен бірге Жетісу мен Сібірдің: халаджылар, жағарлар, чаруктер, қарлұқтар, имурлер, байандұрлар, кайлар секілді көшпелі және жартылай көшпелі тайпаларды да кіреді. Оғыздардың этникалық қауымдастығының құрылуы ұзақ және күрделі процесс болады. Әу баста оғыз тобының өзегі Жетісуда ұйымдасады, алайда батысқа қарай жылжу барысында Оңтүстік және Батыс Қазақстан жерінің көшпелі және жартылай отырықшы халқының есебінен едәуір дәрежеде толығады.

Оғыздар көптеген рулық тармақтары бар бірсыпыра тайпаларға бөлінеді. Махмұт Қашғаридың айтуынша, әуелгі кезде олар 24 тайпалардан құрылып, екі бөлікке: бұзықтар мен ұшұқтарға бөлінеді. Бұзықтар көптеген артықшылықты пайдаланған. Осынау екі топтың әрқайсысына 24 тайпа енген, олардың өзі тепе - тең екі бөлімге бөлінген. Оғыздардың қарлұқ, печенег, башқұрт, қимақ, қыпшақ сияқты түркі тілдес көрші тайпалармен тығыз байланыста болуы - уақыт өткен сайын олардың өзара жақындасуына жол ашады.

IX ғ. аяғы мен XI ғ. бас кезінде оғыз тайпалары Сырдарияның орта ағысына Еділдің төменгі бойында дейінгі орасан кең территориясын мекендейді. Оғыздардың қоныс өрістері Ырғыз, Орал, Ембі, Ойыл өзендерінің бойларында, Сырдариялық Қаратау баурайлары мен Исфиджаб шегіне дейін жайылып, шашырап жататын. Олар Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойында, Арал өңірі мен Шығыс Каспий аймағында шоғырланып қоныс тепкені. Оғыз тұрақтары мен бекіністерінің шекарасы Оңтүстік Орал мен Төменгі Еділ бойына дейін жетеді. Оғыздар мен иеленетін отырықшы облыстармен, Хорезммен, Мауараннахрмен және Хорасанмен шектесіп жатады.

IX - X ғғ. оғыз мемлекетінде ескі рулық - тайпалық институттардың азып-тозу процесі үздіксіз жүрумен бірге, патриархалды- феодалдық қатарында да дамиды.X ғ. аяғы мен XI ғ. бас кезінде Сырдария жабғысының мемлекетінде алым-салығы тиянақты түрде жинап отыру жүйесі жұмыс істеген, бұл мемлекетте тұрақты басқару аппаратының құрылғанына дәлел бола алады.

Оғыз қоғамында жеке меншік қалыптасып дами бастайды, ақсүйек байлар тобы жеделдете бөлініп шығып жатады. Малға жеке меншік-мүліктік теңсіздіктің негіз болып табылады. Бай ақсүйектермен бірге қауымның қатарындағы мүшелері, кедейлер мен құлдар бұқарасы тіршілік етеді. Оғыздардың басты шаруашылығы интенсивті түрде мал өсіру болады.

Көшпелілермен қатар елде жартылай отырықшы және отырықшы жұрттың жинақты топтары да күн көрген. X - XI ғғ. ортағасырлық авторлар қалалар мен отырықшы қыстақтар қатарында Жент, Сауран, Қарнақ, Сүткент, Фараб, Сығанақты атап өтеді. Малынан айрылған көшпелілер отырықшы тірлігіне ауысады. Олардың басты кәсібі енді егіншілік пен қолөнер болады. Оғыздардың көшпелі даласы Мауереннахр, Хорезм мен Жетісу сияқты, егіншілігі дамыған көгалды аймақтармен тығыз байланыс жасап тұрған. Дала мен отырықшы-егіншілік зоналарында құл саудасы кеңінен жайылады. IX ғ. Хорасанның билеушілері жыл сайын Бағдат халифтарының сарайына екі мың оғыздық құлды жөнелтіп отырған. Оғыздар негізінде мәжусилер болған, бақсы-балгерлерге табынған. Сонымен бірге оғыздар арасына бірте-бірте ислам діні де ене бастайды.

Оғыздар мемлекеті Еуразияның, саяси және әскери тарихында маңызды рөль атқарады. 965 ж. олар Киев Русымен одақтасып, Хазар қағанатын талқандайды. X ғ. орта кезінде хазарлар шекарасы Каспий теңізінің солтүстік шығыс жиегіне жеткен еді. 985 ж. оғыз жабғысы орыс кіназдарымен бірлесіп, Еділ Булгариясын ойрандайды. Осының бәрі оғыз мемлекетінің саяси күш-қуатының өсуіне жол ашады.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Ірі қағанаттардың орнауы,әлсіреуі мен құлауының негізгі себептері қандай?
2.Түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ, мемлекеттеріндегі саяси тарихының жалпы белгілері қандай?
3.Түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ, мемлекеттеріндегі қоғамдық құрылысы мен шаруашылығына жалпы сипаттама беріңіз?
4. Батыс Түрік, Түркеш, Қарлұқ қағанаттарының, оғыз, қимақ, мемлекетінің құлауының негізгі себептерін атаңыз?
5.Ірі қағанаттардың орнауы,әлсіреуі мен құлауының негізгі себептері қандай?
6.Батыс Түрік қағанаттарының құлауының негізгі себептерін атаңыз?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Көне түркілер. Түрік қағанаттары.Түркеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағанаттары.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиет:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.

3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/

12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

## 4 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Қарахан мемлекеті. Қарақытайлар. Қыпшақ мемлекеті. Наймандар, Керейлер.
**Сағат саны:** 90 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2. Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: Қазақстан территориясында X-XIII ғғ. басындағы өмір сүрген Қарахан мемлекеті, Қарақытайларға сипаттама беру, мемлекеттік құрылымдардың сабақтастығына назар аударту.
- Білім беру: Қазақстан территориясындағы X-XIII ғғ. басындағы өмір сүрген Қыпшақ мемлекеті, Наймандар, Керейлер мемлекеттеріне сипаттама беру, мемлекеттік құрылымдардың сабақтастығына назар аударту.
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Көне түркілер. Түркештер, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағанаттары.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Қарахан, Қарақытай мемлекеттері.

**Қарахан әулетінің мемлекеті ( 942 - 1210** жж.)

Қарахан әулетінің атасы Сатуқ Бограхан болып есептелді. Саманилердің қолдауына сүйініп, ол өз ағасы Оғылшаққа қарсы шығады да Қашғар мен Таразды өзіне қаратады. 942 ж. Сатуқ Баласағұн билеушісін құлатып, өзін жоғарғы қағанмын деп жариялайды. Осы кезден бастап, Қарахандар мемлекетінің өз тарихы басталады.

Қарахандар мемлекетінің құрылуы мен оның ерте тарихында басты рөлді қарлұқ тайпалары атқарады, бұл қарлұқтармен бірге шігіл мен яғма да кірген еді. Х ғ. яғманың бір бөлігі қарлұқтармен бірге Жетісуды, Нарынның түскейін мекендейді. Кейінірек, XI ғ. яғмалар қиян теріскейде, Іле алқабында тұрады. Ыстық көлдің солтүстік жағынан көшіп келген шігілдер де осы алқапқа тарап кеткен еді.

992 ж. қарахандар шығыста Хотанды, батыста Бұқарды жаулап алады. 999 ж, Қарахан әулетінің Насыры мен Ғазнаулер әулетінің Махмұты бірлесіп, Орта Азияға Саманилер мемлекетін біржолата қиратады. Амудария Қарахандар мен Ғазнаулилер арасында шекара болып қалады. Солтүстік Қарахандар мен Қыпшақ хандығының шебі Тараз қаласына жуық өтетін. Ал Солтүстік-шығыс бетте Қарахандар шекарасы Балқаш көлі мен Алакөл шетінен аспайды. Шығыста олар ұйғырлармен шектелетін, Қарахандардың оңтүстік-шығыстағы иелігі Шершенге дейін созылатын. Олардың Батыс пен оңтүстік-батыс жаққа қарай жылжуы Оңтүстік Түркменияға салжықтар қарсылығына, Амударияның төменгі бойында Хорезмшах қарсылығына тап болады. Бұдан кейінгі екі ғасыр бойына Қарахандар иелігі Батыста Амудария мен Сырдария арасындағы Мауараннахрдан бастап, Шығыста Жетісу мен Қашғарға дейін кең көсіліп жатады.

Қарахандар мемлекеті шекаралары тұрақты, созылып жатқан егіншіліктерге бөлінеді. Егіншілік иелерінің құқықтары зор болатын, олар өз атымен теңгелер шығаруға дейін, кейде тіпті лауазымдарын өзгертуге дейін баратын. Саяси өмір талас тартыс және өзара қырқыс жағдайында өтіп жататын.

XIғ. 30-шы жылдарының аяқ кезінде Ибраһим ибн Насырдың тұсында мемлекет екіге бөлінді: біріншісі, орталығы Бұқарда болған, қарауына Ходжентке дейінгі Мауараннахрды қосып алған Батыс хандығы, екіншісі, қамтуына Тараз, Исфиджаб, Шаш, Ферғана, Жетісу мен Қашқар кіретін Шығыс хандығы. Оның астанасы Баласағұн қаласы болды. Сөйтіп бұрын ағахан яғни жоғарғы хан өкіметінің қоластында болған

Қарахандар мемлекетінің іс жүзінде ыдырап, дербес және жартылай дербес егіншіліктерге бөлінуі заңды түрде бекітіледі.

Қарахан мемлекеті бұрынғы мемлекеттік құрылымдарының жай ғана қайталануы еместі. Қазақстан жеріндегі көшпелі қоғамдарының саяси құрылымдарынан мұның бір айырмашылығы:
- әскери басқару әкімшілік басқарудан бөлінген болды. Мемлекеттік - әкімшілік құрылыс иерархиялық принципке негізделген еді.

Қарахан әулеті мемлекетіндегі аса маңызды әлеуметтік-саяси институт әскери-мұралық жүйе болған. Хандар өздерінің туысқандары мен жақындарына белгілі бірауданның, облыстың не қаланың халқының сол уақытқа дейін мемлекет пайдасын алынып келген салықты өзіне жинап алу хұқын тарту етеді. Мұндай салық «иқта» деп аталады, ал оны берушіні мұқтажар немесе иқтадар деп атаған. Иқта институты Қазақстанның оңтүстігінде мен оңтүстік-шығысының шаруашылық және саяси өмірінде елеулі рөль атқарады.

Халықтың ең басты тірлігі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болады. Сонымен бірге XI - XII ғғ. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда түрік тайпаларының тұтас бір бөлігі егіншілікпен айналысады және қала мәдениетіне барып қосылады.

Көшпелі және отырықшы халық идеологиясында ежелгі түріктердің діни түсініктері орын алады. Қағанатта мемлекеттік дін есебінде қабылданған ислам одан әрі дами береді. Елді исламдандыру, әсіресе Оңтүстік Қазақстан аудандарын исламдандыру, мұсылман дінінің көшпелі ақсүйектер

арасына енуі көне түрік руникалық жазуын тықсырып тастайды да, араб әрпіне негізделген жаңа түрік жазуының түзілуіне жеткізеді.
Қарахан әулеті тұсында түрік этносының ой-санасы өседі, мұсылман әдебиеті түрік тілінде шыға бастайды. Бұл салада жұрттың бәрінен бұрын Жүсіп Баласағұнның есімі белгілі болды.
**Қарақытайлар мемлекеті.** Қара қытайлардың құрылуы Орталық Азияның қидан тайпаларымен тығыз байланысады. Қидандар б. з. IVғ. жазба деректерде монғол тілді тайпалар ретінде аталады. Олар Қытайдың солтүстік жағында Маньчжурия мен Уссури өлкесінің территориясын мекендеген. 924 ж. Алтайдан бастап, Тынық Мұхитқа дейінгі аса кең жер Қидан мемлекетінің қоластына өтеді.
1125 ж. Сунь Қытайы мен Чжурчжень мемлекетінің біріккен күші Ляо империясын құлатады. Қидандардың бір бөлігі чжурчжендерге бағынады да, қалған бөлігі Енисей қырғыздардың жерін басып өтіп, Еділ өзенінің бойына жетеді, сөйтіп сол арадан аттас қала салады. Олардың, қидандардың батыс тармағы өкіметі қоластына Жетісудің бір бөлігі қарап, жергілікті түрік тілдес халықтармен араласып кету нәтижесінде, келімсектер Қара қытай аталып кете береді.
1128ж. Қарахандар әулетінен шыққан Баласағұнды иемденуші өздеріне қысым жасап, тыныштық бермеген қаңлылар мен қарлұқтарға қарсы аттануға шақырады. Қарақытайлар көсемі Елу Даши Баласағұнды басып алып, Қарахандар әулетінің билеушісін тағынан тайдырып, Жетісуға өз мемлекетін орнатады. Сосын бірқатар даулар жорықтарын жасап, мемлекет шекарасын Енисейден Таласқа дейін кеңейтеді. Содан кейін қарақытайлар қаңлыларды бағындырып, Шығыс Түркістанды қосып алады. 1137ж. Олар Ходжент жанында Мауереннахрдың иесі Махмұд ханды, ал 1141 ж. Самарқанға таяу жердегі Қатуан даласында салжық-қарахандар әскерін күйретеді. Қарақытайлар Бұқарды және күллі Орталық Мауараннахрды басып алады. Хорезмге жіберілген айрықша әскер Хорезм шахты жыл сайын өздеріне 3 мың алтын динар мөлшерінде алым төлеп тұруға мәжбүр етеді. Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Мауараннахр мен Шығыс Түркістан Қарақытай мемлекетінің құрамына енді. Қарахандар әулетін қарақытайлар өз вассалына айналдырады.
Қарақытай мемлекетінің басшысы Горхан деп аталады. Баласағұн оның иеліктерінің орталығы болып қала береді. Әскерде тәртіп өте қатал болады, Ел ішінде аула басынан салық жинау жүйесі енгізілді - әр үйден бір динардан салық алып отырады. Горхан жақын-жуықтарына  жер-суды тарту етпейді, өйткені олар күшейіп алып, бәсекеші болып кетер деп қауіптенеді. Қарақытайлар Жетісудың оңтүстік бөлігін, Исфиджабтың солтүстік-шығыс аймағын, Құлжа өлкесін тікелей басқарады, Жетісудың Іленің терісқей бетінен әрі жатқан бөлігі Қарлұқтар хандарының қарауында болатын, бірақ олардың ортасында ұдайы Горханның өкілі тұрған. Бірінші Горхан 1143 ж. қайтыс болады. 1208 ж. қарақытайлар
Моңғолиядан Шыңғысхан тықсырып қуып шыққан соң Күшілік бастаған наймандар қашып кетеді.
**Қорытынды сұрақтар:**
1.Дамыған ортағасырлық мемлекеттердің орнауы, әлсіреумен құлауының негізгі себептері қандай?
2. Қарахан, қыпшақ мемлекеттеріндегі саяси тарихының жалпы белгілері қандай?
3. Қарахан, қыпшақ мемлекеттеріндегі  қоғамдық құрылысы мен шаруашылығына жалпы сипаттама беріңіз?
4. Түркі мемлекеттердегі тайпалардың этникалық жақындылығы қандай?
5. Қарахан, қыпшақ мемлекеттерінің құлауының негізгі себептері атаңыз?
**Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
1. Қыпшақ мемлекеті. Наймандар,  керейлер.
**Қыпшақ хандығы (XI ғ. басы - 1219** ж.)

«Қыпшақ» атауы ең бірінші рет 760 ж. ежелгі түріктің руникалық ескерткішінде аталады. Мұсылман деректеріне қыпшақтар тұңғыш рет араб географы Ибн Хордабектің жылнамалық жағынан VIII ғ. жататын, түрік тайпаларының тізімінде көрсетіледі.

656 ж. Батыс түрік қағанаты құлағаннан кейін Алтай тауының солтүстік жағы мен Ертіс өңірін жайлаған қыпшақтардың едәуір мол топтары қимақтардың басшылығымен тайпалар одағының өзегін құрайды. Алайда негізгі қыпшақ тайпаларының өзін-өзі билеуге ұмытылған талабы VIII ғ. соңында олардың қимақ федерациясынан бөлініп, олардан әрі, батысқа қарай көшуіне апарып соғады. Бірақ қыпшақтар түбірлі тәуелсіздікке жете алмайды. IX -X ғғ. қыпшақтар тарихы кимектер тарихымен қоса өрледі. Қыпшақтар қимақ қағанатына саяси тәуелді болды, конфедерацияға, сосын Қимақ қағанаты құрамына кіреді.

XI ғ. басында Қимақ қағанаты тарағаннан кейін, кимек, қыпшақ және куман тайпаларының бұрын жайлаған жерлеріне де әскери-саяси жетекшілік қыпшақ хандарының қолына көшеді. Қыпшақтың өкімет басына келген ақсүйектер әулеті оңтүстік және батыс бағыттарына белсенді қимыл-әрекеттерге кірісіп, Орта Азия және Оңтүстік Шығыс Еуропа мемлекеттерімен тікелей байланыс жасауға кіріседі.

Ертістен Днестерге дейінгі бүкіл аридтік зонаны алып жатқан Дешті Қыпшақтың тарихи-жағрафиялық облысын шартты түрде Еділ бойы  аса үлкен этникалық-территориялық бірлікке бөлуге болар еді: басында Тоқсоба рулық әулеті тұрған Батыс қыпшақ бірлестігі және ел-бөрілі руының хан әулеті билеген Шығыс қыпшақ қағанаты.

Қыпшақ ақсүйектері Шығыс Дешті қыпшақ тайпаларының қоныстық-өрістік жерін едәуір кеңейтуге себепші болған және Сырдария бойындағы Оғыздар мемлекетімен, Орта Азиядағы Салжықтар, Хорезмшахтар және Қарахандар әулеттерімен соғысқа және соқтығыстарға әкеліп жеткізген XI ғ. бірінші жартысындағы буырқанған дауылды оқиғалар қыпшақтар мемлекетін құрудың объективті себебіне айналды.

Қыпшақ этникалық қауымының қазақ территориясында құрылуы күрделі де ұзақ процесс болған, оның дамуы жолынан үш кезең айқын көрінеді.

IX ғ. орта кезінде Дешті-Қыпшақтағы ыдыраушылықтың көзі болып келген қыпшақ пен құман тайпаларының көптеген топтары көшіп кеткеннен кейін, Қыпшақ хандығының саяси тірегі едәуір күшейіп, нығая түседі. **Наймандар ұлысы.** XII ғ. керейттер мен меркіттер қосылған Наймандар ұлыс Орталық Азияға ірі мемлекеттік құрылым болады. Ал наймандардың шығу тегі мен ертедегі тарихы туралы мәселе өте күрделі, қиын мәселе. Олардың этникалық құрамы аралас болуы да ықтимал, бірақ ғылыми әдебиеттегі ең жаңа мәліметтер олар түрік тілдес болды дегенді дәйектейді. Ғалымдар «найман» терминінің мәні моңғол тілі тұрғысынан алғанда ашылды, ол ұлысқа енген тайпалар санына қарап, «сегіз» деген сөз деп болжам жасайды. Көне түрік жазуларында айтылатын «сегіз-оғыздардың» зерттеушілер наймандармен теңдестіреді. VIII ғ. оғыздар тайпаларының бірлестігі Орхон өзенінен бастап, жоғары Ертіске дейінгі жерді алып жатқан. Кейінірек наймандар да сол араны жайлаған.

Наймандардың батыс жағында - Ертіс бойын мекендеген қаңлылар мен қыпшақтар, солтүстігінде - Енисей қырғыздары, шығысында - Шығыс Моңғолияда көшіп-қонып жүрген керейттер ал оңтүстік жағында - Орталық Азияның басқа да көптеген халықтары мен тайпалары сияқты, қидандарға тәуелді вассал болған ұйғырлар, көрші-қолаңы ретінде, қарым-қатынас жасап тұрған. Наймандар өздерін қоршаған көшпелі және отырықшы-егінші этностармен, әсіресе қаңлылармен өте тығыз этникалық-саяси және мәдени байланыста болған. Қаңлылар мен қыпшақтардың кейбір жеке топтары наймандардың жеріне келіп қоныстанады.

Бейбіт қарым-қатынастар Керейттер ұлысына біріккен қуатты да құдіретті тайпалармен арадағы жауығу кезеңдерімен алмасып отырған 1125 ж. Қидан мемлекеті қирағаннан кейін оның орталық Азиядағы ойрандалған орнында бір қатар мемлекеттік бірлестіктер құрылады, олардың арасына жетекшілік рөлі керейт хандарының қолына көшеді.

**Қорытынды сұрақтар:**
1.Дамыған ортағасырлық мемлекеттердің орнауы, әлсіреумен құлауының негізгі себептері қандай?
2. Түркі мемлекеттердегі тайпалардың этникалық жақындылығы қандай?
**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.
**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.
**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: Қарахан мемлекеті.Қарақытайлар. Қыпшақ мемлекеті.
Наймандар, керейлер,
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.
**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;
**6. Әдебиеттер:**
**Негізгі әдебиеттер:**
1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014
**Қосымша әдебиеттер:**
1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.

5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/

13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

## №5 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Көшпелі рухани мәдениеті. Қазақ даласының даналары.
Қазақстан даласы Монғол шапқыншылығы дәуірінде.
**Сағат саны:** 90 мин.
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: Көшпелілер өркениетін ерекшелігін, көшпелілер мәдениетінің ерекшелігін атап айту. Ұлы Жібек жолының маңыздылығы. Қазақ даласының даналары туралы.
Моңғол мемлекетінің құрылуы және оның қазақ жеріне шапқыншылығы туралы білімді қалыптастыру, тың мәліметтер беру; «Отырар апаты» туралы баяндау.
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;
**Сабақтың барысы:**
Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардыңөтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Қарахан мемлекеті.Қарақытайлар. Наймандар мен керейлер, қыпшақтар.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.
**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**
**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
1. Ұлы Жібек жолы.
2.Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығының дамуы. Көшпелілердегі қоғамдық қатынастар.
3. Қазақстан аумағындағы орта ғасырлардағы даналар ауыз әдебиеті.

4.Көне жазулар. Музыка және өнер.
5.Орта ғасырлардағы діни идеологиялық ахуал, ислам діні.
*"Мәдениет"* деген ұғымның аясы өте кең. Сондықтан да болар, *"мәдениет"* ұғымының көптеген анықтамасы бар. Адамой-санасы мен әрекетінің нәтижесінде туындаған құндылықтарды біз мәдениет дейміз. Мәдениетті кейде шартты түрде *материалдық* және *рухани* деп екіге бөледі. Қолмен ұстап, көзбен көруге болатын дүниелерді *материалдық мәдениет* үлгілері дейміз. Ал қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, тек санамен, түйсікпен қабылданатын мәдениет жетістіктерін біз *рухани мәдениет* дейміз.
Рухани және материалдық мәдениет үлгілерінің арасында тұйық шек жоқ. Кейде *материалдық мәдениет* үлгілері руханияттың үлгісі болып табылады. Мысалы, сәулет өнері ескерткіші, былай қарағанда, материалдық мәдениет, ал сол сәулет өнерінен халықтың немесе сәулетшініңдүниетанымы, мәдени дәстүрі көрінеді. Оның үстіне, сәулет өнері ескерткішінен көрермен рухани ләззат алады. Бұл жағынан қарағанда сәулет өнері ескерткіші *рухани мәдениет* үлгісіне де жатады. Кітапты да солай түсінуге болады: әрі материалдық дүние әрі рухани құндылық.Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Кейбір батыстық зерттеушілер: *"Көшпелілер өз бетінше мәдени құндылықтар жасауға кабілетсіз, олар тек басып алған отырықшы халықтардың мәдениетін қабылдайды. Ал отырықшы халықтардың мәдениеті оларға өгей мәдениет болып қала береді",* — дейді. Бұл — мүлде қате пікір. Көшпелілер өз тұрмыс-қарекетіне лайықты мәдениет қалыптастырған. Көшпелілердің материалдық мәдениеті көші-қонға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ер-тұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқтарын, бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз.Әлемдік мәдениет ырғақтарын анықтаған соң, қазақ мәдениетіне тоқталайық. Қазақтар Қазақстан Республикасының негізгі тұрғындары, әлемдегі жалпы саны 13 миллионнан асады, исламдық суперөркениеттің солтүстік шығыс жағын мекендейді, діні жағынан ханифиттік мағынадағы мұсылман сунниттер, Алтай тіл бірлестігінің түрік тобының қыпшақ топтамасына жатады. Бұл мәдениетті түсіну мақсатында алдымен оны кеңістік өрісі мен уақыт ағынында қарастырып, кейін қазақ мәдениетінің типтік ерекшеліктерін айқындайық. Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілерінің мұрагері болып табылады. Сондықтан осы ұлттық мәдениетті талдауды номадалық (көшпелілік) өркениет ерекшеліктерінен бастайық.
**Көшпенділер өркениеті**
Әрбір ұлттық мәдениет бос кеңістікте емес, адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші емес. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады. Мәдени кеңістіктің маңызды қасиеті — оның тылсымдық сипаты. Мысалы, «ата қоныс» ұғымы көпшелілер үшін қасиетті, ол өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындайды. Қауымдық қатынас мекендер егемендігінен туады. Ата қоныстың әрбір жағрафиялық белгілері халық санасында киелі жерлер деп есептелінеді, яғни қоршаған орта киелі таулардан, өзен- көлдерден, аңғарлар мен төбелерден, аруақтар жататын молалардан т.б. тұрады. Олардың қасиеттілігі аңыз-әпсаналарда, жырлар мен көсемсөздерде болашақ ұрпақтарға мұра ретінде қалдырылған.Белгілі бір парасаттылық, ізгілік, ұстамдылық, интуициялық жоғары қабілеттері жоқ адамдар қатал далада өмір сүре алмас еді. Кеңістікке үйлесімді мәдениетте адам мен табиғаттың арасында «қытай қорғаны» тұрған жоқ. Керісінше, мәдениет олардың арасындағы нәзік үндестікті (гармонияны) білдіретін дәнекер қызметін атқарады. Қазақтың төл мәдениетінде экологиялық мәселе әдептіліктік жүйесіндігі обал және сауап деген ұғымдармен тікелей байланыстырылды.Табиғат аясындағы мәдениетті қатып-семіп қалған, өзгеріссіз әлем дейтін пікірлер де әдебиетте жиі кездеседі. Алайда, бұл осы мәдениетке тынымсыз қозғалыс тән екендігін аңғармаудан туады. Шексіз далада бір орында тоқталып қалу

көшпелілік тіршілікке сәйкес келмейді. Ол мезгілдік, вегитациялық заңдылықтарға бағынып, қозғалыс шеңберінен шықпайды. Әрине бұл қозғалыс негізінен қайталанбалы, тұрақты сипатта болады. Қуаң даланы игеру табиғатты өзгертуге емес, қайта оның ажырамас бір бөлігіне айналуға бағытталған. Яғни, адам табиғат құбылыстарына тәуелді болып қалады.

**Көшпенділердің жол серігі**

Енді қарастырып отырған өркениеттің кеңістікті игеру құралдарына тоқталып өтейік. Бұл жерде ең алдымен көшпелілер өміріндегі жылқының ерекше бір қызметіне назар аударған жөн. Жылқыны адам еркіне көндіру арқылы адамзат кеңістікті меңгеру ісінде үлкен қадам жасады. К.Ясперстің пікірі бойынша, тағылықтан өркениетке өтуде жер суару жүйелерін жасаумен, жазудың ашылуымен, этностардың пайда болуымен қатар жылқыны пайдалана білу адамзат үшін өте маңызды болды. ([2]. — М., 1991. — С. 71, 72). Жылқыны пайдалана білу шектелген кеңістіктен бүкіл әлемді игеруге бағытталған қадам еді. Бұл әртүрлі мәдениеттердің сұхбаттасуына мүмкіндік берді. Әрине, бұл сұхбаттасу көптеген жағдайда зорлық-зомбылық арқылы жүзеге асқанын ұмытпаған да жөн.

Сонау көне заманнан халықтар солтүстіктен оңтүстікке, шығыстан батысқа қарай (немесе керісінше) қозғалыста болған. Белгілі болжам шумерліктердің Қосөзен аңғарына Орталық Азиядан келгенін, үндігерман тайпаларының оңтүстікке жылжып, Үндістан, Иран, Грекияға енгенін, түрік тайпаларының Кіші Азияны жаулап алғанын көрсетеді. Қытай империясы мен Үндіге көшпенді түрік-моңғол тайпалары ылғи қысым жасап отырған. Белгілі ғұлама А.Вебердің пікірі бойынша, көшпелі тайпалардың кеңістікті игеруі «халықтардың Ұлы қоныс аударуы» атты құбылысты әкелді. Бұл қазіргі өркениетгердің қалыптасуына үлкен себебін тигізді. Осы айтылғандардан адамзат тарихында жылқыны пайдалана білудің маңызы зор болғандығын көреміз.Жылқыны кеңістікті жеңу мақсатында әсіресе, көшпелі халықтар шебер пайдалана білген. Ат пен көшпенді біріккен жан болып көрінеді. Мұны көрші халықтардың миф-аңыздарынан да анық байқаймыз. Мысалы, ежелгі грек мифологиясындағы қанатты тұлпар Пегас бүкіл елді қан қақсатқан жауыз Химераны өлтіруге көмектеседі. Ал салт атты көшпенді скифтің метафорасы — кентавр Хирон өзінің досы атақты Прометейге көмек беру үшін мәңгілік өмірден бас тартады. Бұл сарынды ертедегі шумерлік жырдағы Гильгамеш пен көшпенді Энкидудың достығынан да аңғарамыз.Атқа мінген адам жерден өзінің босай бастағанын, еріктілік мүмкіндіктерінің молайғанын және ғарышқа жақындай түскенін сезінеді. Жер-Ана оны қаншама босатқысы келмесе де, ол шексіз әлемге өзінің қадамын нық басады. Халық дәстүрінде де тәй-тәй қадам басқан нәрестенің тұсауын кеседі.Кеңістікті игеруге көшпелілер үшін жылқыдан басқа да себебін тигізген қолға үйретілген жануарлар болған. Себебі далада тек малшылар мен үй малдарынан басқа да тіршілік иелері бар. Олардың ішінде иттің алатын орны бөлек. Қазақ «ит — жеті қазынаның бірі» деп бекерден-бекер айтпаған. Егер қой мен сиырдың өнімдерін қажеттікке жарату үшін оларды бағу жеткілікті болса, онда ит пен жылқыны баулу, үйрету керек. Бұл үлкен шеберлік пен төзімділікті талап етті. Тек сол жағдайда олар адамның көмекшілеріне айнала алады. Кейін осман түріктері бұл тәжірибені өз империясындағы халықтарды ұстап тұруға пайдаланды.«Оттоман падишахтары, — дейді А. Тойнби, — арнайы тәрбиеленген құлдардың көмегімен өз империясын басқарды және бұл олардың империясының қуаттылығын күшейтті». Шексіз даланы игеру оны жай ғана кеңістік, жазықтық деп түсінбей, осы даланы тұтас бір континиум ретінде бағалаумен қатысты. XX ғасырда қалыптасқан этникалық аумақтар мен жағрафиялық ұғымдардың және көшпелілер өркениеті шарықтап тұрған кездегі ата-мекен түсінігінің арасында үлкен айырмашылық бар. Қазақ және басқа да түрік халықтарының мәдени мұраларынан бүкіл еуразиялық Ұлы даланың түріктердің ата қонысы деп есептелінетінін байқаймыз. Мысалы, қазақ эпосында Қырым, Қоқан, Ыстамбол, Хиуа, Алтай, Қазан, Ордос т.б. түріктердің өз жері, ал бұлардың сыртындағы Шам, Мысыр қысылғанда арқа сүйейтін тілектес елдер болып есептелген. Әрине, б9л кеңістіктік, т9тастық уақыт ағынына төуелді болған. Ішкі

қайшылықтар шиеленіскенде жалпытуыстық сезім кейін қарай шегіндіріліп отырған. Тарихтан тек үлкен суперэтностардың (өркениеттердің) ішінде ғана емес, сонымен бірге этностардың құрамында да кескілескен қақтығыстардың болғанын білеміз. Алайда тарихи өркениеттерге аян болған кеңістіктің шекаралары туралы мәселе тек саясаттанулық емес, бұл туралы мәдениеттану ілімінде де бірнеше қарама-қарсы пікірлер бар.Ерте орта ғасырларда Қазақстан жерінде түркі тілдес халықтар қалыптасты. Түркі тілдес халықтармен қатар Қазақстан жерінде басқа тілдік топтар да өмір сүрді. Түркі тілдес топтардың ішіндегі ең ірісі – VIII-X ғасырларда Ертіс өңірінде қалыптасқан қимақ-қыпшақ тобы. Сонымен қатар Қазақстан жерінде иран (соғды) тілдес, сирия тілдес, араб тілдес халықтар тобы өмір сүрді. VI ғасырдан бастап түркі тілдес тайпалардың өз жазулары болды. Бұл жазу ғалымдардың пікірінше, соғды жазуына ұқсас. Көне түрік жазуларының ескерткіштері Моңғолия жерінде табылды. Бугут жазуымен соғды тілінде жазылған құлпытас Орталық Моңғолиядан табылған.VI-X ғасырларда Қазақстанда соғды жазуы және тілі кең қолданылған. Бұл жазу Тараз, Баласағұн, Испиджаб қалаларында тарады. IX ғасырдан бастап Қазақстанда мекендеген тайпалар арасында ұйғыр жазуы қолданыла бастады. Ғалымдардың пікірінше, бұл жазу – соғды алфавитінің өзгертілген түрі. XII ғасырда соғды жазуына негізделіп жасалған түріктердің жаңа жазуында 38 әріп-таңба болған.
Көне түріктердің негізгі жазуы руна жазуы деп аталған. Бұл жазу скандинавиялық руна жазуына ұқсас. XVIII ғасырдың басында жазуды алғаш рет Д. Миссершмидт пен Ф. Страленберг атты ғалымдар Енисей аңғарынан тапқан. Ал аса бағалы тарихи ескерткіш болып саналатын руна жазуы бар құлпытас XIX ғасырда Солтүстік Моңғолиядағы Орхон өзені маңынан Н. М. Ядринцев тапқан. Құлпытастағы жазуды түркітанушы В. В. Радлов пен дат ғалымы В. Томсон оқыған. Бұл жазу «Орхон-Енисей тас жазуы» деп аталады.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Ұлы Жібек жолы.
2.Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығының дамуы. Көшпелілердегі қоғамдық қатынастар.
3. Қазақстан аумағындағы орта ғасырлардағы даналар ауыз әдебиеті.
4.Көне жазулар. Музыка және өнер.
5.Орта ғасырлардағы діни идеологиялық ахуал, ислам діні.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Моңғол мемлекетінің құрылуы және монғолдардың Қазақстан мен Орта Азия жерлерін жаулап алуы.

**I.** XIII ғасырдың басында үстемдік жүргізуші нояндар мен олардың езгісіндегі араттардан тұратын татар-монгол тайпаларының саяси жағынан басын біріктірген Монгол феодалдық мемлекеті құрылды. Оның негізін салушы Темучин болды. Ол 1162 (1155) жылы ірі ноян Есүгей баһадүрдың отбасында туылған. Темучин ержете келе негізгі қарсыластарының барлығын жеңіп, Монғолдың бүкіл тайпаларын өзінің қол астына біріктірген. 1206 жылдың көктемінде Онан өзенінің сағасында Темучинді жақтаушы монгол ақсүйектерінің құрылтайы болып, онда ол салтанатты жағдайда Шыңғысхан деген атпен жалпы монғолдардың әміршісі болып жарияланды."Шыңғыс"-сөзбе-сөз аударғанда "таза", "қуатты" деген ұғымды білдіріп, "Шыңғысхан" –«хандардың ханы» деген мағына береді. Шыңғысхан әскери-ұйымдастыру принципін мемлекеттік құрылыстың негізі етіп алды. Елдің бүкіл жері мен халқы "оң қанат"-"барүнғар", "сол қанат"-"жоңғар" және "орталық"-"гол" немесе «күл» деп аталатын үш әскери-әкімшілік округке бөлінген. Әрбір округте он мың адамнан тұратын "түмге"(тімен)дер болған. Олар ондық системасындағы "мыңдық", "жүздік", "ондық"тардан тұрған. Империяда темірдей қатал тәртіп болған. Әскербасыларға үстем тап өкілдері нойондар, баһадүрлер, мергендер және сечендер тағайындалған. Шыңғыс ханның өзіне тікелей бағынатын10 мың адамнан тұратын кешігі де болған. 1207 жылдың соңы мен 1208 жылдың басында Жошы Енесай қырғыздарын

және Сібірдің оңтүстігіндегі басқа да "орман халықтарын" бағындырды. Монғолдардың қаһарынан сескенген қазіргі Шығыс Түркістан аймағындағы ұйғырлар монғолдарға өз еркімен бағынды. Монғолдар олардан ұйғыр жазуын алды. 1211 жылы Шыңғыс ханның қолы Солтүстік Қытайға бет алды. 1215 жылы Цзинь мемлекетінің астанасы болған Чжүндуды(Пекинді) бағындырды. Шыңғыс хан Қазақстан мен Орта Азияға жорықты Жетісу арқылы жүргізбекші болды. Өз басының жеке жауы найманның ханы Күшлік ханды талқандап, бай қалалары бар Жетісуды өзіне қарату үшін оған Жебе ноян бастаған әскер тобын жіберді. Жетісуды Шыңғыс хан аса көп қарсылықсыз-ақ басып алды. Монғолдарға қарсы тұруға жарамай қашып кеткен Күшлік ханның жігерсіздігіне, салықпен зар илеткен зорлық-зомбылығына ыза болған найманның феодалдары Шыңғыс ханға мойынсұнатынын білдіріп, өз еріктерімен берілді. Жетісудағы халықтың қалың бұқарасы Шыңғыс ханға қарсылық көрсетуге тырысқанмен, жақсы қаруланған, саны да мол монғол әскерлерінің шабуылына төтеп бере алмады. Соның өзінде де Жетісу қалалары монғолдарға қарсылығын көпке дейін тоқтатқан жоқ. Жетісуді бағындырғаннан кейін Шынғысханның Мауараннахрға, сол кезде бүкіл Орта Азияны билеп отырған Хорезм мемлекетіне қарсы жорығына жол ашылды. Орта Азияны бағындыру үшін Шыңғысхан өзіне тәуелді елдерден алған жасақтармен қоса жалпы саны 120-150 мыңға дейін адамы бар қалың қол жіберді. Жорық 1219 жылғы қыркүйекте Ертіс жағалауынан басталды. Монғол әскері Отырарға таяп келгенде монғолдардың басшысы Шағатай мен Үгедей бастаған бірнеше түменді қаланы қоршау үшін қалдырып, әскерлердің Жошы бастаған басқа бір шоғырын Сыр бойымен төмен жіберді. Үшінші шоғырға Сырдарияның жоғарғы ағысы бойындағы қалаларды бағындыру міндетін жүктеді. Шыңғыс хан төртінші ұлы Төлеймен Бұхараға беттеді. Хорезм шахы Мұхаммед моңғолдарға қарсы тұруға дайын емес еді. Өзін онша жақсы көрмейтін жергілікті феодалдардың күш біріктіріп қарсы шығуынан қорыққан ол әскери күштерді әр қалаға бөліп ұстап отырған. Мұның өзі Шыңғыс ханға қалаларда тұрған шағын-шағын шоғырларды оп-оңай құртып жіберуге мүмкіндік берді. Моңғолдардың қарамағында бұл тұста көптеген жергілікті феодалдар мен саудагерлер бар еді. Олар Шыңғысханды қажетті мәліметтермен жабдықтап отырды. Жетісуда Шыңғыс ханға өз әскерлерімен Бесбалық қаласының билеушісі мен Алмалықтың ірі феодалы Сугнак тегін келіп қосылды. Шыңғыс хан нөкерлерінің ішінде Қойлық қаласының әмірі де болды. 1219 жылы қыркүйекте Шыңғысхан әскерлері Отырар қаласына келіп, оны қоршауға алды. Қалада 80 мыңдай әскер бар еді. Отырар қорғанысы Қазақстан мен Орта Азияның халық бұқарасының монғол басқыншыларына қарсы жүргізген ерлік күресінің айқын көрінісі болды. Қарамағында қамал бұзатын техникасы, соның ішінде жанып кететін күбішіктер, ататын машиналары болса да монғолдар бұл қаланы бес ай бойы ала алмады. Қаланың құлауына опасыздық себеп болды. Әскер басыларының бірі Қарадша түн жамыла қала қақпасынан шығып, монғолдарға берілді. Қаланы қоршап тұрған монғол әскерлері осы қақпа арқылы қалаға лап беріп басып кірді. Қала бір ай таланып қиямет қырғынға ұшырады. Осылайша, алты ай ішінде қаланы монғолдар жаулап алды. Отырар қамалын жермен-жексен етіп, Шағатай мен Үгедей бастаған монғол шоғырлары Шыңғысханға келіп қосылды. Бұл кезде Шыңғысхан Бұхара мен Самарқанд арасындағы жолда болатын. Сыр бойындағы қалалардың тұрғындары да ерлікпен қорғанды. Соның бірі Сығанақ қаласы еді. Ол өзі жақсы бекінген, халқы көп, ірі сауда қаласы болатын. Жошы бастаған монғолдар қаланы ұрыссыз беруді талап етіп, Сығанаққа Хасан қожа саудагерді жіберді. Сығанақ халқы келіссөзге көнбеді, олар сатқын есебінде Хасан қожаны өлтірді. Жеті күнге созылған шабуылға қала тұрғындары табан тіресіп қарсыласты. Бірақ көп ұзамай Сығанақ құлады. Көп ұзамай Үзгент қаласы да алынды. 1220 жылы 4 көкекте монғолдар әскері Жент қаласын бағындырды. Әскердің Жошы жіберген басқа ірі шоғыры Янгикентті басып алды. Сыр бойындағы қалалардың қарсылығын жеңгеннен кейін Шыңғыс ханның әскерлері Орта Азияның ішіне баса көктеп енді. Бірақ мұнда да олар халық бұқарасының қасарысқан қарсылығына кезікті. Үргеніш қаласының тұрғындары қаланы

бірнеше ай бойы ерлікпен қорғады. Сондықтан бұл қалаға Жошы, Шағатай және Шыңғысхан әскерлерін әкелуге мәжбүр болды. Қала алдырмады. Оны тура шабуылмен ала алмаған моңғолдар Әмудария өзенінің бөгетін бұзып, қаланы топан суға қаптатып барып қана басып алды. Сонымен, 1219-1224 жылдарда болған шапқыншылық нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азия Шыңғысхан империясының құрамына енді. Әлемнің жартысын жаулап алып, орасан зор империя құрған Шыңғыс хан 1223 жылы өзінің төрт ұлына ұлыс бөліп берді: Үлкен ұлы Жошының ұлысы Ертістен батысқа қарай және «Қойлық пен Хорезм шекарасынан Саксин мен Булгардың татар аттарының тұяғы тиген жерлерге дейінгі» ұшы-қиырсыз аймақты алып жатты. Рашид ад-Диннің деректеріне қарағанда Жошының ордасы Ертісте болған, бірақ басқа деректемелер оны Сарысуға жақын , «қыпшақтар елінде» жерленген дейді. Екінші ұлы Шағатайдың иелігіндегі жерлер Оңтүстік Алтайдан Әмударияға дейінгі, «ұйғырлар өлкесінің шекарасынан Самарқанд пен Бұхараға дейінгі жерлерді», яғни Шығыс Түркістанды, Жетісу мен Мауаранахрдың денін қамтыды. Жамал Каршидің деректері бойынша, Шағатай иеліктерінің негізгі бөлігін құраған өлке Аларғу ели деп аталды; оның басты қаласы Алмалық болды. Шағатайдың жазғы ордасы Іле өзенінің алқабындағы Құяш деген жер болды. Оның мирасқорларының ордасы, Жувейни деректері бойынша, түрікше Ұлығ-Иф(Ив) деген атпен, яғни «Үлкен үй», ал нумизматика деректері бойынша Орду әл-Азам деген атпен мәлім болған. Шағатай мен оның мирасқорлары иеліктерінің құрамына Балх және Хорасан өлкелері де кірді.
Үшінші ұлы Үгедейдің ұлысына Жоғарғы Ертіс пен Тарбағатай аймағы және Батыс Моңғолия аймағы қарайтын болған. Кіші ұлы Төлей Шыңғыс ханның негізгі жұртын – Моңғолияны, сондай-ақ, тұрақты 129 мың адамдық армиясының 101 мыңын алды.
Үлкен ұлдарының әрқайсысына тұрақты армиядан 4 мың адамнан бөліп берген. Қалған әскерін туысқандарына және сенімді нояндарына үлестірген. Сонымен Қазақстан аумағы монғолдың үш ұлысының құрамына: үлкен (далалық) бөлігі – Жошы ұлысының; Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысына; Жетісудің солтүстік-шығыс бөлігі мен Шығыс Қазақстан –Үгедей ұлысы құрамына кірді. Шыңғысхан әскерлерінің шапқыншылығы жаулап алынған елдер үшін өзінің зардабы жағынан ауыр апат болды; ол көптеген халықтардың экономикалық және мәдени прогресін, олардың саяси, әлеуметтік және этникалық дамуын ұзақ уақытқа тежеді. Моңғолдардың жаулап алуы салдарынан өндіргіш күштер талқанданып, адамдар жаппай қырылды, өркендеп тұрған қалалар жер бетінен ғайып болып, материалдық және мәдени қазыналар жойылып кетті, ондаған мың тамаша шеберлер мен қолөнершілер құлдыққа айдалды.

Жергілікті халықтың қарсылығын басу үшін Шыңғысхан жаппай қырып-жою тәсілдерін қолданды. Шыңғысханның Орта Азияға барар жолында орналасқан Оңтүстік Қазақстанның Сыр өңіріндегі қалалары мен қоныстары бұл тәсілдердің алғашқы құрбандары болды. Араб және парсы деректерінде түрлі елдердің халқын моңғолдар түгелдей дерлік қырып тастаған, отызға тарта қалалардың аты атап көрсетілген, олардың ішінде Оңтүстік Қазақстанның Отырар, Сығанақ және Ашнас қалалары айтылады.Отырар тұрғындары мен оның гарнизонының алты ай бойы қарсыласқаны үшін қаталдықпен кек алынды – моңғолдар қаланы тонады, қамал мен қорғаныстың дуалын қиратты, қаланың тірі қалған тұрғындарының көпшілігін қырып тастады. Отырар тұрғындарының шағын бір бөлігі, «қылыштан қашып құтылғандары» ғана тұтқынға алынып, қаланы қоршауға алған кезде пайдалану үшін Самарқанд маңына айдап әкетілді. Сығанақты жеті күн бойы үздіксіз шабуыл жасап алғаннан кейін басқыншылар оның халқын түгел қырып тастады. Сырдарияның төменгі ағысындағы Ашнастың халқы да осындай жағдайға душар болды. Бұл ауданның басқа қалаларында – Женттe, Үзкентте және Баршынлыкентте халықты мұншалықты қыру болған жоқ, бірақ бұл қалалар да монғол әскерлерінің талап-тонауына берілді. Оңтүстік Қазақстанның басқа отырықшы-егіншілік орталықтарының халқы да зардап шекті. Папа IV Иннокентийдің Күйік ханға жіберген елшісі 1245-1247 жылдары Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан арқылы жүріп өткен Плано Карпинидің байқаулары

осыны дәлелдейді. Атап айтқанда, Сырдария ауданында ол және оның серіктері жермен-жексен болған көптеген қалаларды, қирап қалған бекіністерді және қаңырап қалған қыстақтарды көрген. Шапқыншылықтан қалалармен олардың төңірегіндегі халықтар ғана емес, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың халқы да зардап шекті. Сол Плано Карпини былай деп атап көрсетті: «Біз қағанаттардың жеріне аяқ бастық... Бұл жерден, сондай-ақ Команиядан біз аяқ астында тезекше шашылып жатқан сансыз адамдардың бас сүйектерінің қаңқаларына тап болдық... Бұл адамдар, команлар да, қаңғиттер де, жер өңдемеген, малмен күн көрген, олар сондай-ақ үй салмастан, шатырларда орналасқан. Татарлар оларды да қырып жойған, енді өздері солардың жерінде тұрады, ал тірі қалғандарын құл қылып алған». Монғол басқыншыларына қарсы күрескен халықтың тағдыры осылай болған. Моңғол феодалдары үстемдігі орнауының ауыр зардаптары ешбір ұрыссыз-ақ басып алынған деуге болатын Жетісу жеріне де ауыр тиді. Шыңғысханның шабуылына дейін-ақ үздіксіз соғыстарда күйзеліске ұшыраған бұл шағын аймақтың халқы басқыншыларыға қарсылық көрсете алмады. Алайда жазбаша деректемелер мен археологиялық мәліметтер Жетісудағы қала мәдениеті мен отырықшы-егіншілік мәдениеттің едәуір бүлінгенін егістік үшін игерілген жерлердің өлкеде моңғол үстемдігі алғашқы ондаған жылдарда-ақ жайылымға айналдырылғанын дәлелдейді. Француз королі IX Людовиктің моңғол ханы Мөңкеге жіберген елшісі Рубрук монғол шапқыншылығынан кейін отыз жылдан сәл астам уақыт өткен соң, 1250-1255 жылдары Қазақстан аумағы арқылы өтіп бара жатып, егіншілік мәдениетінің күйрегені туралы, Жетісудағы, атап айтқанда Іле алқабындағы қалалардың ғайып болғаны туралы алғашқылардың бірі болып мағлұматтар қалдырған. Бір кезде гүлденіп тұрған, халқы жиі қоныстанған, қала мәдениеті дамыған әрі отырықшы-егіншілік және мал шаруашылығы бар Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағы өзінің бұрынғы экономикалық саяси және мәдени маңызынан тез айрылды. Мұның бірнеше себебі болған. Шыңғысханның және монғол феодалдарының басқыншылық саясаты бағындырылған халықтар үшін ғана емес, моңғолдардың өздері үшін де кесапат болды. Толассыз жүргізілген соғыстар моңғол араттары бұқарасына шалғай жерлерге жорыққа аттану үшін қосымша шығын жұмсап, жоқшылыққа ұшыраудан, жорықтар кезіндегі қасыреттер мен жат жерде өлуден басқа ештеңе берген жоқ. Шыңғысхан мен оның мирасқорларының соғыстары жаулап алынған елдердің ғана емес, Моңғолияның өзінің де, өндіргіш күштерінің құлдырауына әкеп соқты. Қазақстан аумағында ежелден тұратын этникалық топтар мен халықтардың және олардың жерлерінің монғол ұлыстарына бөлінуі олардың ертеден бері түрлі саяси құрылымдар шегінде болуын нығайтты, сол арқылы халықтың этникалық, шаруашылық, мәдени тұрғыдан бытыраңқылығын ұзартты. Сонымен бірге Моңғол империясының, одан соң Алтын Орда мен Шағатай және Үгедей (Хайду мемлекеті) ұрпақтары мемлекеттерінің құрылуы бір Қазақстанның аумақтық шеңберіндегіден гөрі неғұрлым кең тұрғыдағы, яғни Евразиялық дала мәдениеті мен монғолдар бағындырып алған елдердің отырықшы-егіншілік мәдениетін таратушылардың өзара әсері мен өзара ықпалы тұрғысындағы интеграциялық процестердің дамуына мүмкіндік берді. Ол былай тұрсын, Қазақстан халқының мұсылман Шығысымен, Европамен, Қытаймен кеңінен араласуына мүмкіндік туғызды. Моңғол билігі сауданы, халықаралық байланыстарды дамытуға ынталандырды, жер-жерде почта және жәмшік қызметін енгізді. Бұрын алыс болып келген халықтар арасында сауда және мәдени байланыстар орнатылды. Ұлыстардың аумағымен сауда керуендер жүріп өтті, алыс өлкелерге дипломатиялық миссиялар, саяхатшылар аттанып, Европаға, алыстағы бұрын беймәлім Азия елдері мен халықтары туралы мәліметтер жеткізді. Моңғолдар далаға орталықтандырылған өкімет идеясын әкелді, бұрын ұйымдаспаған тайпаларды біріктірді, жаңа жағдайларға бейімделген дала заңдарын іске қосты. Моңғолдардан кейінгі уақыттағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттерде кейінен әлеуметтік ұйымның көптеген нормалары мен мемлекеттік нысандары пайдаланылды. Моңғолдар жаулап алуының ауыр зардаптары уақыт өте келе біртіндеп жойыла берді. XIV ғасырда Қазақстанның оңтүстігі мен

оңтүстік- шығысында қала мәдениеті, егіншілік, қолөнер өндірісі жандана түсті. Қазақстанның орталығындағы далалық өңірі мен Жетісудің, Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азия жазираларымен сауда байланыстары қалпына келтірілді.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Моңғол мемлекетінің құрылуы.
2.Шыңғысхан -талантты қолбасшы.
3.Моңғолдардың Қазақстанға басып кіруі.
4.Отырардың күйреуі.
5.Ұлыстық жүйенің құрылуы.
6.Моңғол шапқыншылығының зардаптары.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Көшпелі рухани мәдениеті. Қазақ даласының даналары.Қазақстан даласы Монғол шапқыншылығы дәуірінде.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с

2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/

11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**6 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Қазақстан Алтын Орда құрамында.
**Сағат саны:** 90 мин.
**Сабақ түрі: теория**
**2. Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: Қазақстан Алтын Орда дәуірдегі кезіне, аумағы мен рулық құрамы, ішкі және сыртқы саяси тарихы туралы тың мәліметтер беру;
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың  сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардыңөтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Көшпелі рухани мәдениеті. Қазақ даласының даналары.  Қазақстан даласы Монғол шапқыншылығы дәуірінде.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

Шыңғыс ханның үлкен ұлы **Жошы** өз ұлысын тәуелсіз мемлекет етуге күш салды. Ол 1227 жылы қыста аң аулап жүріп қазаға ұшырады. Мирасқоры оның ұлы Батый болды. Батый қолының Руське және Еділден батысқа жасаған жорықтары Жошы ұлысын Алтайдан Дунайға дейінгі байтақ өлкені алып жатқан, орталығы төменгі Еділде орналасқан ұлан-байтақ мемлекет құруға мүмкіндік берді. Тарихи әдебиетте бұл мемлекет **Алтын Орда** деп аталады. Алтын Орданың астанасы Сарай Бату (қазіргі Астрахань маңында) болды. Кейінірек астана Сарай Беркеге (Еділ бойымен Сарай Батудан жоғарырақ) көшірілді. «Алтын Орда» ұғымы біртекті емес: кей авторлар Алтын орда деп Батый мен оның мирасқоры Беркенің жеке иелегіндегі жерлерді, яғни Төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказды, ал басқа бір деректерде түгелдей Жошы ұлысын қамтыған дейді. 1227-1255 жылдарда билік құрған Батый зор беделге ие болды. Алайда Батыйдың да, оның мирасқорлары тұсында да Алтын Орда біртұтас мемлекет бола алмады. Жошы ұлысы үлестерге – оның көптеген ұлдарының ұлыстарына ыдырады. Өз кезегінде Алтын Ордада ұлыс жүйесі қалыптасты. Мысалы: 1236-1242 жылдарда Шығыс Европаға жасаған жеті жылдық жорықтан оралғаннан кейін өзінің ағасы Орда Еженге Жетісудің солтүстік—шығыс бөлігіндегі жерлер, Ертіс бойындағы кең-байтақ аймақ, Ұлытау мен Қаратауға дейінгі жерлерді ұлыс етіп берді. Бұл ұлыстың аумағы біртіндеп кеңейе берді. XIII ғасырдың екінші жартысында-ақ Орда Еженнің немересі Қонышының тұрған жері деректеме бойынша Орта Сырдариядағы Жент пен Үзкент маңында болған; ұлыстың саяси орталығы осы жерге ауысқан еді. Іс жүзінде XIII ғасырдың ортасынан бастап Орда Ежен ұлысы дербес мемлекет болып, шығыс деректемелерінде Ақ Орда деп аталған. Орда Ежен ұлысынан батысқа қарай Шайбани иелігіндегі жерлер жатты. Ол туралы Махмуд ибн Уали былай деп хабарлайды: «...Шыңғысханның ұлы Жошы ханның баласы Шайбани хан жеті жылдық жорықта астар, орыстар, чернестер және бұлғарлар елдерін жаулап алған кезде ептілік көрсетіп, ағасы Батый ханнан сыйлық ретінде төрт аймақ алды». Шайбани үлысының аумағы туралы Әбілғазы былай деп хабарлайды: «Шайбани жазда Орал бөктеріндегі, Тобыл, Жайық, Ырғыз өзендерінің аралығындағы кең-байтақ жерлерде, ал қыста – Арал теңізі өңірінде, Шу, Сарысу өзендерін бойлап және Сырдарияның төменгі ағысында көшіп жүрген». XIII ғасырдың екінші жартысындағы – XIV ғасырдың басында Алтын Орданың тарихы орыс князьдықтарымен, Иранның Хулагу әулеттері мен болған үздіксіз соғыстарға толы; бұлардан Берке (1257-1266) мен оның мирасқорлары Азербайжанға және Оңтүстік Каспий маңындағы басқа да жерлерді иелену құқығына таласты. Менгу Темір тұсында (1266-1280) Алтын Орда Монғол империясының орталығынан біржола оқшауланып, тұңғыш рет өз атынан теңге соға бастады, Орта Азия мен Жетісуда Шағатай ұрпақтарының билігін нығайту үшін ұлы ханға қарсы күресінде Хайдуды қолдап отырды.

Өзбек ханның (1312-1342) және оның баласы Жәнібектің (1342-1357) тұсында Алтын Орданың күш-қуаты барынша кемел кезіне жетті. Ислам діні мемлекет діні деп жарияланды.Өзбек хан Орда Ежен ұрпақтарын бұрынғы вассалдық тәуелділігіне қайтаруға тырысып, Сығанақта өзінің баласы Тыныбекті хан тағына отырғызды; алайда ол көп кешікпей өлтірілдіп, билік Орда Еженнің ұрпақтарына қайта көшті. Шаруашылықтың жаңғыруы, феодалдық қатынастардың нығаюы жағдайында жергілікті түрік және түріктеніп кеткен феодалдық үстем таптың жағдайы күшейе түсті. XIV ғасырдың басында Жошы ұрпақтары иеліктерінің Еділ бойындағы даланы, Еділдің батыс жағындағы жерлерді, Қырымды, Солтүстік Кавказды және Хорезмнің солтүстік бөлігін қамтыған батыс бөлігі (оң қанат) бұрынғысынша Алтын Орданы құрады; Жошы ұлысының қазіргі Қазақстанның (Жетісуды қоспағанда) Жайық өзенінің шығыс жағындағы және Арал теңізі мен Сырдарияның солтүстік жағындағы кеңбайтақ аумақты қамтыған шығыс бөлігі (сол қанат) Ақ Ордада Орда Еженнің ұрпақтары билік құрды. Ұлыстың екі бөлігінде де Жошының 13-шы ұлы Тоқа Темірдің ұрпақтары билік етті.

Орда Еженның иеліктері мен Алтын Орданың арасында орналасқан Қазақстан аумағы Шайбани ұрпақтарына бағынышты болды. XIV – XV ғасырдың басында бұл аумақты шығыс авторлары бірде Ақ Орда, бірде Көк Орда деп атайды.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Жошы-Қыпшақ ұлысы державасы.
2.Қазақстан Алтын Орда құрамында.
3.Аумағы және рулық құрамы.
4.Ішкі және сыртқы саяси тарихы.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.
Үйге тапсырма беру:
Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Алтын Орда құрамында.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы

4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем.

1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

## №7 сабақ

**1. Сабақтың тақырыбы**: XIV-XV Қазақстан аумағындағы мемлекеттер.
**Сағат саны:** 90 мин.
**Сабақ түрі: теория**
**Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: Қазақстан Алтын Орданың құрамында, қазақ жерінде құрылған Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы,Ноғай ордасы туралы білімді қалыптастыру, тың мәліметтер беру;
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі: | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардыңөтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Қазақстан Алтын Орда құрамында.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
1. Жошы ұлысы, Алтын Орда және Ақ Орда тарихы.
2. Шағатай ұлысы, Моғолстан және Әмір Темір мемлекеті.
3. Ноғай ордасы және Әбілқайыр хандығы, Сібір хандығы.

Шыңғыс ханның үлкен ұлы **Жошы** өз ұлысын тәуелсіз мемлекет етуге күш салды. Ол 1227 жылы қыста аң аулап жүріп қазаға ұшырады. Мирасқоры оның ұлы Батый болды. Батый қолының

Руське және Еділден батысқа жасаған жорықтары Жошы ұлысын Алтайдан Дунайға дейінгі байтақ өлкені алып жатқан, орталығы төменгі Еділде орналасқан ұлан-байтақ мемлекет құруға мүмкіндік берді. Тарихи әдебиетте бұл мемлекет **Алтын Орда** деп аталады. Алтын Орданың астанасы Сарай Бату (қазіргі Астрахань маңында) болды. Кейінірек астана Сарай Беркеге (Еділ бойымен Сарай Батудан жоғарырақ) көшірілді. «Алтын Орда» ұғымы біртекті емес: кей авторлар Алтын орда деп Батый мен оның мирасқоры Беркенің жеке иелегіндегі жерлерді, яғни Төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказды, ал басқа бір деректерде түгелдей Жошы ұлысын қамтыған дейді. 1227-1255 жылдарда билік құрған Батый зор беделге ие болды. Алайда Батыйдың да, оның мирасқорлары тұсында да Алтын Орда біртұтас мемлекет бола алмады. Жошы ұлысы үлестерге – оның көптеген ұлдарының ұлыстарына ыдырады. Өз кезегінде Алтын Ордада ұлыс жүйесі қалыптасты. Мысалы: 1236-1242 жылдарда Шығыс Европаға жасаған жеті жылдық жорықтан оралғаннан кейін өзінің ағасы Орда Еженге Жетісудің солтүстік—шығыс бөлігіндегі жерлер, Ертіс бойындағы кең-байтақ аймақ, Ұлытау мен Қаратауға дейінгі жерлерді ұлыс етіп берді. Бұл ұлыстың аумағы біртіндеп кеңейе берді. XIII ғасырдың екінші жартысында-ақ Орда Еженнің немересі Қонышының тұрған жері деректеме бойынша Орта Сырдариядағы Жент пен Үзкент маңында болған; ұлыстың саяси орталығы осы жерге ауысқан еді. Іс жүзінде XIII ғасырдың ортасынан бастап Орда Ежен ұлысы дербес мемлекет болып, шығыс деректемелерінде Ақ Орда деп аталған. Орда Ежен ұлысынан батысқа қарай Шайбани иелігіндегі жерлер жатты. Ол туралы Махмуд ибн Уали былай деп хабарлайды: «...Шыңғысханның ұлы Жошы ханның баласы Шайбани хан жеті жылдық жорықта астар, орыстар, чернестер және бұлғарлар елдерін жаулап алған кезде ептілік көрсетіп, ағасы Батый ханнан сыйлық ретінде төрт аймақ алды». Шайбани үлысының аумағы туралы Әбілғазы былай деп хабарлайды: «Шайбани жазда Орал бөктеріндегі, Тобыл, Жайық, Ырғыз өзендерінің аралығындағы кең-байтақ жерлерде, ал қыста – Арал теңізі өңірінде, Шу, Сарысу өзендерін бойлап және Сырдарияның төменгі ағысында көшіп жүрген».
XIII ғасырдың екінші жартысындағы – XIV ғасырдың басында Алтын Орданың тарихы орыс князьдықтарымен, Иранның Хулагу әулеттері мен болған үздіксіз соғыстарға толы; бұлардан Берке (1257-1266) мен оның мирасқорлары Азербайжанға және Оңтүстік Каспий маңындағы басқа да жерлерді иелену құқығына таласты. Менгу Темір тұсында (1266-1280) Алтын Орда Монғол империясының орталығынан біржола оқшауланып, тұңғыш рет өз атынан теңге соға бастады, Орта Азия мен Жетісуда Шағатай ұрпақтарының билігін нығайту үшін ұлы ханға қарсы күресінде Хайдуды қолдап отырды. Өзбек ханның (1312-1342) және оның баласы Жәнібектің (1342-1357) тұсында Алтын Орданың күш-қуаты барынша кемел кезіне жетті. Ислам діні мемлекет діні деп жарияланды.Өзбек хан Орда Ежен ұрпақтарын бұрынғы вассалдық тәуелділігіне қайтаруға тырысып, Сығанақта өзінің баласы Тыныбекті хан тағына отырғызды; алайда ол көп кешікпей өлтірілдіп, билік Орда Еженнің ұрпақтарына қайта көшті. Шаруашылықтың жаңғыруы, феодалдық қатынастардың нығаюы жағдайында жергілікті түрік және түріктеніп кеткен феодалдық үстем таптың жағдайы күшейе түсті. XIV ғасырдың басында Жошы ұрпақтары иеліктерінің Еділ бойындағы даланы, Еділдің батыс жағындағы жерлерді, Қырымды, Солтүстік Кавказды және Хорезмнің солтүстік бөлігін қамтыған батыс бөлігі (оң қанат) бұрынғысынша Алтын Орданы құрады; Жошы ұлысының қазіргі Қазақстанның (Жетісуды қоспағанда) Жайық өзенінің шығыс жағындағы және Арал теңізі мен Сырдарияның солтүстік жағындағы кеңбайтақ аумақты қамтыған шығыс бөлігі (сол қанат) Ақ Ордада Орда Еженнің ұрпақтары билік құрды. Ұлыстың екі бөлігінде де Жошының 13-шы ұлы Тоқа Темірдің ұрпақтары билік етті.
Орда Еженның иеліктері мен Алтын Орданың арасында орналасқан Қазақстан аумағы Шайбани ұрпақтарына бағынышты болды. XIV – XV ғасырдың басында бұл аумақты шығыс авторлары бірде Ақ Орда, бірде Көк Орда деп атайды.

**Ақ Орда** – моңғолдардан кейінгі кезеңде Қазақстан аумағында жергілікті этникалық негізде құрылған тұңғыш ірі мемлекеттік құрылым. Оны осы жерлерде ежелден мекендеп келе жатқан және моңғолдардың жаулап алуынан көп бұрын-ақ қыпшақ бірлестігінің құрамына кірген, сондай-ақ Шыңғысханның шапқыншылығы кезінде Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс аудандары мен Алтайдан қоныс аударған түрлі тайпалар мекендейтін еді. Онда қыпшақтармен қатар қоңыраттар, наймандар, қарлұқтар, маңғыттар, үйсіндер, керейіттер (керейлер) және басқалар болды. Мұсылман әулеттерінің хронологиялық кестелерінде Ақ Орда хандарының есімдері мынандай ретпен келтіріледі: Орда-Ежен, Сартақ, Қоныша, Байан, Сасы-Бұға, Ерзен, Мүбәрек, Шымтай, Ұрұс хан, Қойыршақ және Барақ.
XIV ғасырдың бас кезінен Орда-Ежен ұрпақтарының Сыр өңірінің қалалары мен Жетісу жайылымдары үшін Шағатай ұрпақтарымен күресі жүргізілді. Сонымен бірге далалық аудандардың көшпелілері мен жартылай көшпелілерінің және Сыр өңірі жазирасының отырықшы аудандарының халқы арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды қалпына келтіру күшейді. Ақ Орда билеушілерінің әкімшілік орталығын өз иеліктерінің оңтүстік шет жағына, яғни Сығанақ қаласына көшіруі кездейсоқ емес. Муъин ад-дин Натанзи Ақ Орда хандарының бірі Ерзеннің Сығанақты көркейтіп, Отырарда, Сауранда, Жентте, Баршыкентте біраз үйлер салдырғанын хабарлайды. XIV ғасырда Ақ Орда хандары теңгелерді енді тек өз атынан соқтырды. Оңтүстік Қазақстанағы астанасы Сығанақты Ақ Орданың орталығына айналдыру Орта Азия мен Хорезмнің отырықшы аудандарымен байланыстардың кеңеюіне жәрдемдесті. Бұл байланыстарға Алтын Орданың орталығы – Еділ бойында қала өмірінің тіршілігін тоқтатуы мен сауда жолдарының өзгеруі едәуір әсер етті. Түрік және түріктеніп кеткен жергілікті феодалдық үстем таптың экономикалық және саяси жағдайының нығаюы негізінде Ақ Орда билеушілері Мүбарак Қожа ханнан (1320-1344) бастап, Алтын Ордадан біршама болса да тәуелсіз бола бастады. Жәнібек хан (1342-1357) қайтыс болғаннан кейін Алтын Ордада кезекті аласапыран кезең мен сарай төңкерістері басталды, олардың әрқайсысы өз теңгелерін соқтырды. Бытыраңқылық сарыны күшейіп, тәуелсіз иеліктер құрыла бастады, оларды өз билеушілері басқарды. Алтын Орда мемлекетіндегі жоғарғы билік жолындағы күреске сол қанаттың феодалдары белсене қатысты және Қызыр ханнан (1359-1361) бастап, Алтын Орда тағына бірінен кейін бірі, ал кейде бір мезгілде Жошы ұрпақтарының шығыс тармақтарының өкілдері, атап айтқанда, Темір – Қожа, Орда-Шейх, Мұрид және басқалар көтерілді. Ақ Орданің үстем табы Алтын Ордада қалыптасқан жағдайды пайдаланып, Жошы ұлысының екі бөлігін де саяси жағынан тұтас етіп біріктіргісі келді. Бердібек хан өлгеннен кейін Сарай тағына отыруға Ақ Орда ханы Шымтай (1344-1361) ресми түрде шақырылды, ол шақыруды қабылдамады, бірақ оның балалары, әсіресе Ұрұс хан Алтын Орда тағы үшін күреске белсене қатысты. Ұрұс 1368 жылы Ақ Орда ханы болды. Қадыр-Әли Жалаири, Муъин ад-дин Натанзи оны батыл мінезді, күшті әрі құдіретті билеуші деп сипаттайды. Шығыс Дешті Қыпшақта жергілікті мемлекеттік әсіресе Ұрұс хан кезінде нығайды. Ұрұс хан, одан кейін Ақ Орда (Өзбек ұлысы) тағына Әмір Темір отырғызған Тоқтамыс та Алтын Орданы қалпына келтіруге тырысты, бірақ соншалықты табысқа жете алмады; бұл жаулап алынған көптеген елдер мен халықтардың орасан зор бірлестігінің заманы XV ғасырдың бірінші жартысында біржола күйреп тынды. Шығыс Дешти Қыпшақта дербес, берік этникалық негіздегі мемлекет күш ала берді, дегенмен онда да әулеттер алмасты: билік Орда – Еженнің ұрпақтарынан Тоқа-Темірдің ұрпақтарына (Тоқтамысқа) көшті; сонан соң қайтадан Ұрұсханның мұрагерлері қайтарып алды, Шайбани ұрпақтарына ауысты. Негізінен Шайбани ұрпақтары дәріптелетін деректемелерде Ұрұс хан мен оның ең жақын бабалары Жошының 13-шы ұлы Тоқа – Темірден тараған деп көрсетеді.
**III.** Шағатай әкесі мен ағасы Жошы өлгеннен кейін хан тұқымындағы үлкені ретінде зор беделгі ие болды. 1228-1229 жылдары ол Үгедейді ұлы хан деп жариялаған ханзадалардың басшысы болған еді. «Ясыны, биліктер мен қағидаларды, патшалықты сақтаудың амалдарын» жетік білген

Шағатайдың беделі зор болғандығы соншалықты, тіпті ұлы хан Үгедейдің өзі де ағасының мақұлдауынсыз қандай болса да маңызды шешімдер қабылдамайтын болған.
Шағатай өлкесі Алорғу ели деп аталды. Оның басты қаласы Алмалық, жазғы ордасы Іле алқабындағы Құяш деген жер болды. XIV ғасырдың басында Шағатай әулетенің Орта Азиядағы және Жетісудағы рөлі қалпына келді. Хайду өлгеннен кейін көп кешікпей, 1306-1307 жылдар шамасында мемлекеттегі билік Барақ ханның баласы, Шағатайдың шөбересі Тоуваға(Дуваға) ауысады. В.В.Бартольдтің бағалауы бойынша ол «Шағатай державасының негізін салушы» болды. Экономикалық күйзеліс, Моңғол империясиның, оның ішінде Шағатай ұрпақтары мемлекетінің ыдырауы қалайда екінші әдісті таңдап алуды талап етті. XIV ғасырда Шағатай ұлысы хандарының іс-әрекетінде орталықтану және Мауараннахр халқымен жақындасу жағына қарай бетбұрыс айқындала түсті. Бұл тұрғыда Кебек хан (1318-1326) неғұрлым елеулі қадам жасады. Кебек ханның мирасқоры, оның інісі Тармашырын (1326-1334) орталықтандыру саясатын жалғастырды. Кебек сияқты, ол да Мауараннахрда тұрды, Ала ад-Дин деген есімге ие болып, исламды Шағатай ұрпағы мемлекетінің ресми дініне айналдырды. XIVғасырдың 50-жылдарының аяғында Шағатай ұрпағы мемлекетінің батыс бөлігі түрік-моңғол әскери көшпелі шонжарлары мен жергілікті феодалдардың өкілдері басқарған оннан астам иелікке ыдырап кетті. Қашқария алқабында - барластар, Ходжент аймағында-жалайырлар, Солтүстік Ауғанстанда – арлаттар, Әмударияның жоғары ағысында - қаушындар күшейді; бұл рулардың әрқайсысының басшысы өз өлкесінде дербес әмірші болды. Оның үстіне 1346 жылдың өзінде Шағатай ұрпағы мемлекетінен **Моғолстан** деп аталған солтүстік-шығыстағы аумақ бөлініп шықты. Моғолстан атанған бұрынғы Шағатай ұрпағы Мемлекетінің шығыс аймақтарының көшпелі шонжарлары хижра бойынша 748 жылы 1347-1348 жылы Шағатай ұрпағы Тоғылық Темірді хан қойды. Мұнда XIV ғасырдың ортасында саяси өмірдегі басты ролді Мауараннахрдан бөліну жолындағы қозғалысты басқарған дуғлат тайпасының көсемдері атқара бастады. Дулаттар бұл кезде Жетісудағы ең ірі түрік тайпаларының бірі болатын және едәуір аумақты жерді мекендейтін. Дулаттардың феодал үстем табы XIV ғасырда Шығыс Түркістанның отырықшы-егіншілік жазираларына да иелік етті. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати дуғлат руының шонжарлары Шығыс Түркістандағы өз иелігін (ихта) XIII ғасырда-ақ алған деп жазады. Дулаттардың үстем табының басшысы әмір Поладшы Мауараннахрдан бөлектенген хандық құрмақ болып, өзінің басшылық жағдайын нығайтуға және феодалдық егестерді бәсеңдетуге ұмтылды. Бұл егестер туралы деректемелер былай деп жазады: «Моңғол ұлысы хансыз қалды, моңғол халқы арасында әркім өзін билеп, ұлыста тәртіпсіздік орнады», «әрбір моғол әмірі тәуелсіздік пен өз билігіне ұмтылып, қарсы әрекеттер мен егестердің жалауын көтерді». Дулат көсемдері арқылы моңғол шонжарлары Жетісу мен Шығыс Түркістанда өз билігін нығайтқанымен, көршілес Мауараннахр мен Ақ Орданың феодалдары сияқты қалыптасқан дәстүрді бұзуға және Шыңғыс әулетінен билікті тартып алуға батылы бармады. Поладшы таққа өзі қойған ханды отырғызбақ болып, Шағатай әулетінен Дува ханның немересі 18 жастағы Тоғлық Темірді таңдады. Күрделі, саяси жағынан тұрақсыз жағдайда дәл осы хан өзінің билігін күшейтті және моғол хандарының Моғолстанда, сонан соң Қашғарияда XVI ғасырдың басына дейін билік еткен жаңа, едәуір орнықты әулеттің негізін қалады. Өздері қойған адамды хан етіп бекіте отырып, дуғлат әмірлері ел ішіндегі өз ықпалын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар өз иеліктерін түрік әмірлерінің билік үшін шиеленіскен күресі жүріп жатқан Ферғана мен Мауараннахр тарапынан болатын шапқыншылықтан қорғауға, ол былай тұрсын, көрші елдің ісіне араласуға тырысты. Моңғолстанның шекарасы тұрақты болған емес, оның бір жарым ғасырлық өмір сүрген уақыты бойынша өзгеріп отырды. Алғашқы хан Тоғлық Темір мемлекетінің құрамына Моғолстанның өзі мен вассалдық иелік ретінде Шығыс Түркістан бірде Темір ұрпағының мемлекетіне кірсе, бірде қайтадан Моңғолстан билеушілерінің қол астына қарады; XV ғасырдың 80-жылдарынан бастап Моғолстан хандары иеліктерінің құрамына

Ташкент пен Сайрам енді, бірақ Жетісу кірмей қалды. XVI ғасырдың басында Моңғолстанның ыдырауы кезіне қарай оның хандарының билігі тек Қашқариямен ғана шектелген еді. «Тарих-и Рашиди» бойынша, Тоғлық Темір едәуір дәрежеде жағдайды біршама тұрақтандырып, Моңғолстанның бүкіл аумағын өз билігіне біріктіре алды; оның ордасы Алмалықта болған. Алғашқы моғол ханы ұлыстық жүйені сақтады; жоғарғы ұлыс бегінің мұралық лауазымын (ұлысбегі) ол дуғлаттардың басшысына бекітті. Мауараннахр хандарының үлгісімен Тоғлық Темір өзінің жоғарғы билігін ортағасырлық Шығыстағы сыннан өткен идеологиялық тірек-мүсылман діні арқылы нығайтуды көздеді. Ислам дінін қабылдамағандарға, тіпті әмірлер мен бектерді қоса, өлім жазасына, адам басына сәдені шегелеуге қатаң шаралар қолданылды. Тоғлық Темір өз билігін Мауараннахрға да жүргізбек болды. Өзінің сыртқы саяси, әскери істерімен Тоғлық Темір Жетісудан 1360 жылғы ақпан-наурыз айларында аттанды. Әскерімен Ташкентке жақын тоқтап, Тоғлық Темір хан ілгері қарай қосын жіберді, ол Сырдариядан өтіп, Кеш (қазіргі Шахрисабз) қаласына қарай жүріп кетті. Тоғлық Темірдің өзара жауласып жатқан жергілікті әмірлер өзіне қарсылық көрсетпейді деген есебі ақталды. Олардан бірі – Орта Азияның болашақ билеушісі Әмір Темір Тоғлық Темірге бағынатынын білдіріп, сол үшін Кеш қаласын үлесті жерімен бірге басқаруға алды. Моңғол әскерлерінің одан әрі ілгерілеуіне Тоғлық Темір әскербасыларының өзара іс-әрекетінің үйлеспеуі кедергі келтірді. Олардың арасында деректемеде керейт, аргинуд, қаңлы тайпаларының әмірлері мен бектері аталған. Олар әуелі хан ордасына келіп, содан соң бүлік шығарып, Моңғолстанға кетіп қалды. Моңғол ханы Мауараннахрды бағындыру жөніндегі одан арғы әрекетін тоқтатуға мәжбүр болды. Әмірлердің бүлігін басқан соң Тоғлық Темір 1361 жылы көктемде тағы да Мауараннахрға аттанды. Ол Мауараннахрдың бүкіл аумағы арқылы өтіп, оңтүстікте Құндызға дейін жетті. Мұнда көктем мен жаз бойы болып, күзде Самарқандқа оралды. Тоғлық Темірдің Мауараннахрда уақытша орнығуына өлкедегі саяси жағдай – жиырма жыл бойы, XIV ғасырдың 40 және 50-жылдарында орталық билік болмауы жәрдемдескен еді. Өзінің баласы Іләяс-Қожаны Мауараннахрдың билешісі етіп қалдырып, Тоғлық Темір Моғолстанға оралды. Моғол әскербасылары өздерін жаулап алушылардай ұстап, тек өздерінің баюын ғана көздеді. Халық бұқарасының ашынуы мен жаулап алушылар арасындағы талас-тартысты пайдаланып, Әмір Темір Мауараннахрда билік жүргізуге күш сала бастады. Тоғлық Темірдің өлімі хан тағын мұралану ісімен айналысу үшін Іләяс Қожаны Мауараннахрдан кетуге мәжбүр етті. Бірақ Іләяс Қожа қайтар жолында Темір мен Әмір Хұсайынның біріккен әскерлерімен шайқасуға мәжбүр болды. Ол жеңіліп, тұтқынға түсті, бірақ Моңғолстанға босатылып жіберілді. Темір жеңілген моңғол әскерін Ташкентке дейін қуды. Моңғолстанның (хижра бойынша 764 /1362-1363/ жылы) ханы болған соң Іләяс Қожа 1365 жылы бұрынғы Шағатай иеліктерін біріктіруге жаңа әрекет жасады. Темір өз әскерлерімен оны Чиназ бен Ташкент аралығында Сырдарияның жағасында қарсы алды. Бұл жерде өткен белгілі «Батпақ шайқасының» («Жанг-и лой») екі жақ үшін де зор маңызы болған еді. Шайқас кезінде әскерлердің соғыс қимылын қиындатқан қатты нөсер құйды. Моңғолстанның қатаң ауа райына неғұрлым көндіккен және неғұрлым жақсы жасақталған Іләяс Қожаның әскері бұл шайқаста жауға төтеп берді. Дуғлат әмірі Шамс ад-дин басқарып жеткен тың моңғол әскері Темірді кері қайтуға мәжбүр етті.Жеңіс моғол әскерлеріне Мауараннахрға жол ашты. Темір мен Хұсайын Самарқандты тастап, Әмударияның арғы бетіне өтіп кетті. Бірақ моңғолдар Самарқандты ала алмады; орталығы Хорасанда болған сарбадорлар қозғалысына қатысушылар басшылық еткен Самарқанд халқының қаһармандық күресі моңғолдардың шегінуінің себебі болды. Моңғолстанның алғашқы хандарының Шағатай ұрпағы мемлекетін қалпына келтіру жолында жасаған әрекеттері осылай аяқталды. 1462 жылы Моғолстанның ханы Есен Бұға өлгеннен кейін Жетісуда қазақ билеушілеріне қарсы тұра алатын нақты күш болған жоқ. Оның інісі Жүніс хан бұл кезде Ташкентте жүрген. Осындай жағдайда бұл аумақта жаңа саяси құрылым – Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы заңды құбылыс еді.

**Қорытынды сұрақтар:**
1.XIV-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттер.
2.Ақ Орда
3.Моғолстан
4.Ноғай Ордасы (Маңғыт жұрты).
5.Көшпелі өзбектер мемлекеті (Әбілхайыр хандығы).
6.Мемлекеттердің саяси тарихы, әлеуметтік құрылысы шаруашылығы.
**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.
**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.
**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: XIV-XV Қазақстан аумағындағы мемлекеттер.
**Кестені толтырыңыз:**

| **ын Ордадан бөлініп шыққан мемлекеттер** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мемлекет атауы | н хандығы | ым хандығы | ахан хандығы | о хандығы |
| Тарихи шеңбері | -1552 | -1783 | -1556 | -1582 |
| Территориясы | | | | |
| Астанасы | | | | |
| Тайпалары, рулары | | | | |
| Қоғамдық құрылысы | | | | |
| Саяси жағдайы | | | | |
| Ыдырауы себебі | | | | |

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.
**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**
**Негізгі әдебиеттер:**
1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С

9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аудармa бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аудармa бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/

9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

## №8 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Қазақ халқының қалыптасу тарихы. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы.Қазақ хандары хронологиясы.
**Сағат саны:** 90 мин.
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: Қазақ халқының қалыптасуы мен Қазақ хандығыныңқұрылуының алғы шарттарын объективті түрде ашып көрсету, қазақ жүздерінің құрылуының ерекшеліктерін, ол оқиғалардың тарихи маңызын көрсету.
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;
**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: XIV-XV Қазақстан аумағындағы мемлекеттер.Кесте.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.

2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Қазақстан территориясындағы этникалық процестер және қазақ халқының қалыптасуы.
2. «Қазақ» этнонимінің пайда болуы туралы.
3. Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы.
4. Қазақ жүздердің құрылуы, оның этникалық құрамы.
5. XVI ғасырда Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы.

«Қазақ» этнонимі және қазақ халқының қалыптасуы

«Қазақ» этнонимінің пайда болуы мен шығу тегі туралы мәселеде ғалымдар арасында бірыңғай пікір жоқ. Кейбір зерттеушілер бұл ұғымның алғашқы кезде тек әлеуметтік мәні ғана болды және өз тайпасынан, руынан бөлінген азат, еркін («қашақ») адамдарды білдірді десе, екінші бір ғалымдар тобы оның этноним мәні болды дегенді дәлелдеуге тырысады. Өз тайпасынан бөлініп еркін жүру, яғни «қашақ» болу (қашқын, қарақшы болу емес) XIV-XV ғасырлардағы өзара тартыстар мен таластар кезінде жиі-жиі болатын қырқыстардан бой тасалауы еркін жүруді ұнататын көшпелі тайпалар үшін сирек кездесетін құбылыс емес еді. Өзара соғыстар мен тартыстардан және басқалардың тақ пен билік үшін күресінен зардап шеккен адамдардың үлкен топ болып өз тайпаларынан бөлініп өмір сүруі, басқа тыныш жаққа кетуі немесе көрші тайпаларға қосылуы оларға «қашақ» деген ат берді. Кейбір ғалымдар «қазақ» этнонимін «қазақ» («ақ қаз») қаздай тізілген ақ киіз үйлерден іздесе, екінші бір ғалымдар сақтардан «сақ», «қай сақ» іздейді.
Қазақ халқының және онымен шектесіп жатқан жерлердің ежелгі дүниесін зерттеу ғылыммен байланысты мәселе, өйткені Еуразияны мекендеген тайпалардың да этногенездік процестерінің әсері мол болған.Орталық Азияның барша аумағының тарихы сияқты, Қазақстанның да этникалық тарихы күрделі.Сан ғасырлар бойы бұл арада көптеген тайпалар мен халықтардың тағдыр-талайы тоғысып жатқан.Олар жайындағы мәліметтер батыс пен шығыстың қыруар деректерінде сан тілде жамырап сөйлеп жатыр. Шығыстанушы зерттеушілердің бірнеше ұрпағы оларды оқып зерттеу жөнінде көп жұмыс жасағаны бүгінгі буынға айтарлықтай мәлім.Ғылыми деректерде этнос ұғымы жалпыға ортақ сыртқы кескін-кейпі ғана емес, едәуір тұрақтанған ерекше мәдениеті мен мінез-құлқы бар, сол сияқты өзінің бірыңғай екенін және басқа этникалық топтардан бөлек екенін түсінетін сана-сезімі бар, оның бұл қасиеті өз атымен бекітілген адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты бір тұтастығы ретінде орныққан.Қазақ халқының шыққан тегі туралы мәселенің көптеген аспектілері ішінен өзекті ретінде лингвистикалық және антропологиялық мәселелерін бөлшектеп алған жөн. Айтылып отырған өңірде осы екі процестің екеуі де қатар түрде, көбіне тарихи параллельді тік сызық бойымен дамып отырған деп айтуға толық негіз бар. Мәселеге бұлай келу шығу тегінің мираскерлігін және сақталып келе жатқан "ата-бабалар" белгісін мұқият қарап тексеруімізге мүмкіндік береді. Рас, жеке бір тарихи дәуірлерде горизонтальдық даму да белгілі рөль атқарған. Қазақстанның ертедегі тарихын екі аумақты кезеңге: үнді европалық және түріктік кезеңдерге бөлуге болады. Бірінші кезең, этникалық бірлестіктері мен нәсілдік құрылымы қалыптасқан ретінде көрінеді.Лингвистикалық жағына, бұл кезеңде тек Қазақстанның тұрғындары емес, Еуразияның аса кең аймағының тұрғындары да үнді европалық ежелгі иран тармағына кіреді. Қазақстандағы біз қарастырып отырған кезең жылнамалық жағынан алғанда б.з. дейінгі III-I мыңжылдықтарды қамтиды. Қазақстанның осы кезеңмен байланысты археологиялық қазбалары оның қарауындағы жердің басым көпшілігінде қола дәуірінің Андронов мәдениеті тармағына дәлел бола алады. Оның батыс бөлегінде Қималық мәдениет көбірек жайылған. Қаралып отырған кезенде Қазақстан

территориясы - "көшпелілер үшбірлігі" дегенді тарататын орталыққа, яғни қару-жарақтың, ат әбзелдерінің классикалық заттары мен бұйымдарды өрнектеудің "аңдық стилі" кеңінен тараған құт мекенге айналды. Дегенмен осынау ұлан ғайыр көшпелі әлемнің өзіне ғана тән жергілікті шаруашылық-мәдени нұсқалары болған. Соның бірі ерте темір ғасыр дәуіріндегі Қазақстанның көшпелі тайпалары болып табылады. Дұл кезеңде Еуразия даласында жекелеген этникалық қоғамдастық түріндегі сақтар ("скифтер") деп аталатын үнді Еуропалық тайпалардың кездескендігі айтылады. Қола дәуірінде мал өсірумен, егіншілікпен шұғылданған, бет-бейнесі Еуропа тектес болып келетін андроновтық үнді -иран тайпаларының орнын ерте темір кезеңінде Оңтүстік пен Шығыс облыстарда - скифтерге туыс, көшпелі мал шаруашылықты сақ тайпалары, солтүстік пен батыс облыстарда - савромат тайпалары басады. Қазақстандағы және күллі Еуразия территориясының далалық аймақтарындағы этникалық процестің шешуші кезеңі б.з. І-мың жылдығының орта кезінен түріктердің батыс бағытына қарай жаппай жайыла қоныстануымен байланысты бел алады. Солтүстік Моңғолиядан Амударияға дейін - Жетісуды қосқанда - Оңтүстік және оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан орасан зор территорияға біртіндеп түркі тайпалары тарап, қанат жайып мекендей бастайды. Қазақстан жерінде түріктер және олардың бастау хаттарда аталатын бұғы, байырку, беклі, қыбыр, түркеш, бұлақ, қарлұқ сияқты тайпалары осы араның ежелгі тұрғындары сақтардың, сармат, үйсін, қаңлылардың ұрпақтарымен сіңісіп кетеді.Жаңа әлеуметтік (ерте феодалдық) қатынастың құрылуы және VI ғ. көне түркі мемлекеті - Түрік қағанатының, содан кейін Батыс Түрік қағанатының ұйымдасуы түркі тілді тайпалардың батыс жеріне тасқындап келуіне, сөйтіп Қазақстанның жергілікті халқын түріктендіруге, антропологиялық түрдің бірте-бірте моңғолдануына, түрік тайпаларының белгілі-бір территорияда тұрақтап қалуына себепші болады. Бірқатар түрік мемлекеттері пайда болған дәуірде Қазақстан жеріндегі этникалық процестерге бірігу әрекеті күшейе түседі. Қазақстанның Оңтүстік-шығысындағы Түркеш қағанаты VII- VIII ғғ. Шу мен Іле арасындағы аумақты территорияның тайпаларын біріктіреді; ел орталығы Талас пен Суябта болады. IX-XI ғғ. Оғыздар мемлекеті оңтүстік Қазақстан территориясында Сырдария алқабын мекен етті. Ал солтүстік, шығыс, орталық аудандарын VIII-XI ғғ. өздерінің ерте феодалдық мемлекеттерін құрған қимақ пен қыпшақ тайпалары жайлайды. Алайда түркі халқының этникалық бірлесу жолымен дами беруін моңғол басқыншылығы бөгеп тастайды. Бұл үлкен аймақтағы этникалық жағдайға кері әсер ететін жәйттер өте көп болатын. Халықтың дені қырып-жойылып, құлдыққа алынып, Шыңғыс ұрпақтарының жаулаушылық жорықтарына тартылып, ел-жұрт шебінен алысқа жер аударып жіберіледі. Қазақстандағы түркі тайпаларының қалған бөлігі жаңа саяси құрылымдар арасына - Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстарының арасына бөлшектеніп кетеді. Бұларға жаңа этникалық компонент - Қазақстан жеріне келіп қоныс тепкен моңғолдардың жалайыр, қоңырат, маңғыт, барлас, байриндар сияқты рулары мен тайпалары келіп қосылған болатын.Қазақ халқының қалыптасуы XV-XVI ғғ. қазақ халқы мен оның этникалық территориясының құрылып, қалыптасуының сан ғасырлық процесі негізінен аяқталады, іс жүзінде ол қазақтар кейінгі ғасырларда мекен етіп келе жатқан жер шебімен сәйкес келеді.Орталық Азияның XV-XVI ғғ. құрылған басқа да түркі тектес халықтары сияқты, қазақ халқының да этникалық негізін, өткен замандарда әр тілде сөйлеген, толып жатқан тайпалар қалаған болатын; олар - сонау сақтар мен үйсіндерден, қаңлылар мен ғұндардан, түріктер мен түргештерден, қарлұқтар мен оғыздардан, қимақтар мен қыпшақтардан бастап, наймандар мен арғындарға, керейлер мен қоңыраттарға, жалайырлар мен дулаттарға дейінгі әртүрлі замандарда Қазақстан жерін мекендеген басқа да көптеген тайпалар болатын. Бұлардың кейбіреулерінің әртүрлі дәуірлерде өз мемлекеттері болды. Көптеген рулар мен тайпалардың түрікше аты кейінгі уақытқа дейін қазақтарда сақталып келді. Қазақ халқының құрылуына себеп болған этногенетикалық процестердің бастау көзі мүлде ежелгі уақыттан - алғашқы қауымдық қоғамның ыдырау дәуірінен барып шығады.Моңғол жаулаушылығы тұтас алғанда Қазақстан

территориясындағы этникалық процесс барысына қатты ықпал жасайды. Сол уақыттағы Қазақстан этникалық тарихының негізгі мән-мазмұны - халықтың қалыптасу процесінің аяқталуы, қазақ жүздері тайпалар құрамының сараланып бөлінуі, ежелгі автохтонды этникалық өзекті толықтырған тайпалар мен рулардың өздерінің XVII-XIX ғғ. деректерде жазылған, кейініректегі территорияларына келіп қоныстануы десек қателеспейміз. Ал XV-XVI ғғ. шамасында жүздер қалыптасып бітеді, бірақ олардың құрылуы, тайпалардың қайта бөлініп, ара жігін ашуы одан бұрынғы ғасырларда, халық болып қалыптасудың ұзаққа созылған қам-харекеті, қыпшақтар мен өзбектердің, ноғайлар мен моғолдардың этникалық қатарына қосылуы үстінде өтеді. Қазақ халқының этникалық бірлесуі процесінің біржолата аяқталуы оның, бірнеше мемлекет құрамына енген, кейбір жеке тарихи қалыптасқан бөлшектерінің бытыраңқылығынан кешеуілдеп қалады. XV ғғ. екінші жартысы мен XVI ғ. қазақ халқының негізгі этникалық территориясын мемлекет етіп біріктіру халықтың да қалыптасу процесінің аяқталуын тездетті. Қазақ хандығының да қалыптасу процесінің аяқталуын да тездетті. Қазақ хандығының, Әбілқайыр хандығы мен Ақ Ордадан, сол сияқты Моғолстаннан бір айырмасы оның аналардан гөрі кең, тиянақты этникалық негізі қалыптасып біткен халқы болды. Моңғол жаулаушылығынан кейін тұңғыш рет Шығыс Дешті-Қыпшақтың, Түркістан мен Жетісудың күллі түрік рулары мен тайпалары түгелге жуық бір мемлекетке біріктірілді. XV ғғ. екінші жартысынан бастап, осы бір қалыптасқан халық көршілері арасында да, сол заман оқигаларын көрсететІн жазба деректерде де "қазақ" атымен белгілі болады. Қазақ этнонимінің туу тарихы ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің қызу айтыс-тартысының тақырыбина айналып келеді; ол халықтың өзінің шыққан тегі туралы туғызған көптеген аңыз-әңгімелерінде сөз болады. Ғалымдардың "қазақ" атауы жөніндегі пікірі әр түрлі. Кейбір жазба деректерде "қазақ" сөзі ескі түрік тіліндегі "еркін адамдар" ұғымын білдіретінін айтады. Тағы бір деректерде сақ, хазар тайпаларының атынан шыққаны айтылады. Деректерде бұл термин әуелгі кезде әлеуметтік мәнінде қолданылып, "өз мемлекетінен, тайпасы мен руынан оқшауланып шығып, шытырман оқиғалар іздеуге мәжбүр болған адам" (В.В.Бертольд) мағынасында қолданылады. "Тарих-и-Рашиди" мен өзге деректерде "қазақ" атауы Жәнібек пен Керей бастап Жетісуға көшіп кететін саяси топты білдіру үшін бастапқы кезде "өзбек-қазақ", сосын "қазақ" түрінде пайдаланылады. XV ғ. "өзбек", "қазақ" терминдерінің анық этникалық мәні болмайды. Мысалы, Ибн Рузбихан XVI ғ. бас кезінде былай деп жазды: "Шыңғысхан иеліктерінен шыққан, асыл тексті үш тайпаны өзбектерге жатқызады. Қазір (олардың) біреуі - шайбанилер, ал оның мәртебелі ұлы ханы бірқатар ата-бабаларынан кейін солардың билеушісі болып келеді және болып отыр. Екінші тайпа — қазақтар, олар барша әлемге күш-қайратымен, ержүрек батылдығымен әйгілі, үшінші тайпа -маңғыттар, олардың патшалары Астраханнан".

Жәнібек пен Керей хандығы нығайғаннан кейін, олардың қамтуындағы халық түгелдей қазақтар деп атала бастады. Бірте-бірте "қазақ" атауы этникалық мәнге ие болады да, Шығыс Дешті-Қыпшақтың, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның әбден қалыптасқан түркі тектес халқының этнонимі ретінде қолданыла бастайды. Шығыстың жазба деректерінен алынған қазақ термині туралы және оны әлеуметтік, саяси тұрғыдан түсіндіру жөніндегі ең соңғы, ең толық мәліметтер Т.И. Сұлтановтың кітабында берілген.

**Жүздердің құрылуы.**

Халықтың, бұрын моңғол ұлыстарында болғаны сияқты, ұзақ уақыт XIV-XV ғғ. жеке мемлекеттер жүйесіне кіргені жоғарыда айтылған факторлар әсерін күшейте түседі, соның нәтижесінде Қазақстан жерінде үш жүз түрінде бірнеше этникалық бірлестік торабы пайда болады. Халқымыздың тарихында жүздердің пайда болуы туралы да әр-түрлі пікірлер бар. Жүздердің құрылуы туралы нақты деректер жоқ.. Бұл жөнінде тарихшылар пікірі де алуан түрлі. Кейбір тарихшылар жүздің пайда болуы 100 санына байланысты болды десе енді біреулері жүздердің құрылуын әскери-тайпалық басқарудың үштік - оң қанат, сол қанат, орта қанатқа бөліп

басқару жүйесімен байланыстырады. Ал үшінші топтағылар жүздердің бөлінуін шаруашылыққа байланысты табиғи географиялық жағдаймен бірлікте қарастырады. Қазақ жүздерінің әрқайсысының тайпаларының көшіп-қонатын жолдары мен жерлері, ілгеріде аталған мемлекеттер территориясының негізгі бөлегімен сәйкес келетін жалпыға ортақ этникалық территориясы болады. Ұлы Жүз Сырдариядан бастап, Жетісу жерін түгел жайлайды, оның құрамында: үйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, жалайыр.т.б. енеді. Орта жүз Орталық Қазақстан аудандары мен Солтүстік-Шығыс Қазақстанның бір бөлігін қоныс етеді. Оның құрамында - қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей тайпалары, қарлұқ рулары т.б. бартрып. Сырдарияның төменгі жағы, Арал теңізінің жағалауы, Каспий ойпатының теріскей бөлегі Кіші жүздің мекені саналатын. Оның құрамында тайпалар одағы: алшын, адай, алаша, байбақты, жаппас, таздар, қарасақал, каракесек (Әлімұлы) сияқты тайпалар болатын. Жүздердің ұйымдасқан уақыты, қалай құрылғаны әлі зерттелмеген. Деректер мәліметі кейінгі кездерге жатады, алайда жүздердің құрамды бөлектерінің яғни әлгіде айтылған тайпалар ішіндегі ірілерінің Қазақстан жеріне келуі ежелгі дүние мен орта ғасырдың тарихи оқиғаларын баяндаған кездері хат-қағаз бетіне түскен.Қазақ халқының жүзге бөлінуі қазақ мемлекеті құрылғаннан кейінгі кезде өз жерін қорғау қажеттілігінен туған. Бұл туралы қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы Шоқан Уәлиханов былай деген: "Қазақ жүздерінің құрылу себебі, олар көшіп-қонып жүрген жерлерінде өз құқықтарын қорғау үшін одақтар құрған. Ол одақ - қазақ жүздері".

***Қазақ хандығының құрылуы.***

Ел президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына 1999 жылы 15 желтоқсанда жолдауында: "Он бесінші ғасырда алғашқы қазақ хандығының құрылуы халықтың тарих төсіндегі, уақыт кеңістігіндегі өзіне тиісті бөлекше орынды алып тынғанын тиянақтайды. Ұлы хандарымыз Керей мен Жәнібек оны саяси тұрғыдан бедерлеп берді. Ұлттық тарихымыздың соңғы бес ғасыры халқымыздың өмір сүретін кеңістік үшін арпалысының тарихы болып табылады. Біз өзіміздің өткендегі өмірімізге кілең бір кездейсоқ оқиғалар тізбегі деп қарамауымыз керек. Шұғыл өркендеп кеткен Еуропа мен дами түскен Қытай XVI-XVП ғасырлардың өзінде көшпелі халықтардың мүмкіндіктері күрт кемітіп, олардың бойындағы күш-қуатын бір-бірін жойып жіберуге жұмсатып қойды. Қазақтар мен жоңғарлардың трагедиясы осылайша басталды. Ұлттың бойындағы қуат кернеуінің күштілігі сондай, біз сол "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға" да төтеп бере алдық сөйтіп жеңіп шықтық. Бір болсақ бізді алар жау жоқ деген карапайым ғана, қарапайым да болса мәңгілік ақиқат ойға да сол тұста ден қойғанбыз. Елді қос өкпеден қысқан құрсаудан халықтың басын қосқан айбынды ханымыз Абылайдың сөзі мен семсері құтқарып қалатыны да сол тұста болатын деді. XV ғасырдың бірінші жартысында қазақ хандығының құрылуына мұрындық болдан маңызды тарихи оқиға мынадай болатын: 1428 жылы Ақ Орданың ақырғы ханы Барақ ішкі феодалдық қырқыста қаза болған соң, Ақ Орда мемлекеті ыдырап, ұсақ феодалдық иеліктерге бөлінгенде, олардың арасындағы өзара тартыс үдей түсті. Бұрынғы Ақ Орданың орнына Әбілқайыр хандығы мен Ноғай одағы құрылды. Шайбани тұқымынан шыққан Әбілқайыр хан бұрын Орда-Ежен ұрпағы билеген Ақ Ордаға қарасты Шығыс Дешті-Қыпшаққа 40 жыл (1428-1468ж.) үстемдік етті. XV ғасырдың ортасында Әбілқайыр хандығында толассыз болып отырған қантөгіс соғыстар мен ішкі феодалдық қырқыстар барған сайын үдей түсті. Дешті Қыпшақ даласында қалыптасқан мал жайылымын пайдаланудың дағдысы - көшіп-қону тәртіптері бұзылды. Бұл көшпелі мал шаруашылығына ауыр тиді. Осындай ауыр тауқымет тартқан халық бейбіт өмірді, Әбілқайырдың үстемдігінен құтылып, өз алдына тіршілік етуді армандады. Әбілқайырдың 1456-1457 жылдары қалмақтардан ойсырай жеңілуіне байланысты күшейе түскен бұқара халық наразылығын Әбілқайыр ханның дұшпандары - Шыңғыс әулетінен шыққан сұлтандар, Ақ Орда билеушілері Орыс хан мен Барақ ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей шебер пайдаланды.Керей мен Жәнібек сұлтандар қазақтардың саяси тұрғыдан бірігуіне, Қазақ хандығының құрылуына негіз қалады. Моғолстан ханы Есен-бұға Керей мен Жәнібек

сұлтандарды Әбілқайыр ханға қарсы пайдалану үшін құшақ жая қарсы алады. Сұлтандарға Моғолстанның батыс аймағы - Шу бойынан қоныс бөліп берді. Керей мен Жәнібек сұлтандар Есен-бұға берген Батыс Жетісуды құтты мекен ете отырып, Қозыбасыға қазақ хандығының ұлттық туын тігіп, 1465-1466 жылдары Қазақ хандығын құрды.

***XVғ. 70- жылдарынан кейінгі және XVIғ. басындағы Қазақ хандығы.***

XV ғасырдың II жартысында Қазақ хандығының іргесі нығайды. Көрші мемлекеттердің (Әбілқайыр хандығы, Темір және Моғолстан мемлекеттері) құлдырауы Қазақ хандығының күшеюіне себеп болды. Ең алдымен Қазақ хандығының құрамына Созақ, Сауран қалалары кірді. 1480 жылы Керейдің баласы Мұрындық хан болды. 1486 жылы қазақ әскерлері Мұхаммед Шайбаниді жеңді. XV ғасырдың аяғына қарай Қазақ хандығының Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы ықпалы күшейді. Қазақ хандығының құрамында Сығанақ, Созақ, Сауран қалалары болды. XVI ғасырдың I жартысында Қазақ хандығы күшейе түсті. 1511 жылы Жәнібектің баласы Қасым хан болды. Қасым ханның алға қойған басты міндеті - Сырдария бойындағы қалаларды Қазақ хандығының құрамына қосу. Қасым ханның бұл істі орындау жолындағы басты кедергісі Мұхаммед Шайбани болды. 1510 жылы Қасым ханның әскерлері Мұхамед Шайбаниді жеңді. XVI ғасырдың аяғына қарай Қасым хан Қазақ хандығының жерін ұлғайтты.Қорыта келгенде, XIV-XV ғасырда тамырын тереңнен алатын қазақ халқының қалыптасу процесі негізінен аяқталды. Оның негізін Қазақстан жерін алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінен бастап феодалдық қатынастардың қалыптасу дәуіріне дейін мекендеген сақ, үйсін, қаңлы, түркеш, қарлұқ, оғыз, қыпшақ, қимақ, найман, керей, арғын және басқа ежелгі, сондай-ақ көшіп-қону, жаулап алу кезінде қоныс аударған тайпалар құрады. Қазақ халқының қалыптасу процесіне моңғол нәсілінің белгілері әсер еткенімен халықтың көне европалық антропологиялық типі сақталды. Жайлап болса да алға жылжыған шаруашылық эволюциясы, отырықшы және көшпелі аудандардың экономикалық байланысының кеңеюі, қоғамдық қатынастар сипатындағы өзгерістер - осылардың бәрі тілі жағынан жақын, шаруашылық-тұрмыстық құрылымы біртекті тайпалар мен тайпалық топтардың бірігуіне, феодалдық дәуірдің этникалық бірлестігі - қазақ халқының қалыптасуына ықпал етті.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Қазақ хандығының пайда болуына қандай жағдайлар себеп болды?
2. Қазақ халқын біріктіруде Қасым ханның қызметі қандай?
3. Қазақ халқының қалыптасуына қандай себептер негіз болды?
4. Үш жүзге бөліну қазақ қоғамында қашан және қалай қалыптасты?
5. Қасым хан тұсында қандай өзгерістер болды?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Қазақ халқының қалыптасу тарихы. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы.Қазақ хандары хронологиясы.

**Кестені толтырыңыз:**

| **XYI ғасырдағы қазақ хандығының құрылымы** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Сатылары | Аймақтық бөлінуі | Бірігудің түрлері | Билеушісі | Билеуші нің міндеттері | Басшының негізгі қасиеттері |
| 1 | Ауыл | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Ата-аймақ | | | | |
| 3 | Ру | | | | |
| 4 | Арыс | | | | |
| 5 | Ұлыс | | | | |
| 6 | Жүз | | | | |
| 7 | Хандық | | | | |

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.

8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**№9 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: XVII-XVIII ғғ. Қазақ хандығының саяси жағдайы.

**Сағат саны:** 90 мин.

**Сабақ түрі: теория**

**2. Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Қазақ хандығының қалыптасу тарихымен, қазақ хандығының саяси-әлеуметтік құрылымы мен қазақ хандары хронологиясы деректерін білім алушыларға таныстыру.

-XVII-XVIII ғғ. Қазақ хандығының саяси жағдайы,қазақ-жоңғар қатынастарының шиеленісуін және жоңғар шапқыншылығы туралы, ол оқиғалардың тарихи маңызын көрсету.

- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Қазақ халқының қалыптасуы. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы.Қазақ хандары хронологиясы.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1.Қасымның хан тағына отыруы.
2. Қасым ханның сыртқы және ішкі саясаты.
3. Хақназар ханның ішкі және сыртқы саясаты.
4.Шығай хан және Есім хан.

**Қазақ хандығы** (*16-17 ғасырларда*) — Моңғол шапқыншылығынан кейін барлық қазақрулары мен тайпаларыЖетісуда алғаш рет бір мемлекетке біріктірілді. XVI-XVII ғ. Қазақ хандығыныңшекарасы едәуір ұлғая түсті. Өз кезінде “Жерді біріктіру” процесін жедел жүзеге асырып, неғұрлым көзге түскен қазақ хандарының бірі – Жәнібек ханның ұлы Қасым. Қасым ханның тұсында (1511-1523) феодалақсүйектердің қарсылығы әлсіреп, әскери қуаты артты. “Тарихи-Рашиди”, “Шайбанинама”, т.б. деректерге қарағанда, қазақтардыңэтникалықтерриториясының негізгі аудандары қазақ хандығына Қасым хантұсында біріктірілген. Хандықтың шекарасы батыста Жайыққа, оңтүстік-батыста Сырдың оң жағалауына, АралданМаңғыстауға дейінгі жерлерді алып жатты. Оған Сыр бойындағықалалар қосылды,

солтүстікте Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлау қоныстары Ұлытаудан асты. Оңтүстік-шығыста оған Жетісудың көп бөлігі (Шу, Талас, Қаратал, Іле өлкелері) қарады. Бастапқы кездерде қазақ хандығының саяси-әкімшілік және саудаэкономикалық орталығы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласы болды. Кейіннен Түркістан қаласы қазақ хандығына өткеннен кейін қазақ хандығының астанаы Түркістан қаласы болды. Қазақ хандығы Түркістандағы Ақ сарайда отырып билік жүргізген. Қазақ хандығының нығаюы және оның күшеюі мемлекеттік беделін арттырып, сыртқы саясат пен дипломатиялық қарым-қатынас саласында белгілі табыстарға қол жеткізді. Қазақ хандығы өмір сүрген Орта Азия хандарымен, Еділ бойындағы елдермен, батыс Сібір хандығымен және орыс мемлекеттерімен сауда және дипломатиялық қатынас орнатты. XVI ғасырдағы Қазақ хандығы. XVI ғасырдың бірінші жартысында Қазақ хандығы күшейе түсті. 1511 жылы Жәнібектің баласы Қасым хан болды. Қасым ханның алға қойған басты міндеті – Сырдария бойындағы қалаларды Қазақ хандығының құрамына қосу. Қасым ханның бұл істі орындау жолындағы басты кедергісі Мұхаммед Шайбани болды. 1510 жылы Қасым ханның әскерлері Мұхаммед Шайбанидің әскерін жеңді.

1510 жылы Мұхаммед Шайбани Мервте өледі. XVI ғасырдың аяғына қарай Қасым хан Қазақ хандығының жерін ұлғайтады. XVII ғасырдағы Қазақ хандығы. XVI ғасырдың аяғына қарай Жетісу жерлері, Сырдария бойындағы көптеген қалалар, бұрынғы Ноғай Ордасының құрамында болған жерлер Қазақ хандығының қарамағына қосылады. Қасым ханның кезінде Қазақ хандығының халық саны 1 млн-ға жеткен. Қасым хан қазақтың құқықтық тарихының 5 бөлімінен тұратын белгілі «Қасқа жол» заңдар жинағын шығарған. Қасым ханның тұсында Қазақ хандығы Ресей патшалығымен, Сібірмен т. б. елдермен байланыс орнатады. Қазақ хандығының Қасымнан кейінгі билігі Мамаштың қолына тиді.

1523 жылы хан тағына Тақыр отырды. Тақырдың кезінде Қазақ хандығы біраз жерлерінен айырылды.1533 жылы хан тағына Бұйдаш отырғанда да, Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайлары жақсарған жоқ.1534 жылы хан тағына Қожа Махмұд, 1535 жылы Тоғым хан отырды.1537 жылы хан тағына Қасымның баласы Хақназар (1537–1580) отырды. Хақназар ең алдымен Жайық маңын, Түркістан жерлерін басып алды.1580 жылы хан тағына Шығай отырды.1582 жылы Шығайдың баласы Тәуекел хан болды. 1586 жылы Тәуекел Түркістанды басып алды. 1598 жылы Тәуекел хан інісі Есім сұлтанмен қазақ қолы Мәуереннахрға кіріп, Самарқанды басып алады. 1598 жылы Ташкентте Тәуекел хан қайтыс болады. 1598 жылы Есім хан болды. Есімнің інісі Тұрсын Есім ханға бағынбай, Түркістанды жеке биледі. 1627 жылы Есім хан Тұрсынды өлтіреді. Есім хан Қазақ хандығының аумағын кеңейту бағытында үлкен үлес қосты. Мемлекет билігін, құқықтық жүйені реттеуде Есім ханның «Ескі жолы» аталған заңдар жинағы елеулі рөл атқарды.

1628 Есім хан қайтыс болады. 1629 жылы хан тағына Есім ханның баласы Жәңгір отырады. Ол қазақ тарихында «Салқам Жәңгір» деген атқа ие болды. 1643 жылы Салқам Жәңгір 600 сарбазбен ойраттың 50000-дық әскеріне қарсы шығып, жеңіске жетеді. Бұл соғыста Жәңгір ханға Жалаңтөс көмекке келеді. 1652 жылы ойраттарға қарсы ұйымдастырылған шайқаста Жәңгір қайтыс болады. Біраз уақыт бойы қазақ хандығының билігі сұлтандардың қолында болады. 1680 жылы хан тағына Әз-Тәуке отырады. Әз-Тәуке хандық билікті билерге сүйеніп жүргізеді. Билердің көмегімен «Жеті жарғы» заңдар жинағын шығарады. Тәуке хан кезінде Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласы болады. 1718 жылы Әз-Тәуке қайтыс болады. Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығы (1512–1521 жж.) Қазақ хандығы ең жоғарғы қуаттылығына XVI ғ. бірінші ширегінде, Қасым хан тұсында жетті. Қасым Әз Жәнібектің ұлы, анасы Жағанбегім – Мұхаммед Шайбани ханның інісі Махмуд сұлтанның анасының сіңлісі. Қасым хандығына Ақ Орда иеліктері, көшпелі ноғайлықтар, шығыстағы түрік тайпалары, дулат, үйсін, қаңлы және Моғолстанның батысындағы тайпалар енді. Қасым хан ел бірлігі және қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін белсене күресті. Аумағы: Жайық өзені, Сырдария, Ұлытау, Балқаш көлі, Жетісудың бір бөлігі, Шу, Талас,

Қаратал, Іле өзендері. Астанасы – Түркістан. Қасым хан тұсындағы хандықтың алғашқы әкімшілік, сауда-экономикалық орталығы – Сығанақ. Қасым ханның басты мақсаты: Сыр бойындағы қалаларды қайтадан өз иелігіне қосып алу. Ол бүкіл Дешті Қыпшақтың ханына айналды. Қырғыздарға билігі жүрген жоқ.
Соғыс жорықтары:
1503, 1505, 1506 жылдары – Шайбани хан қазақ жеріне тонаушылық жорықтар жасады.
1509 жыл – Қараталға шабуылдап, тонады.
1510 жыл – Мұхаммед Шайбани Сығанаққа шабуыл жасап, жеңіліп Самарқанға қашты.
1510 ж. аяғы – Мұхаммед Шайбани Мерв түбіндегі Хорасанда Иран шахымен болған шайқаста қаза тапты.
Сырдарияда берік орнығу үшін Қасым хан Орта Азиядағы саяси жағдайды тиімді пайдаланды.
1513 жыл – Қасым хан Сайрамды алды.
1513 жыл – Бабырдың ізбасары Қаттабекпен одақ жасасып, Ташкент билеушісі Сүйініш қожаға соғыс ашты.
Ташкент түбінде қасым хан жараланып, Сайрамға шегінді.
1513 жыл – Моғолстан ханы Сұлтан Сайдпен одақтас болып, Ташкентке бірігіп жорық жасауға келісті. Алайда қыстың таяп қалғандығына байланысты, бұл жорық кейінге қалдырылды.
1514 жыл Сұлтан Саид Шығыс Түркістанға кеткен соң қазақ ханының Жетісудағы билігі нығайды. Ноғай Ордасындағы саяси дағдарысқа байланысты көптеген ру мен тайпа Қасым хандығына көшіп келді. Моңғол шапқыншылығынан кейін тұңғыш рет барлық дерлік қазақ рулары мен тайпалары бір мемлекетке бірікті. Қазақ хандығындағы халық саны 1 млн. жетті. Алғаш рет орыс мемлекетімен (Василий III, 1505–1533 жж.) дипломатиялық қатынас орнатылды.
Қасым хан әдет-ғұрыптарды бір жүйеге келтіріп, алғаш рет заңдар жинағы «Қасым ханның қасқа жолын» шығарды. Заң 5 бөлімнен тұрады:
Мал-мүлік және жерге байланысты қатынастар;
Қылмыс пен оларға қолданылатын жазалар;
Әскери қызметті, әскери міндетті атқару ережелері және әскер тәртібін бұзушыларға берілетін жазалар;
Елшілік қатынастарды реттеу;
Халықтық дәстүрлерді өткізу тәртібі (ас беру, той-думандарды өткізу т. б.).
Қасым билігінің соңғы кезеңдері тыныштық заман болды. Ол халыққа хан билігін мойындата отырып, ел бірлігін сақтай білді. Сауран қаласы сауда орталығына айналды. Орта Азиямен, Еділ бойындағы елдермен, Батыс Сібір хандығымен, Ресеймен сауда, дипломатиялық байланыс жасады.
Қасым хан тұсында қазақтар Орта азия мен Шығыс Еуропаға белгілі болған.
Хақназар хан тұсындағы Қазақ хандығы (1538–1580 жж.)
Қасым ханнан кейінгі тартыстан әлсіреген хандықты қайтадан нығайтып, біріктіруге Хақназар хан (Қасымның баласы, 1538–1580 жж.) әрекет жасады.
Негізгі мақсаты: Қасым хан кезіндегі иелікті қалпына келтіру. Аумағы: Сырдария, Арал маңы, Жетісу, Жайықтың сол жағалауы.
Хақназар сыртқы саясатын Ноғай Ордасынан бастады. Жайықтың сол жағалауындағы ноғайлар Қазақ ханының билігіне өтті.
1550–1560 жж. — Моғол ханы Абдар Рашид Жетісу мен Ыстыққөл маңындағы жерлерді басып алу мақсатымен шабуылдады.
Моғолстанға қарсы қазақ-қырғыз соғыс одағы құрылды. Деректерде Хақназарды «қазақтар мен қырғыздардың ханы» деп атайды.
1560 жыл – моғолдар қазақ-қырғыз соғыс одағын жеңді.

Моғолстанға қарсы соғыстағы сәтсіздік және ойраттардың шапқыншылығы салдарынан Хақназардың Жетісудағы иелігі азая берді.
1570 жылдың аяғы – Жетісудың батысы, Шу, талас өңірі оның билігінде болды.
Хақназар хан тұсында орыс мемлекетімен саяси және сауда қатынастары дамыды. Орыс елшілері:
1569 жылы Семен Мальцев;
1573 жылы Третьяк Чебуков қазақ хандығы туралы көптеген мәліметтер қалдырды (IV Иван тұсында).
Хақназар хан өзін «патша, әрі ұлы князьбен татумын» деп санады.
Сібір хандығын 1563 жылдан бастап билеген шайбан әулетінен шыққан Көшім хан Қазақ хандығына қарсы дұшпандық әрекетте болды.
1573 жыл – Қазақ хандығына жіберілген Мәскеу елшісі Т. Чебуков Көшімнің бұйрығымен ұсталды.
Осы кездегі саяси жағдайдың ауырлығы Хақназар ханды Мәуереннахрдағы Шайбани әулетінен одақтас іздеуге итермеледі.
II Абдаллах (1538–1598 жж.) пен Хақназар хан арасында бейбіт қатынаста болу туралы шарт жасалды.
Бұл қатынас нәтижесі:
Соғыс қақтығыстары уақытша тоқтатылды;
Орта Азия халқымен сауда қатынасы жақсарды;
Хан өкіметі нығайды.
Сыр бойындағы қалаларға орнығып алуға ұмтылған Хақназар хан, 1570 жылдың аяғында Абдаллахтың қарамағынан бөлініп шыққысы келген Баба сұлтанның әркетін пайдаланды. Ол қарсыластар арасында шебер жол тауып, бірде бір жағын, бірде екінші жағын қолдап отырды. Нәтижесінде:
Абдаллах хан Түркістан өңіріндегі қалаларды Қазақ хандығына берді.
Баба сұлтан Йасы, Сауранды Хақназарға сыйлады.
1579 ж. II жартысы – қазақ билеушісінің Абдаллах жағында екенін байқаған Баба сұлтан келіссөз жүргізуге келген Жалым сұлтанды, оның балалары мен Хақназардың екі баласын өлтірді (1579 ж.)
1580 жыл – Баба сұлтанның тыңшысы Хақназарды өлтірді.
Хақназар хан саясатының маңызы:
Хандықтың аумағының кеңеюі.
Жеке дербес мемлекет ретінде танымал болуы.
Хан билігінің күшеюі.
Ішкі саяси және шаруашылық өмірдің тұрақтылығы.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Қасымның хан тағына отыруы.
2. Қасым ханның сыртқы және ішкі саясаты.
3. Хақназар ханның ішкі және сыртқы саясаты.
4.Шығай хан және Есім хан.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1. XVI ғасырда Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы.

Қазықтың барлық үш жүзіне толық тараған Тәуке хан тұсында Жеті жарғы" немесе "Жеті ереже" өмірге келді. "Қасым ханның қасқа жолы , Есімханның жолы-деп аталатым құқықтық нормаларды басшылыққа ала отыры жасалған бұл ереже қазақ қоғамының әлеуметтік және құқықтық нормалары сондай-ақ салықтар діни көзқарастар яғни қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтары,қамтылған. Жекелеген қылмыстық, азаматтық отбасылық жер туралы, мәселелерді

"Жеті жарғы" заңының баптары, бойынша шешіп отырған. Ән бап сол заманның талабына сай келді. 1723 жылы тарихта есте қаларлық жұрт болды. Қазақтар бұл жылды -Қайың сауған – ақ таныткан жылы"деп атаған. Ерте көктемде тал алу және көктемгі тіршілікке енді кіріскен қазақ еліне жоңғарлар күтпеген жерден шапқыншылық жасап, халықты қырғанға ұшыраты Жоңғар шапқыншылығы қазақтардың, басын көтеруге мұрша бермеді. Жоңғар әскерлерінің негізгі бағыттары Сырдария маңына шоғырланды. Қазақ халқы барып паналайтынын білмей дал болды. Ташкеит Саирам Түркісан сияқты қалалар жау қолында қалды. Бұл қасірет жолында Ш.Уалиханов XVII ғасырдың бас кезінде халықтың басына ауыр күн туды. Жоңғарлар Еділ қалмақтары Жайық қазақтары башқұрттар жан - жақтан анталады. Әсіресе жоңғарлардың қаһарлы жүзі қазақ елінің шымбайына батты , - деп жазды. Қиын да ұзақ шайқастарды әлсіреген ендігі жерде жоңғар шапқыншылығына қарсы бірігу керектігін түсінді. осыған түсінген қазақ хандары мен батырлары 1726жылы Ордабасы (қазіргі ОҚО-ның Ордабасы ауданында) кездесуін өткізді. Ол жерге үш жүздің хандары билері батырлары жиналып, қазақтардың бірігу керектігін, әйтпегенде жан- жақтан төніп тұрған жауларға жем болатынын айтты. Келісе келе казақ жасақтарының қолбасшысы етіп Кіші жүздің ханы, Әбілхайыр сайланды. Бұл Ордабасы кездесуінің тарихи маңызы зор болды. Тәуке хан (1680—1715) билік еткен алғашқы он жылдарда қазақ хандығы біршама нығайды. Қазақтардың қырғыздармен және қарақалпақтармен одақтасуы жоңғарлардың қазақ жерлеріне шабуылын біршама бәсеңдетті. Бірақ 1697 жылы билік басына Цеван Рабтан келгеннен кейін жоңғарлардың шапқыншылығы жойқын күшпен қайта басталды. Қоңтайшы Цеван Рабтан орыс елшісі И.Унковскийге «өз билігі басталғаннан бері қарақалпақтармен одақтасқан қазақ еліне толассыз соғыс жүргізіп жатырмын» деген мәлімет береді.Жоңғарлардың батысқа, қазақ жеріне қарай жасаған жорықтарының басты себептерінің бірі жайылымдар үшін тартыс еді. Экстенсивті мал шаруашылығымен айналысатын көшпелілер мал өсіру өндірісі үшін қажет аумақты үнемі кеңейтіп отыруға мәжбүр болды. Жоңғар билеушілерін қазақ елінің ұлан-байтақ құнарлы жерлерімен бірге оңтүстік Қазақстандағы сауда, қолөнер орталықтары да қызықтырды. Бұл аймақты жоңғар қоңтайшылары сауда-қолөнер орталықтары ғана емес, сонымен бірге маңызды стратегиялық аймақ Қазақстанды Ресеймен және Шығыс елдерімен қосатын сауда жолдары өтетін аумақ ретінде де қарастырады. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында қазақ хандықтары мен жоңғар қоңтайшылары арасындағы қақтығыс бірте-бірте шиеленіскен және қантөгісті күреске айналды. Қазақтар жиі-жиі жеңіліске үшырап, жоңғар әскерлерінің тонауына душар болды. Адамдары мен мал-мүлкін айдап әкеткен жоңғарлар кейде түгелдей бір рулар мен ауылдарды қырып кетіп отырды. Қазақтардың осы кездегі ауыр жағдайын Ш.Уәлиханов былай деп сипаттады: «XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өміріндегі сұмдық уақыт болды. Жоңғарлар, Волга қалмақтары, Жайық қазақтары мен башқұрттар жан-жақтан олардың ұлыстарын талқандап, малын айдап әкетіп, тұтас үйлерін тұтқынға әкетіп отырды».Қарақұм жиынында бас қосып, күш біріктірген қазақ әскерлері біршама уақыт табысқа жетеді. Ата қоныстарын қайтарған қазақ жасақшылары жоңғар жеріне де басып кіріп, көптеген олжа тауып, тұтқын айдап әкеледі. Бірақ бұл табыстар ұзаққа созылмайды, 1713 жылдың өзінде-ақ жоңғарлар жаңа шапқыншылық әрекеттер жасай бастайды. 1715 жылы Тәуке хан қайтыс болады. Өзара келісімге келе алмаған сұлтандар Тәуке ханның інісі Қайып сұлтанды хан көтереді. Хандықтан бірден-бір үміткер Әбілқайыр қазақ сұлтандарының кіші бұтағынан тарайды деген желеумен хандыққа сайланбай қалады. Осы хан сайлауынан бастап Әбілқайыр өзін тәуелсіз санап, хан билігін мойындағысы келмейді. Оның бұл дербес әрекеті 1717 жылы Аягөз маңында болған жоңғар-қазақ әскерлерінің шайқасында айқын көрінеді. Шешуші сәтте Қайып ханмен өзара ымыраға келе алмай, ұрыс даласын тастап шығады. Қазақтар ауыр жеңіліске ұшырайды.1718 жылы жоңғарлар жаңа жорық жасап, қазақ әскерлерін Арыс, Бөген, Шаян өзендерінің бойында тағы да жеңіп, бүкіл Оңтүстік өңірді тонайды. Осы жылы Қайып хан да дүние салады. Хан

сайлауында ірі сұлтандар және жүздер арасында ірі алауыздықтың бар екендігі айқын аңғарылады. Әбілқайырдың хан билігіне келуін жақтырмаған ірі сұлтандар тобы Тәуке ханның ел билеуге қабілеті жоқ дарынсыз ұлы Болатты хан тағына көтереді. Елдегі ауыр жағдайды бағалай білмеген Болатхан елді біріктіре алмайды. Ташкентте Жолбарыс ақ киізге отырып хан тағына келсе, Кіші Жүзде Әбілқайыр, Орта Жүзде Сәмеке хан болып сайланып, елдің бытыраңқылығы одан әрі күшейе түседі. XVIII ғ. басында қазақ-орыс қатынастарында Бекболат Екешов және Байдәулет Буриевтің басшылығымен Қайып ханның елшілігінде, 1716 ж. қыркүйегінде, 1716ж. қазанында Никита Белоусовтың басшылығымен елшілігі, 1717 ж. аяғында Б. Брянцевтің елшілігі, 1718ж. қазанында Шабу және Багадур басшылығымен елшіліктер қазақ-орыс қатынастарының жақындауына әкеледі. Әбілқайыр ханның бастауымен Кіші жүздің көптеген тайпалары Жайыққа жақындап және одан әрі оң жақ жағаға шығуға тырысты. Бұл жағдай орыс бодандығындағы башқұрттар мен қалмақтармен күресуге әкеп соқты. Шекаралық келіспеушіліктерді реттеу мақсатында Кіші жүз басшылары 1726ж.Ресейге елшілік жіберілді. Әбілқайыр ханның 1-і жіберген елшілігі нәтижесіз болды. 1730ж. маусымында Әбілқайыр хан өзіне бағынышты қазақтарды Ресейдің қол астына алуын сұранып патша Анна Ионовнаға тағы өтініш хат жолдайды. Сейітқұл Қайдағұлов пен Құтылымбет Қоштаев бастаған хат жеткізуші елшілікті 1730ж. қыркүйекте петербургке жібереді. 1731ж. 19 ақпанда Анна Ионовна Әбілқайыр ханға және бүкіл қазақ халқына Ресейге ерікті түрде қабылданғаны туралы грамотаға қол қойды. 1731ж. А. Тевкелев 5 қазанда Ырғыз өзеніндегі Майтөбе деген жердегі Әбілқайырдың ордасына жетеді. Қазақстанның Ресейге қосылуы қиын жағдайлармен басталды және бейбіт түрде жүріп, XIXғ. 50-60ж. әскери зорлау шаралары арқылы іске асырылып аяқталды. XVIII ғ. 30ж. ортасында жоңғарлар қайтадан қазақтарға, әсіресе орта жүзге қысым көрсете бастады. Орта жүз ешкімгі тәуелді болмай, өз еркімен өмір сүрді. Сәмеке хан өлгеннен соң да (1822ж. Сібір қазақтарының жарғысына дейін) Орта жүз тәуелсіз болып қала берді. Абылай хан (1771-1781ж.) қазақтың мемлекеттігін сақтап, берік ұстау үшін данышпандық саясат жүргізді. 1740ж.- 1750ж. Орынборда Ресеймен жақсы көршілес болу жөніндегі және оны сақтай отырып, Әбілмәмбет ханмен бірге Қытаймен бейбіт қатынаста болу жөнінде келісімдерге қол қойды. 1733-1734ж. Ұлы жүздің бірнеше сыйлы адамдары Ресей бодандығына көшуге ниет білдіреді. 1734ж. 10 маусымдағы императрицаның грамотасына Ұлы жүздің ірі-ру басшыларының орыс бодандығын қабылдағанын жариялады. Бірақ Ұлы жүз жерінің Ресейден алыс орналасуы, халық-аралық және ішкі жағдайлардың жиынтығына байланысты Ұлы жүз шын мәнінде Ресейге кейінірек қосылды. Абылайдың артынан қазақтар жоңғар ордасына Қаз Дауысты Қазыбек би мен Малайсары батырдың басшылығымен 90 би, батырларды жібереді. Келіссөздер нәтижесінде қазақтар мен қалмақтар бірнеше келісімдерге келеді. Абылайды босатуда және Жоңғариямен бейбіт келісімдер жасауда 30-60ж. Қазақ ханы Әбілмәмбет те маңызды рөл атқарды. 1740 ж. Ор бекінісінде Әбілмәмбет хан Ресейге адал болатынын айтып ант береді. Әбілмәмбет пен Абылай В.Урусовпен келімімге қол қойғанда Галдан Церенге қарсы шайқаста орыстар көмек көрсетеді деген үміт те болды. XVIII ғ. 40ж басында Орта жүзге жоңғарлар тағы да шабуыл жасайды, бірақ орыстар тарапынан ешқандай көмек көрсетілмейді. 1742ж. ол өзінің ұлы Әбілфейзді Галдан Церенге аманатқа береді. Осының арқасында Абылай сұлтан босатылады. Ақылды, дипломат Әбілмәмбет Түркістандағы қалалардың билігін өз қолына алады. Галданның үш ұлы болды. Галдан өлгеннен соң билікке талас басталады. 1755ж. Қытай Жоңғарияны жаулап алып, толық жойып жібереді.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Жоңғар хандығының құрылуының негізгі себептерін атаңыз?.
2. Болат хан тұс ында не себептен феодалдық қақтығыстар күшеді?.
3. Ордабасы кездесуінің нәтижесін атап көрсетіңіз?.
4. Қалмақ қырылған және Аңырақай шайқастарының тарихи маңызы неде?

5. Қазақстанның Ресей құрамына кіру себептері.
6. Ресей империясының Қазақстандағы отаршылық саясатының көріністері.
7. Абылай ханның ішкі, сыртқы саясаттарының негізгі бағыттарын атаңыз?.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: XVII-XVIII ғғ. Қазақ хандығының саяси жағдайы.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**
1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**
1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.

6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в ХХ –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/

14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**№10 сабақ**

**1. Сабақтың тақырыбы**: Қазақ өлкесінің XVIII саяси экономикалық дамуы.
**Сағат саны:** 90 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: Қазақ өлкесінің XVIII саяси экономикалық дамуы, қазақ жерлерінің Ресей қоластына өтуінің алғышарттары,себептері мен салдары тарихын білім алушыларға таныстыру.
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;
**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі: | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: XVII-XVIII ғғ. Қазақ хандығының саяси жағдайы.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**
**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**
1. Қазақстанның Ресей құрамына кіру себептері.
2. Ресей империясының Қазақстандағы отаршылық саясатының көріністері.
3. Абылай ханның ішкі, сыртқы саясаттарының негізгі бағыттарын атаңыз?.

Ресей өкіметі мен ірі орыс саудагерлерінің XVIII ғасырдың бірінші ширегінде шығыста қол жеткен шептерін нығайту жөніндегі әрекеттері жаңа күшпен жаңғыртылды. Оған әр түрлі жағдайлар себеп болды: Ресейдің сауда-экономикалық мүдделерін қорғау негізгі себеп болды. Сонымен Ресейдің алған иеліктерді қолдан шығармау қажеттігі, көрші елдермен өзара сауда байланыстарын орнату елдің табиғи ресурстар, әсіресе алтын жөніндегі өскелең талаптарымен ұштасып, Петербург сарайын стратегиялық маңызды бағытта орналасқан жерлерді иеленуге, ең болмағанда игеруге деген ниетке ынталандырды, ал онда сол кезде өз қуатына жеткен Жоңғар хандығы мен маңызды мақсат-үш жүздің күштерін топтастыруға зиян келтіретін ішкі

қайшылықтар араздастырған қазақ хандықтарының алысты көздеген мүдделері үнемі тайталасып қақтығысып жатқан еді. Осының бәрі алыстағы Үндістан мен Қытайға ең қысқа жол іздеген І Петр кезінде-ақ Ертістің жоғарғы жағындағы аумақты иелену жоспарын жүзеге асырудың жеделдетілген сипатын анықтап берді.Сібірдің бірінші губернаторы, Жаркент қаласын иеленіп алуға жан салған М.П.Гагариннің арандатушылық жоспарларына байланысты орыс-жоңғар қатынастары ерекше шиеленіскен сипат алды. Ол патшаны Тобылдан Жаркентке дейінгі жол бойында: біріншісін Ертісте, Ямышев көліне жақын және одан арғы жерде, ал басқаларын «істің барысы бойынша керек етілетін» жерлерде «орыс бекіністерін салу» қажеттігіне иландыра келіп, губернатор сол арқылы І Петрге бекіністі шептердің тұтас тізбегін салу жоспарын ұсынды. Патшаға өз «жоспарын» ұсына отырып, кінәз бұл аудандағы халықаралық қатынастардың қиын екенін көрінеу жете бағаламады, ал ол қатынастар бұл жылдарда көршілес Жоңғарияның жаулап алушылық жоспарлары салдарынан өте шиеленісіп, саяси жағдайдың қазақ хандықтарының мүдделеріне зиян келтіретін өзгерісін туғызған еді, оның үстіне әскери-тірек базаларын салуға арналған аудан әскери басымдық салдарынан уақытша ойрат күштерінің бақылауында болатын, ал олар өздерінің жетістіктерінен айырылғысы келмейтін. Сондықтан ол 1714 жылы 22 мамырда «Алтынды құм бар жерлерді иеленіп алу үшін подполковник И.Д.Бухгольцтің басқаруындағы экспедицияны жабдықтау туралы» жарлыққа қол қойды. Ертіс өңірінің шебі шын мәнінде сол бойынша жасала бастап, оны салу 1714 жылдан 1720 жылға дейін созылды. 1715 жылғы 1 қазанда И.Д.Бухгольцтің экспедициясы Ямышев көліне жетті, оған жақын жерде ежелден жергілікті тұрғындар мен сібір татарлары, сондай-ақ Тобыл, Томск халқы арасында айырбас саудасы жүргізілетін, сол жерде Ямышевск деп аталатын бекініс салды. Орыстардың бұл әрекеттері туралы хабар алған Цеван-Рабтан орыс экспедициясының бекініс салуына да, жерді иеленіп алуына да кедергі жасау мақсатымен, 10 000 әскермен өзінің немере інісі Церен-Дондобты аттандырды. Күтпеген жерден шабуыл жасауда табысқа жетпей, И.Д.Бухгольцтің батыл қарсыласуы есеңгіретіп тастаған Церен-Дондоб бекіністі ұзақ уақыт қоршау арқылы қиратудың мүмкін еместігіне көзі жетіп, келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. Орыс экспедициясының бастығына 1716 жыл 2 ақпанда жазған хатында Ресей мен Жоңғар хандығы арасында біршама төзімді қатынастар бар екенін айта келіп және бұл ауданда бекініс салуға қандай да бір құқығы жоқ екеніне оны қорғаушылардың назарын аударып, ойрат күштерінің қолбасы орыстарға кетуді ұсынды, олай істемеген жағдайда оны бұған «аштық пен күш» арқылы мәжбүр ететінін айтып қорқытты. И.Д.Бухгольц өзінің бекіністен кетпеуге бел байлағанын білдіре келіп, «татулықты бұзуға ниетім жоқ және бекіністі патша Ағзамның әмірі бойынша Жонғарияға тиесілі емес жерде салдым» деп жауап қайтарды, сөйтіп ойрат қолбасшысына шегінуге кеңес беріп, мұны татулықты сақтаудың бірден-бір жағдайы деп санады. Экспедиция бастығының хаты сенімділік және бірсыпыра қорқыту сарынында жазылғанымен, қоршаудағылардың жағдайы ауыр болып шықты. Ойраттардың Ямышевск бекінісін қоршауы жалғаса берді, ал патша нинг М.П.Гагарин арқылы жібертуге уәде берген қосымша күш келіп үлгермеді. Жағдайды жоңғарлардың Ямышевск бекінісіне жақын, Орта жүз қазақтары көшіп жүретін жерде азық-түлік және ақша әкеле жатқан керуенді тұтқындауы асқындыра түсті. Алайда керуенді ұстауға қазақтардың ешқандай қатынасы болған жоқ. Онда 450-ден астам адам жоңғарлардың тұтқынына түсті, оның ішінде кейіннен атағы шыққан, Полтава маңында орыстарға тұтқынға түскен швед артиллер- иясының бұрынғы сержанты, кейіннен Жонғария картасын жасаған Иоганн Густав Ренат бар еді. Орыс отряды үш ай қоршаудан кейін көп адамынан, сондай-ақ 2500 аттың 2200-інен айырылып, Тобыл керуенін күтіп алмай, солдаттар арасында тараған аурулар титықтатқан 700 адамнан тұратын Бухгольц отряды бекіністі тастап шығып, 1716 жылы 28 сәуірде Ертіс арқылы кері қарай жүзіп кетті.Қиратылған Ямышевск бекінісінен қайтып келе жатып, Бухгольцтің отряды Ом өзенінің сағасына жетті және көптен күткен қосымша күшін алып, 1716 жылы 20 мамырда Омбы бекінісінің негізін қалады. 1717 жылдың жазында Железинск, Колбасин бекіністері салынды.

Одан әрі жүріп, жаңа бекініс  Семей салынатын жерді белгіленді. 1718 жылда салынды. 1730 жылы Аңырақай шайқасынан кейін Қазақ хандықтары билеушілерінің алдында маңызды да күрделі міндет – қазақ жүздерін сыртқы жаудан қауіпсіз ету және елде күшейе түскен феодалдық бытыраңқылық үрдісін жою міндеті тұрды. Халық үшін осы ауыр жағдайда қазақтың неғұрлым көреген деген билеуші топтары қиыншылықтан шығудың бірден-бір амалы Ресей  әскери  одақ болу деп білді. Осындай өте қиын жағдайдарда Петербург сарайына жүгінуге өзі бастамашы болудың, сол кезде-ақ ыдырап кеткен біріккен қазақ одағының сыртқы саяси бағдарында түбірлі бетбұрыс жасау жауапкершілігін өз мойнына алудың және ойрат күштерінің бейбіт ауылдарға кезекті жойқын шабулын күтпей, орыс императрицасының көзқарасын айқындаудың күрделі миссиясы Әбілқайыр ханның еншісіне тиді. 1725 жылдың басында-ақ Петербургке қазақ-қарақалпақ елшілігі жіберілген еді, ол жауапсыз қалды. 1730 жылы 8 қыркүйегінде Уфаға Сейітқұл Қойдағұлов пен Құтлымбет Қоштаев бастаған 7 кісілік елшілігі келді. Олар императрица Анна Иоановнаға Кіші жүзді Ресей империясымен одақ болу жөнінде өтініш жасады. Алайда, Ресей Қазақ хандығының қиын жағдайын пайдаланып құрамына мәжбүрлеп кіргізуге  кіріседі. Нәтижесінде патша  1731 жыл 19 ақпанда Кіші  жүз қазақтарының  Ресей империясы құрамына  қабылданғаны туралы жарлыққа қол қойды.
Бұл хабарды жеткізу үшін 1731 жылдың 30 сәуірінде А.И.Тевкелов бастаған елшілік жіберілді. Олар 5 қазанда Ырғыз өзеніндегі хан ордасы орналасқан Майтөбеге жетіп келеді. Атақты мейманды бастап жүруді хан үлкен ұлы Нұрмұхамед-Әли Баһадүрға (Нұралыға) тапсырды. Сойтіп, 10 қазанда қазақ сұлтандары мен ақсақалдарға ант қабылдатуға дайындық басталды. Өз миссиясын сәтті аяқтаған А.Тевкелов Найзатескен алқабынан қайтар жолға аттанды. 1733 жылы 2 қаңтарда ол Әбілқайырдың Петербургке жіберген жауап елшілігімен Уфаға жетті. Бұл миссияны ханның екінші ұлы Ералы сұлтан басқарған. Дегенмен Қазақстандағы жағдай тым шиеленіскен күйінде қала берді. Жоңғариямен шекаралас өңірде шиеленістің бірсыпыра әлсіреп, майор Угримовтің миссиясынан кейін орыс-ойрат айырбас саудасының едәуір жанданғанына қарамастан, Орта жүз бен Ұлы жүз шектеріне тұтқиылдан басып кіру қатері сақталып қалды. XVIII ғасыр 30-жылдарының екінші жартысында Галдан-Церен Орта жүздің шекарасына әскер төге бастады. Осыған байланысты Ресей императрицасының 1734 жылғы маусымда Орта жүзді Ресей құрамына қабылдау туралы жарлығы саяси жағынан ақталды. Дегенмен бұл этноаумақтық бірлестіктің көп бөлігі I Александр императордың кеңесшісі, граф М.М.Сперанский әзірлеген 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» күшіне енгенге дейін дербес болып қала берді. Ол ол ма, Орта жүз ханы Шахмұхамед өз автономиясын қызғыштай қорып және Ресейдің алысты көздейтін тойымсыз мүдделерін көріп, өз иеліктерінің Ресей билігіне бағынуынан айнып, тіпті орыс селоларына шапқыншылықтар жасады. Ұлы жүздегі жағдай оның кейбір аудандарын ойраттардың уақытша басып алуына байланысты Галдан-Цереннің көзқарасына біршама тәуелді болып шықты. Солай бола тұрса да, Жолбарыс хан Петербургке өтініш  жасамақшы болып ұйғарды. Императрицаның  Ұлы жүздің ықпалды адамдарына, солардың ішінде ерекше көзге түскен Қодар би, Төле би, Сатай, Хангелді, Бөлек батырларға 1734 жылғы 10 маусым- дағы жарлығы «аса зор мейірімділікпен...статс-кеңесші полковник И.К. Кирилловқа осының бәрі туралы білуге рақым білдірді». Императрицаның 1734 жылғы 9 сәуірдегі басқа бір жарлығында Әбілқайыр ханға Ұлы жүзден басқа «Орал ханын»да бодандыққа «келтіруге» жәрдемдесу бұйырылды. Арал жағалауындағы аудандар әрқашанда Қайып хан ұрпақтарының ықпал өрісінде болып келді.
Қосып алынған қазақ жерлеріндегі шептерін нығайту үшін 1734 жылдың мамырында «Қырғыз-қайсақ экспедициясы» құрылып, көп кешікпей ол Орынбор комиссиясы деп аталды, оны Сенаттың обер-хатшысы И.К.Кириллов басқарды, оның көмекшісі болып Кіші жүздегі үкіметтік миссияны сәтті орындағаны үшін тілмаштықтан полковникке көтерілген А.И.Тевкелев тағайындалды. 1734 жылы И.К.Кириллов Ор өзенінде шығысқа отаршылдық ілгер-ілеуді

кеңейтудің тірегіне айналған бекіністі, қазіргі Орынбор қаласын (Орскіні) салып алды. 1737 жылдың сәуірінде И.К.Кирилловтың қайтыс болуына байла-нысты аса көрнекті тарихшы, қабілетті әкім, жаңа шеп құрылысын жалғастырган В.Н.Татищев Орынбор өлкесінің жаңа губернаторы болып тағайындалды, ал Кіші жүз бен Орта жүздегі ықпалды шыңғыс ұрпақтарының бодандығын нығайту оның ең басты саяси мақсаты болып қала берді. Патша өкіметі Әбілқайырдан қайталап ант алуға ұйғарды. 3 тамызда оның В.Н.Татищевпен кезекті кездесуі болып, онда хан «бодандық» бұрынғы адалдығын қуаттады және «бағынатынын» білдірді. Нақ сонда 1740 жылы Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен ықпалды сұлтан Абылай бодандыққа ант қабылдады, соңғысының беделі бүкіл дала өңірінде жоғары болатын. Абылай В.Н.Татишевті «қажет болған жағдайда өз жанын аямайтынына» үміттендірді, дегенмен саяси күрес тәжірибесін жинақтаған жас сұлтан өз үміттерін Цин империясымен де байланыстырды. XVIII ғасырдың 30-жылдарының орта шенінен бастап Ресей мемлекеті қазақтардың жеріне де, империяның бодандары ретінде қазақтардың өздеріне де орыс мемлекеттілігі идеологиясы тұрғысында көз тіге бастады. Өлкенің әрбір әкімшісі Ресей империясының толық және шексіз билігіне көшкен жерді ұлғайта түсуге өз үлесін қосуға ұмтылды. Осы саясатты жүзеге асыру барысында қазақтар, қалмақтар, башқұрттар дербестігінің қалдықтары толық жойылды, бұл орайда ресми өкімет орындары жергілікті халықтың қайтпас қарсылығына душар болды. Сондықтан оны бөлшектеу, халықтарды қырқыстыру, халықтың барлық топтарында өз агентурасын құру, отарлаудың басты күші ретінде қазақтарды біржолата бағындырып, оларды осы мақсатта пайдалану жөнінде әр түрлі әдістер қолданыла бастады. Бұл саясат И.И.Неплюевтің «запастағы» жоспары түрінде қалыптасып, империяның Қазақстандағы бүкіл үстемдігі шеңберінде әр түрлі нұсқауларда жүргізіліп отырды. Алдыменен империяның шекарасына өте жақын орналасқан аймақ ретінде Батыс Қазақстанда мейлінше толық жүзеге аса бастады. XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамында біртұтас және орталықтандырылған билік пен мемлекет проблемасы өткір қойылды. Билік иелері арасындағы түрлі топтардың үстемдік үшін күресі 1748 жылы Әбілқайыр ханның өлтірілуіне әкеп соқты. Осы арқылы қазақ жүздерін біріктіру жолындағы күш-жігер едәуір дәрежеде әлсіреді. 1748 жылдың қазан айында Орынбор әкімшілігінің жәрдемімен Нұралы сұлтанды хан атағына сайлау өткізілді. Нұралы өз жағдайының солқылдақтығын сезініп, сайлаудан кейін бірден патша үкіметіне өзін хан атағына бекітуге өтініш жасады. Сонымен бірге 1748 жылдың аяғында Нұралы ханға жылына 600 сом мөлшерінде мемлекеттік айлық тағайындалды. Әбілқайыр қаза тапқаннан кейін Орта жүз иеліктері оның мирасқорларынан аулақтап кетті. Нұралы тіпті Кіші жүздің өзінде әкесінің барлық иеліктерін сақтап қала алмады. Шектілер Батырды өздерінің ханы деп мойындады. Нұралының інілері Айшуақ пен Ералы тәуелсіз болуға ұмтылды. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарында Верхнеяицкіден Звериноголов бекінісіне дейін созылып жатқан үй бекініс шебі салынды. Оның жалпы ұзындығы 770 шақырым болатын. Нақ сол жылдары ұзындығы 930 шақырым болатын Ертіс шебі салынды. 1752-55 жылдарда жаңа Есіл шебі салынды, оның ұзындығы – 662 шақырымға жетті. Бұл жағдай отарлау саясатының алғашқы көрінісі болып, олар қазақтардың көшіп жүретін қоныстарын шектеп тастады. Патша өкіметі сауданың дамуын да өзінің саяси мақсаттарына пайдалануға тырысты. 1781 жылы Абалайдың қайтыс болуы, оның толып жатқан ұрпақ-тары арасындағы кикілжіңдер хан билігін әлсіретті. Ол былай тұрсын, 1795 жылы екі сұлтан, 19 ақсақал императрица II Екатеринаның атына Уәлиді хан тағынан тайдыру туралы өтініш жіберді. Үкімет ол кезде хан билігін жою жөн емес деп тапты, алайда оны әлсірету мақсатымен біраз кейініректе Орта жүзде қуатты Уәлімен қатар екінші хан етіп Бөкей сұлтанды тағайындады. Ресейдің әкімшілік-аумақтық басқару нысанына жақын басқару нысанының болмауы, Шыңғыс ұрпақтарының хан билігінің сақталуы үкіметтің іс-қимылын әлдеқалай тежеп отырды. 1817 жылы – Бөкей хан, ал екі жылдан соң Уәлы хан қайтыс болды. Петербург бір жақты қадамға – Орта жүзде енді хан тағайындамауға және, оның үстіне, оларды ертедегі ғұрып

бойынша сайламауға бел байлады. Бұл кезде Ресей билігі таралған аудандар жоғарғы билеушісіз қалып, нақты биліктің қандай нысаны да болмаған ерсі жағдай орын алды. Хандық ықпалды сұлтандармен көзбе-көз келіспей немесе алдын ала келіссөз жүргізілмей, іс жүзінде жоғарғы жақтан жойып жіберілді.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Әбілқайыр ханның саясаты.
2.А.И.Тевкелев елшілігі.
3.Кіші жүздің Ресейге өтуі.
4.Абылай ханның ішкі-сыртқы саясаты.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Қазақ өлкесінің XVIII саяси- экономикалық дамуы.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.

3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дукенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дукенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дукенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дукенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в ХХ –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/

12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

## №11 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Реформалар.
№1 Аралық бақылау.
**Сағат саны:** 90 мин
**Сабақ түрі: теория**
**Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Қазақстандағы әкімшілік және сот реформаларының жүргізілуі, оның салдары туралы мәлімет беру.
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;
**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі: | 2 мин. |
| Миға шабуыл: | 3 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 3мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 2 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 15 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 3 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 2 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Қазақ өлкесінің XVIII саяси- экономикалық дамуы.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.
**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**
**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**
1.1882 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы».
2.1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы».
3.Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары.

Жаңа реформаны әзірлеу либерал қайраткер граф М.М.Сперанский ге жүктелді. Ол аз зерттелген аудандарды неғұрлым толық зерттеу және жинақтап көрсету үшін «Сібір жерлерін мәлім етуді» ұсынды. Бұл жазбаны жасауға болашақ декабрист Г.С.Батюшков белсене қатысты. Сонымен бірге ол Сібірді басқару турылы заң жобалырына бірқатар қосымша, түсіндірмелік бөлімдер: құрғақтағы жол қатынаста-ры, этаптар құру, жер аударылған «бұратаналар», «Орта Орда даласына» орыс билігін тарату бөлімдерін әзірледі. Бұл жаңалықтар сақталып қалған жергілікті басқару жүйесін жоққа шығарып, шексіз-шетсіз дала құрылысын ресейлік губерниялық басқаруға біршама жақындатуға тиіс болды.1822 жылғы 22 маусымда патша «Сібір губернияларына арналған мекемелер», «Бұратаналарды» басқару туралы жарғы», «Қырғыз-қайсақтарды» басқару туралы жарғы», Этаптар туралы жарғы, Жер міндеткерлігі туралы ережелер, Астық қорлары, шаруалар мен «бұратаналар арасындағы борышкерлік міндеттемелер туралы ережелер үшін негіз болған 10 заңды бекітті. «Сібір...мекемелеріне» сәйкес, азиялық Ресей 2 генерал-губернаторлыққа: орталығы Тобол болған Батыс Сібір, орталығы Иркутск болған Шығыс Сібір генерал-губернаторлықтарына бөлінді. Біріншісіне Тобыл, Томск губерниялары мен Омбы облысы жатқызылды. Ресей бодандығында болған Орта жүз аудандары 1838 жылы Батыс Сібір қазақтары шекаралық басқару құрылғанға дейін Омбы облысына бағынып келген сыртқы округтерден құралды. Өзгерістер қазақ руларының әкімшілік-аумақтық құрылымдарына қатысты болды: даладағы жаңа үштаған – округ, болыс, ауыл бұрынғы рулық басқару жүйесін іс жузінде жоқ етіп жіберуге тиіс еді. Ауыл 50-70 шаңырақ, болыс –10-12 ауыл, округ – 15-20 болысқа дейін белгіленді. Ауылдарды– ауыл старшындары, болыстарды – болыс сұлтандары, округтерді аға сұлтандар ( ел билеушілері) басқаратын болды. Бұл өзгерістер ерте кездерден бері әкімшілік басында болған Шыңғыс ұрпақтарының ықпалын әлсіретуге тиіс болатын; сонымен бірге болыстарды басқармайтын сұлтандар бұрынғы сословиелік артықшылығын сақтап қалды, дегенмен олардың округ бөлімшелерін басқару ісіне «араласуына» қатаң тыйым салынды.

Аға сұлтандарға зор құқықтар берілді, оның басшылығымен округтік приказда өткізілетін отырыстарға облыстық бастық тағайындайтын ресейлік екі заседатель және сайланып қойылатын екі «құрметті қазақ» қатысуға тиіс болды. Үкіметтің жергілікті номадтар жөніндегі саясатында оларды егіншілік ке ынталандыру, «бақташылық өмірді» жою, олардың жер жыртуға көшуін көтермелеу маңызды бағыт болды. Жарғымен міндеткерлік пен салықтардың жаңа санаттары енгізілді. Рас, бұл орайда М. Сперанский мен оның төңірегіндегілер әдейі бес-жылдық жеңілдік белгіледі немесе көшпелі халықтың барлық санат-тарын барлық алымдардан босатты; мұндай бетбұрыс бұрынғы феодалдық жүйе бойынша міндеткерлік атқаруға: көшпелі аудандарда зекет пен соғым, егіншілікті аудандарда ұшыр төлеуге дағдыланған халық наразылығының алдын алуға ұмтылысқа байланысты болды. Реформа Қазақстанда сауда-экономикалық үрдістің өсуі үшін оң алғышарттар туғызды. Патша өкіметінің бұған белгілі дәрежеде мүдделі болуын экономикалық факторлармен қоса, оның көшпелілер арасында өзінің саяси ықпалын нығайту ниетімен түсіндіру керек. XlX ғасырдың екінші ширегі Қазақстанды әскери отарлаудың шешуші кезеңі болды. Ресейдің қазақ даласына жүз жылдан астам уақытқа созылған өлкедегі, оңтүстік аймақтарды қоспағанда, өлкенің барлық дерлік аумағының империя құрамына қосылуына әкеп соқты. Хан билігі жойылғаннан кейін Қазақстанның Ресейге бағынышты аймақтарында Ресейдің саяси-әкімшілік жүйесін енгізуге нақты мүмкіндік туды. Мұнда жаңа аумақтық құрылыс енгізіліп, соған орайластырылып, бүкіл Ресей империясындағыға ұқсас басқару органдары құрылды. XIX ғасырдың 30-жылдарында үкімет билікті одан әрі орталықтандыруға және жергілікті органдарға бақылауды күшейтуге күш салды. Сенатқа жарлық түрінде 1838 жылғы 6 сәуірде қабылданған «Сібір қазақтарын жеке басқару туралы ережеде» 1822 жылы мемлекеттік құрылысты «сібір қазақтары арасына біртіндеп енгізу» үшін құрылған Омбы облысының өз рөлін орындағаны айтылды. Енді «Сібір қазақтарын шекаралық басқару деген атаумен жеке басқару

құрылатыны» жарияланды. Оның орталығы, енді Тобыл губерниясының құрамына кірген Омбы қаласында болды. 1854 жылғы 19 мамырда қабылданған «Сібір комитетінің сібір қазақтарына империяның жалпы заңдарын тарату туралы ережесі» жергілікті ұйымдардың жұмыс істеуіне одан әрі өзгерістер енгізді. «Ереже» Сібір ведомствосында жалпы ресейлік заңдардың орнықканын жариялады. Мәселен, билер сотының қызметі едәуір қысқартылып, оған қарама-қарсы округтік приказдар әрекетінің сот саласы кеңейтілді. Би атағы сол қызметті атқарып келгендер үшін сақталды, бірақ болашақта ол «тек сұлтандарға, кемінде алты жыл қызмет еткен ауыл старшындарына және жалпы алғанда асқан мархабатпен бір нәрсемен марапатталған немесе қандай да бір қызмет атқарған адамдарға» беріле алатын болды. Егер бұрын 1822 жылғы Жарлық бойынша би деп осы атақты шын мәнінде халықтан алуға лайықты адамдар танылса, енді оларды қауым сайлағанымен, бұл атаққа түпкілікті тағайындау округтік приказдың құзырында болды. Осы арқылы патша өкіметі қазақ қоғамындағы ежелден келе жатқан дәстүрлі жергілікті басқару институттарын бақылауға алуға ұмтылды. Сібірдің басқару жүйесіне қарама-қарсы әкімшілік-аумақтық құрыл-ыс Орынбор өлкесінде басқаша жүргізілді. Қазақстанның батыс аймақтарының әскери-стратегиялық маңызы Орынбор өкімет орындары ішкі саясатының жазалау, қуғындау шаралары басым неғұрлым қатаң жүргізілуіне себеп болды. Екі жүйе – Орынбор және Сібір жүйесінің басқа бір айырмашылығы Орынбор ведомствосын басқару жөніндегі заңдық актілердің ұзақ уақыт бойы әзірленбеуі болды. 1824 жылғы 31 қаңтардан бастап мұнда Азия істері комитетінің аяқталмаған сипаттағы қаулысы қолданылды. Қазақтарды басқару туралы заңның анық болмауы Орынбор Шекаралық комиссиясы міндетінің де айқын тұжырымдалмауына әкеп соқты. Кейініректе, 1844 жылғы 14 маусымда Мемлекеттік кеңес «Орынбор қазақтарын басқару туралы ереже» қабылданды. Ол бұрынғы құжаттарға қарағанда нақты тұжырымдалған айқындамасы бар заң актісі болды. «Ережеде» ресей әкімшілігінің қазақ қоғамында өз билігін жүзеге асыру үшін әлеуметтік тірек орнатуға күш салғаны айқын суреттеледі.1844 жылғы «Ережеде» билер сотының міндеті едәуір қысқартыл-ды, оларға онша маңызды емес істерді қарау ғана қалдырылды. Ал негізінен алғанда бүкіл сот ісін жүргізу әкімшілік ұйымдарының сот үкіміне жүктелді. Үкіметке қарсы шығу, кісі өлтіру, тонау, барымта мәселелері әскери соттың қарауына түсті. Ұрлықты, алаяқтықты, 50 сомнан астам мүліктік талап-арызды Шекаралық комиссия жанындағы азаматтық қылмыстық сот қарады. Сібір және Орынбор ведомстволарында үкімет құрған екі басқару жүйесі де тым жайылып кеткен және онша тиімді болмады. Ресей империясының қазақ жерінде орнатқан әкімшілік-аумақтық басқару жүйесінің өзі көшпелі қауымның ішкі өміріне қол сұғу, қазақ үшін мүлде жат және бүлдіруші болып шықты.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.XIX ғ. I жартысындағы патшалық Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары.
2.1882 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы».
3.1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы».
4.Хандық биліктің жойылуы.
5.Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Реформалар.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С

11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.
**Электронды басылымдар:**
1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в ХХ –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**№1 Аралық бақылау 45 мин.**
1-11 тақырыптар бойынша жазбаша бақылау жұмысы алынады.

**№12 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: XIX ғасырдың ІІ ж. Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары.
**Сағат саны:** 90 мин.
**Сабақ түрі: теория:**
**2.Сабақтың мақсаты:**

- Білім беру: XIX ғасырдың II ж. Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформаларының жүргізілуі, оның салдары туралы мәлімет беру,маңыздылығы мен ерекшелігін таныстыру
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Реформалар.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережелер»
2.1886,1891 жылдардағы «Басқару туралы Ережелер»
3.Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары.

Қазақстанды Ресейге қосудың аяқталуы империяның қазақ өлкесі жөніндегі саясатына елеулі өзгерістер енгізді. 1868 жылғы "Уақытша ереженің” 210 параграфы бойынша қазақтардың жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі болып жарияланып, қазақ даласы бүтіндей патшалық Ресейдің еншісіне көшті. Ресей императорының жарлығымен бекітілген 1867-1868 жылдардағы реформалар арнаулы түрде уақытша, яғни үш жылға деп қабылданды. Үш жылдық тәжірибе мерзімі өткеннен кейін оны қайтадан толықтырып, Қазақстанды басқару жөніндегі жаңа ереже қабылдануы керек болды. 1867 жылғы Түркістан генерал-губернаторлығын уақытша басқару ережесі 1871 жылы аяқталды. Сол жылдың басында Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Кауфман императорға жергілікті отарлау әкімшілігі дайындаған жаңа басқару ережесін ұсынды. Бірақ ол бірнеше министрліктер мен Ресей империясы ведомстволарының сан алуан тексерулерінен өтіп, жоба көптеген көрсетілген кемшіліктермен қайта қайтарылды. Міне, дәл осындай жағдай Қазақстанның кез келген жерінде жүріп жатты. Бірақ, жоғарыдағы аталған ереже 1891 жылы "Уақытша ереже” болып қайта қабылданды. Аталған ережелер негізінде қазақтардың жері тартып алынып келімсек мұжықтар мен кержақтарға таратылды. Қазақстанға осы кезеңде 1,5 миллионнан астам орыс, украин және беларусь келімсектері көшіп келді. Сөйтіп, кең даланы жайлаған елді мекендердің аттары өзгертіліп, оның ұлттық құрамы үлкен өзгеріске ұшырады. Қазақстан патша өкіметінің шикізат базасына айналды. 1867-1868 жылдар аралығында Қазақстан территориясы Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан генерал-губернатор құрамына

кірді. Орынбор генерал-губернаторы құрамында Орал және Торғай облысы болды. Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамына Ақмола және Семей облысы, Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына Сырдария және Жетісу облыстары енді.
Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан генерал-губернаторларының әкімшілік орталықтары Орынбор, Омбы, және Ташкент қалалары болды. Әрбір облыс уездерге бөлінді. Уездер болыстарға бөлініп, олардың әрбіріне мыңнан екі мыңға дейінгі шаңырақ енді. Болыстар әкімшілік ауылдарына бөлінді. Олардың құрамына 100-ден 200-ге дейінгі шаңырақ енді. 1822-1824 жылдардағы "Жарғы" бойынша Қазақстан әрбір бас мал үшін 1 процент көлемінде жылына ясак төледі. Сонан соң 1837 жылы Орынбор ведомствосында әрбір үйден бір жыл ішінде 1 сом 50 тиын күміс ақша ретінде түтін салығы жиналды. Оған қоса жолдар мен көпірлерді, мешіттер мен мектептерді, ауруханаларды жөндейтін қара шығын салығы жиналды. Оңтүстік Қазақстанда жиналған астық бағасына қарай харадж салығы алынды. Жоғарғы генерал-губернаторлық билікті генерал-губернатор атқарды. Оған әкімшілік-саяси, әскери, сот және шаруашылық өкілеттілігі берілді. Ол жергілікті әкімшіліктер мен басқа да билік органдарына тікелей және жанамалай қадағалаулар жүргізді. Сондай-ақ, аталған жердегі әскери округтардағы әскерлерді басқарды, облыстық басқармалар бөлімшелерінің бастықтарын тағайындады. Генерал-губернаторлық, облыстық әскери-губернаторлықтың аппаратындағы және уездік бастықтар, сондай-ақ оның төңірегіндегі шенеуніктер түгелдей орыстар болды. Реформа бойынша кең байтақ қазақ даласындағы басқарудың төменгі жүйесі болыстық және ауылдық жүйе болды. Болыс пен старшынға ұсынылу үшін азаматтың жасы 25-ке келуі керек еді және ол ешқандай қылмысқа тартылмаған халық сеніміндегі адам болуға тиіс. Әр үш жыл сайын өтетін болыс сайлауына 50 үйден бір таңдаушы сайланды. Дауыс беру процесі халық арасында шар салу деп аталды. Патша өкіметі Қазақстанды басқару жүйесіне елеулі өзгерістер енгізу барысында жаңа ережелер де қабылдады. Мысалы, 1886 жылы 2 маусымда "Түркістан өлкесін басқару туралы" Ереже, 1891 жылы 25 наурызда "Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы" Ереже қабылдады. Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы Дала-генерал губернаторлығы деп өзгеріп, оған Сырдария облысынан басқа бес облыс кірді. Ал Сырдария облысы Түркістан генерал-губернаторлығына қарады. 1897 жылы Жетісу облысы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кірді. 1867-1868 жылдардағы ең басты мәселе Қазақстан территориясында жалпы империялық соттар ережесінің таралуы болды. Сөйтіп, қазақ құқығына елеулі өзгерістер енгізілді. Үлкен маңызы бар қылмыстық істер әскери сот комиссиясында қаралды. Ал, одан басқа қылмыстық және азаматтық өтініштерден тұратын 2000 сомнан артық қаржы көлеміндегі істерді облыстық басқарма қарады. Үш күннен кем емес тұтқынға алатын немесе жүз сомға дейінгі айып салынатын қылмыстық істер, сондай-ақ 2000 сомға дейінгі азаматтық айыптауларды уездік соттар қарады. Сонымен бірге жаңадан жолға қойылған билер сотымен бірге "халық соты" да жұмыс істеді. 1867-1868 жылдары би қызметі сайланбалы түрде жүргізілді. Би болыстық съезде үш жылға сайланып оны әскери-губернатор бекітті. Әрбір болыста 4-8-ге дейін билер сайланды. Сондай-ақ, сот істерінде де елеулі өзгерістер болды. Сот шешімдері жазылып, олардың көшірмелері екі жаққа таратылды. Билер съезінде ережелерді жазу тиянақты түрде жүргізілді. Егер XIX ғасырға дейін қазақтар кез келген беделді биге жүгіне алатын болса, енді тек қана болыстық билерге ғана жүгіне алатын еді. Сөйтіп, "халық соты" жүйесі отарлау аппаратының бірден-бір құралы болып, ол дәстүрлі әдеттегі құқықты жоятын және қазақ ауылындағы сауда-саттықпен айналысатындардың мүддесін қорғайтын басты қаруы болды. Тұтастай алғанда XIX ғасырдың 60 жылдарындағы Қазақстанда жүргізілген құқықтық реформа, оның дәстүрлі құқығын бұзып, Ресей империясының құқықтық жүйесімен ұластырылған реформа болды.
1867-1868, 1886 және 1891 жылдардағы реформалар Қазақстанды бірден-бір отар елге айналдырды. XIX ғасырдың 50 — жылдарының басында қазақ даласының билігі Сыртқы істер

министрлігінен алынып, Ішкі істер министрлігі мен әскери министрлікке берілді. Сөйтіп, Қазақстан халықаралық субъект құқығынан айырылды. Азаматтық және әскери әкімшілік бөлінбей, ол жаулап алушылық бағыт-бағдарда қызмет істеді. Қазақтарға қысым жүргізу тек ұлттық тұрғыдан ғана емес, діни тұрғыдан да жан-жақты жүргізілді. Іс қағаздары, ауылдық деңгейдің өзінде орыс тілінде жүргізілетін. 1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша патша өкіметінің әкімшілік мекемелеріне сот билігі құқығы берілді. Сондай-ақ, жоғарыдағы аталған ережелер бойынша әскери соттық комиссиялар құрылды. Олар мемлекетке опасыздық, өкіметке қарсы үгіт, пошта мен көлікке шабуыл, христиандарды және христиан дініне кіргісі келгендерді, сондай-ақ, лауазым иелерін өлтіру сияқты қылмыстық іс-әрекеттермен айналысып, олар тонау, талқандау, өртеу, жалған ақша жасауды қараумен шұғылданды. Қазақтардың әдет-ғұрып құқына елеулі өзгерістер енді. Мысалы, отбасы некелі құқығына қарасты жесір даулары билер сотының қарауында қалды. Бірақ, билер сотының шешіміне уезд бастығына немесе әскери-губернаторға шағым жасауға болатын. Осындай сот жүйелері Қазақстанда 1917 жылға дейін қолданылды.

Қорытынды

Аталған заңдар уақытша дегенімен, 20 жыл қолданыста болды. Өзінің мазмұнына қарай бөтен болып табылатын нор- мативтік акт, арналып шығарылған қоғамның ерекшелік- терш ескермегендіктен, оны енгізу, көптеген халық ішінде наразылық пен қарсылыққа алып келді.Уақытша заңның шарттарына байланысты Қазақстанның аумағы үш генерал-губернаторлыққа бөлінді: басқару орталығы Ташкент қаласы болып табылатын Түркістандық генерал-губернаторы; басқару орталығы Орынбор болып табылатын Орынбор генерал-губернаторлық; басқару орталығы Батыс Сібір болып табылатын Омск генерал-губернаторлық. Генерал-губернаторлық азаматтық жөне өскери билікті иемденетін. Түркістан генерал-губернаторлығы Қытай мен Иран арасындағы дипоматиялық қатынастарды құруға құқылы еді. Әрбір генерал-губернаторлыққа бірнеше облыстар кірді: Орынбор генерал-губернаторлығына - Орал жөне Торғай; Түркістандыққа — Жетісу мен Сырдария; Батыс-Сібірге - Ақмола және Семей.Облыстық басқарма әскери губернатор мен Облыс басқаруына жүктелген. Қазақстан аумағында жа лпы төрт казак өскерлері қызмет еткен: Орал, Орынбор, Сібір жөне Жетісу. Әскери губернаторлар өскери министрдің үсынысының негізінде императормен қызметке тағайындалып, қызметтен алынатын. Олардың қолында өкімшілік жөне өскери билік шоғырланды. Облыс басқаруы биліктің атқарушы орга- ны болып табылды. Оны император тағайындаған вице губернатор басқарды. Облыс басқаруы үш бөлімшеден тұрды: басқарушылық, шаруашылық жіне сот. Бөлімшені кеңесшілер басқарды. Әрбір уездің басқаруын уезд басшысымен жүзеге асты. Олар полициялық және өскери билікке ие болды. Өз билігін уезд басқармасы уездегі барлық түрғындарға, сонымен қатар, уақытша түрғандар мен казак әскерінің өкілдеріне жүргізілді.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережелер».

2.1886,1891 жылдардағы «Басқару туралы Ережелер».

3.Реформалардың отарлық мәні.

4.Казак әскері мен орыс шаруаларының Қазақстанға жаппай қоныс аударуы.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.

2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: XIX ғ.II ж. Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с

10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

## №13 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық көтеріліс. С.Датұлы көтерілісі (1783-1797 жж.)

**Сағат саны:** 90 мин.

**Сабақ түрі: теория**

**2. Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: қазақ халқының патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілістердің сипаты мен маңызын, көтерілістердің негізгі себептері мен кезеңдерін, С.Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі туралы кең мәлімет беру.
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі: | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: XIX ғ.II ж. Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1. Көтерілістің негізгі себептері.
2. Жер мәселесінің шиеленісуі. Кіші жүз қазақтарының Сырым Датұлы басшылығымен болған көтерілісі (1783-1797ж.ж.).
3. Игельстром реформасы.
4. Көтерілістің жеңілу себептері, тарихи маңызы.

XYIII ғасырдың 30-шы жылдары Кіші жүзді өзіне тәуелді еткен соң патшалық Ресей біртіндеп қазақ даласындағы отарлау саясатын тереңдете бастады. Оның барысында елдің шаруашылығы күйзеліске ұшырап, саяси жағдайлар шиеленісе түсті. Мұның барлығы Қазақстанның әр өңірінде халықтың наразылығын тудырып, көтеріліске шығуға итермеледі. Ал, Кіші жүз өңірінде қалыптасқан жағдайлар қазақтардың Е. Пугачев бастаған көтеріліске қатысуына себеп болды. Өзін "III Петрмін" деп жариялап лақап ат жамылған Е. Пугачев пен оның төңірегіндегілер қазақ даласында болып жатқан мәселелерден біршама хабардар еді және олар қазақтардың көтерілісті қолдайтынын түсінген болатын. Сондықтан, ол жағдайларды өз мүддесіне пайдалануға тырысып, 1773 жылдың 6 кыркүйегінде қазақтарға "қамқор" болатынын білдіріп манифест жазып, 200 адамнан тұратын қазақ жасақтарын жіберуді сұрайды. Пугачевтың жазған мұндай үндеулері қазақтар арасынан біршама қолдау тапты. Осыдан кейін, кыркүйектің 20-сына қарай Нұралы хан 1000-ға жуық қазақ жасағымен Жайық қалашығының жанына келеді, бірақ, Пугачевқа көмек көрсетуден тартынып, көп ұзамай кері қайтып кетеді. Пугачев 1773 жылдың 20 қыркүйегінде қазақтарға арнап тағы да манифест жазады. Одан соң, Пугачев Жайық қалашығына шабуыл

жасап оны ала алмайды да, онда аз ғана отрядын қалдырып негізгі күшін алып Орынборға қарай кетеді. Жол бойында Черноречкенск, Татищев бекіністерін басып алады.

**Қазақ хандығының жойылуы. Сырым Датұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі (1783–1797 жж.)** Көтерілістің себептері мен алғышарттары. 1773–1775 жылдардағы Е. Пугачев басқарған шаруалар соғысына қатысқан қазақтардың негізгі талаптары қанағаттандырылмады:

Көптеген сұлтандар, билер басқа да Кіші жүздің ықпалды адамдары патша үкіметінің саясатымен келіспеді; Кіші, Орта жүздердің кейбір аудандары Уфа, Сибирск губернияларына бағындырылды; Жайық бойындағы казактардың, жаңадан қоныс аударған көпестердің озбырлығы жергілікті қазақтардың ашу-ызасын келтірді. Сондықтан көтерілісшілер бұрынғы жерлерді қайтарып алу, Жайық казактарының, Нұралы ханның озбырлығына шек қою сияқты мәселелерді мақсат етіп алдына қойды.

Қозғаушы күштері. Басты қозғаушы күштер көшпенді қазақ шаруалары болды. Бұлармен қатар патша үкіметінің саясатымен келіспеген үстем тап өкілдері (батырлар, билер) де қатысты. Көтеріліске қатысқан Кіші жүз рулары: жағалбайлы, шекті, беріш, табын, шөмекей, алаш, серкеш, таз, байбақты, алаш, қаракесек, төртқара т. б. Көтерілісті байбақты руының старшыны батыр Сырым Датұлы басқарған. Көтерілістің барысы. 1783 жылы Сырым Датұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының казак әскерлеріне қарсы көтерілуі басталды. 1784 жылы Сырым Датұлы казактар тұтқынынан босап, көтеріліске ірі қол жинай бастады. Бұл тұтқынға ол 1783 жылы желтоқсан айында түсті. Көтерілісшілер арасында Жантөре сұлтан, Барақ, Тіленші старшындар сияқты үстем тап өкілдері де болды.

1784 жылы Сырым Датұлының қарамағына 1000-ға жуық адам шоғырланды. Патша үкіметі көтерілістің етек алуынан сескеніп, жазалаушы отрядтарды жібере бастады.

1785 жылы 17 ақпанда генерал-майор Смирнов басқарған, казактар мен башқұрттардан құралған 2670-тей адамы бар жазалаушы отряд қарапайым ауылдарды ойрандап, біраз қазақтарды тұтқындады. 1785 жылы Сырым Датұлы басқарған көтерілісшілердің күресі барынша кеңейді. 1785 жылы наурызда Назаров басқарған Жайық казак отрядтары көтерілісшілерге шабуыл жасады. Мұнда екі жақ та нақты нәтижеге жетпеді.

1787 жылы Колпаков пен Пономарев басқарған, 1250 адамнан құралған жазалаушы отрядтар көтерілісшілерге шабуыл жасауға бата алмай, бейбіт ауылдарды ойрандады. Нұралы ханның патша үкіметін жақтауы көтерілісшілердің алдарына Нұралы ханды тақтан тайдыру мақсатын қоюға себеп болды.1785 жылы Кіші жүздің ақсүйектер тобы Нұралыны тақтан тайдыру үшін құрылтай өткізді.

1786 жылы Нұралы хан Орал бекінісіне қашып барды.1790 жылы Нұралы Уфада қайтыс болды. Жайық бойындағы казак әскері жасаған озбырлықтары көтерілістің одан әрі өршуіне себеп болды.1790 жылы тамызда казак әскерінің басшысы Д. Донсков 1500-ге тарта адам мен бейбіт жатқан қазақ ауылдарын ойрандады. Бұл, әрине, қазақтардың қарсылығын тудырды.1791 жылы Нұралының орнына Кіші жүздің ханы болып Ералы сұлтан сайланды. Бұл жағдай көтерілістің одан әрі кеңеюіне әсер етті.1792 жылы Сырым Датұлы Ресейге қарсы күресін ашық түрде кеңейтті. Қазақ феодалдарының біраз бөлігі Сырым Датұлын қолдамады. Ал Жантөре сұлтан, Ералы, Барақ, Ілекбай старшындар Сырым Датұлын қолдады. Бірақ осы уақыттан бастап Сырым Датұлы көтерілісінің қарқыны уақытша бәсеңдеді. Оған көтерілісшілердің Елек пен Красногорск бекіністерін алудағы сәтсіздігі себеп болды.

1794 жылы Ералы хан өлді.

1795 жылы Нұралының ұлы Есім хан болып сайланды. Есімнің хан тағына отыруы Сырымның басқарған көтерілісінің қайтадан өрістеуіне себеп болды.

1797 жылы 17 наурызда Сырым басқарған көтерілісшілер хан сарайына шабуыл жасап, Есім ханды өлтірді.

1797 жылы полковник Скворкин Сырым көтерілісшілерін қудалай бастады, бірақ қудалаушылардың алғашқы әрекеттері сәтсіздікпен аяқталып жатты.
Көтерілістің жеңілуі. Есім ханнның өлімінен кейін Кіші жүзде хан сайлау мәселесі тұрды. Ал патша үкіметі Кіші жүздегі хан сайлау мәселесін жүзеге асырмауға тырысты. Бірақ осыған қарамастан, Кіші жүз феодалдары Нұралының баласы Қаратайды хан орнына сайлады.
Осыдан кейін Сырым Датұлы өзіне қарасты халықты артынан ертіп, Сырдарияға қоныс аударды. Ханға, хан кеңесіне қарсы болған Кіші жүздің ықпалды адамдары Сырымның қасына топтасты.
1797 жылы патша үкіметі хандық кеңесті жойып, Кіші жүздегі хандық билікті қалпына келтірді. Хан болып Айшуақ сұлтан бекітілді.
1797 жылы Сырым Хиуа хандығының жеріне қоныс аударды. Себебі бұл кезде Қаратай сұлтан Сырымның қуғындауын жиілеткен еді.
1797 жылы Сырымның Хиуа жеріне өтуі, оның басшылығымен болған көтеріліс те жеңіліспен аяқталды.
1802 жылы Сырым Датұлы Хиуа жерінде қайтыс болды.
Көтерілістің жеңілу себептері
Көтерілістің ұйымдастырылуы нашар болды;
Үстем тап өкілдері (билер, старшындар) арасындағы алауыздық;
Ру арасындағы қайшылықтар;
Көтеріліске шыққан әр түрлі топтар арасындағы байланыстардың нашарлығы;
Жазалаушы казак отрядының қару-жарағы мен күштерінің мықтылығы;
Қазақ феодалдарының Орал казактарына сатылуы;
Қазақ шаруалары арасындағы әр түрлі жағдайлар т. б.
Көтерілістің тарихи маңызы. 1783–1797 жылдардағы Кіші жүздегі шаруалар көтерілісі – XVIII ғасырдағы Жайық бойындағы ірі халықтық қозғалыс. Бұл көтеріліс белгілі бір мөлшерде халықтың патша үкіметіне қарсы көтеріле алатынын дәлелдеді. Көтерілістің дүмпуі біразға дейін басылмады. Бұл көтеріліс патша үкіметі отарлау саясатын ашық жүргізіп отырғанын дәлелдеді.
1801 жылы патша үкіметі қазақтарға Жайықтың оң жағына жайғасуына рұқсат берді. Бұл – Сырым Датұлы басқарған көтеріліс нәтижелерінің бірі.
**Игельстром реформасы (1786) – Кіші жүзді басқарудың 1786 жылы Екатерина II қуаттаған жобасы.** 1775 жылғы реформаға сәйкес О.А. Игельстром далалық жерлерді жалпыимпериялық негізде басқару мақсатында, Кіші жүзде хандық басқару жүйесін жоюды көздеген жоба ұсынып, патшайымның мақұлдауынан соң ол "Игельстром Реформасы" деп аталды. Бұл жоба бойынша негізгі билік шекаралық комиссияның орнын басатын шекаралық сотқа берілуі тиіс болды. Оның құрамына патша шенеуніктері мен басқа да жергілікті қауым өкілдері кірді. Орынбор губерниясы басқару кеңсесінің бақылауында болатын жаңа әкімшілік органдар – расправалар құрудағы Ресей өкіметінің мақсаты ең алдымен сұлтандарды басқару ісінен шеттету болды. Расправаларды алғаш құрған кезде көптеген беделді старшындар оның құрамына енуден бас тартты. Сондықтан патша әкімшілігі енді "бас старшын" деген атақ енгізді. Дегенмен расправалардың Кіші жүзді басқару ісіне араласуына сұлтандар қарсылық білдірді. Ресей үкіметінің Кіші жүзде расправалар құру жолымен хандық билікті жою жөніндегі шаралары нәтижелі болмады. Игельстром реформасының сәтсіздікке ұшырауының басты себебі – дәстүрлі басқару түрін жоюдың алғышарты қалыптасуында болатын. Расправалардың басқару ісіне араласуына Кіші және Орта жүздердегі ықпалды сұлтандар қарсы шықты, олар Кіші жүздегі хандық билікті қалпына келтіруге ұмтылды. 1789 жылғы Француз революциясынан шошынған патша үкіметі Игельстром реформасын туғызған наразылықтардың монархиялық басқару негізін шайқалтуы ықтималдығын ойлап, Игельстром реформасын аяғына жеткізуден бас тартты.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Кіші жүз қазақтарының Сырым Датұлы басшылығымен болған көтерілісі қай жылдары орын алды?
2.Көтерілістің негізгі себептері?
3.Жер мәселесінің шиеленісуінің себебі?
4.Игельстром реформасы қандай болды?
5. Көтерілістің жеңілу себептері, тарихи маңызы?
Орынборды қоршау 5 айға созылып, оның барысында 2000-дай қазақ жасағы қолдау көрсетті.
**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.
**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.
**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық көтеріліс.С.Датұлы көтерілісі (1783-1797 жж.)
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.
**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;
**6. Әдебиеттер:**
**Негізгі әдебиеттер:**
1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014
**Қосымша әдебиеттер:**
1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы

4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Актөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем.

1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**№15 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1837-1847 жж.)

**Сағат саны:** 90 мин.

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Саржан Қасымұлы және Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар туралы, себебі, барысы және тарихи маңызы туралы дамыта айту, түсіндіру.

- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;

- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру

ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық көтеріліс.С.Датұлы көтерілісі (1783-1797 жж.)

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында Кіші жүздегі қазақ халқының едәуір топтары Жайық пен Еділ өзендеріеің төменгі ағыстарының аралығына көшіп барып, 1801 жылы Ішкі, яғни Бөкей хандығын құрды. Бастапқыда Жайықтың оң жағасына бес мыңдай отбасы өтті. Одан кейінгі жылдарда хандық халқы Жайықтың арғы бетінен ағылып көшу есебінен өсе берді. Орынбор шекаралық комиссиясының есептеуі бойынша, 1828 жылы Бөкей хандығының халқы 10 225 шаңырақ болған. Деректемелер боцынша, 1845 жылы мұнда 30 мыңнан астам шаңыраққа

жеткен, 1860 жылы оның халқы 26 209 шаңырақтан тұрған. Билік Абылайдың отыз ұлының ең кенжесі Қасым сұлтанның үлесіне тиді, оның бәйбішеден туған ұлдары – Саржан, Есенгелді, Ағытай, Бопы, Көшек, Кенесары, кіші әйелінен туған баласы Наурыз-бай жиырма жылға жуық уақытқа созылған титықтатарлық күрестің табанды қатысушылары, ал солардың ішіндегі Саржан, Есенгелді, Кенесары оны ұйымдастырушылар ретінде тарихқа енді, ал ол күрестің барысында патшалық режимге зор моральдық-саяси нұқсан келтірілді. 1825 жылдың 14 маусымында Көкшетау өлкесінде едәуір ықпалды Қасым сұлтан алғашқы өз наразылығын округтік приказдардың құрылуына қарсылық білдірді. Қасым төре жоғары дәаежелі шенеунік-терге барлық жолданымдарында, хаттарында Ресейдің отарлауға арналған тірек базасы – округтерді патша өкіметінің заңсыз әрекеттері деп қарастырып, номадтардың көпшілік бөлігінің ызалану сезімін білдіре отырып, жаңадан құрылған округтік приказдардың таратылуын үзілді-кесілді талап етті. Бұрынғы хан билігі құрылымын, аумақтық бөлініс пен басқарудың дәстүрлі принциптерін түгелдей қорғаған Қасым төренің 12 болысты басқарған он екі ер жеткен ұлы бар еді, олардың әрқайсысының жанында жан-тәнін салып қызмет ететін 500 шаңырақтан «өз» төлен-гіттері болды, олар өздері әскери қызмет ете жүріп, қамқорлығын көрген Абылай ұрпақтарының алғашқы шақырумен ұрысқа кіруге дайын болатын. Көптеген ауылдардың қарсы әрекеттері шектеулі болса да, егемендікті сақтап қалуға бағытталды. Ықпалды сұлтандарға елемеген көзқарас көрсетілген жағдайда Уәли ханның тікелей ұрпақтары тарапынан қауіп-қатер төнетінін ұғынған Омбы облыстық бастықтары оның үлкен ұлдарының бірі Ғұбайдолланы Көкшетау округіна аға сұлтан, ал Тұрсын Шыңғысовты Қарқаралы округінде нақ сондай қызметке сайлады. Округтік приказдар құрудың алғашқы қадамдарының өзі көрінеу оппозицияға тап болды – Көкшетау округінде Сартай Шыңғысов; Қарқаралы округінде – Саржан Қасымов, Шоң батыр, Торайғыр би жаңа тәртіптерге ашық қарсылық білдірді, алайда кейбір рулар сол кезде-ақ хан деп жариялаған Ғұбайдолла сұлтанның өз көзқарасын білдіретін кезін дегенмен де күтіп отырды. Омбы облысы қарауында болған, сұлтандардың үстем тобының едәуір бөлігі Жарғыға жақтырмай қарағанынан хабардар Батыс Сібір губернаторы П.М.Капцевич өзіне бағыныштыларға реформаларды жүзеге асыру кезінде бейбіт азаматтық өкімдермен әрекет ету, қатаң әділеттілікті ұстану керек екенін көрсетіп, азиялық халықтарға толық үстемдікке ақырын жүріп, анық қадамдар арқылы қол жеткізу үшін асқан сақтық көрсетуге пәрмен берді. Үкіметке қарсы оппозицияны бастап, сонымен бірге Көкшетау округ-тік приказының аға сұлтаны қызметін атқаруды жалғастарап отырған Ғұбайдолла өзінің хан тағын иелену тілегінен бас тартпады және орыс үкіметі арқылы хан құрметіне жету мүмкін еместігіне көз жеткізіп, қыт-айлар жағымен құпия байланыстар жасады. Ғұбайдолла сұлтан Ресей мен Цин империясы жөнінде қосбірлік саясатын өмірінің ақырына дейін ұстанды. Ол Ресейдың барған сайын өсе түскен ықпалын қайткен күнде де бейтараптандыруға және шығыстағы көршісінің қолдауына сүйене отырып немесе екі империяның Қазақстанға ықпал жасау үшін тайталасы үрдісінде Орта жүздің бұрынғы оқшаулығын біршама қалпына келтіруге ұмтылып, қытай жағымен байланыстар жасады. 1825 жылға қарай Ғұбайдолланың ықпалы айтарлықтай өсті және аймақтағы даулы саяси мәселелерді шешуде маңызды факторға айна-лды. Енді қазақ халқы оны дала билеушілеріне тән барлық міндеттері бар заңды әмірші деп есептеді. Ол Омбыға шақырылып, мұнда қамал-ға «отырғызып қойды». Ғұбайдолла сәтін тауып қамаудан шығып жас-ырынды. Сонымен Көкшетау округтік приказының төрағасын сайлау іске аспай, бұл қызмет бос қалды, мұның өзі жергілікті отаршылдық өкімет орнының едәуір дәрежеде беделін түсіріп, қуғынға түскен сұлтан жақтастарының топтасуын тездете және күшейте түсті. Ол жартылай жария жағдайда жүріп, өзін қауіпсіз ету, ал екінші жағынан, Солтүстік-шығыс Қазақстанның көптеген руларын азаттық күресіне тарту мақсатымен патша округтерінің әкімшілік қызметі әлі қамтымаған аудандарға өзінің сенімді адамдарын жіберді, сол арқылы болашақ көтеріліс ошақтарын әзірлемекші болды. Бұл мақсаттың орындалуы үшін Қытайдың қолдауына үміт артқан оның жоспарларына 1825

жылғы 27 сәуірде П.М.Капцевичтың Жеке Сібір корпусының командашысына Ғұбайдолланың «Баянауыл таулар-ына әскерімен келген қытайлық албандармен тікелей қатынастар жасауына» кедергі келтіру ниетімен оны ұстау үшін Сібір шептік казак әскерінің Қарқаралы ішкі отрядының бастығы жүзбасы Карбышевті жіберуге бұйрық беруі кедергі болды. Сұлтан сәтсіздікке ұшырады. Күшейтілген айдаумен Омбыға апарылып, алыстағы сібір қалашығы Березовқа жөнелтті. Оның қозғалысты ұйымдастырудағы тактикалық қателіктері, қоғам-ның қарама-қарсы екі лагерьге жіктелуі тереңдете түскен саяси жағдайдың қиындығы қозғалысты сәтсіздікке ұшыратты. 1822 жылғы Жарғыны күш қолдау әдісімен іске асырудың жалғасты-рылуы, көрнекті Шыңғыс ұрпақтарының қарсылығын елемеу оппозиц-ияның бытыраңқы күштерінің біртұтас қозғалысқа бірігуін тездетті, оны Саржан Қасымұлы сұлтан басқарды.

Ғұбайдолла сұлтанды алыстағы сібір қалашығына жер аудару бүкіл Орта жүз бойынша өрістеп кеткен қозғаласты тоқтата алмады. Соны-мен бір мезгілде Қарқаралы округінің ауылдарындағы толқулар одан әрі күш ала берді, оған Қасым төре балаларының бірі Саржан сұлтан-ның қарамағындағы Қарпық болысының қазақтары ұйытқы болды. Соның нәтижесінде Абылай ұрпақтарының ықпалы күшті болған Орталық Қазақстанда 1825 көктемінде үкіметке қарсы толқулар басталды. Жарғының VI тарауына сәйкес «қазақтардың тәртіпсіздіктері мен бетімен кетушіліктері үшін» жауапкершілік ең алдымен сұлтандарға жүктелгенімен, 1826 жылдың бүкіл жазы бойында Саржан жасақтары-ның белсенді қимылы әлсіремей, барған сайын жаңа болыстарды қозғалысқа тарта берді. Қазақтар арасында ашу-ыза туғзу ниетін ойла-ған көптеген сұлтандар округтік приказдардың бастапқы құрылысын күйрету жөніндегі саяси талапиармен шектелмей, жер-жерде қарулан-ған «көп адамдық» топтастырды, бұл орайда отаршыл әкімшілікке адалдығын сақтап қалған ауылдарды қорқытудан да тайынбады. XlX-дың 20-жылдарының екінші жартысында Орта жүзде уақытша тыныштық орнады: үкімет 1824 жылдың өзінде-ақ ашылған Қарқар-алы, Көкшетау округтерін нығайту жайын ойластырып және 1826 жылы Баянауыл округін құрып, көтеріліске шыққан ауылдардың ізіне түсу үшін ірі казак отрядтарын жабдықтаудан тартынды. Алайда ол округтік приказдарға жақын жерлерде карулы шолғыншылар күзеті күшейтіл-ген казактардың егінші-отырықшылық қоныс тебуін едәуір кеңейтті, олар есіл бойы, ертіс бойы және алтай бекіністерінің гарнизондары-мен қатар шаруалардың отарлауын біртіндеп кеңейте берді, бұл орайда далаға тереңдеп баруға баиылдық жасамады, ал онда нақты билік негізінен алғанда бірте-бірте ілсіреп, барған сайын екінші қатар-ға ығыса түскен бұрынғы хандық басқару құрылымының қолында бол-атын. Бұл жағдай 1830 жылға дейін сақталды. Ресейдің экономикалық мүдделеріне нұқсан келтіріп, империяның Солтүстік Кавказда таулықтарға қарсы соғыс қимылдары үшін ірі күштер бөлуі арта түскен жағдайда аймақта саяси қатысуын әлсірет-кен талай рет керуендерді тонау фактісі Петербург сарайында алыста жатқан және онша мәлим емес азиялық шет аймақта отарлау пробле-масын күш қолданып шешуді жақтаушылардың көзқарасын барынша күшейте берді. 1831 жылдың қазанында Саржан сұлтанның Ташкентке барып Қоқ-анмен жақындасуы, Ресейге қарсы түркі тілдес одақтық бірлестіктің топтасу ықтималдығы көтеріліс жасаған ауылдарға жазалау отрядтар-ының жаппай шабуыл жасауды жалғастыруын тездетті.

Оның үстіне Ресейдің ықпалы біршама күшті сақталып қалған айма-қтарындағы ауылдар оған ағылып келіп жатты. Ал Сарыарқаның қақ ортасында көтерілісшілер қатарын барған сайын жаңа рулар толықты-ра түсті. 1831 жылдың аяғы – 1832 жылдың басында Батыс Сібірдің генерал-губернаторы жергілікті жағдайларды ескере отырып, әр түрлі бағыт-тарда қимыл жасап, Саржан ауылдарының керек-жарақтарымен, мал-жанымен қоныс аударатын аудандарын тарылту және қайсар күреске-рді күресін тоқтатуға немесе өкімет орындарына берілуге мәжбүр ету үшін мұқият жабдықталған бірнеше шағын топтарды аттандырды. Саржан күресі жалғаса берді. Оған қоқанның құсбегісі уәде еткен көмек сөз жүзінде қалды. Саржанның бүкіл далаға таралап кеткен атақ-даңқы қоқандықтар тарапынан қастық туғызды, оның Ұлы жүздің кейбір руларын қамтыған

жігерлі іс-қимылын олар мазасыздана қадаға лап отырған еді, ол аймақтағы қазақ руларынан зекет жинап, бағын-баушылықтың кез келген көрінісін аяусыз басып тастап отыратын ташкент билеушісінің де алаңдаушылығын туғызды. Патша отрядтары ығыстырып, бұрынғысынша қоқан ханының қолдауына уміттенген Саржан Ұлы жүз шегіне көшіп барды, бұл орайда қазақ аймақтарының бытыраңқы күштерін біріктіруге, ташкент құсбегісіне бағынышты қазақ-тарды да өз жағына тартуға тырысқан еді, бұл сұлтанның қоқандық-тармен жанжалына негіз болды. Саржанды ташкент билеушісі 1836 жылдың жазында зұлымдықпен өлтірді. Саржанның, оның інілері Ержанның, Есенгелдінің, сондай-ақ оған еріп барған басқа да атақты қазақтардың қаза табуы азаттық күресінің одан әрі өрістеуіне теріс әсерін тигізді. Саржан сұлтанның есімі, дала дарындары жырға қосқан оның істері мен идеялары патшалық отарлауға қарсы шығушыларды күші тең емес күресті жалғастыруға жігерлендірді. XIX ғасырдың екінші ширегінен бастап Бөкей хандығында қазақ халқына экономикалық қысым еселене түсті, ғасырлар бойы қалып-тасқан қоғамдық қалыптың бірқатар маңызды жақтары күрт қиратыл-ды. Астрахан губернаторының үйінде тәрбие алған Жәңгір хан далаға кейбір салт-дәстүрден бастап, жер қатынастарын, салық саясатын және хан сарайын қоса, хандықтағы қоғамдық түрмыс пен саяси құры-лысты қайта құрудың «аристократиялық-өркениетті» жоспарларын ойластырып оралды. Ол өзіндік салт-дәстүрі бар жартылай көшпелі қазақ қоғамының негізінде хан билігі мен патша тағының саясатына бірдей дәрежеде құлақ асатын, өзінше бір «сауатты» аймақтық хандық құруды ойластырды. Алайда көшпелі және жартылай көшпелі қауымдар ханның бұл «жаңалықтарын» қабылдауға әзір емес еді. Патша әкімшілігінің жергілікті ұйымдарына және негізінен алғанда, патша өкіметінде қызмет арқарған ірі және орташа жергілікті шонжарлар бөлігіне біржақты сүйене отырып, хан билігі зор табандылықпен жүргізген саясат хандық және отаршылдық езгінің күрт күшеюіне, ауылдық-қауымдық жерлерді шонжарлардың жаппай тартып алуына әкеп соқты. Бұл жағдай салдары ретінде шаруашылық өмірдің мықтап бұзылуын, ауылдық ұжымдардың экономикалық әлеуетінің құлдыра-уын, жоқшылыққа ұшырап, кедейленген қожалықтар санының едәуір көбеюін, хан билігінің беделі мен ықпалының күрт құлдырауын, сол кездегі тәртіпті өзгертуге ұмтылушылықты туғызды. **Осындай жағдайда 1836-1838 жылдары кіші жүз қазақтары малшы-шаруалар бұқарасының көтерілісі хандықты мықтап дүр сілкіндірді.**
Шаруалардың бұл көтерілісі жеңіліс тапты. Сол бір тарихи жағдайда оның басқашада бітуі мүмкін емес еді. Алайда көтерілісшілердің бат-ылдығы сүйсінуге лайық. Олар өлкеде езушілерге қарсы күрес туын жоғары сатыға көтеріп, әлеуметтік бостандық жолындағы күрес эста-фетасын жаңа ұрпақтарға ұстатты. Орта жүзде әкімшілік-саяси жаңалықтардың қатаң енгізілуі жағдай-ында отаршылдыққа қарсы күрестің жалғастырылуына тың тыныс қос-қан, қазақ жерлерін біріктіруші Абылай хан ұрпақтарының тар өрісті рулық, әулеттік мүдделерін екінші қатарға ығыстырып, қозғалысқа неғұрлым айқын көрінген халық-азаттық сипатын берген 1837-1847 жылдардағы көтерілісті Абылай немерелерінің бірі - Кенесары (1802-1847) сұлтан басқарды. Айлакер, ерекше сипатты саясатшы ретінде Кенесары сұлтан құдір-етті Ресей империясымен күрес қазақтың үш жүзінің күштерін біріктіру-ді, едәуір құрбандықты, әскери ғана емес, дипломатиялық та күшжігер жұмсауды талап ететінін жақсы білген. Ол халық қозғалысынан бөлініп қалған жекелеген сұлтандардың, старшындардың, билердің бетімен кетушілігін аяусыз басып, Ресей саясатын қолдағандарды қараң жаза-лағанмен, патша үкіметімен түсініспеушіліктерді, негізінен алғанда, бейбіт жолмен шешуді жақтаушы болып қала берді. Ақылды саясатшы Кенесары сұлтан Ресейге қарсы ұзаққа созылып, титықтататын қарулы күрестің бүкіл қиындығын ұғынып, Сібір және Орынбор әкімшіліктерімен келіссөздер жүргізу арқылы үздік дипломат-иялық қасиеттерін көрсетті.
Кенесары үш жүздің дәстүрлі топтарын, рулық бөлімшелерін біріктi-руге барлық амалдарды қолданды. Ресей империясының отаршылдық билігі едәуір берік орныққан Ертіс, Есіл, Жайық шептері бойындағы аудандарды қоспағанда, Кенесары құрған мемлекет өз билігін бүкіл

Қазақстан аумағына таратқан дәстүрлі мемлекет болды. Дегенмен көтерілістің ең басынан-ақ қазақ шонжарлары қарама-қарсы екі лагерьге бөлінді: олардың үкімет қолдаған бір бөлігі отаршы-лдық әкімшіліктің қолдауына сүйеніп өздерінің саяси дұшпандарын күйретуге ұмтылды. Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдай-мендин Кенесарының ымырасыз жауы болды, Кіші жүздің билеуші сұл-тандары Ахмет және Мұхаммед Жантөриндер, Айшуақов сұлтандар көтерілісшілерге қарсы өршеленген күрес жүргізді. Кенесары Жетісуға барғаннан кейін азаттық күресі жетекшісінің өз туыстары, Абылай ханның балалары Әли, Сүйік, Әділдер көтерілісшілер жөнінде ымыра-сыз көзқарас ұстанды. Ал қазақ шонжарларының екінші бөлігі, көтерілісшілерді қолдап Кенесары Қасымов үш жүз қазақтары руларының едәуір бөлігін өз туы астына біріктіре білді. Бір кездерде Кенесары әскерінің саны 20 000 адамға дейін жетті. Көтерілісшілердің ұйытқысы Орта жүздің қатарда-ғы көшпелілері болды. Тарихи деректер бойынша, Құсмұрын, Көкше-тау, Ақмола, Қарқаралы және Баянауыл окрегтерінде ғана көтеріліс-шілерді 80-нен астам сұлтандар, билер, старшындар қолдаған.
1841 жылдың қыркүйегінде қазақтың үш жүзінің ықпалды билері, сұлтандары Кенесары Қасымовты қазақ жерінің ханы етіп сайлады. Қазақ мемлекеттілігі қалпына келтірілді. Бұл көтеріліс әуен бастан-ақ бұқаралық сипат алды. Тегінде XVIII ғасырдың аяғындағы және XlX ғасырдың бірінші жартысындағы азат-тық қозғалыстары тарихында бұл – қазақ рулары қоныстанған негізгі аудандарды қамтыған бірден-бір көтеріліс: оған Орта жүздің ру бірле-стіктеріне қоса, Кіші жүздің шекті, жағалбайлы, табын, алшын, шөме-кей, жаппас және басқа рулары, Ұлы жүздің үйсін, дулат және басқа рулары қатысты. Кенесарыны үш жүздің ханы деп танудың мұрағат деректері арқылы расталатын фактісі оның ұлт мүдделерін бірден – бір, жоғары дәрежеде білдіретін, бүкіл халық сайлаған билеуші ретін-дегі өкілеттігінің заңдылығын дәлелдейді. Кенесарының соғыс қимылдары 1838 жылдың көктемінде Ақмола приказын қоршауға алып, өртеуден басталды. Көп кешікпей көтерілісшілер Торғай даласы өңіріне қоныс аударды. Бұл қадамды өзінің Орынбор шенеуніктеріне жазған хаттарында Кенесары жақын-дап көшіп барып, келіссөздер жүргізуді жеңілдетуге деген тілегімен түсіндіреді. Ал негізінде мақсат Кіші жүзді қамту еді. Жоламан Тілен-шиев батыр бастаған төртқара, шөмекей, табын және басқа рулар көтерілісшілерге қосылды. Бірақ, Ресей империясының өкілдерімен болған келіссөздер күтіл-гендей нәтиже бермеді. 1841 жылдың күзінде Оңтүстікке қарай жорық бастап, қоқандықтардың едәуір күштері орналасқан Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт, Жүлек бекіністерін қоршады. Бұл жағдай бостандық жолын-дағы күрескерлерді жігерлендірді.
Қоқан билеушілерінің 1836 жылы Кенесарының ағасы Саржанды, 1840 жылы әкесі Қасым төрені, ағалары Есенгелді, Ержан сұлтандар-ды және Абылайдың басқа ұрпақтарын сатқындықпен қырып салуы да қозғалыс жетекшісінің қоқанға қарсы көзқарасын қатайта түскен-ді. Қазақ ханының Хиуа ханымен өзара қатынастары әбден сенімділік-те болған. Бұған қоса, Хиуа билеушісі қазақ жасақтарын ара-тұра астықпен, зеңбіректермен, оқ-дәрімен жабдықтап отырды. Ол Бұхара әмірлігі сияқты Кенесарымен өзара қолайлы «одақ» жасасуға әзір болған.Осы мән-жайлардың бәрі Кенесарының өзбек хандықтары жөніндегі саясатының сипатын, мәнін белгілі бір дәрежеде алдын ала анықтап берді, хандықтың әкімшілік басқару құрылымына ықпал жасады. Бұрынғы мемлекеттік құрылыс едәуір қайта ұйымдастырылды. Жоғ-ары кеңесші орган ретіндегі Хан кеңесі халық мүдделеріне берілген батырлардан, билерден, сұлтандардан, туыстарынан тұрды. Бірақ шешуші дауыс Кенесарының өзінде болды. Хан кеңесі шешімдерінің, үндеулерінің ауылдарда таралуын, түсін-дірілуін және орындалуын арнаулы басқару қызметі қадағалап отыр-ды. Мемлекет басында болғанында Кенесары шыққан тегіне қарамас-тан, теңдесі жоқ жеке қасиетін көрсеткен адамдардың басқару ісіне тартылуын көтермелеп отырғандығы тарихтан белгілі. 1846 жылдың жазында Кенесары Балқаш көлінің жағалауындағы Қамал түбегін басып алды. Сол жерден ол жазалау отрядтарына жан-сала қарсыласу мақсатымен жаңа ауылдарды тарту есебінен өз негізін кеңейтуге ниет етті. Бұл жағдайда азық-түлікпен

қамтамасыз етілу аудандарынан шеттеп қалған хан өз ауылдарын астықпен жабдықтау проблемасын өзіне бағынғысы келмеген, жергілікті халықты тұтқында ұстаумен шешпекші болды.... Жетісуда болған кезінде Кенесары қырғыз манаптарына жергілікті халықтан зекет жинау үшін екі мың адамдық жасақ жіберді. Алғашқы қақтығыстардың өзі-ақ қырғыздардың қазақ ханы өктемдігіне бағынба-уға бел байлағанын көрсетті. Кенесарының жасақтары жат жерде ұсақ-түйек қақтығыстарға бар-ғанмен, түбегейлі бетбұрысқа қол жеткізе алмады. 1847 жылғы сәуір-дің ортасына қырғыздар негізгі күштерін біріктірді. Шешуші шайқас 1847 жылғы 17 және 25 сәуір аралығында қазіргі Тоқмаққа жақын, қаз-ақ сарбаздарын қырғыздар қақпанға түсірген терең шатқалда болды... Үш тәулікке созылған тең емес шайқас қазақтардың күшін титықтатты. Жағдайды ұрыс алаңынан Рүстем сұлтан Әбілфейізов пен Сыпатай би Мырзагелдин жасақтарының кенеттен шегініп кетуі қиындата түсті. Кенесары және 30-дан астам сұлтан мен мыңнан астам сарбаз тұтқынға түсті. Олар құлақ естіп көрмеген қатегездікпен өлтірілді. Сөйтіп, құлдықтың қасіретті шынжырын лақтырып тастағысы келген көшпелілердің үміті, қазақтың соңғы ханы осылайша қаза тапты, ол бастаған көтеріліс мақсатына жете алмай жеңіліспен аяқталды. Кенесары бастаған көтерілістің жеңілуіне біршама қайшылықтар мен анықталмаған мән-жайлар өз ықпалын тігізген:
*біріншіден,* Қоқан хандығымен (қазақтарды азат ету үшін) соғыс;
*екіншіден*, қырғыздармен қантөгісу соғысы;
*үшіншіден*, өзін қолдаудан бас тартқан қазақ руларына мейірімсіздігі.
Ал бұлардың барлығына объективтік әсерін тігізген Ресей империясының экспанциясы, яғни тарихи шешуші роль атқарған. Кенесарының жанын пида еткен күресі, оның халық мүдделеріне шексіз берілгендігі, қолбасшылық өнері, капиталистік жүйе орныққанға дейінгі даланың ғажайып кеменгер, өзгеше сипаттағы саясаткері ретін-дегі ерен қасиеттері оны көзінің тірісінде-ақ бүкіл халықтың құрметіне бөледі, оның жеке басы сол дәуірдегі патшалық отаршылдық империя апологеттерінің өзін де қайран қалдырды. Дала өңірінің суырып-салма жыраулары жырға қосқан хан бейнесі бүкіл даланы кеңінен шарлап кетті. XIX ғасырдың 30-жылдарында Қазақстан мен Орта Азия отарлаушы саясат жүргізген ірі мемлекеттердің экспанциялық бақталастығында болуы әр түрлі елдердің әскери-саяси, барлаушылық және насихат қызметтерін едәуір жандандыра түсті. Бұл жағдай Ресейдің осы аймақтағы саясатына тікелей өз асерін тігізді. 1833 жылдың жазында Орынбор өлкесінің әскери губернаторы болып тағайындалған В.А. Перовский өз алдына екі міндет қойды:
*Біріншісі* – орыс билігін мойындамайтын қазақтарды бағындыру;
*Екіншісі* - орыс әскерлерін Орта Азия хандықтарының шекараларына жақындатуды тездету.
Бұл шаралардың жүзеге асырылуы жұртшылықты қатты алаңдатты. Отаршылдар өздерінің кертартпа әрекеттерімен Арал өңірінің байырғы халқын өздеріне қарсы қойып алды. Соның салдарынан халық орыстардың әскери күшіне қарулы қарсылық көрсетті. Қазақтардың бір бөлігі Хиуа мен Қоқан аумағына көшіп кетті. Перовский бұл үрдісті тоқтатуға тырысты. Осы мақсат үшін 1834 жылы полковник Жемчужков қазақ даласына жіберілді. 1836 жылдан 1839 жылға дейін орыс әкім-шілігі қазақтарды тыныштандыру үшін бірнеше жазалау экспедиция-сын жіберді. 1834 жылы Манғыстауда Ново-Александровск бекінісі мен Орскіден Тройцкіге дейінгі әскері шеп салынды 1839-1840 жылдардағы Хиуа жорығы сәтсіздікке ұшырағаннан кейін В.А.Перовскийге Сырдарияның төменгі ағысында жаңа әскери шеп салуға өкім берілді. Ол Қоқан және Хиуа хандықтарының тікелей шекаралары бойында әскери күштерді нығайту, сондай-ақ бұл аймақты стратегиялық, экономикалық тұрғыдан зерттеу, Арал теңізі мен Үстіртті игеру мақсат-ын көздеді. Сол мақсатта орыс әскерлері Сырдарияның сағасын басып алып, онда 1847 жылы Райым бекінісін, ал 1848 жылы Қазалы фортын салды. Бұл әскери шептерді құрудан мақсат Сырдария төменгі ағысы Ақмешітке дейін Ресей аумағы деп саналса да,(өйткені ол Кіші жүздің бір бөлігі болатын), бірақ іс жүзінде бұл аумақ Хиуа ханы билігінде болды. Осындай

жағдайда қазақ халқы орыстар билігіне бағынбай Хиуа, тағы бір бөлігі қоқандықтарға көшіп кетуге тырысқан. Бұл туралы деректер Л.Мейердің 1865 жылы Санкт-Петербургта баспадан шыққан «Киргизская степь Оренбургского ведомства» деген енбегінде келтіріл-ген. Жағдайды өз пайдасына шешу үшін патша үкіметі кейбір ру бас-шыларын марапаттап отырды. Мысалы, 1847 жылы 15 наурызда Ор-ынбор шекаралық комиссиясы сұлтан Баймағамбет Айшуақовка «Үкіме-тке ерекше берілгендігімен көзге түскен қазақтың ұш биін, атап айтқан-да қыпшақ руынан хорунжий Балқожа Жаңбыршинді, Кішкене шекті ру-ынан Жанқожа Нұрмұхамедовті және Үлкен шекті руынан Есет Көтібаровты марапаттау, аталған адамдарға «адалдығы үшін» деген жазуы бар алтын медальмен қоса Анна лентасын тағып жүруге рұқсат етілді» деп хабарлады. Бұған қарамастан қазақ билерінің орыс әкімшілігіне оң көзқарасы ұзаққа созылған жоқ. Орыс әскерлері өздерінің отаршылдық әрекет-терімен Сыр өңірінің қазақтарын өздеріне қарсы қойып ылды. Соның салдарынан халық орыстардың әскери күшіне қарулы қарсылық көрсетті. Жаңа форпостар орыс гарнизондарының біртіндеп Сырдария бойымен жоғары өрлеуіне және қоқандықтардың ірі бекінісі Ақмешітке жақындауына мүмкіндік берді. В.А.Перовский 1852 жылы Ақмешітке шабуыл жасаған болсада, ол қаланы бағындыралмады. Ол қайта шабуылғы шығып 1853 жылғы 28 маусымда 20 күндік қоршаудан кейін Ақмешітті тып-тыйпыл қылып басып алып, өрнына Форд-Перовск әскери бекінісін құрдырды. Сөйтіп, Сырдарияның төменгі ағысында Сырдария шебі құрылып, оған Райымнан Ақмешітке дейінгі аудандар енгізілді. Сырдария әскери шебі 1864 жылы Шымкент алынғанға дейін сақтап қалынды және сол арқылы Қазақстанның кең-байтақ аумағын Ресей толық жаулап алды. Сонымен В.А.Перовскийдің екі әскери-стратегиялық міндеті жүзеге асырылды. Патша үкіметі Хиуа және Қоқан хандықтарына дипломат-иялық арналар бойынша саяси қысым көрсетуді күшейтуге мүмкіндік алды. Патша өкіметі Арал теңізінде кеме жүздіру мақсатында зерттеу жұмыстарын бастады. Олар 1848 жылы «Николай» және «Константин» желкенді екі шхунасы Орынбордан Райым бекінісіне бөлшекреліп түйеге артып әкелінді. 1848-1849 жылдарда А.И.Бутаков басшылық еткен экспедиция Арал теңізін зерттеп, соның негізінде теңіз картасы жасалды.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.К. Қасымұлының басшылығымен болған ұлт-азаттық көтеріліс (1837-1847).

2.Ұлт-азаттық көтерілістің алғышарттары және себептері.

3.Көтерілістің негізгі оқиғалары.

4.Кенесары Қасымұлы бастаған халық - азаттық қозғалысының тарихи маңызы.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.

2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1837-1847 жж.)

. **Кестені толтырыңыз.**

| Көтерілістер жылдары | Негізгі ошақтары | Себептер і | Алғышар ттары | Көтеріліс тердің барысы | Жеңілуле рдің себептері | Тарихи маңызы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с

2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет

3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет

4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.

5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.

6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С

7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С

8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С

9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.

10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с

2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.

3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы

4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.

5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.

6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.

7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.

8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аудармa бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с

9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с

10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С

11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.

12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**
1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

## №15 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс.
**Сағат саны:** 90 мин.
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының алғышарттары, себептері, тарихи маңызы туралы кең мағынада түсіндіру.
Көтеріліс басшылары туралы мәліметтер жасау.
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;

- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1837-1847 жж.)

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1. Қазақстан бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында.
2. 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс.

Бірінші Ресейлік революция жеңілгеннен кейін елде реакция кезеңі басталды. Ереуілге шығуға, жиналыстар өткізуге тиымдар салынды. II - Мемлекеттік Дума таратылып, сайлаудың жаңа жүйесі енгізілді. Жаңа заң бойынша қазақтар сайлау құқығынан айырылды. Төңкерістік қозғалыстарға қатысқандарды сотсыз және тергеусіз жазалайтын тәртіп енгізілді.Реакция жылдары патша өкіметі тек қатаң қудалау жасаумен шектелмей , ауыл шаруашылығанда кулактардан берік тірек жасауды көздеді . 1906 ж. 9 - қарашада Министрлер Кеңесінің төрағасы П. А. Столыпин шаруаларды кауымнан хуторға бөлу туралы жаңа жер иелену заңын шығарды. Столыпиннің аграрлық саясатының құрамдас бөлігі - Сібір Қазақстанға жаппай қоныс аудару болды. 1906 және 1912 жж. аралығында қазақтардан Ресейден қоныс аударғандар үшін 17 млн. астам жер тартылып алынды. 1917 ж. қазан революциясының қарсаңында жалпы Қазақстанда жергілікті халықтан тартып алынған жер көлемі 45 млн. десятинаға, ал қоныс аударып келгендердің саны 1,5 млн. жетті.Ұлттық - отарлық езгінің күшеюі, қоныс аудару саясаты қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсуіне алып келді. Қазақ қоғамындағы әр түрлі идеялық - саяси ағымдар « Айқап » журналы (1911-1915жж.) мен « Қазақ » газетінің ( 1913-1918жж.) бетінде жарық көрді. Олардың беттерінде жер қатынастарының, ағарту мен білім беру ісінің, қазақ ауылдарында тауар-ақша қатынастарын дамыту мәселелері жазылып, патша өкіметінің отаршылдық саясаты әшкереленді.1914 ж. Ресей дүниежүзілік соғысқа тартылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс барлық халықтарға, оның ішінде Қазақстанға да аса ауыр зардаптарын тигізді. Соғыс қажетіне 1914-1916 жж. Түркістан өлкесінен 2089 мың тонна мақта, 300 мын пұт ет, 70 мың жылқы, 13 мыңға жуық түйе, 14 мыңға жуық киіз үй алынды. Соғыстың бірінші жылында тек Жетісу облысынан майдан қажетіне жіберілген мал мен оның өнімдерінің құны 34 млн. сомға жетті . Жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейді.Соғыс елдегі жалпы-ұлттық

дағдарыстың пісіп жетілуін тездетті. Оның айқын көрінісі Қазақстан мен Орта Азияның барлық аймақтарын камтыған 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс болды. Көтерілістің басталуына патшаның 1916 ж. 25 - маусымдағы армияның тыл жұмыстарына Қазақстанның, Орта Азияның және ішінара Сібірдің 19-дан 43 жасқа дейінгі «бұратаналық» еркектерді шақыру жөніндегі жарлығы тікелей себеп болды. Көтерілісті Торғай даласында Әліби Жангелдин мен Амангелді Иманов, Орал облысы мен Бөкей ордаларында Сейтқали Меңдешев , Әбдірахман Әйтиев, Маңғыстауда Жалау Мыңбаев , Ақтөбе даласында Әділбек Майкөтов, Жетісуда Тоқаш Бокин , Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Тұрар Рысқұлов және т.б. басқарды.1916 ж. шілде, тамыз айларында көтеріліс бүкіл қазақ даласын камтып, бірте - бірте ұйымдасқан сипат ала бастады. Оны басу үшін патша өкіметі құрамында жақсы каруланған әскер бөлімдері мен қазақ - орыс отрядтары бар жазалаушы экспедициялар жіберді. Жетісудағы көтеріліс аяусыз басып-жаншылды.Сотсыз және тергеусіз атылғандарды есептемегенде, сот үкімімен Түркістан өлкесінде 1917 ж. 1-ақпанына дейін 347 адам өлім жазасына , 168 адам каторгалық жұмыстарға , 129 адам түрмеге жабылуға кесілді. Соның салдарынан 300 мың қазақтар мен қырғыздар Қытайға қашуға мәжбүр болды. Ал Торғайдағы көтеріліс 1917 ж. ақпан төңкерісіне дейін жалғасты.1916 ж. көтеріліс қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алды. Ол кезінде Кенесары Қасымов бастаған ұл-азаттық қозғалыстан кейін Қазақстанның бүкіл аймақтарын қамтып, бүкіл қазақтық сипат алды.

*Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс*

1914 жылы патшалық Ресей дүниежүзілік соғысқа тартылды. Бұл бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да аса ауыр зардаптарын тигізді. Ол патша шенеуниктері мен жергілікті әкімдердің және байлардың зорлық-зомбылығы мен озбырлығын күшейтті. Соғыс қажетіне Қазақстаннан орасан көп жылқы, ауыл шаруашылық өнімдері жөнелтілді. Жергілікті халықтан алынатын салық 3—4 есе көбейді, шаруалардың ірі қара малы мен мал азығын соғыс қажетіне алу күшейді. Осының бәрі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басының азаюына әкеп соқты. Елдің өнеркәсібіндегі жалпы күйзеліс пен ауыл шаруашыпығының құлдырап күйзелуі Қазақстан экономикасын құлдыратты. Қалалар мен ауылдардағы еңбекші бұқараның жағдайы күрт төмендеді.Кәсіпорын иелерінің, жергілікті буржуазиямен феодалдардың зорлық-зомбылығы 1916 ж. 25 маусымда патша үкіметінін. "Бұратана халықты мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ереже" қабылдауына байланысты тіпті күшейе түсті. Жұмыстан немесе әкімшілік ережелері мен талаптарын орындаудан бас тартқан жұмысшыларды түрмеге отырғызуға немесе үш ай мерзімге тұтқынға алуға, болмаса айып ретінде ақша өндіріп алуға кесетін болды. Азық-түліктің екі-үш есе қымбаттауы да халықтың наразылығын өршіте түсті.Қазақ жастарын майдандағы тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы халықтың шыдамын тауысып, оларды отарлау езгісі мен орта ғасырлық қанауға қарсы көтерілуіне себеп болды. Қазақтардың туу туралы куәлігінің жоғын пайдаланып, болыстық басқармалар мен ауыл старшындары жастарының асқандығына қарамастан кедей жігіттерді майданға жұмысқа алынатын "қара тізімге қосты", ал феодалдар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын жасал бактыМайдан жұмысына қазақ жастарын алу туралы жарлық қазақ халқының зор наразылығын тудырды. Елде болыстық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, қатыгез, жағымсыз байларды өлтіру, ірі феодалдардың иеліктеріне шабуыл жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым-салық қағаздарын т.б. жойып жіберу секілді ашуыза әрекеттері кең орын алды.Қазақстандағы бұл қозғалыс көпшілік аудандар- да ұлт-азаттық сипатта болып, патша өкіметіне, отаршылдыққа, империалистік соғысқа және жергілікті жерлерде патша өкіметінің сүйеніш болып отырған феодал байларға қарсы бағытталды. Бұл қозғалысты еңбекші халықтың өкілдері басқарды.

Торғай даласында қазақ жасақтарын Әліби Жангелдин мен Амангелді Иманов, Орал облысы мен Бөкей ордасында Сейтқали Мендешев, Абдрахман Әйтиев, Маңғыстауда — Жалау Мынбаев, Ақтөбе даласында — Әділбек Майкөтов, Жетісуде — Тоқаш Бокин, Бөкболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Тұрар Рысқұлов т.б. басқарды.1916 жылы шілде, тамыз айларында көтеріліс бүкіл қазақ даласын қамтыды. Оны басу үшін патша өкіметі жазалаушы экспедициялар жіберді. Мәселен, Жетісудағы көтерілісті басуға 16 зеңбірек, 24 пулеметпен қаруланған 8750 солдаты бар 95 рота, 3900 атты әскерден тұратын 24 жүздік жіберілді. Ақмола, Семей облыстарындағы көтеріліс шілерге қарсы генерал Ягодкин басқарған 2 атты жүздік, күшейтілген 11 жаяу әскер ротасы жіберілді. Көтерілістің мейлінше күшті болған жері Торғай облысына құрамында 17 жаяу әскер роталары, 19 казак жүздіктері мен эскадрондары бар зеңбірек пулеметпен қаруланған генерал Лаврентьев басқарған экспедиция жіберілді. 1916 жылғы қарашаның орта шенінде көтерілісшілер күш ала бастаған кезде бұл экспедицияға көмекке Қазан, Пермь, Орынбор қалаларынан қосымша әскерлер жеткізілді. Көтерілісшілер патша әскерлеріне қарсы кескілескен ұрыстар жүргізді.Осы шайқастарды жүздеген қазақ жігіттері өздерінің батыр бабаларының ерлік дәстүрін жалғастырып, есімдерін өшпес даңққа бөледі. Торғай өңірінде Кенесарының қолбасшыларының бірі Иман батырдың немересі Амангелді, оның жауынгер серігі Кейкі батыр дың аттары аңызға айналды. Үлкен қолбасшылық дарынымен бүкіл қазақ халқына танымал болған Амангелді бастаған Торғайдағы көтеріліс 1917 жылғы ақпан революциясына дейін жалғасты.Сипаты жағынан қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы болған 1916 жылғы көтерілістің барысында патша өкіметінің отарлау саясатын жүргізу барысында жойылып кеткен дәстүрлі саяси құрылымды қалпына келтіруге бағыт алған шаралар іске асырылды.Сөйтіп,Торғай өңіріндегі көтерілісшілер Әбдіғаппар Жамбосы ұлын хан көтеріп,Иран, Ауғанстан сияқты елдер мен елшілік және басқа қарым-қатынас жасауға талаптанған жайлар болды. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс шаруалар соғысы еді, ол жалпы Ресейдегі революциялық процестің құрамды бөлігі болды.

*Баспа ісі.*Сонымен XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басына дейінгі кезеңде капиталистік құрылыс пен онымен бірге дамыған әлеуметтік мәдени өзгерістер қазақ мәдениетіндегі бағыт — реовлюцияшыл-демократиялық бағыт анықталды. Демократиялық интеллигенция халықты отырықшылыққа, білімге, ескірген әлеуметтік институттар мен әдет-ғұрыптарды өзгертуге шақырды. Зиялыларға арналған бастауыш мектептер саны көбейіп, қазақ тілінде газеттер мен журнаддар ("Айқап", т.б.) шығарыла бастады. С.Көбеевтің, С.Торайғыровтың, С.Дөнентаевтың, М.Сералиннің поэма, өлең, публицистикаларын халық жоғары бағалады. А.С. Пушкин, Л.Н. Толстой, АП. Чеховтың біраз шығармалары қазақ тіліне аударылды. Орыстың ғалым-геологтары (В.А. 0бручев, т.б.) мен тарихшы, этнографтары И.Ф. Катанов, В.В. Бартольд өлкені одан әрі зерттеді. Жамбыл Жабаевтың, Нүрпейіс Байғаниннің, Кенен Әзірбаевтың, т.б. халық ақындарының творчествосында азаматтық сарын, халық-азаттық күрес басты тақырыпқа айналды. Қазақ баспасөзі мен әдебиеті және музыкасы. 1870-1882 жылдарда Ташкентте «Түркістан уәлаяты газеті», 1888-1902 жылдары Омбыда «Дала уәлаятының газеті» шығып тұрды. Біріншісі Түркістан генерал-губернаторлығының ресми органы болды, ал екіншісін Дала губернаторлығы шығарды. Патша үкіметінің жергілікті әкімшіліктердің өкімі бойынша бұл басылымдар Орта Азия мен Қазақстан жерінде отарлық басып алуды, бұл аймақтардағы халықтарды рухани жағынан бағындыру саясатын насихаттады. Осы мақсатпен газет беттерінде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы мен әдебиеті жөніндегі материалдар жарияланды, ғылым мен техника саласындағы жетістіктер туралы ақпарат аударылып басылды, өлкені шаруашылық жағынан игеру тәжірибесі қорытылды. Жергілікті халықтар арасында бұл газеттердің танымал болуына шығыс әдебиеті классиктері шығармаларын - «Шахнаме», «Фархат-Шырын», «Мың бір түн» және т. б. жариялау үлкен әсерін тигізді. «Түркістан уәлаяты газетінде» 1870 жылы бірінші рет қазақ тілінде Шоқан Уәлиханов туралы, Маңғыстау

қазақтарының көтерілісі және баска да оқиғалар жөніндегі материалдар басылды. Орыс оқырмандары Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың орыс тіліне аударылып берілген шығармаларымен танысты. Дегенмен, бұл ресми басылымдар негізінен Ресей империясының отаршылық саясатын жүргізушілер болды. Оған дәлел ретінде «Түркістан уәлаяты газетінің» 323 нөмірінде жарияланған 633 мақаланың үштен бір бөлігі Ресейдің көрші мемлекеттермен катынастарына, империялық сыртқы саясатын негіздеуге арналғанын айтса да жеткілікті. XX ғасырдың басына қарай Қазақстанда ұлттық қазақ зиялыларының қалыптасу үрдісі жүріп жатты, олардың бір бөлігі еуропалық білім алғандар еді. 1905–1907 жылдардағы революциядан кейін Ресейдегі мұсылмандардың, соның ішінде түрік халықтарының қозғалысы жаңа қарқын алды. Мерзімді баспасөздің пайда болуы мен дамуына капитализмнің, тауар-ақша қатынастарының, көлік пен байланыстың дамуы да, өлкені одан әрі отарлау да себепші болды. Туып келе жатқан ұлттық буржуазияның үстемдік етуші орыс буржуазиясымен бәсекесі, шетел капиталының енуі білім беру, баспасөз және байланыс жүйесі реформасының қажеттігін туғызды.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.1916 жылғы көтерілістің тарихи маңызы.
2.Ақпан, қазан төңкерісінің қазақ қоғамына тигізген әсері.
3.Қазақ өлкесін зерттеген орыс ғалымдарының еңбектерін атаңыз?
4.Мерзімдік басылымдарды атаңдар?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс.

**Кестені толтырыңыз:**

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс

| | | | |
|---|---|---|---|
| Себебі | | | |
| Жарғыдан кейінгі жағдай | | | |
| | | | |
| Көтеріліс болған жерлер | | | |
| Көтерілістің сипаты | | | |
| Қозғаушы күштері | | | |
| Басшылары | | | |
| Көтерілісшілердің алғашқы күрес түрі | | | |
| Қара жұмыстан босатылғандар | | | |
| Басқа ұлт өкілдерінің қатысуы | | | |
| Жеңілу себептері | | | |
| Тарихи маңызы | | | |
| Көтеріліске жөнінде көркем шығармалар | | | |

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с

2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет

3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет

4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.

5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.

6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С

7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С

8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С

9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.

10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с

2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.

3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы

4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.

5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.

6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.

7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.

8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с

9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с

10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С

11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.

12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**


1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/

2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/

3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в ХХ –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/

4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/

История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/

5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/

6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/

7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/

8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/

9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/

10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/

11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/

12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/

13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/

14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/


## №17 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Ресейдегі 1917 ж. төңкерістер. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы. Саяси партиялардың қалыптасуы және қызметтері.

**Сағат саны:** 90 мин.

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: 1917 ж. Ресейдегі ақпан төңкерісінен кейін монархия құлатылып, Қосүкіметтің орнауы, Қазан төңкерісі, Кеңес өкіметінің орнауы орнауы туралы түсінік беру.

-Саяси партиялардың қалыптасуы және қызметтерін, Ұлттық автономиялардың құрылуының тарихи маңызын ашу,түсіндіру.

- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;

- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

**XX ғасыр басындағы Ресейдегі саяси жағдайдың Қазақстанға әсері.**

Патша өкіметінің құлатылуын Қазақстан еңбекшілері саяси және ұлттық азаттық алудың бастамасы ретінде қабылдады. Революциялық халық бұқарасының белсенді қимылдары нәтижесінде өлкеде бұрынғы өкімет өкілдері орындарынан түсіріліп, тұтқынға алынды. Қазақстанда Кеңестер 1917 ж. наурыз-мамыр айларында Семейде, Әулиеатада, Петропавлда, Көкшетауда, Ақмолада, Павлодарда, Оралда, Өскеменде, Атбасарда, Түркістан өлкесінде және т.б. өлкеде құрыла бастады. Жұмысшы табы мен солдат депутаттарының ізінше сәуір-мамыр айларында шаруа депутаттарының кеңестері құрылды. Оларда көпшілік орынды меньшевиктер мен эсерлер алды. Сонымен бірге-буржуазиялық Уақытша үкіметтің жергілікті органдары құралды. Облыстар мен уездерге бұрынғы патша чиновниктерінен, эсерлерден, меньшевиктерден және буржуазиялық ұлтшылдардан Уақытша өкіметтің комиссарлары тағайындалды. Бұл жаңа өкімет органдары өзінің әлеуметтік құрамы, басқару әдістері жағынан революцияға дейінгі патша әкімшілігі жергілікті халыққа қалай қараса, бұл да солай қарады. Патша өкіметі құлатылған соң, Қазақстан большевиктері астыртын жағдайдан шықты. Орынбор және Торғайда, П. Кобезев, Ә.Жангелдин, А. Коростелев, Ақтөбеде В. Ф. Зинченко, Перовскіде А. В. Черняхов, Оралда П. Парамонов, П. Дмитриев, Шымкентте Н. Морозов, Семейде П. Салов, Петропавлда К. Сутюшевтер партиялық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Большевиктік партияның қатарында С. Сейфуллин, Б. Серікбаев, Т. Рысқұлов, С. Арғыншиев және басқалар жұмысшылар мен шаруаларды, солдаттарды революцияның жеңісі жолындағы күреске топтастырды. Уақытша үкіметтің халық күткен аграрлық мәселені шеше алмауы, езілген халықтарға өзін-өзі билеуі немесе автономия алу мәселесін күн тәртібіне қоюға тырыспауы, жұмысшыларға 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу сияқты көкейкесті мәселелерді шешпеуі халық наразылығын одан әрі күшейтті. 1917 ж. жазының соңы мен күзінің бас кезінде бүкіл Ресейдің жер-жерінде бұқараның Уақытша үкіметке деген қарсылығы өсе түсті. Бұл Кеңестердегі

большевиктердің ықпалының артуына жағдай жасады. Ал Корнилов бүлігінің талқандалуы большевиктер беделін біржола көтерді. Осындай жағдайда большевиктер партиясы 1917 жылғы шілде оқиғасынан кейін алынып тасталған «Барлық билік Кеңестерге берілсін» деген ұранды қайта көтерді. Енді бұл ұран қарулы көтеріліске, Уақытша үкіметті құлатуға, пролетариат диктатурасын орнатуға бағытталды. 1917 ж. 24 қазанда (6 қарашада) Петроградта қарулы көтеріліс басталды. Келесі күні көтерілісшілер қаланың ең маңызды объектілерін басып алды. 1917 ж. 25 қазанда (7 қарашада) Әскери-революциялық комитет Уақытша үкіметтің билігінің жойылғандығын жариялады. Осылайша Қазан төңкерісі жеңіске жетті. Қазан қарулы көтерілісінің Петроградта жеңіске жетуі, сондай-ақ Қазақстанмен іргелес Ташкент, Омбы, Орынбор, Астрахань тәрізді ірі қалаларда Кеңес өкіметінің орнауы Қазақстанда да биліктің Кеңестердің қолына өтуіне ықпал етті. Алайда Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату 4 айға, 1917 ж. соңынан 1918 ж. наурызына дейін созылды. Бұл процесс аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени баяу дамуымен, ұлтаралық қатынастардың күрделілігімен, жұмысшылар мен большевиктік ұйымдардың аздығымен шиеленісе түсті. Кеңес өкіметінің Қазақстанда орнына Ленин бастаған большевиктердің халыққа бейбітшілік, жұмысшыларға зауыт пен фабрика, шаруаларға жер, ұлттар мен ұлыстарға теңдік пен бостандақ беру жөніндегі уәдесі өз септігін тигізді. Кеңес үкіметін орнатуға Орал, Жетісу, Сібір, Орынбор казак әскерлері мен құлаған Уақытша үкіметтің жақтастарының табанды қарсылық көрсетуі жағдайды одан әрі шиеленістіре түсті. Кеңес өкіметі Уақытша үкіметтің жақтастары қарулы қарсылық көрсете алмаған Сырдария, Ақмола облыстары және Бөкей Ордасында бейбіт жолмен орнады. Ал, Торғай, Орал, Орынбор, Семей және Жетісу облыстарында Кеңес өкіметін орнату үшін қиян-кескі күрес басталды. Облыстық орталықтар мен уездік қалаларда кеңес өкіметі қызыл гвардиялық отрядтардың және жергілікті горнизондар солдаттарының қарулы көтерілісі арқылы орнады. Перовск (Қызылорда) жұмысшылары мен солдаттары өкімет билігін 1917 ж. 30 қазанда (12 қараша) өз қолына алды. Ташкентте Кеңес үкіметі 1917 жылы 1 қарашада кескілескен ұрыс нәтижесінде орнады. Ал 1917 жылдың қараша айының орта кезінде Кеңес өкіметі Черняев (Шымкент) қаласында жеңді. Қараша-желтоқсан айларында Кеңес өкіметі Әулиеатада, Түркістанда, Қазалыда, Арал поселкесінде және облыстың басқа да ірі елді мекендерінде бейбіт жолмен орнады. Көкшетау, Павлодар, Атбасар, Өскемен уездерінде қазақ-орыс әскерлерінің басым болуынан Кеңес өкіметі үшін күрес біраз қиындыққа кездесті. Кеңес өкіметі 1918 ж. наурыз айында Жаркентте, Сергиопольде (Аягөзде), Талдықорғанда, сәуірдің бас кезінде Лепсіде орнады.

Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін ұлттық, ең алдымен ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелері өткір сипат алып, талқылана бастады. Кеңес өкіметінің ұлттық саясатының негізгі принциптері маңызды екі құжатта - 1917ж. 2 қарашада қабылданған «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында» және 1917 ж. 20 қарашада жарияланған Кеңес өкіметінің «Барлық Ресей және Шығыс мұсылман еңбекшілеріне» үндеуінде көрініс тапты. 1918 ж. қаңтарда кеңестердің Бүкіл ресейлік 3-съезінде В.И.Лениннің дайындаған «Еңбекшілер мен қаналған халықтардың құқықтары Декларациясы» қабылданды. Бұл құжатта Коммунистік партияның кеңес республикасының мемлекеттік құрылымы түріндегі кеңестік федерацияны ымырасыз жақтайтыны айқын көрсетілді. Декларацияда «Кеңестік Ресей Республикасы еркін ұлттар одағының негізіндегі кеңестік ұлттық республикалардың федерациясы түрінде құрылады» делінген. РКФСР құрылғаннан кейін елдің Шығысында жаңа автономиялық республикаларды құруға дайындық жұмыстары басталды. Большевиктік ұйымдар, Қазақстан және Түркістанның Кеңестері кеңестік бүкілқазақ, бүкілтүркістандық съездерін шақыруға дайындала бастады. 1918 ж. көктемінде еліміздің шығысында Түркістан автономиялық Кеңестік социалистік республикасы құрылды. Оның құрылуы 1918 ж. сәуірдің 20-нан 1 мамырға дейін Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі Кеңестерінің V съезінде іске асты. Қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймағы (бұрынғы Сырдария және Жетісу облыстары) Түркістан автономиясының

құрамына кірді. Біракта 1918 ж. қаңтарда кеңестердің 3 - Бүкілресейлік съезі Ленин дайындаған «Еңбекшілер мен қаналушы халықтар құқықтарының Декларациясында» өзге ұлттардың өзін-өзі билеу құқы жоққа шығарылды. Осылайша, әуелі 1918 ж. 5 қаңтарында Бүкілресейлік құрылтай жиналысы, одан кейін 5 ақпанда Ташкент кеңесі шешімімен Қоқанд қаласы шабуылмен алынып, Түркістан автономиясы күшпен таратылды. Қазақстанның қалған жерінде - Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарында және Маңғыстауда қазақ кеңестік мемлекеттілігін құруға дайындық жөніндегі күрделі жұмыс одан әрі жалғастырылды. Қазан төңкерісінен бұрын-ақ қазақ либералдық-демократиялық қозғалысының жетекшілері Қазақстанда кеңестердің бүкілқазақ съезін шақыруға дайындық жұмыстары кеңес өкіметін нығайту процесімен қатар жүргізілді. Мұның өзі шын мәнінде кеңестік мемлекеттікті құру және оны бекіту үшін күрес екендігін көрсетті. Қазақ зиялылары мемлекет құру процесінің кеңестік жолмен шешілуімен келісе алмады. Мұндай қарсылықтың себептері мынада еді: бірінші - қазақ зиялылары әуел бастан тәуелсіз ұлттық автономия құруды жоспарласа, екінші - олар Қазан төңкерісін қабылдамады, сөйтіп Кеңес үкіметін мойындамады, оны заңсыз орнаған үкімет деп есептеді. Сондықтан да «Алаш» зиялылары ұлттық мемлекет құру үшін күрес жүргізді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Ғұмаров, Е.Тұрмухамедов, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжанов құрастырған бағдарламаның жобасы «Қазақ» газетінің 1917ж. 21 қарашадағы санында жарияланды. Бағдарламаның жобасы он тармақтан тұрды. Осы бағдарлама Құрылтай жиналысына сайлауда «Алаш» партиясының ірі табысқа жетуін қамтамасыз етті және 1917 ж. 5-12 желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпы қазақтық съезде қазақ халқының әртүрлі топтарының өкілдерін біріктірді. Төралқа төрағасы Бақтыгерей Құлманов және орынбасарлары Әлихан Бөкейханов, Әзімхан Кенесарин, Халел Досмұхамедов және Омар Қарашев басқарған съезд Қазан төңкерісіне байланысты тез өзгеріп жатқан саяси жағдайдағы «Алаш» партиясының міндеттерін, қазақ автономиясын құру және оның үкіметін қалыптастыру мәселелеріне бірінші кезекте көңіл бөле отырып, қарастырды. Съезде қазақ автономиясы құрамына Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу облыстары және Закаспий облысы мен Алтай губерниясының қазақтар мекендеген аудандары енуге тиіс деп шешті. Съезд Уақытша үкімет құлатылғаннан кейін қалалар мен селоларда, далада қазақтардың өмір сүруіне қауіп-қатер туғызған бей-берекеттік күннен-күнге күшейіп бара жатқандығын атап көрсетті. Сондықтан съезд қазақ халқын «аман алып қалу мақсатымен» «Уақытша Халық Кеңесі» түріндегі билік құру, оған Алаш-Орда (алаш автономиясының үкіметі) деген ат беру жөнінде шешім қабылдап және бүкіл қазақ халқына «бағынатын үкіметіміз осы деп сеніп... басқа үкіметті мойындамай, өз үкіметінің өмірін екі қылмай орындау керектігі» баса ескертілді. Съезд қазақ милициясын құру жоспарын жасады. Оның әрбір облыс бойынша белгілі бір сандық құрамы, уездер бойынша үйрету мен жабдықтау шаралары белгіленді. Милицияны қару-жарақпен қамтамасыз етуді орталық әкімшілік салық салу арқылы алынатын қаржы есебінен жүзеге асыруға тиіс болды. Ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын талап етуін заңды процесс ретінде түсінген «Алаш» азаматтары Кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізіп, ұлттық автономия мәселесін шешуді қолға алды. Осы мақсатта 1918 ж. наурызында Алашорда үкіметінің тапсыруымен Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер Оралдан Мәскеуге барып, Халық Комиссары Кеңесінің төрағасы В.И. Ленинмен және Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен кездесіп, оларға 1917 ж. желтоқсанда өткен екінші қазақ-қырғыз съезінің қаулысын табыс етті. И.В. Сталин қаулымен танысқаннан кейін 19-20 наурызда Семейдегі Ә.Бөкейханов және Х. Ғаббасовпен телефон арқылы сөйлесті. Сөз Алашорда автономиясының мәртебесі туралы болды. Телефон арқылы сұхбаттасудағы И.Сталиннің сөзі «Сарыарқа» газетінің беттерінде қазақ тіліне аударылып жарияланды. Газетте: «Ресейдегі халықтардың құқықтары туралы халық комиссарлары шығарған белгілі ережесі бұл күнге ұлт мәселесі тақырыбын кеңес өкіметінің негізгі қызмет жобасы етіп келеді. Үшінші кеңестер съезі осы ережені жалғастыруға қаулы қылды. Өзінің бізге тапсырып отырған жалпықазақ съезінің

қаулысы түгелімен жоғарғы жобаға сай келеді. Бірақ жалғыз-ақ шарт қоямыз: егер сіздің съездің қаулысы өкілдеріңіздің кеңес өкіметін тануға қарсы болмаса болғаны. Үшінші Кеңестер съезі кеңестік федерация жобасын жасап, бұл жоба Кеңестер съезінің бекітуіне салынсын деп қаулы қабылданды. Бұған қарағанда енді сөзді қойып, іске кірісу керек, яғни тұрмысы бір, салты басқа халықтар жергілікті кеңестермен қосылып, автономия, федерациялау, тегінде басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығаруға съезд шақыратын комиссия құруға тырысу керек. Біз ойлаймыз, жалпы қазақ-қырғыздың өкілдері тез қамданып, ыңғайлы уақытты өткізбей, жергілікті Кеңестермен бірігіп, әлгідей комиссияны құрар. Сізден өтінетініміз, біздің осы жобамызды Алашорданың Кеңесіне салып жауап қайтарсаңыздар екен»,— деген мазмұнда болды. Бұл берілген Сталин сөзіндегі ең елеулі нәрсе оның жалпы қазақ-қырғыз съезі қаулысы мен Ресей халықтарының құқығы туралы декларацияның өзара үндес екендігін мойындауы еді. Міне, осы үндестік Кеңес өкіметіне Алашорданы мойындауға негіз болатындығын білдіріп, Сталин тек жалғыз ғана шарт қояды. Ол өз ретінде Алашорданың Кеңес өкіметін мойындайтындығын мәлімдеуі болатын. И.Сталиннің сөзінен тағы бір жағдайды анық аңғаруға болады. Кеңес өкіметі «басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығару» үшін ең алдымен оны мойындау қажеттілігін талап етті. Сонымен бірге автономия алу мәселесі орталықта шешілетіндігін ескертті. Алашордашылар үшін мұндай жағдай қиындық тудырғанымен олар И.Сталиннің ұсынысын талқылап, автономияға қатысты өз шешімдерін мәлімдеді. Ол қаулы төмендегідей еді: 1918 жылы наурыздың 21-інде Алашорданың мүшелері ұлт жұмысын басқарушы халық комиссары Сталиннің Алаш автономиясы туралы айтқан сөзінен кейін Кеңес өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі деуге қаулы қылып, төмендегі өз шарттарын білдіріп: «Желтоқсанның 5-нен 13-іне дейін Орынборда болған жалпықазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша тоқтаусыз Алаш автономиясын жариялайтындықтарын, Алаш автономиясының құрамына: Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Сырдария, Ферғана, Жетісу, Бөкей ордасы, Закаспий облысының Маңғышлақ уезі, Самарқанд облысының Жизақ уезі, Әмудария әнделі (бөлімі), Алтай губерниясына қараған Бийскі, Барнауыл, Змеиногор уездеріндегі қазақтар мекендеген аудандар енуге тиіс-тін, Алаш автономиясында заң шығаратын, ел билейтін үкімет Алашорда болатындығын, Қазақ-қырғыз істері туралы елші ретінде кеңес өкіметінің қасында болуға Алашорда мүшелері Халел һәм Жаһанша Досмұхамедовтар жіберілетіндігін ескертіп, жергілікті Кеңестердің бұйрығы бойынша ұсталып, абақтыда жатқан Алашорданың мүшелерін тоқтаусыз босатып, мұнан былай оларды өтірік шағым, жаламен қуғын-сүргінге ұшыратуды тоқтатуды» талап етті. Өкінішке орай, Ұлт істері жөніндегі халық комиссары Алашорданың қойған талап-шарттарына тікелей ресми түрде жауап бермеді. Себебі, алашордалықтардың автономия құру жөніндегі талаптары Кеңес өкіметінің мүддесіне қайшы келетін еді. Ұлт мәселесін пролетарлық диктатураның құрамдас бөлігі ретінде қарастыратын кеңес өкіметіне алаштықтардың ұсынысы керағар болғандығын аңғару қиын емес. Сондықтан да 1918 жылдың 28 наурызында Мәскеуден Семейдегі Қазақ комитетіне И.Сталин және мұсылмандар ісі бойынша комиссар Вахитов қол қойған жедел-хат келді. Жеделхатта «қырғыз істері бойынша Комиссариат құру үшін тез арада өкілдер жіберу» жөнінде айтылды. Мұның өзі Кеңес өкіметінің өлкедегі барлық істі өз қолдарына алғандығын көрсетті. Осы жылдың 29-наурызында Семейге Х.Ғаббасовтың атына Мәскеудегі Алашорда үкіметінің өкілдері Халел және Жаһанша Досмұхамедовтерден жеделхат келді. Онда Кеңес өкіметінің тұтқынға алынған қазақ қайраткерлерін тегіс босату туралы облыстық кеңестерге әмір бергендігі және Алашорда өкіметінің қойған талаптарына таяу арада жауап беруге уәде еткендігі айтылды. Жеделхатта Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанынан қазақ бөлімі ашылып, оның құрамына қазақ халқының өкілдерін сайлау құқығы Алашордаға берілетіндігі де айтылған. «Сырдария» газетінде жарияланған осындай мәліметтер шындыққа жанасады. Оған дәлел ретінде Алашорда атынан РКФСР-дің Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И. Сталинмен

Семейден тура телеграф сымы арқылы келіссөз жүргізген Халел Ғаббасовтың 1929 жылғы қарашаның 10-ында ОГПУ-дің тергеушісіне берген жауабын келтіруге болады. Онда былай делінген: «Келіссөздерде мен Кеңес өкіметінің декларациясының идеяларына сәйкес қазақ халқының өзін-өзі билеу құқығының кедергісіз жүзеге асырылуын талап еттім. Барлығы есімде жоқ, дегенмен де мен он төрт тармақтан тұратын талаптар қойдым. Олардың жадымда қалған негізгілері: таратылған қазақ мекемелерін қалпына келтіру, Кеңес өкіметі жағдайындағы ұлттық автономияны құру, қазақ халқының тұтқынға алынған қайраткерлерін босату. Сталиннің жауабының мазмұны Алашорда Кеңес өкіметін мойындағанда ғана Қазақстанның Құрылтай съезін шақыруға әрекеттер жасалады дегенге сайды... Біз Сталинге телеграф арқылы Кеңес өкіметін мойындайтынымызды мәлімдеп, сол кезде Москвада жүрген Досмұхамедовтерге Орталық үкімет алдында біздің мүдделерімізді қорғауды тапсырдық... Осылайша Халел және Жаһанша Досмұхамедовтердің Мәскеуге Кеңес үкіметі басшыларымен кездесулері мен телеграф арқылы Сталинмен жүргізген келіссөздерінде кеңес үкіметінің ұлттық тұтастық негіздегі қазақ мемлекеттігін мойындамайтындығын, тек кеңестік негіздегі автономия беруге даяр екендігін көрсетіп берді. Қысқасы Кеңес үкіметінің бұл мәселе жөніндегі ұстанымы: «Өзін-өзі билеу принципі социализм үшін күрес құралы болу керек және социализм мүдделеріне бағындырылуы тиіс»,—дегенге сайды. Кеңес өкіметінің мұндай ұстанымы Семей облысынан өзге де кеңестерге В.И. Ленин мен И. Сталиннің атынан жолданған жеделхаттардан айқын көрінді. Мәселен, Ақмола Кеңесі Мәскеуден келіссөздер жүргізу нәтижесінде орталықтан мынадай мазмұндағы жеделхат алған, онда: «Кеңес билігі большевиктердің қабылданған бағдарламасына сәйкес патша өкіметі кезінде қаналған барлық халықтарға автономия береді. Қазақ халқы өз территориясына лайық автономия құруға дайындала берсін»,— делінген. Әйтсе де іс жүзінде Кеңес өкіметі Алашорда үкіметінің өзін де, талаптарын да мойындағысы келмеді. Сондықтан да Х.Ғаббасов 1918 жылдың 1 сәуірінде РКФСР Халық Комиссарлары мен Ұлт істері жөніндегі комиссариатқа жеделхат жолдап, қазақ халқының ұлттық тұтастық мүддесін көздейтін Алашорда өкіметін тез арада ресми түрде мойындауын тағы да талап етті. Кеңес өкіметі мұндай талаптарды жауапсыз қалдырды. Осылайша алаштықтардың Кеңес үкіметі шеңберінде біртұтас ұлттық мемлекет құруға талпынысы нәтижесіз аяқталды. Большевиктер Алаш партиясына ұлттық буржуазия мен феодалдық топтардың таптық мүддесін қорғайтын, пролетарлық революция жолындағы кедергі есебінде қарады. Алаш басшыларының Кеңес үкіметімен жүргізілген келіссөздердің нәтижесіз аяқталуына 1917 ж. күзінде құрылған, жетекшісі Көлбай Тоғысов болған, өздерін «Қырғыз (қазақ) социалистік партиясы» деп атаған «Үш жүз» партиясы да ықпал жасады. Бұл негізінен ұсақ-буржуазиялық социалистік партия еді. Партияның саяси көзқарасы мен практикалық іс-әрекеті 1917 жылдың күзінен 1918 жылдың басына дейін елеулі түрде өзгерді. Әуелгі кезде «үшжүзшілер» социалист-революциөнерлер партиясымен одақтасу бағытын ұстанса, 1918 жылдың қаңтарынан бастап Кеңес үкіметін жер-жерде ұйымдастырып, нығайту ісіне белсенді түрде араласып кетеді. 1918 жылдың бас кезінен-ақ «үш жүзшілер» большевиктермен одақтасып, Алашордаға қарсы күресті.

1917 жылдың басында Ресейде революциялық жаңа толқын көтерілді. Патша өкіметі бұқараның жаппай қаруланауынан қатты сескене бастады. Революциялық дағдарыстың пісіп-жетіліп келе жатқандығы ұлт аймақтарында оның ішінде Қазақстанда да сезіле басталды. 1917 жылы 27 ақпанда Петроградта буржуазиялық-демократиялық революция жеңіске жетті. Патша өкіметі құлатылып, министрлер мен көрнекті шенеуніктері тұтқынға алынды. Патша өкіметі құлатылғаннан кейін бүкіл Ресейдегі сияқты Қазақстанда да қос өкімет орнады. Бұрынғы патша чиновниктері, эсерлер, меньшевиктер және буржуазиялық ұлтшылдар басқарған буржуазиялық Уақытша өкіметтің органдары мен бірге халықтық өкіметтің жаңа органдары жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Кеңестері құрылды. Патша өкіметінің құлатылуын Қазақстан еңбекшілері саяси және ұлттық азаттық алудың бастамасы ретінде

қабылдады. Революциялық халық бұқарасының белсенді қимылдары нәтижесінде өлкеде бұрынғы өкімет өкілдері орындарынан түсіріліп, тұтқынға алынды. Буржуазиялық-демократиялық Ақпан революциясының жеңіске жетуі өлкедегі еңбекшілердің саяси белсенділігін өсірді. Қазақстанда Кеңестер 1917ж. наурыз-мамыр айларында Семейде, Әулиеатада, Петропавлда, Көкшетауда, Ақмолада, Павлодарда, Оралда, Өскеменде, Атбасарда, Түркістан өлкесінде және т.б. өлкеде құрыла бастады. Жұмысшы табы мен солдат депутаттарының ізінше сәуір-мамыр айларында шаруа депутаттарының кеңестері құрылды. Оларда көпшілік орынды меньшевиктер мен эсерлер алды. Сонымен бірге-буржуазиялық Уақытша үкіметтің жергілікті органдары құралды. Облыстар мен уездерге бұрынғы патша чиновниктерінен, эсерлерден, меньшевиктерден және буржуазиялық ұлтшылдардан Уақытша өкіметтің комиссарлары тағайындалды. Бұл жаңа өкімет органдары өзінің әлеуметтік құрамы, басқару әдістері жағынан революцияға дейінгі патша әкімшілігі жергілікті халыққа қалай қараса, бұл да солай қарады. Патша өкіметі құлатылған соң, Қазақстан большевиктері астыртын жағдайдан шықты. Орынбор және Торғайда, П. Кобезев, Ә.Жангелдин, А. Коростелев, Ақтөбеде В. Ф. Зинченко, Перовскіде А. В. Черняхов, Оралда П. Парамонов, П. Дмитриев, Шымкентте Н. Морозов, Семейде П. Салов, Петропавлда К. Сутюшевтер партиялық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Большевиктік партияның қатарында С. Сейфуллин, Б. Серікбаев, Т. Рысқулов, С. Арғыншиев және басқалар жұмысшылар мен шаруаларды, солдаттарды революцияның жеңісі жолындағы күреске топтастырды. Уақытша үкіметтің халық күткен аграрлық мәселені шеше алмауы, езілген халықтарға өзін-өзі билеуі немесе автономия алу мәселесін күн тәртібіне қоюға тырыспауы, жұмысшыларға 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу сияқты көкейкесті мәселелерді шешпеуі халық наразылығын одан әрі күшейтті. 1917 ж. жазының соңы мен күзінің бас кезінде бүкіл Ресейдің жер-жерінде бұқараның Уақытша үкіметке деген қарсылығы өсе түсті. Бұл Кеңестердегі большевиктердің ықпалының артуына жағдай жасады. Ал Корнилов бүлігінің талқандалуы большевиктер беделін біржола көтерді. Осындай жағдайда большевиктер партиясы 1917 жылғы шілде оқиғасынан кейін алынып тасталған «Барлық билік Кеңестерге берілсін» деген ұранды қайта көтерді. Енді бұл ұран қарулы көтеріліске, Уақытша үкіметті құлатуға, пролетариат диктатурасын орнатуға бағытталды. 1917 ж. 24 қазанда (6 қарашада) Петроградта қарулы көтеріліс басталды. Келесі күні көтерілісшілер қаланың ең маңызды объектілерін басып алды. 1917 ж. 25 қазанда (7 қарашада) Әскери-революциялық комитет Уақытша үкіметтің билігінің жойылғандығын жариялады. Осылайша Қазан төңкерісі жеңіске жетті.

Қазан қарулы көтерілісінің Петроградта жеңіске жетуі, сондай-ақ Қазақстанмен іргелес Ташкент, Омбы, Орынбор, Астрахань тәрізді ірі қалаларда Кеңес өкіметінің орнауы Қазақстанда да биліктің Кеңестердің қолына өтуіне ықпал етті. Алайда Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату 4 айға, 1917 ж. соңынан 1918 ж. наурызына дейін созылды. Бұл процесс аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени баяу дамуымен, ұлтаралық қатынастардың күрделілігімен, жұмысшылар мен большевиктік ұйымдардың аздығымен шиеленісе түсті. Кеңес өкіметінің Қазақстанда орнына Ленин бастаған большевиктердің халыққа бейбітшілік, жұмысшыларға зауыт пен фабрика, шаруаларға жер, ұлттар мен ұлыстарға теңдік пен бостандақ беру жөніндегі уәдесі өз септігін тигізді. Кеңес үкіметін орнатуға Орал, Жетісу, Сібір, Орынбор казак әскерлері мен құлаған Уақытша үкіметтің жақтастарының табанды қарсылық көрсетуі жағдайды одан әрі шиеленістіре түсті. Кеңес өкіметі Уақытша үкіметтің жақтастары қарулы қарсылық көрсете алмаған Сырдария, Ақмола облыстары және Бөкей Ордасында бейбіт жолмен орнады. Ал, Торғай, Орал, Орынбор, Семей және Жетісу облыстарында Кеңес өкіметін орнату үшін қиян-кескі күрес басталды. Облыстық орталықтар мен уездік қалаларда кеңес өкіметі қызыл гвардиялық отрядтардың және жергілікті горнизондар солдаттарының қарулы көтерілісі арқылы орнады. Перовск (Қызылорда) жұмысшылары мен солдаттары өкімет билігін 1917 ж. 30 қазанда

(12 қараша) өз қолына алды. Ташкентте Кеңес үкіметі 1917 жылы 1 қарашада кескілескен ұрыс нәтижесінде орнады. Ал 1917 жылдың қараша айының орта кезінде Кеңес өкіметі Черняев (Шымкент) қаласында жеңді. Қараша-желтоқсан айларында Кеңес өкіметі Әулиеатада, Түркістанда, Қазалыда, Арал поселкесінде және облыстың басқа да ірі елді мекендерінде бейбіт жолмен орнады. Көкшетау, Павлодар, Атбасар, Өскемен уездерінде қазақ-орыс әскерлерінің басым болуынан Кеңес өкіметі үшін күрес біраз қиындыққа кездесті. Кеңес өкіметі 1918 ж. наурыз айында Жаркентте, Сергиопольде (Аягөзде), Талдықорғанда, сәуірдің бас кезінде Лепсіде орнады. 1917 ж. соңы мен 1918 ж. наурызы аралығында Кеңес өкіметі Қазақстанда негізінен қалалар мен басқа да ірі халық тығыз орналасқан жерлерде орнады. Кеңес өкіметін орнатумен бірге өлкенің шаруашылығы мен мәдениетін қайта құру шаралары қатар жүргізілді. Өнеркәсіп орындарында, мәселен Спасск зауытында, Қарағанды шахтасында, Успен кенішінде, Ембі мұнай кәсіпорындарында бақылау қойылып, сондай-ақ банктер мемлекет меншігіне көшірілді. Кеңестердің екінші Бүкіл ресейлік съезінде қабылданған Жер туралы декрет бойынша алғашқы шаралар жүргізіле бастады. Қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен бастап-ақ облыстық және уездік орталықтарда да жұмысшылар мен шаруалардың өкіметін нығайту ісі, ауылдық және селолық Кеңестерді құру ісімен бірге жүргізді. Алайда ауылдың экономикалық және мәдени жағынан артта қалуынан туындаған қиыншылықтар, әлі де күшті рулық байланыстар қазақ ауылдары мен болыстарында Кеңес өкіметінің органдарын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарын қиындатты. 1918 жылдың күзінен бастап басқарудағы ала-құлалық жойылып, билік Кеңес атқару комитеттері қолына алына бастады. Сонда да болса, ауыл-селоларда әлі Кеңестер күш ала алмай жатты. Кеңес өкіметінің нұсқау, жарлықтарын іске асыруға қарсылық күшті болды. Халық азық-түлік тапшылығынан зардап шекті. Кеңес өкіметіне қарсы күштер бас көтерді. Кеңеске қарсы күштердің қарсылығын басу үшін, жергілікті жерлерде өкімет билігін нығайту қажет болды. Кеңес өкіметін нығайту жолындағы күресте облыстық және уездік кеңестер съездері көп рөл атқарды. Облыстық, уездік, болыстық кеңестерде жер, азық-түлік, шаруашылық, сот, бақылау, қаржы бөлімдерінің жұмысын жолға қоюға бағытталған шаралар іске асырылды. Кеңестердің жанынан еңбек, ағарту, денсаулық сақтау т.б. бөлімдері ашылды. Кеңес қызметкерлерін даярлайтын курстар жұмыс істей бастады. Осындай төңкерістік шараларды іске асыру барысында, асыра сілтеушілік, солақайлық, теріс әрекеттер орын алып, Кеңес өкіметіне деген сенімсіздік күшейді. Әсіресе, Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін ұлттық, ең алдымен ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелері өткір сипат алып, талқылана бастады. Кеңес өкіметінің ұлттық саясатының негізгі принциптері маңызды екі құжатта - 1917ж. 2 қарашада қабылданған «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында» және 1917 ж. 20 қарашада жарияланған Кеңес өкіметінің «Барлық Ресей және Шығыс мұсылман еңбекшілеріне» үндеуінде көрініс тапты. 1918 ж. қаңтарда кеңестердің Бүкіл ресейлік 3-съезінде В.И.Лениннің дайындаған «Еңбекшілер мен қаналған халықтардың құқықтары Декларациясы» қабылданды. Бұл құжатта Коммунистік партияның кеңес республикасының мемлекеттік құрылымы түріндегі кеңестік федерацияны ымырасыз жақтайтыны айқын көрсетілді. Декларацияда «Кеңестік Ресей Республикасы еркін ұлттар одағының негізіндегі кеңестік ұлттық республикалардың федерациясы түрінде құрылады» делінген. РКФСР құрылғаннан кейін елдің Шығысында жаңа автономиялық республикаларды құруға дайындық жұмыстары басталды. Большевиктік ұйымдар, Қазақстан және Түркістанның Кеңестері кеңестік бүкілқазақ, бүкілтүркістандық съездерін шақыруға дайындала бастады. 1918 ж. көктемінде еліміздің шығысында Түркістан автономиялық Кеңестік социалистік республикасы құрылды. Оның құрылуы 1918 ж. сәуірдің 20-нан 1 мамырға дейін Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі Кеңестерінің V съезінде іске асты. Қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймағы (бұрынғы Сырдария және Жетісу облыстары) Түркістан автономиясының құрамына кірді. Бірақта 1918 ж. қаңтарда кеңестердің 3 - Бүкілресейлік съезі Ленин дайындаған «Еңбекшілер мен қаналушы халықтар құқықтарының Декларациясында» өзге

ұлттардың өзін-өзі билеу құқы жоққа шығарылды. Осылайша, әуелі 1918 ж. 5 қаңтарында Бүкілресейлік құрылтай жиналысы, одан кейін 5 ақпанда Ташкент кеңесі шешімімен Қоқанд қаласы шабуылмен алынып, Түркістан автономиясы күшпен таратылды. Қазақстанның қалған жерінде - Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарында және Маңғыстауда қазақ кеңестік мемлекеттілігін құруға дайындық жөніндегі күрделі жұмыс одан әрі жалғастырылды. Қазан төңкерісінен бұрын-ақ қазақ либералдық-демократиялық қозғалысының жетекшілері Қазақстанда кеңестердің бүкілқазақ съезін шақыруға дайындық жұмыстары кеңес өкіметін нығайту процесімен қатар жүргізілді. Мұның өзі шын мәнінде кеңестік мемлекеттікті құру және оны бекіту үшін күрес екендігін көрсетті. Қазақ зиялылары мемлекет құру процесінің кеңестік жолмен шешілуімен келісе алмады. Мұндай қарсылықтың себептері мынада еді: бірінші - қазақ зиялылары әуел бастан тәуелсіз ұлттық автономия құруды жоспарласа, екінші - олар Қазан төңкерісін қабылдамады, сөйтіп Кеңес үкіметін мойындамады, оны заңсыз орнаған үкімет деп есептеді. Сондықтан да «Алаш» зиялылары ұлттық мемлекет құру үшін күрес жүргізді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Ғұмаров, Е.Тұрмухамедов, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжанов құрастырған бағдарламаның жобасы «Қазақ» газетінің 1917ж. 21 қарашадағы санында жарияланды. Бағдарламаның жобасы он тармақтан тұрды. Осы бағдарлама Құрылтай жиналысына сайлауда «Алаш» партиясының ірі табысқа жетуін қамтамасыз етті және 1917 ж. 5-12 желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпы қазақтық съезде қазақ халқының әртүрлі топтарының өкілдерін біріктірді. Төралқа төрағасы Бақтыгерей Құлманов және орынбасарлары Әлихан Бөкейханов, Әзімхан Кенесарин, Халел Досмұхамедов және Омар Қарашев басқарған съезд Қазан төңкерісіне байланысты тез өзгеріп жатқан саяси жағдайдағы «Алаш» партиясының міндеттерін, қазақ автономиясын құру және оның үкіметін қалыптастыру мәселелеріне бірінші кезекте көңіл бөле отырып, қарастырды.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.Алашорда үкіметі
2.Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылуы.

Патша өкіметі құлатылған соң, Қазақстан большевиктері астыртын жағдайдан шықты. Орынбор және Торғайда, П. Кобезев, Ә.Жангелдин, А. Коростелев, Ақтөбеде В. Ф. Зинченко, Перовскіде А. В. Черняхов, Оралда П. Парамонов, П. Дмитриев, Шымкентте Н. Морозов, Семейде П. Салов, Петропавлда К. Сутюшевтер партиялық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Большевиктік партияның қатарында С. Сейфуллин, Б. Серікбаев, Т. Рысқұлов, С. Арғыншиев және басқалар жұмысшылар мен шаруаларды, солдаттарды революцияның жеңісі жолындағы күреске топтастырды. Уақытша үкіметтің халық күткен аграрлық мәселені шеше алмауы, езілген халықтарға өзін-өзі билеуі немесе автономия алу мәселесін күн тәртібіне қоюға тырыспауы, жұмысшыларға 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу сияқты көкейкесті мәселелерді шешпеуі халық наразылығын одан әрі күшейтті. 1917 ж. жазының соңы мен күзінің бас кезінде бүкіл Ресейдің жер-жерінде бұқараның Уақытша үкіметке деген қарсылығы өсе түсті. Бұл Кеңестердегі большевиктердің ықпалының артуына жағдай жасады. Ал Корнилов бүлігінің талқандалуы большевиктер беделін біржола көтерді. Осындай жағдайда большевиктер партиясы 1917 жылғы шілде оқиғасынан кейін алынып тасталған «Барлық билік Кеңестерге берілсін» деген ұранды қайта көтерді. Енді бұл ұран қарулы көтеріліске, Уақытша үкіметті құлатуға, пролетариат диктатурасын орнатуға бағытталды. 1917 ж. соңы мен 1918 ж. наурызы аралығында Кеңес өкіметі Қазақстанда негізінен қалалар мен басқа да ірі халық тығыз орналасқан жерлерде орнады. Кеңес өкіметін орнатумен бірге өлкенің шаруашылығы мен мәдениетін қайта құру шаралары қатар жүргізілді. Өнеркәсіп орындарында, мәселен Спасск зауытында, Қарағанды шахтасында, Успен кенішінде, Ембі мұнай кәсіпорындарында бақылау қойылып, сондай-ақ банктер мемлекет меншігіне көшірілді. Кеңестердің екінші Бүкіл ресейлік съезінде қабылданған Жер туралы декрет бойынша алғашқы шаралар жүргізіле бастады. РКФСР құрылғаннан кейін елдің Шығысында

жаңа автономиялық республикаларды құруға дайындық жұмыстары басталды. Большевиктік ұйымдар, Қазақстан және Түркістанның Кеңестері кеңестік бүкілқазақ, бүкілтүркістандық съездерін шақыруға дайындала бастады. 1918 ж. көктемінде еліміздің шығысында Түркістан автономиялық Кеңестік социалистік республикасы құрылды. Оның құрылуы 1918 ж. сәуірдің 20-нан 1 мамырға дейін Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі Кеңестерінің V съезінде іске асты. Қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймағы (бұрынғы Сырдария және Жетісу облыстары) Түркістан автономиясының құрамына кірді. Біракта 1918 ж. қаңтарда кеңестердің 3 - Бүкілресейлік съезі Ленин дайындаған «Еңбекшілер мен қаналушы халықтар құқықтарының Декларациясында» өзге ұлттардың өзін-өзі билеу құқы жоққа шығарылды. Осылайша, әуелі 1918 ж. 5 қаңтарында Бүкілресейлік құрылтай жиналысы, одан кейін 5 ақпанда Ташкент кеңесі шешімімен Қоқанд қаласы шабуылмен алынып, Түркістан автономиясы күшпен таратылды. Қазақстанның қалған жерінде - Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарында және Маңғыстауда қазақ кеңестік мемлекеттілігін құруға дайындық жөніндегі күрделі жұмыс одан әрі жалғастырылды. Қазан төңкерісінен бұрын-ақ қазақ либералдық-демократиялық қозғалысының жетекшілері Қазақстанда кеңестердің бүкілқазақ съезін шақыруға дайындық жұмыстары кеңес өкіметін нығайту процесімен қатар жүргізілді. Мұның өзі шын мәнінде кеңестік мемлекеттікті құру және оны бекіту үшін күрес екендігін көрсетті. Қазақ зиялылары мемлекет құру процесінің кеңестік жолмен шешілуімен келісе алмады. Мұндай қарсылықтың себептері мынада еді: бірінші - қазақ зиялылары әуел бастан тәуелсіз ұлттық автономия құруды жоспарласа, екінші - олар Қазан төңкерісін қабылдамады, сөйтіп Кеңес үкіметін мойындамады, оны заңсыз орнаған үкімет деп есептеді. Сондықтан да «Алаш» зиялылары ұлттық мемлекет құру үшін күрес жүргізді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Ғұмаров, Е.Тұрмухамедов, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжанов құрастырған бағдарламаның жобасы «Қазақ» газетінің 1917ж. 21 карашадағы санында жарияланды. Бағдарламаның жобасы он тармақтан тұрды. Осы бағдарлама Құрылтай жиналысына сайлауда «Алаш» партиясының ірі табысқа жетуін қамтамасыз етті және 1917 ж. 5-12 желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпы қазақтық съезде қазақ халқының әртүрлі топтарының өкілдерін біріктірді. Төралқа төрағасы Бақтыгерей Құлманов және орынбасарлары Әлихан Бөкейханов, Әзімхан Кенесарин, Халел Досмұхамедов және Омар Қарашев басқарған съезд Қазан төңкерісіне байланысты тез өзгеріп жатқан саяси жағдайдағы «Алаш» партиясының міндеттерін, қазақ автономиясын құру және оның үкіметін қалыптастыру мәселелеріне бірінші кезекте көңіл бөле отырып, қарастырды.

Съезде қазақ автономиясы құрамына Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу облыстары және Закаспий облысы мен Алтай губерниясының қазақтар мекендеген аудандары енуге тиіс деп шешті. Съезд Уақытша үкімет құлатылғаннан кейін қалалар мен селоларда, далада қазақтардың өмір сүруіне қауіп-қатер туғызған бей-берекеттік күннен-күнге күшейіп бара жатқандығын атап көрсетті. Сондықтан съезд қазақ халқын «аман алып қалу мақсатымен» «Уақытша Халық Кеңесі» түріндегі билік құру, оған Алаш-Орда (алаш автономиясының үкіметі) деген ат беру жөнінде шешім қабылдап және бүкіл қазақ халқына «бағынатын үкіметіміз осы деп сеніп... басқа үкіметті мойындамай, өз үкіметінің өмірін екі қылмай орындау керектігі» баса ескертілді. Съезд қазақ милициясын құру жоспарын жасады. Оның әрбір облыс бойынша белгілі бір сандық құрамы, уездер бойынша үйрету мен жабдықтау шаралары белгіленді. Милицияны қару-жарақпен қамтамасыз етуді орталық әкімшілік салық салу арқылы алынатын қаржы есебінен жүзеге асыруға тиіс болды. Ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын талап етуін заңды процесс ретінде түсінген «Алаш» азаматтары Кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізіп, ұлттық автономия мәселесін шешуді қолға алды. Осы мақсатта 1918 ж. наурызында Алашорда үкіметінің тапсыруымен Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер Оралдан Мәскеуге барып, Халық Комиссары Кеңесінің төрағасы В.И. Ленинмен және Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен кездесіп, оларға 1917 ж. желтоқсанда өткен екінші қазақ-қырғыз съезінің

қаулысын табыс етті. И.В. Сталин қаулымен танысқаннан кейін 19-20 наурызда Семейдегі Ә.Бөкейханов және Х. Ғаббасовпен телефон арқылы сөйлесті. Сөз Алашорда автономиясының мәртебесі туралы болды. Телефон арқылы сұхбаттасудағы И.Сталиннің сөзі «Сарыарқа» газетінің беттерінде қазақ тіліне аударылып жарияланды. Газетте: «Ресейдегі халықтардың құқықтары туралы халық комиссарлары шығарған белгілі ережесі бұл күнге ұлт мәселесі тақырыбин кеңес өкіметінің негізгі қызмет жобасы етіп келеді. Үшінші кеңестер съезі осы ережені жалғастыруға қаулы қылды. Өзінің бізге тапсырып отырған жалпықазақ съезінің қаулысы түгелімен жоғарғы жобаға сай келеді. Бірақ жалғыз-ақ шарт қоямыз: егер сіздің съездің қаулысы өкілдеріңіздің кеңес өкіметін тануға қарсы болмаса болғаны. Үшінші Кеңестер съезі кеңестік федерация жобасын жасап, бұл жоба Кеңестер съезінің бекітуіне салынсын деп қаулы қабылданды. Бұған қарағанда енді сөзді қойып, іске кірісу керек, яғни тұрмысы бір, салты басқа халықтар жергілікті кеңестермен қосылып, автономия, федерациялау, тегінде басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығаруға съезд шақыратын комиссия құруға тырысу керек. Біз ойлаймыз, жалпы қазақ-қырғыздың өкілдері тез қамданып, ыңғайлы уақытты өткізбей, жергілікті Кеңестермен бірігіп, әлгідей комиссияны құрар. Сізден өтінетініміз, біздің осы жобамызды Алашорданың Кеңесіне салып жауап қайтарсаңыздар екен»,— деген мазмұнда болды. Бұл берілген Сталин сөзіндегі ең елеулі нәрсе оның жалпы қазақ-қырғыз съезі қаулысы мен Ресей халықтарының құқығы туралы декларацияның өзара үндес екендігін мойындауы еді. Міне, осы үндестік Кеңес өкіметіне Алашорданы мойындауға негіз болатындығын білдіріп, Сталин тек жалғыз ғана шарт қояды. Ол өз ретінде Алашорданың Кеңес өкіметін мойындайтындығын мәлімдеуі болатын. И.Сталиннің сөзінен тағы бір жағдайды анық аңғаруға болады. Кеңес өкіметі «басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығару» үшін ең алдымен оны мойындау қажеттілігін талап етті. Сонымен бірге автономия алу мәселесі орталықта шешілетіндігін ескертті. Алашордашылар үшін мұндай жағдай қиындық тудырғанымен олар И.Сталиннің ұсынысын талқылап, автономияға қатысты өз шешімдерін мәлімдеді. Ол қаулы төмендегідей еді: 1918 жылы наурыздың 21-інде Алашорданың мүшелері ұлт жұмысын басқарушы халық комиссары Сталиннің Алаш автономиясы туралы айтқан сөзінен кейін Кеңес өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі деуге қаулы қылып, төмендегі өз шарттарын білдіріп: «Желтоқсанның 5-нен 13-іне дейін Орынборда болған жалпықазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша тоқтаусыз Алаш автономиясын жариялайтындықтарын, Алаш автономиясының құрамына: Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Сырдария, Ферғана, Жетісу, Бөкей ордасы, Закаспий облысының Маңғышлақ уезі, Самарқанд облысының Жизақ уезі, Әмудария әнделі (бөлімі), Алтай губерниясына қараған Бийскі, Барнауыл, Змеиногор уездеріндегі қазақтар мекендеген аудандар енуге тиіс-тін, Алаш автономиясында заң шығаратын, ел билейтін үкімет Алашорда болатындығын, Қазақ-қырғыз істері туралы елші ретінде кеңес өкіметінің қасында болуға Алашорда мүшелері Халел һәм Жаһанша Досмұхамедовтар жіберілетіндігін ескертіп, жергілікті Кеңестердің бұйрығы бойынша ұсталып, абақтыда жатқан Алашорданың мүшелерін тоқтаусыз босатып, мұнан былай оларды өтірік шағым, жаламен қуғын-сүргінге ұшыратуды тоқтатуды» талап етті. Өкінішке орай, Ұлт істері жөніндегі халық комиссары Алашорданың қойған талап-шарттарына тікелей ресми түрде жауап бермеді. Себебі, алашордалықтардың автономия құру жөніндегі талаптары Кеңес өкіметінің мүддесіне қайшы келетін еді. Ұлт мәселесін пролетарлық диктатураның құрамдас бөлігі ретінде қарастыратын кеңес өкіметіне алаштықтардың ұсынысы кереғар болғандығын аңғару қиын емес. Сондықтан да 1918 жылдың 28 наурызында Мәскеуден Семейдегі Қазақ комитетіне И.Сталин және мұсылмандар ісі бойынша комиссар Вахитов қол қойған жедел-хат келді. Жеделхатта «қырғыз істері бойынша Комиссариат құру үшін тез арада өкілдер жіберу» жөнінде айтылды. Мұның өзі Кеңес өкіметінің өлкедегі барлық істі өз қолдарына алғандығын көрсетті. Осы жылдың 29-наурызында Семейге Х.Ғаббасовтың атына Мәскеудегі Алашорда

үкіметінің өкілдері Халел және Жаһанша Досмұхамедовтерден жеделхат келді. Онда Кеңес өкіметінің тұтқынға алынған қазақ қайраткерлерін тегіс босату туралы облыстық кеңестерге әмір бергендігі және Алашорда өкіметінің қойған талаптарына таяу арада жауап беруге уәде еткендігі айтылды. Жеделхатта Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанынан қазақ бөлімі ашылып, оның құрамына қазақ халқының өкілдерін сайлау құқығы Алашордаға берілетіндігі де айтылған. «Сырдария» газетінде жарияланған осындай мәліметтер шындыққа жанасады. Оған дәлел ретінде Алашорда атынан РКФСР-дің Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И. Сталинмен Семейден тура телеграф сымы арқылы келіссөз жүргізген Халел Ғаббасовтың 1929 жылғы қарашаның 10-ында ОГПУ-дің тергеушісіне берген жауабын келтіруге болады. Онда былай делінген: «Келіссөздерде мен Кеңес өкіметінің декларациясының идеяларына сәйкес қазақ халқының өзін-өзі билеу құқығының кедергісіз жүзеге асырылуын талап еттім. Барлығы есімде жоқ, дегенмен де мен он төрт тармақтан тұратын талаптар қойдым. Олардың жадымда қалған негізгілері: таратылған қазақ мекемелерін қалпына келтіру, Кеңес өкіметі жағдайындағы ұлттық автономияны құру, қазақ халқының тұтқынға алынған қайраткерлерін босату. Сталиннің жауабының мазмұны Алашорда Кеңес өкіметін мойындағанда ғана Қазақстанның Құрылтай съезін шақыруға әрекеттер жасалады дегенге сайды... Біз Сталинге телеграф арқылы Кеңес өкіметін мойындайтынымызды мәлімдеп, сол кезде Москвада жүрген Досмұхамедовтерге Орталық үкімет алдында біздің мүдделерімізді қорғауды тапсырдық... Осылайша Халел және Жаһанша Досмұхамедовтердің Мәскеуге Кеңес үкіметі басшыларымен кездесулері мен телеграф арқылы Сталинмен жүргізген келіссөздерінде кеңес үкіметінің ұлттық тұтастық негіздегі қазақ мемлекеттігін мойындамайтындығын, тек кеңестік негіздегі автономия беруге даяр екендігін көрсетіп берді. Қысқасы Кеңес үкіметінің бұл мәселе жөніндегі ұстанымы: «Өзін-өзі билеу принципі социализм үшін күрес құралы болу керек және социализм мүдделеріне бағындырылуы тиіс»,—дегенге сайды. Кеңес өкіметінің мұндай ұстанымы Семей облысынан өзге де кеңестерге В.И. Ленин мен И. Сталиннің атынан жолданған жеделхаттардан айқын көрінді. Мәселен, Ақмола Кеңесі Мәскеуден келіссөздер жүргізу нәтижесінде орталықтан мынадай мазмұндағы жеделхат алған, онда: «Кеңес билігі большевиктердің қабылданған бағдарламасына сәйкес патша өкіметі кезінде қаналған барлық халықтарға автономия береді. Қазақ халқы өз территориясына лайық автономия құруға дайындала берсін»,— делінген. Әйтсе де іс жүзінде Кеңес өкіметі Алашорда үкіметінің өзін де, талаптарын да мойындағысы келмеді. Сондықтан да Х.Ғаббасов 1918 жылдың 1 сәуірінде РКФСР Халық Комиссарлары мен Ұлт істері жөніндегі комиссариатқа жеделхат жолдап, қазақ халқының ұлттық тұтастық мүддесін көздейтін Алашорда өкіметін тез арада ресми түрде мойындауын тағы да талап етті. Кеңес өкіметі мұндай талаптарды жауапсыз қалдырды. Осылайша алаштықтардың Кеңес үкіметі шеңберінде біртұтас ұлттық мемлекет құруға талпынысы нәтижесіз аяқталды. Большевиктер Алаш партиясына ұлттық буржуазия мен феодалдық топтардың таптық мүддесін қорғайтын, пролетарлық революция жолындағы кедергі есебінде қарады. Алаш басшыларының Кеңес үкіметімен жүргізілген келіссөздердің нәтижесіз аяқталуына 1917 ж. күзінде құрылған, жетекшісі Көлбай Тоғысов болған, өздерін «Қырғыз (қазақ) социалистік партиясы» деп атаған «Үш жүз» партиясы да ықпал жасады. Бұл негізінен ұсақ-буржуазиялық социалистік партия еді. Партияның саяси көзқарасы мен практикалық іс-әрекеті 1917 жылдың күзінен 1918 жылдың басына дейін елеулі түрде өзгерді. Әуелгі кезде «үшжүзшілер» социалист-революциөнерлер партиясымен одақтасу бағытын ұстанса, 1918 жылдың қаңтарынан бастап Кеңес үкіметін жер-жерде ұйымдастырып, нығайту ісіне белсенді түрде араласып кетеді. 1918 жылдың бас кезінен-ақ «үш жүзшілер» большевиктермен одақтасып, Алашордаға қарсы күресті.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.1917 жылғы төңкерістер.

2.Ақпан төңкерісі.

3.Қос өкімет.
4.Қазан төңкерісі.
5.Саяси партиялардың қалыптасуы және қызметтері.
6.XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар.
7.«Алаш» партиясы және оның қызметі.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Тақырыбы: Ресейдегі 1917 ж. төңкерістер. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы. Саяси партияларлардың қалыптасуы және қызметтері.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.

5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в ХХ –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Актөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Актөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/

13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

## №17сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Азамат соғысы. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы экономикалық саясаты.Қазақ АКСР-нің құрылуы.

**Сағат саны:** 90 мин.

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Шетелдік интервенция және азамат соғысы кезіндегі қазақ өлкесі, Кеңес үкіметінің Қазақстандағы экономикалық саясаты туралы дамыта айту.

-Қазақ АКСР-нің құрылуы мен Қазревком билігінің міндеттерімен таныстыру, 1920-21 жылдардағы Қазақстандағы саяси экономикалық жағдай туралы түсінік беру.

- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
| --- | --- |
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Ресейдегі 1917 ж. төңкерістер. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы. Саяси партиялардың қалыптасуы және қызметтері.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.Интервенция мен азамат соғысының басталуы.
2.Партизан соғысы.
3.Қазақ өлкесіндегі майдандардың жойылуы.
4.1919 жылы 31 мамырда Петропавлды ақ гвардияшылар басып алды.

Сондай-ақ ақ гвардияшылар маусымда Ақмола мен Павлодарды, Семей мен Көкшетауды, Омбы мен Қостанайды басып алады.
Алашорда үкіметі ақ гвардияшылардың Кеңес өкіметіне қарсы интервенциясын қолдап, қарулы интервенцияға қосылды. Контрреволюцияға Антанта империалистері көп көмек көрсетті. Мысалы, АҚШ Колчак армиясына түрлі қару-жарақ, Англия 200 мыңдай әскерге қару-жарақ және киім берді.
1918 жылы 29 наурызда ақ гвардияшылар Орал қаласын басып алды.
1918 жылдың аяғына қарай Колчактың басқаруындағы Анненков дивизиясы Жетісу жеріне басып кірді.

**Қызыл Армияның ұлттық бөлімдерінің қалыптасуы.**

Қазақстан жерінде жергілікті халық әскери құрылысқа тартыла бастады. 1918 жылы 29 мамырда ұлттық белгілер бойынша жауынгерлік топ құруға рұқсат етілген декрет шықты. 1918 жылы Бөкей Ордасында қазақ атты әскер полкі құрылды. 1920 жылы Түркістанда алғаш рет халықты күштеп мобилизациялай бастады. 1919 жылы Қостанайда 3000 адамы бар дала бригадасы құрылса, 1920 жылы Жетісуда қазақ бригадасы, 15 дүнген полкі құрылды. Жалпы, 1920 жылы майданға жергілікті ұлттардан 19-35 жасқа дейінгі 25000 адам мобилизацияланды.

**Майдандардағы соғыс қимылы.**

Әскери бөлімдерді құру барысында Ә. Жангелдин (Дала әскер комиссары), А. Иманов (Торғай әскер комиссары), Б. Қаратаев (атты әскер бригадасының политругі), М. Масанчи, О. Исаев, А. Розыбакиев, А. Оразбаева т.б. көп еңбек сіңірді. Ә.Жангелдин басқарған экспедиция Еділ, Каспийді жүзіп, Ақтөбе майданына қару-жарақ жеткізді. 1919 жылы қаңтарда Қызыл Армияның шығыс майданындағы бөлімдері Орынбор мен Оралды ақ гвардияшылардан босатты. 1919 жылы көктемде Колчактың контрреволюцияшыл топтары қайтадан шабуылға шықты.

**Ақ гвардияшылардың қатыгездігі.** Атаман Дутов пен Анненковтің казактары қазақ еліне ерекше қатыгездік жасады. Мысалы, 1918 жылы қазан айында Өскеменге «Монғол» кемесімен келген атаман Б. Анненков өскемендік коммунист, революционер Я. Ушановты киізге орап өртеген. Б. Анненковтің казактары 1918 жылы Солтүстік Жетісудағы Лепсі уезінің, Подгорное ауылында 250 адамды өлтірген. Мұның, барлығы Қазақстан шаруаларының ақ гвардияшыларға қарсы ұйымдастырылған партизан соғысына шығуына себеп болды. **Қазақстандағы партизан соғысы.** Қазақстандағы партизан қозғалысына басшылық еткендер және оның ұйымдастырушылары: Оралда Ә.Әйтиев, С.Арғыншиев; Ақмолада Ө.Майкөтов, М.Жәнібаев; Шығыс Қазақстанда И.Эльбе; Кеңарал болысында Ө. Ыбыраев, Қысқы сарайға жасалған шабуылға қатысқан А. Миронов т.б. Солтүстік Жетісу өңіріндегі партизан қозғалысы ерекше өріс алды. 1918 жылы маусым айында Қапал, Лепсі уездерінде 13 ауылды қамтыған әйгілі «Черкасск қорғанысы» басталды. Бұл күрес 13 айдан астам уақытқа созылды. Бұл жердегі жауынгерлер саны 10000-ға дейін жетті. 1919 жылы қазанда Анненковтің казактары Черкасск бастаған бірнеше селоларды әрең алды. Өздерінің билігін мойындамаған 1800 адамды казактар қырып тастады. Черкасск қорғанысы Орта Азия ақ гвардияшыларының Сібірдегі сыбайластарымен бірігуіне тойтарыс берді. Қостанай жеріндегі партизан соғысының қарқыны да күшті болды. Бір ғана Боровской ауданындағы партизан саны 25000 болды. Партизан отрядтары 1919 жылы 5 сәуірде Қостанайды басып алғанымен, бұл ұзаққа созылмады. Қаланы қайта басып алған ақ гвардияшылар 18000 адамды өлтірді. Партизан қозғалысының ірі орталығы болған Атбасар уезінің Мариновка селосында 1919 жылы көтеріліс болды. Көтерілісшілерге Н.М. Ирченко басшылық жасады. Кетеріліс ұзамай басылды.

**Ақ гвардияшылардың жеңілуі.** Қазақстандағы Колчак әскерлерін талқандауға Шығыс майданы кірісті. Шығыс майданының оңтүстік бөлімін М.В. Фрунзе басқарды.
1919 жылы шілдеде Орал қаласы ақтардан азат етілді. Қаланы азат етуге Чапаев дивизиясы мен қазақ атты әскерлері қатысты. 1919 жылы қыркүйекте Ақтөбе майданында шабуыл басталды.

1919 жылы 13 қыркүйекте Колчак армиясының оңтүстік бөлімінің жеңілуіне байланысты Ақтөбе майданы жойылып, Ресей мен Түркістан арасындағы байланыс қалпына келтірілді. 1919 жылдың соңында Орал облысы ақ гвардияшылардан тазартылды. 1919 жылы 5 қаңтарда Гурьев қаласын Қызыл Армия бөлімшесі басып алғаннан кейін, Орал майданы жойылды. 1919 жылы тамызда М.Н.Тухачевскийдін, басқаруымен шығыс майданның 5-бөлімі Солтүстік, Шығыс Қазақстанда ақ гвардияшыларды талқандай бастады. 1919 жылы 19 тамызда Қостанай, 30 қазанда Петропавл, 14 қарашада Омбы Колчак әскерлерінен босатылды.
1919 жылы 12 қарашада Көкшетау, 26 қарашада Ақмола, 29 қарашада Павлодар қалалары Кеңестердің қолына көшті. Қызыл Армия мен «Алтайдың қызыл тау қырандары» партизан отряды 1 желтоқсанда Семейді контрреволюцияшылдардан босатты. 1920 жылы наурызда Семей облысы ақтардан босатылғаннан кейін, Жетісу майданы жойылды. Осылай 2 жылға созылған азамат соғысы аяқталды. Ол Қазақстан халқына үлкен шығын әкелді. Азамат соғысы жылдарында, жалпы, Кеңес мемлекетінде 8 млн адам қаза тапты.

**Қорытынды сұрақтар:**

Интервенция мен азамат соғысының басталуы.
Партизан соғысы.
Қазақ өлкесіндегі майдандардың жойылуы.
1919 ж 5 қаңтарда қандай майдан жойылды?
Қызыл Армия мен «Алтайдың қызыл тау қырандары» партизан отряды.
Жетісу майданының жойылуы.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

«Әскери коммунизм саясаты».
Қазақ революциялық комитеті.
ЖЭС. Жер-су реформасы.

Қазақ жеріндегі Колчак әскерін талқандау Шығыс майданының Солтүстік және Оңтүстік топтарына жүктелді. 1919 жылы қолбасшы М. В. Фрунзе бастаған Қызыл әскер топтары Қазақстанның солтүстік аудандарында, ал Чапаев бастаған топтар оңтүстік – батыс аудандарда соғыс жүргізіп, Колчак әскерлерінің Деникин әскерлерімен қосылуына жол бермей, оларға күйрете соққы берді. Нәтижесінде Оңтүстік топ әскерлері (қолбасшы М. В. Фрунзе) Уфаны азат етті, ал Чапаев дивизиясы 1919 жылғы 25 шілдеде Оралды жау қоршауынан босатты, 1919 жылы жазда Қызыл Армия Челябіні азат етті. Осыдан кейінгі міндет – Орал мен Орынбор облыстарын азат ету Түркістан майданының 1 және 4 армияларына жүктелді. Бірінші армия колчакшыларға қарсы Ақтөбе бағытында шабуылдады. 1919 жылы қыркүйекте бірінші армия Ақтөбе майданымен Мұғалжар станциясында (Орынбор – Ташкент темір жолы) түйісті. Нәтижесінде Түркістан Орталық Россиямен қайта қосылып, Ақтөбе майданы жойылды. Орал облысын азат етуге төртінші армия мен 25-ші В.И. Чапаев дивизиясы жіберілді Үлбішін түбіндегі шайқаста В. И. Чапаев және бригада басшысы Садық Уәлиев қаза тапты (1919 ж. қыркүйек). Ал 1919 жылы қарашада Қызыл Армия Үлбішін мен Жымпитыны азат етсе, осы жылдың соңында Орал облысы ақ гвардияшылардан толық азат етілді. Сөйтіп, 1920 жылы қаңтарда Орал майданы жойылды. 1919 жылы күзде Шығыс майданының бесінші армиясы (қолбасшысы М. Н Тухачевский) Солтүстік және Шығыс Қазақстанды азат етіп, Петропавл, Ақмоланы жаудан босатты. 1919 жылы қарашада Семейде Колчак өкіметі құлатылып, Кеңес үкіметі қайта орнады, ал 1920 жылы наурызда Семей облысы түгел азат етіліп, Жетісу майданы жойылды. 1920 жылғы маусымда Верныйда контрреволюциялық бүлік ұйымдастырылып, Верный бекінісін жаулап алды. Қызыл армияның күшімен бүлік тоқтатылды. 1920 жылы наурызда азамат соғысының қазақ жеріндегі ең соңғы майданы – Солтүстік Жетісу майданы жойылды.
1920 жылы Қызыл Армия Колчак әскерін талқандап, Колчак Иркутск ревкомының үкімі бойынша атылды. Азамат соғысының барысында Кеңес үкіметі ұлт аймақтарындағы жаңа

үкіметтің оқшаулануын ескере отырып, Алашордамен келіссөз жүргізді. Ақ гвардияшылар мен интервенттер тарапынан болған қатыгездік пен зорлық «Алаш» өкілдерін бастапқы бағыттарын өзгертуге итермеледі. А. Байтұрсынов «Төңкеріс және қазақтар» мақаласында «Алаш» зиялыларын Кеңес үкіметі жағына шақырып, ұлттық келісім тактикасына қол жеткізді.

**1919 жылы 4 сәірде Бүкілроссиялық Орталық атқару Комитеті Алашорда мүшелеріне кешірім (амнистия) жариялады.**

**Азамат соғысының салдарлары:**

1) Демографиялық жағдай ауырлап, 8 млн. адам қаза тапты.
2) Мал саны күрт азайды.
3) Қазақ ауылдары мен қыстақтар материалдық жоқшылыққа ұшырады.
4) Қатігездік пен зорлық – зомбылықтың күшейтілуі (ақвардияшылар тарапынан) үрей және ертеңгі күнге сенімсіздік туғызды.

**Әскери коммунизм саясаты:**

Ел экономикасын соғыс жағдайына ыңғайлап қайта құру және майданды азық – түлікпен қамтамасыз ету мақсатында тарихта Әскери коммунизмі деген атпен әйгілі және уақытша сипаты болған экономикалық саясат орнады. Бұл саясаттың ең бірінші міндеті өнім өндірісі мен бөлісін толық орталықтандыру, еліміздің азық – түлік, шикізат және басқа ресурстарын мемлекеттің қолына жинап, қорғаныс мүдделері үшін дұрыстап пайдалану болды.

**«Әскери – коммунизм саясатының» негізгі белгілері:**

1) Азық – түлік салғырты енгізілді.
2) Жеке саудаға тыйым салынды.
3) Азық – түлік теңгерме ұстанымы бойынша бөлінді.
4) Ірі, орта және ұсақ өнеркәсіптер мемлекет меншігіне көшірілді.
5) Жалпыға бірдей еңбек міндеттілігі енгізілді.
6) Басқару ісі орталықтандырылды.
7) Коммуналдық жол – қатынасы қызметі (услуга) тегін болды.

1919 жылы 11 қаңтарда азық – түлік қиыншылықтары бұрынғыдан да бетер шиеленісе түсіп, мемлекеттің қолындағы өнеркәсіп товарларының қоры одан әрі азайған жағдайларда Кеңес үкіметі әлеуметтік принцип негізінде жүргізілген азық – түлік салғыртын енгізу туралы декрет шығарды. Оның мәні: ауыл шаруашылығы өнімінің артылғанының бәрін шаруалардың мемлекетке міндетті түрде өткізуі. Қостанай уезінен 6 млн. пұт астық жиналды. Қарғалы шұға фабрикасы әскери шинельдер тігу үшін шұға дайындады. 1920 жылдың басында «Майдан апталығы» өткізіліп, мыңдаған пұт астық киім – кешек жиналды. 1920 жылы Атыраудан Орталық Россияға 600 мың пұт мұнай әкетілді. Майдан қажетіне әр сенбі сайын жұмыс уақытынан тыс тегін еңбек ету шешіміне сәйкес 1919 жылы сәуірде Россияда алғашқы сенбіліктер өткізілді. Семейде 500 жұмысшы сенбіліктер ұйымдастырып, паровоздарды тегін жөндеуден өткізді.

**Қазақ өлкесіндегі еңбекшілер күйзеліске, ашаршылыққа қарамастан жанқиярлықпен еңбек етті.**

1919 жылы желтоқсанда Александров – Ғай – Ембі темір жол желісі салынды. Оның маңызы Орал – Ембі мұнайлы ауданын Орталық Россиямен жалғастырды. Бұдан басқа Жетісу темір жолы, Петропавл – Көкшетау темір жол желісі салынды. Маңызы: елдің ашыққан облыстарының халқын астықпен қамтамасыз етті.Сөйтіп, осының бәрі Қызыл Армияны ұйымдастыруға, жау басып алған облыстар мен аудандарда партизан қозғалысын өрістетуге көмектесті.

**Қазақ АКСР – інің құрылуы.**

1919 жылы 10 шілдеде РСФСР Халық Комиссарлар кеңесі «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құру туралы» декрет қабылдады. Ол өлкедегі ең жоғарғы әскери – азаматтық басқарма болып саналды. Казревком құрамына Семей, Ақмола, Орал, Торғай облыстары, Астрахань губерниясының шығыс бөлігі кірді. Казревком төрағасы С. Пестковский

болды. Мүшелері: А. Байтұрсынов, Ә. Жангельдин, Ә. Әйтиев, Б. Қаратаев, С. Сейфуллин, С. Мендешов, М. Сералин, В. А. Радус – Зенькович, А. Авдеев т. б.

**Казревком міндеттері:**

1. Контрреволюция мен интервенцияға қарсы күресу.
2. Өлкеде мемлекеттік, шаруашылық, мәдени құрылыс орнату.
3. Өлке Кеңестерінің құрылтай съезін әзірлеу.

**1920 жылы 9 наурызда Алашорданы тарату туралы Казревком шешімі қабылданды.**

Казревком мәдени құрылыста біршама жұмыстар атқарды:

- «Ұшқын» газетін шығарды.
- Ақтөбе уезінде 300 мектеп ашылды.
- Қалаларда мұғалімдер даярлайтын мектептер жұмыс істеді. Сонымен бірге Казревком қазақ жерлерін біріктіру жөнінде жұмыстар атқарды.

1920 жылы 26 тамызда «Қырғыз (қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік республикасын құру туралы» декрет жарияланды . Орынбор қаласы – астана (1920 – 1924 жж.). Территориясы – Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары, Манғышлақ уезі, Красноводск уезінің бір бөлігі, Астрахань губерниясының бір бөлігі. Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан Автономиялы Кеңестік Социалистік республикасының құрамына енгізілген болатын (1918 ж). Халқы – 5 млн.-ға жуық адам.1920 жылы 4 қазанда Орынбор қаласында Қазақ АКСР Кеңестерінің съезі өтті. Мұнда жоғарғы өкімет органдары сайланды: Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы С. Мендешев, ал қазақ АКСР – інің Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В. А. Радус – Зенькович болды.

**Қазақ АКСР – нің құрылуының тарихи маңызы:**

1) Қазақ халқының ғасырлық арманы орындалуының көрінісі.
2) Отаршылдыққа қарсы күрес нәтижесі.
3) Ұлттық қайта өрлеу жолындағы алғашқы қадам.

**Қорытынды сұрақтар:**

«Әскери коммунизм саясаты».
Қазақ революциялық комитеті.
ЖЭС. Жер-су реформасы.
Азамат соғысының салдарлары.
Әскери – коммунизм саясатының негізгі белгілері.
Қазақ АКСР – інің құрылуы.
Казревком міндеттері.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Тақырып: Азамат соғысы. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы экономикалық саясаты.Қазақ АКСР-нің құрылуы.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К.  Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О.  Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice  : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

## № 18 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Қазақстандағы индустрияландыру бағыты.Ауыл шаруашылығын құрудың Сталиндік-Голощекиндік үлгісі. Ұжымдастырудың әлеуметтік-экономикалық зардаптары.

**Сағат саны:** 90 мин.

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Қазақстан өнеркәсібін дамытудың жаңа кезеңі, Индустрияландыру бағытының ерекшеліктері туралы, тарихи маңызы туралы түсінік беру.

-Қазақстандағы ауыл шаруашылығын құрудың сталиндік-голощекиндік үлгісі,күштеп ұжымдастыру, оның зардаптары туралы, 1931-1932 жылдардағы аштық,Қазақстандық қасірет туралы кеңінен түсіндіру.

-ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін, оппозицияны қырып- жою, ГУЛАГ жүйесіндегі Қазақстан, ХХ ғасырдың ортасындағы зиялы қауым өкілдерін қудалау туралы кең көлемде мәліметтер беру;
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Азамат соғысы. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы экономикалық саясаты. Қазақ АКСР-нің құрылуы.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Қазақстандағы индустрияландырудың ерекшеліктері, ауыр өнеркәсіп.
Индустрияландыру жылдарындағы Қазақстанда салынған кәсіпорындар.
1925 жылы желтоқсанда өткен XIV съезінде Кеңес Одағың индустрияландыру бағыты белгіленді. Капиталистік шаруашылықтан ерекше, елдің экономикалық тәуелсіздіктінгін қамтамасыз ететін, өзіндік машина, станок жасау, металлургия, химия, қорғаныс және басқа да ірі өнеркәсіптері бар жүйе құру қажет делінді. Шаруашылықтың барлық салаларын, соның негізінде техникалық қайта жарақтандыру мен еңбек өнімділігін арттыру үшін бүкіл экономиканың негізі ретінде ең алдымен ауыр өнеркәсіпті дамыту, оның шаруашылықтағы жетекшілік рөлін бекіту арқылы шетелдермен экономикалық жарыста озып шығу мақсаты қойылды. Бұл сол кездер үшін дұрыс, әрі күрделі мақсат еді. Кеңес Одағы көлемінде бұл бағытта біршама жетістікке қол жеткізілді. Оның біржақты жүргізілгенін дәлірек айтқанда, ұлттық аймақтарды, соның ішінде Қазақстанды патшалық билік кезіндегідей шикізат көзі дәрежесінде қалдырғанын атап айтқан жөн. 1925 жылдың қыркүйегі мен 1928 жылдың қыркүйегі арасындағы үш жылда өнеркәсіп салу ісіне 3,3 млрд сом қаржы жұмсалды. Ол орасан зор қаржы, негізінен алғанда, Ресей аумағындағы ескі өнеркәсіп орындары қайта жөндеу мен жаңа қуатты зауыт-фабрикалар, су-электр станцияларын салуға жұмсалды. Соған қарамастан Қазақстандағы индустрияландыру ісі патриархалдық-феодалдық қатынастарды, яғни дәстүрлі шаруашылық жүйесін біржолата жою, феодализмнен капитализмге соқпай социализмге жедел қарқынмен өту сияқты ұрандармен басталды. Жерді қайта бөлу, мал-мүлікті тәркілеу, күштеп ұжымдастыру әрекеттері былайша жаңа науқанмен ұласты. 1926 жылы 27-30 сәуірде сол кездегі Республика

астанасы Қызылордада өнеркәсіптің дамуы мәселесіне арналған арнайы өлкелік мәжіліс өткізілді. Онда Қазақстанның орасан зор табиғат байлығы атап өтіле отырып, зерттелген аймақтардағы жазба байлыцтарың кең түрде барлау қажеттігі көрсетілді. қазақ АКСР-нің ХШК (Халық шаруашылығы кеңесі) мен Мемлекеттік жоспарлау Комитетіне республиканы өнеркәсіптік аудандастыру мен өнеркәсіптің, ең алдымен, түсті металлургияның дамуының келешек жоспарын жасау тапсырылды. Кеңесте, сондай-ақ Қазақ АКСР-і жағдайында «әсіресе жер және мал шаруашылықтарымен тікелей байланысты жергілікті өнеркәсіпті кең түрде өрістету» өмірлік қажеттілік ретінде атап көрсетілді. Осы негізде өңдеу өнеркәсіптерінің тері, май, ұн, тұз өндіру, балық аулау сияқты салаларының даму жолдары айқындалды. Пайдалы қазбалар мен ауыл шаруашылығы өнімдерін орталықтағы ірі кәсіпорындар үшін өндіру басты міндет ретінде белгіленді. Бұл Қазақстандағы индустрияландыру ісінің отаршылдық, дәлірек айтқанда, шикізат көзі ретінде орталыққа қызмет еткізу бағытында басталғанын көрсетеді. Бірнеше жылға созылған революция мен азамат соғысы кезінде капиталистік қатынастардың енуі кезеңінде пайда болған тау-кен орындары мен кәсіпорындар қаңырап, иесіз қалған еді. Тек жаңа экономикалық саясат кезінде олардың кейбіреулері қайтадан іске қосылды. Соның барысында Орал-Ембі аймағындағы бірнеше мұнай кәсіпшіліктері, Орталық Қазақстандағы көмір, Алтайдағы түсті металл өндіру кәсіпорындары қайта жанданды. Әйтсе де, Қазақстан экономикасында әлі де болса ауыл шаруашылығы негізгі сала болып қала берді. Осындай жағдайда бұрынғы ұлт аймақтары делінгендерді, оның ішінде Қазақстан да бар, Ресей төңірегіне — метрополияға топтастыру саясаты жалғаса берді.

## Қазақстанды индустрияландыру мәселесі бойынша пікірталастар

Қазақстанды индустрияландыру мәселесі бойынша бірнеше бағыттағы көзқарастар арасында қызу пікірталас жүрді. Солардың негізгілеріне тоқталып өтейік. Бірінші бағытты жақтаушылар Қазақстан экономикасының шикізат көзі ретінде дамуын одақ көлеміндегі еңбек бөлінісімен байланыстырып, мұндай бағыттағы даму Қазақстан үшін да тиімді екендігін дәлелдеуге тырысты. Екінші бағыт бойынша Қазақстанды тек шикізат базасы ретінде пайдалану дұрыс емес екені, мұндағы индустрияландыруды жоғары жақтағылардың талабы бойынша жүргізбей, жергілікті қажеттілікті ескере отырып өнеркәсіптер салу негізінде іске асыру керектігі баса айтылды. Үшініші бағыттағылар қазақ жерін индустрияландыруға қарсы болды. Олар көшпелі өмір-қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы, ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшелігі. Ал қарқынды түрде индустрияландыру оның ұлттық болмысын бұзады, «түйеден социализмге» тікелей өту мүмкін емес деді. Келесі, тәртінші бағытты жақтаушылар шовинистік көзқараста болды. Олар қазақ халқының индустрияландырудың қарқынына ілесе алатынына күмән келтірді. Қазақтармен «өнеркәсіп-қаржы жоспарын орындай алмайсың», «өндірісті қазақтандыру пайда бермейді», «қазақтандыру өндірісті қымбаттатып жібереді», «қазақ бәрібір жұмыс істемейді, ол қайтсе де далаға қашады» сияқты тұжырымдарды келтірді. Бұл соңғы екі бағыт негізсіз, жеткілікті дәлелсіз пікірлерге негізделген еді. Ал алғашқы екі бағытты жақтаушылар арасында күрделі тартыс жүрді. Бірінші бағытты Голощёкин мен оның төңірегіндегілер ұстанды. Олар Сталин мен орталықтағы кейбір үкімет мүшелерінен қолдау тапты. Сондықтан бұлар өктемдеу болды. Соған қарамастан екінші бағытты жақтаушылар (Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов т.б.) ой-тұжырымдарының тереңдігімен ерекшеленді. Қазақстанда **«Кіші Қазан»** науқанын жүргізуге ұмтылған Голощёкин мен оның төңірегіндегілер қазақ жерінде ірі өнеркәсіп орындарын салуды жақтамады. «Өнеркәсіп саласында ең негізгісі ірілендіру емес, қайта оны жергілікті ұсақ және орташа (жарма тартатын, жүн жуатын, май шайқайтын орындар, жөндеу шеберханалары және т.б.) деңгейде, яғни бәрін ауыл шаруашылығына байланысты және оны неғұрлым пайдалы ететін дегейде ұстау», — деп мәлімдеді олар. Голощёкин бұл бағытты 1927 жылы ұсынып, 1930 жылы мамыр-маусым айларында Алматыда өткен VII Жалпықазақтық партия конференциясында тағы да қайталады.

Орталық Комитеттінің Саяси бюросының мүшелігіне кандидат А. Андреев VI Жалпықазақтық партия конференциясында: «Біз КСРО-дағы индустрияландыру мәселесіне әрбір республиканың өз ауыр индустриясын құру, әрбір республиканы бас-басына индустрияландыру жолымен жүрмейміз», деп, Кеңес үкіметінің шет аймақтарды орталыққа бағындыру, тәуелді ету саясатын ашық білдірді.

### Қазақстандағы индустрияландырудың барысы мен сипаты

1928 жылдың 1 қазанынан шартты түрде басталатын бірінші бесжылдық жылдарында Қарсақпай, Риддер сияқты кәсіпорындар, Ембі мұнай өндірісі, Степняк алтың кені және т.б. қайта қалпына келтірілді. Өңдеу өнеркәсібінің Семей тері, кірпіш, Петропавл ет комбинаты сияқты байырғы түрлері жөнделіп, қайта іске қосылды. Ал бес жылдың ішінде жаңадан салынғандары: Іле аеаиі тілу, Балқаш мыс балқыту, Шымкент қоргасың, Ақтөбе фосфор тыңайтқыштары, Орал мен Алматыда ет комбинаттары, Гуръевте (қазіргі Атырау) балық консервілеу комбинаты, Мерке, Жамбыл және Талдықорғанда қант зауыттары ғана болды. Олардың өзі, негізінен, шағын аумақты қамтамасыз етуге бейімделген кәсіпорындар еді. Кеңес үкіметінің басшылары да патша заманындағыдай Қазақстанға бай шикізат көзі ретінде қарады. Табиғат байлықтарының күрделі ошақтарын табу мақсатында бірінші бесжылдық жылдарында КСРО Ғылым Академиясы кешенді ғылыми экспедициялар ұйымдастырды. Академик Н.С.Курнаков басшылық еткен Орталық Қазақстандағы геологтар мен геофизиктер тобы Қазақстан Республикасы «Кеңес Одағының тұтас металлогенді провинциясы» болып табылады деген тұжырым жасады. Ал Орал-Ембі аймағын зерттеген академик И.М.Губкин бастаған топ оның мұнайға аса бай екенін дәлелдеді. Кеңес үкіметі осы байлықтарды пайдалануға баса көңіл бөлді. Соның барысында соғыс басталғанға дейінгі кезеңде Қарағанды шахталары, Ембінің мұнай кәсіпшіліктері, Алтай мен Ащысай кәсіпорындары қайта жабдықталып, Зырян, Риддер полиметалл, Балқаш пен Жезқазған кен-металлургия комбинаттары салынды. Қазақстандағы түсті металлургия өнеркәсіптің жетекші саласына айналдырылды. Бірақ олар, негізінен, руда күйінде қазып алынған түсті металдарды өңдеумен айналысты. Тазартылып, өңделіп дайындалған түсті металл өнімдері шикізат ретінде орталықтағы ірі өнеркәсіп орындары на жәнелтіліп отырды. Кенді Алтай өңірі Сібірдегі кәсіпорындарды қамтамасыз етті. Ембі мұнайы Орск сияқты мұнай өндейтін зауыттарға жіберілді. Балқаштың мысы мен Шымкенттің қорғасыны да Қазақстаннан тыс жерлерге тасып әкетілді.

**Түрксіб темір жолын салу.** Индустрияландыру кезіндегі Қазақстандағы ең күрделі құрылыс темір жолын салуды аяқтау болды. Патша үкіметі Қазақстанды жаулап алу барысында, әскеристратегиялық мақсатта Орынбор - Ташкент бағытында темір жол салып, оны қазіргі Алматы арқылы Семеймен жалғастыруды көздеді. Бұл елімізді қоршай отырып, тұқырта ұстауды және Қазақстан мен Орталық Азия байлығына қызығып отырған басқа да шет елдіктерді енгізбеуді көздеген саясаттың нәтижесінде дүниеге келген. Бірақ еліміздің батыс және оңтүстік-батыс бөлігінде темір жол салғанмен, ол бағытты шығыс бөлігі аркылы Сібірмен косу ісі аякталмай калған еді. Патша үкіметі кезінде көптеген талас-тартыс тудырған бұл істі аяқтауды Кеңес үкіметі қолға алды. Ол патша заманындағы Түркістан Сібір темір жолы атауына кайта ие болды. Бұл жолды салу 1927 жылы қайта қолға алынып, оған екпінді құрылыс айдары тағылды. Орталық үкімет оған үлкен мән беріп отырды. Түрксіб құрылысының бастығы болып В.С.Шатов тағайындалды. РКФСР үкіметі жанынан Түрксіб құрылысына көмектесетін арнайы комитет құрылды. Оны РКФСР Халық комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқулов басқарды. Құрылыс жұмыстарына бірнеше ұлт өкілдерінен құралған 100 мыңдай адам тартылды. Қысыжазы, ауа-райының қолайсыздығына қарамастан еңбек еткен олар, сөз жоқ, ерліктің үлгісін көрсетті. Әсіресе қиын да күрделі қара жұмыстар қазақ еңбекшілерінің еншісінде көбірек болды.

Патша заманында тәулігіне орта есеппен 150 метр ғана темір жол салынса, Кеңес заманында ол 1500 метрге дейін жетті. Ертіс, Іле, Аягөз, Шу, Қаратал және т.б. өзендерден өтетін көпірлер де жылдам салынды. Түрксіб темір жолы жоспарда белгіленген бес жылдан екі жыл бұрын, яғни үш жылда салынып бітті. Түрксібтің оңтүстік және солтүстік бөліктері 1930 жылы 28 сәуірде Айнабұлақ станциясында түйісіп, жол уақытша пайдалануға берілді. Ал 1931 жылдың қаңтарынан бастап тұрақты түрде жұмыс істей бастады. Жалпы ұзындығы 1445 шақырымға созылған бұл темір жолдың ел өміріндегі маңызының зор екенінде дау жоқ. Сонымен бірге мынаны да ескерген жөн, патша заманындағы сияқты Кеңестік темір жол да, негізінен, еліміз аумағындағы шикізатты шетке тасу, ал шеттен дайын тауар алып келу үшін қызмет етті. Қазақстан сонымен Кеңес Одағының да шикізат дайындайтын шеткері аймақтарының бірі болып қала берді. Ал салынған өнеркөсіп орындары мен темір жолдар еліміз аумағынан шетке тасылатын шикізат көлемін көбейте түсті. Осылайша Қазақстандағы индустрияландыру кезіндегі басты құрылыс болып жарияланған Түрксібтің өзі Кеңестік тоталитарлық орталықтың біржақты саясатының жемісі болып шықты.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Қазақстандағы индустрияландырудың ерекшеліктері, ауыр өнеркәсіп.
2.Индустрияландыру жылдарындағы Қазақстанда салынған кәсіпорындар.
3.Қазақстандағы индустрияландырудың барысы мен сипаты
4.Түрксіб темір жолын салу.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.Қазақстандағы ауыл шаруашылығын құрудың сталиндік-голощекиндік үлгісі.
2.Күштеп ұжымдастыру, оның зардаптары.
3.1931-1932 жылдардағы аштық.
4.30-жылдардағы жаппай қудалау, репрессиялар.

Қазақстанда социализмнің бұрмалануы 1925 – 1933 жылдары Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болған Ф. И. Голощекиннің есімімен және қызметімен тікелей байланысты. Ол «қазақ ауылы», Қазан лебін сезінген жоқ, сондықтан «Кіші қазан» төңкерісін жасау қажет деген идеясын ұсынды. Голощекиннің бағыты елеулі қарсылыққа ұшырады, сол жағдайда ол И. В. Сталинге хат жазып, онда өлкелік партия комитеті бюросы бағытының өңін айналдыра баяндап берді. И. В. Сталин қысқа әрі мейлінше айқын жауап қайтарды, онда былай делінген еді: «Голощекин жолдас! Мен осы жазбаңызда белгіленген саясат негізінен алғанда бірден – бір дұрыс саясат деп ойлаймын И. Сталин». Осыдан бастап Голощекин идеясына жол ашылды. Голощекиннің «Кіші Қазан» төңкерісінің бағыты: 1) өлке өнеркәсібін ұсақ және орташа деңгейде дамыту; 2) өлкені шикізат базасы ету. Голощекин бұл идеясын 1927 жылы ұсынып, 1930 жылы VII өлкелік партия конференциясында нақтылады. Саяси бюро мүшелігіне кандидат А.А.Андреев VI Бүкілқазақтық партия конференциясында бұл бағытты қолдайтындығын мәлімдеді. Ірі саяси қайраткер және экономист **Смағұл Садуақасов** «Кіші Қазан» бағытына қарсы шығып, өз идеясын ұсынды. **Оның бағыты**:

1.Өнеркәсіпті шикізат көзіне жақындату.
2. Қазақстанды ірі өнеркәсіптер еліне айналдыру.

Қазақстанда индустрияландыру жолдары туралы пікір сайыс барысында кереғар көзқарастар қалыптасты: **Біреулер** «түйеден социализмге» өту мүмкін емес, далада фабрикалар мен заводтар салу шамадан тыс нәрсе» болып табылады, «ұлттық өзіндік ерекшелікті» жояды деп пайымдады, **енді басқа біреулер** «қазақтандыру өндірісті қымбаттатып жібереді», қазақтармен «өнеркәсіп – қаржы жоспарын орындай алмайсын» және т. б. деп санады. Жергілікті мамандардың индустрияландыруды жүзеге асыру барысындағы ұсыныс – пікірлері ескерілмеді. **С.Садуақасов пен Ж.Мыңбаевтің** өнеркәсіпте сақталып отырған отаршылдық

құрылымды қайта қарау қажеттігі туралы айтқандары**«ұлтшылдық көрініс»** деп бағаланды. Өндіргіш күштердің даму деңгейіне, еңбек қорының дәрежесіне сәйкес келетін индустрияландыру қарқыны туралы ескертпелер « **ұлыдержавалық шовинизм көрінісі»** деп есептелді. Сөйтіп, теориядағы субективизм мен практикадағы әміршіл – ырықсыз әдістер республиканың социализмге бет алуының балама жолын зерттеу мүмкіндігін жоққа шығарды.

**Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру.**

1927 жылы желтоқсанда болып өткен партияның XV съезі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағытын жариялады. Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ісінің аяқталуы 1932 жылға жоспарланды. Қазақстанның астықты аудандарында колхоз құрылысының негізгі формасы – ауыл шаруашылық артелі, ал мал шаруашылығы аудандарда жерді бірлесіп өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік (ТОЗ) болуға тиіс еді. 1929 жылдың екінші жартысынан бастап республикада колхоз құрылысы жедел дамытылды. Алғашқы МТС – тер құрылып жатты. Қазақстанда көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшылыққа көшіруді 1933 жылы аяқтау көзделді. Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жаппай жүргізу үшін ауылдар мен қоныстарға 8 мың жұмысшы және 1204 «жиырма бес мыңдықшылар» жіберілді. Олар Россиядағы колхоз жобасын қайталайтын қоныстандыру үлгісін орнықтырды. Ұжымдастыру жылдары кооперативтендіру қозғалысының өз ісін ашуға мүмкіндік беру, материалдық ынта, кооперативтендіруге шаруаның бірте – бірте өтуге, еркіндік ұстамдары бұзылды.

**Ұжымдастыру кезінде жіберілген қателіктер:**

1. Қатаң жаппай қуғындау мен терроға негізделді.
2. Даярлықсыз жергілікті жағдайлар ескерілместен жүргізілді.
3. Әкімшілік – күштеу әдістерімен жеделдете жүргізілді.
4. Шаруашылық базасын жасау, тұрғын үйлер, мәдени тұрмыстық объектілер салу жоспары аяғына дейін орындалмады. Белсенділер отырықшыландыруды жоспарлаған 3 жылдың орнына 3 күнде аяқтап «жалған колхоздар» құра бастады. Нәтижесінде: Абыралы ауданында – 70 %; Жымпиты ауданында – 60 %; Жәнібек ауданында – 95 % шаруашылық ұжымдастырылды. Шаруашылықты ұжымдастыру деңгейі үнемі өсіп отырды. Егер 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтың 2% - і ұжымдастырылған болса, 1930 жылғы сәуірдің 3 – інде 56,4 % - і, ал 1931 жылы қазан айына қарай 65 % - дай ұжымдастырылды.

Азық– түлікпен қамтамасыз етудің қиындауына байланысты 1929 жылы «Әскери коммунизм» саясаты кезіндегі салғырт енгізілді. 1931–1932 жж. Шұбартау ауданында барлық малдың 80 % - ын мемлекетке етке өткізілді. 173 мың малы бар Балқаш ауданына 297 мың малға салғырт салынды. Торғай ауданында 1 млн. мал басынан салғырт салдарынан 98 мыңы қалды. Торғайлықтар «асыра сілтеу болмысын, аша тұяқ қалмасын!» ұранын көтерді. Еріктілік принципі мен қарапайым заңдылықтың бұзылуы әуел бастан – ақ барлық жерге тән сипат алды. Сайлау құқықтарынан айыру, тұрып жатқан жерінен басқа ауданға жер аудару, ұзақ уақыт қамауда ұстаумен қорқыту сияқты күштеу тәсілдері мейлінше дағдылы және кең таралған тәсілдерге айналды. Колхозға кіргісі келмеген кедейлер мен орташалар «бай – кулактар» қатарына жатқызылып, қатал жазаланды. 1929 жылы 56,498 шаруа жауапқа тартылып, 34 мыңы сотталды. 1931 жылы 5500 отбасы жер аударылды. 1929 – 1933 жылдары ОГПУ (біріккен мемлекеттік саяси басқарма) үштігі – 9805 іс қарап, оның ішінде: ату жазасына – 3386 адам, 3–10 жылға концентрациялық лагерьге қамауға – 13151 адамға үкім шығарды. 1930 жылы 30 мамырда республика үкіметі жаңа лагерьлер ұйымдастыру үшін Ақмола, Қарағанды округтерінен мерзімсіз, тегін пайдалануға 110000 га жер бөлді. Жекедегі малды қоғамдастыру нәтижесінде, мал күтімінің кемдігінен, жем – шөптің жетіспеуінен мал қырылды. Осы жылдары өлкенің Одақ бойынша товарлы астық өндіруден үлес салмағы 9 % - тен 3 % - ке кеміді. Мал шаруашылығы күйзелісті шығынға ұшырап, 1930 – 1932 жылдары аштық жайлады. 1932 жылғы ақпан – колхозшы қожалықтарының 87 % - і, жекешелердің 51,8 % - і малдан түгел айырылды.

Ұжымдастыру қарсаңында – 40,5 млн. мал болса, 1933 жылы 1 қаңтарда 4,5 млн. мал қалды. Бұл жағдай Қазақстанда аштық қасіретін туғызды:
1. 1930 жылы – 313 мың адам;
2. 1931 жылы – 755 мың адам;
3. 1932 жылы – 769 мың адам қайтыс болды.
4. 1930 – 1932 жылдарда барлығы 1 млн. 750 мың қазақ немесе халықтың 40 % - і жаппай қырылды. 1932 жылы шілде айында аштық апаты мен себептері туралы Ф. Голощекинге **«Бесеудің хаты»** - Ғ. Мүсірепов, М. Ғатуллин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышев жазылды.

**Онда көтерілген мәселелер:**
1. Орташаларға байлармен бірдей соққы берілді, сондықтан орташалар байлар жағына шығуда.
2. Байлар малды қырып тастауға тырысуда.
3. «Жалған колхоздарды» ұйымдастыру жалғасуда.
4. Өлкеде ашығушылар саны көбеюде.

1933 жылы наурыз айында РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов Сталинге хат жазды. Азаматтық ерлігі жоғары және принципшіл адал Т. Рысқұлов өлкеде етек алған қасірет туралы шындықты ашып көрсетуден тайсақтамады. «Сізден осы жазбамен танысып шығып, бұл іске араласуды және сол арқылы аштан өлуге душар болған көптеген адамдардың өмірін құтқарып қалуды өтінемін» деп жазды. Одан әрі хатта көрсетілген деректер бойынша: Қазақ жерінде көршілес өлкелерге көшушілер саны артуда; Орта Волгада – 40 мың; Қырғыз жерінде – 100 мың; Батыс Сібірде – 40 мың; Орта Азияда – 30 мың; Қарақалпақ жерінде – 70 мың қазақтар бар. Көшіп кетушілер Қалмақ, Тәжік жері, Солтүстік өлке, Батыс Қытайға дейін барған. Бұл «аш адамдардың тамақ іздеп босуы. Қазақ зиялыларының өтініштеріне орталық тарапынан жауап болмады. Аштық әсерінен халық санының азаюы жалғаса берді. Ақтөбе облысында 1930 жылы – 1 млн. 12500 адам болса, 1932 жылы – 725800 адамға кеміген (71 %). Жаппай ұжымдастыру, аштық әсері халықтың көбін көшіп кетуге мәжбүр етті. 1930 жылғы қаңтар – 1931 жылғы маусым аралығы – 1 млн. 10 мың адам (281230 шаруа қожалығы). Қытай, Иран, Ауған жеріне т. б. көшті. Оның 616 мыңы қайтып оралған жоқ, 414 мыңы кейін елге оралды.

**Аштық зардаптары:**
1930 – 1933 жылдары аштықтан 6,2 млн. адамның 2,1 миллионы өлді. Қазақтардың осы жылдардағы саны 40 жылдан кейін, 1969 жылы ғана қалпына келді.
Зұлмат ауқымның зор болғаны сонша, 1930 – 1932 жылдардағы аштық тарихқа «ұлы жұт», қазақ халқының аса зор қасіретті жылдары ретінде енді.

**Сталинизм жазалау шаралары.**
30 – жылдары КСРО – да социалистік қатынастар орнығып болды. Мемлекеттік меншік нығайып, өндіріс – құрал жабдықтарына қоғамдық меншік орнап, шаруалар жерден шеттетіліп жатты. 1936 жылы КСРО конституциясы қабылданды. Бұл конституция әміршіл - әкімшіл жүйені нығайтты. Елде тоталитарлық жүйе, казармалық социализм орнады. Жеке адамның құқығы ескерілмеді. Қазақстанда жазалау шаралары (репрессия) басталды. Балама пікір айтқан адам халық жауы қатарына жатқызылды. Одақтың ішкі істер халық комиссариаты құрамында жазалау шараларын қолдану: жер аудару, еңбекпен түзеу лагерьлеріне қамау, ату жазасы, КСРО – дан тыс жерлерге қудалау үшін ерекше комиссия құрылды. Қазақстанда ең алдымен жазаға ұлттық демократиялық зиялылар, Алаш қозғалысының қайраткерлері, қазақ елінің біртуар ұлдары: Ә. Ермеков, Ә. Бөкейханов, Ж. Аймауытов, Ж. Досмұхамедов т. б. ұшырады. Жергілікті зиялыларды қудалауда өлкелік партия комитеті ұйымдастырушы–нұсқаушылық бөлімнің меңгерушісі Н.И.Ежов зор «үлес қосты». Атап айтсақ 1927–1929 жылдары мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, М.Мырзағалиев республикадан аластатылды. Ж.Мыңбаев – Қазақстан

Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметінен, С.Садуақасов – Ағарту Халық комиссары қызметінен, Ж.Сұлтанбеков – жер ісінің Халық Комиссары қызметінен алынды.
1937 – 1938 жылдары террор жаппай сипат алды. Осы жылдары репрессияға ұшырағандар: Кеңес үкіметін орнатуға ат салысқандар: Т.Рысқұлов, С.Шәріпов, Ә.Әйтив, Н.Төреқұлов, Б.Алманов, С.Мендешев, С.Арғыншаев, А.Асылбеков т. б.
- Партия, қоғамдық ұйым қайраткерлері: О. Жандосов, Т. Жүргенов, К. Тәштитов, Н. Нұрмақов, А. Досов, О. Исаев, Ұ. Құлымбетов т. б.
- Революция жеңісін қорғап, ақ гвардияшыларға қарсы күрескендер: Т. Әлиев, С. Жақыпов т. б.
- Қазақ әдебиеті мен ғылымының белгілі өкілдері: Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Аспандиаров, К. Жұбанов, М.Төлепов т. б.
- Орталықтан Қазақстанға жіберілген қызметкерлері: Л.И.Мирзоян, К.М.Рафальский, В.Н.Андроников т. б. Бұлардың барлығы «халық жауы» ретінде жендеттердің қолынан жазықсыз қаза тапты. Қазақстан жерінде жазықсыз жазаға ұшырағандарға арналған лагерьлер пайда болды. Олар: Карлаг (Қарағанды еңбекпен түзеу лагері), Степлаг, ЧСИР – отанға опасыздық жасағандар отбасыларының мүшелеріне арналған лагерь. Кейінннен ол «Алжир» - халық жаулары әйелдерінің Ақмола лагері. «Алжирде» репрессия құрбандарының әйелдері, аналары, қыздары азап шекті. Қарағанды жеріндегі Осакаров ауданында орналасқан 25 поселок – обсервацияда Россиядан «халық жауы» ретінде жазалағандар орналастырылды. 1937 жылғы қыркүйек, қазанда Қиыр Шығыстан 110 мың корейлер, Әзірбайжан мен Армениядан 2 мың 400 отбасы жер аударылып Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарына қоныстандырылды. 30–40 жылдар мен 50–жылдарда контреволюциялық қылмыскерлер туралы істерді негізінен сот органдары емес, ОГПУ алқасы «Үштіктер», ерекше кеңестер шешті.
101 мың Қазақстандық ГУЛАГ–қа жабылып, 27 мыңы атылды. Қазір де сол «халық жауларының» 40 мыңы ақталды.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Қазақстандағы ауыл шаруашылығын құрудың сталиндік-голощекиндік үлгісі.
2.Күштеп ұжымдастыру, оның зардаптары.
3.1931-1932 жылдардағы аштық.
4.30-жылдардағы жаппай қудалау, репрессиялар.
5.Аштық зардаптары.
6. Сталинизм жазалау шаралары.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.Қазақстан ауқымындағы қуғын-сүргін кезеңдері
2.Алаш қозғалысының қайраткерлеріне қарсы қуғын-сүргін
3.1937-1938жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін. Тоталитарлық жүйенің нығаюы.
4.1940-1950 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін.

Сталин басшылығымен қазақ зиялыларына тағылған айыптау айдарлары «ұлтшылдықпен» шектелмеді. Сонымен қатар қазақ байларын тәркілеу саясатын қолдамай, керісінше қазақ қоғамы сілкіністен гөрі көмекке зәру деген көзқарастағы қазақ қайраткерлерінің пікірлерін айыптау кең етек алды. 1929 жылы партиялық үштіктер арыз айту бюросының қызметін күшейтіп, барлық салада партия нұсқауымен «оңшыл және солшыл оппортунистік уклонмен» күресу жұмыстарын өте қарқынды түрде жүргізді.
7-партия конференциясында «солшыл жалаудың тасасына жиі-жиі жасырынатын оңшыл-байшыл ағым делінетінмен» күресуге партия ұйымдарын шақырады. Қазақстанда «оңшыл ағымға» Голощекиннің ауылда «Кіші Қазан» төңкерісі қажет деген пікіріне қарсы шыққан С.Сәдуақасов және оның пікірлестері жатқызылды.
Ал енді Қазақстанда қазақ кеңес және партия қайраткерлерін троцкизмге айыптау Троцкийдің 1928 жылы Алматыға жер аударылуына байланысты деуге болады. Алайда троцкистік

оппозицияға қазақ қайраткерлерін жатқызу көңілге мүлде қонымсыз еді. Себебі, қазақстандық саяси қайраткерлер троцкизм тұрмақ әлі толық марксизм-ленинизм идеяларын толық меңгермеген еді. Осыған қарамастан 7-партия конференциясында С.Сәдуақасов, Сұлтанбеков және Мұстамбаевтар «троцкистік оппозицияның төңірегіне топтасқан негізгі ядро» ретінде айыпталды.

Қазақ зиялыларына қарсы бағытталған айыптаулардың ішінде большевиктердің Алаш зиялыларына қарсы бағытталған күресі ең қатал және ымырасыз болды. Егерде 1920 жылдардың орта кезіне дейін большевиктер Алаш зиялыларына қарсы күресте әртүрлі айыптаулармен ғана шектелсе, одан кейінгі кезеңде ол өте-мөте қатал жаппай саяси қуғынға ұласты. Алаш зиялыларына қарсы күрестің жандануына 1925 жылы 29 мамырда Сталиннің Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросына өлкелік «Ақ жол» газетінің ұстанған бағытын айыптап арнайы жазған хаты себеп болды. Ол хатта газет бетіндегі жарияланған мақалалардың бұл кезде шет елде эмиграцияда жүрген М.Шоқайдың ойымен «үндес және пікірлес екенін, яғни алашордашыл, ұлтшыл идеяларды жаңғыртатыны» атап көрсетілді. Сондай-ақ алдағы уақытта осындай көзқарастағы партияда жоқ зиялы қауым өкілдерін жастарды тәрбиелеуге жібермеу ескертілді. Көп кешікпей-ақ, 1926 жылы болған партия конференциясында Ф.Голощекин басында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов сияқты қазақ зиялылары тұрған ұлттық қозғалысты «реакцияшыл, тіптен контрреволюцияшыл» деп бағалады.

Кеңес өкіметінің өлкедегі әртүрлі айыптау науқаны жаппай саяси қуғын-сүргінге ұласты. Қуғын-сүргінді ұйымдастыру кезеңі 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың ортасы болды. Большевиктердің Алаш зиялыларына қарсы саяси қуғынды бастауының негізгі себебіне тоқталсақ, ол мынадай жағдайға байланысты болды. Большевиктер ірі байларды тәркілеуге байланысты бас көтерулерді ұйымдастырушылар деп қазақ интеллигенциясын айыптап, оларға қарсы шабуылды бастады. Соның нәтижесінде 1928 жылдың аяғында қазақтың ірі ағартушылары, әдебиетшілері, әртүрлі саладағы зиялылары және Алашорда қайраткерлері А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Ғаббасов және т.б., барлығы 44 адам қуғындалып, тұтқындалды.

1930 жылдың қыркүйек, қазан айларында ұлттық интеллингенцияның екінші бір тобы (40-қа жуық адам), құрамында Х. және Ж. Досмұхамедовтер, М.Тынышпаев, Ж.Ақпаев, Ә.Ермеков және өзге де зиялы қауым өкілдері бар, тұтқындалды. Көп кешікпей олардың 15-і (Х. және Ж.Досмұхамедовтер, М.Тынышпаев, Ж.Ақпаев, К.Кемеңгеров және басқалары) Ресейдің Орталық қара топырақ ауданына жер аударылды. Мұндай іс-әрекеттердің барлығы большевиктердің өздеріне идеялық жағынан қарсылық көрсете алатын зиялылардан құтылу жолы екенін байқатады.

Елді жаулардан тазарту процесі кезінде большевиктер неше түрлі «террористік ұйымдардың» бетін ашты. Әртүрлі қыспақ пен қысым жасау нәтижесінде террористік ұйым мүшелері өздерінің күнәларын мойындап шыға келді. Мысалы, 1936 жылы тамызда троцкистік-зиновьевтік террористік орталық жөнінде ашық процесс болды. Бұл іс бойынша Г.Е.Зиновьев, Б.Каменев, Г.Е.Евдокимов, барлығы 16 адам жауапқа тартылды. Жауапка тартылғандарға С.М.Кировты өлтіруді ұйымдастырды және оны жүзеге асырды, Сталиннің өміріне қастандық даярлады, диверсия, шпиондық әрекет жасады деген кінәлар тағылды.

Жаппай репрессия толқыны Қазақстанды да қамтыды. Қазақстанда бір жылдың ішінде үш іс қарастырылды. Олар Үржар, Пресновка және Қарағандыдағы «контрреволюциялық ұлтшыл-фашистік залалдық ұйымдардың» істері болды. Ең алғашқы іс Қарағандыдағы сот ісі болды. Ондағы айыпталушылар тізімінде округтік партия ұйымының хатшысы М. Гатаулин, мүшелері А. Асылбеков, Н. Нүрсейітов болды. Олардың негізгі кінәсі - батылдылығы мен принципшілдігі. Сонымен қатар Гатаулин 1932 жылы Сталинге жазылған «Бесеудің хаты» авторларының біреуі болып табылады. Олар 1937 жылы қарашада өткен сот процесінде өздерінің «Мәскеудегі

«троцкистік орталықпен» қалай байланыс орнатып, олардың тапсырмасын Қазақстанда қалай жүзеге асырғандарын» мойындады.
Кейін халық жауларын түсті металлургиядан, темір жол транспортынан, жерхалкомынан, байланыс халкомынан және т.б. жерлерден анықтап, жауапқа тарта бастады. Партия кеңес қайраткерлерінің тізімін Н.Нұрмақов (БОАК президиумының жауапты қызметкері), Т.Рысқұлов (РКФСР ХКК төрағасының орынбасары) Мәскеуде ұсталып бастаса, кейін ол тізімді Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы А.Асылбеков, Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Н.Нұрсейітов жалғастырды. Өлкенің партия және кеңес қызметкерлерін айыптап жауапқа тарту шаралары нәтижесінде көрнекті қайраткерлер: К.Сарымолдаев, У.Құлымбетов, Г.Тоғжанов, А.Лекеров, А.Розыбакиев, Ж.Садуақасов, И.Құрамысов және т.б. ұсталып, ату жазасына немесе лагерлерге ұзақ мерзімге айдалды.
Тіпті орталықта не болып жатқанын білмейтіндер тағылған айыптардың еш дәлелсіздігіне қарамай жазаланды. Мәселен, 1938 жылы 27 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сайрамдық бес азамат «Киров жолдасқа қастандық жасаушылармен ауыз жаласқан саяси қылмыскерлер» болып шығады. Жауап алу барысында Сайрамда «буржуазияшыл-ұлтшыл топтың» 12 мүшесі анықталып, ол топ «облыстық ұйыммен», облыс «республикалық топпен байланысты», ал олардың барлығы «Мәскеумен тоғысты» деген қорытынды жасалады және үштіктің шешімімен «қылмыскерлер» атылады.
Тергеу ісінің материалдары көрсеткендей айыпталушыларға байланысты қылмыстық-процессуалдық кодекс дөрекі бұрмаланған. Оның бұрмаланғанын төмендегідей дәлелдер көрсетеді: тергеу жұмысы қылмыстық іс қозғау туралы қаулысыз жүргізілген және айыпталушылар ешбір негізсіз және прокурордың рұқсатынсыз қамалған. Айыпталушыдан жауап алдын ала кінәлі адам ретіндегі көзқарас тұрғысынан алынған және көптеген айыпталушыларға ешбір белгілі кінә тағылмай, олар айлап тергеусіз ОГПУ-дің түрмелерінде жатқан. Ал тергеу аяқталған соң айыпталушылар тергеу материалдарымен таныстырылмаған. Айыпталушылар қорғаушы пайдалану құқығынан айырылған. Іс осындай деңгейде, ешбір бекітілусіз, сот емес органдарға жіберілген және олар сырттан үкім шығарған.
Жаппай репрессия саясаты нәтижесінде қазақ халқының ең таңдаулы азаматтары, тіпті, олардың ішінде кеңес өкіметін орнатуға қатысқан А.Айтиев, С.Арғыншиев, Т.Рысқұлов, Н.Сырғабеков сияқты қайраткерлер де атылып кетті.
Жалпы сталиндік қуғын-сүргін көлемі әлі толық анықтала қойған жоқ. Кей деректерде 1937—1938 жылдары қазақстандықтардың 44 мыңы түрмелерге түсіп, 22мыңы атылды десе, басқа деректер 1930—50 жылдары 100 мыңнан астам адам репрессияға ұшырады, оның ішінде 20 мыңнан астамы атылғанын айтады.
Большевиктік жаппай репрессия саясаты кезінде жекелеген адамдар ғана емес, кішігірім халықтар да қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз жапа шекті. Ондай жапа шеккен халыққа корейлер жатады. Қазақстандық корейлердің негізгі бөлігі кезінде Қиыр Шығыс өлкесінен жер аударылды. Олардың жер аударылу себептерін КСРО ХКК-і мен БК(б)П Орталық комитеті бірігіп шығарған «Корей халқын Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан көшіру туралы» қаулысы бір ауыз сөзбен: «Қиыр Шығыс өлкесіне жапон шпионажының еніп кетуіне жол бермеу мақсатында...» - деп жауап береді. Қаулыда оларға өздерімен бірге заттарын, дүние-мүліктерін ала кетуге рұқсат етілді. Тіпті, оларға шет елге кетуді қалайтындарға кедергі жасамау, шекарадан өтуді оңайлату тәртібіне жол беру қажеттілігін де көрсетті. Көшкенде қалдырып кетуге мәжбүр болған дүние-мүліктің және егіс алқабының шығынын оларға қайтару шарасы да атап көрсетілді. Алайда айтылғандар тек сөз жүзінде қалды. Көшкен корейлер тек киім-кешек пен азық-түліктерін ғана алып шыға алды. Олар сонымен бірге шекара әскерлерінің және НКВД-нің тікелей бақылауында болды. Корейлер Қазақстанға келген соң да күдікті саналып, бақылауға алынды және қуғын-сүргінге ұшырады.

Қазақстан картасында Қарлаг деген ерекше тәртіптегі Қарағанды еңбекпен түзеу лагері пайда болды. Тоталитарлық тәртіп туындатқан тағы бір лагерь - Алжир деп аталды. Жаппай репрессияға ұшырағандардың отбасы да қуғындалды. Алжир лагерінде осы қуғынға ұшырағандардың әйелдері ұзақ жылдар бойы мерзімдерін өтеп отыруға мәжбүр болды. Кеңес үкіметі жүргізген қуғын-сүргін саясаты нәтижесінде осы қуғынға ұшырағандарды орналастырып, оларды бақылайтын басқару органы ГУЛАГ пайда болды.
Елдегі осындай қуғын-сүргін мен қорқыныш күш алып тұрған жағдайда КСРО жаңа Конституциясының жобасы талқыланып, 1936 жылы 5 желтоқсанда қабылданды. Конституция елде социализм орнағанын жария етті. КСРО жаңа Конституциясы одақтас республикалар санын көбейту мүмкіндігін арттырды. Соған сәйкес Закавказ республикасы таратылды. Азербайжан, Армян, Грузин республикалары енді КСРО құрамына тікелей енді. Қазақ және Қырғыз автономиялық республикалары одақтас республикаларға айналды. Қазақ республикасының мәртебесінің өзгеруіне байланысты жаңа Конституция жасау қажет болды. 1937 жылы 3 ақпанда жаңа Конституция жобасын ҚазОАК-нің Президиумы қолдады. 1937 жылы 21-26 наурызда Алматыда Қазақстан кеңестерінің Хсъезі өтті. 1937 жылы 26 наурызда съезд Қазақ КСР-ның Конституциясын бекітті. Мемлекеттік биліктің ең жоғарғы органы төрт жылға сайланатын Қазақ КСР Жоғары Кеңесі болды. Жоғарғы Кеңес өзінің Президиумын сайлады және республика үкіметі - Халық Комиссарлар Кеңесін (ХКК) құрды. Конституцияда республика аумағының тұтастығы негізделді. Қазақ КСР-ның әрбір азаматы КСРО азаматы болып табылды.
Сонымен, қорыта айтқанда, 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдары әкімшіл-әміршіл большевиктік тәртіп қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласында үстем болды. Әсіресе, Қазақстанда бұл тәртіптің өте ұсқынсыз, қатыгез формалары ұжымдастыру мен 1937-1938 жылдардағы саяси репрессия кезеңдерінде күш алды. Кеңес үкіметі, яғни халықтың үкіметі, сол халықтың өзіне қарсы қуғын-сүргінді ұйымдастырып, жазықсыз ату-асу жазаларын қолданды. Елде большевиктер басшылығымен халыққа қарсы жаппай «үлкен террор» ұйымдастырылды.
20-шы жылдардың екінші жартысынан бастап И.В.Сталиннің басқаруымен қалыптасқан тоталитарлық жүйе Қазақстанның мәдениетінің дамуына үлкен кеселін тигізді. Оның үстемдік етуі нәтижесінде Қазақстандағы мәдениет салалары Коммунистік партияның саясатына сәйкес жұмыс істеуге тиіс болды. Әсіресе бұл халыққа білім беру саласында ерекше көрініс тапты. Атап айтқанда, бұл кезде шығарылған оқулықтар, партия, комсомол және пионер ұйымдары, жас ұрпақтың санасы мен мінез-құлқына сталинизмнің догмаларын тықпалады. Мектептің қызметі де бұрмаланды.
Бұл кезде халыққа білім беру ісінде, соның ішінде оқу орындарында партиялық әмір күшейді. Оқу-тәрбие процестерін идеологияландырудың үстіне жалпы көрсеткішті қудалау, оқу процестерін формальды жүргізу өрістеді.
Тоталитарлық жүйенің күшеюі халыққа жоғары білім беру саласында да өз әсерін тигізді. Қазақстанның жоғары оқу орындары мен техникумдары халық шаруашылығының кадр жөніндегі қажетін қанағаттандыра алмады. Студенттер мен профессор-оқытушылар құрамында жергілікті халықтың өкілдерінің саны баяу өсті. 1936 ж. Қазақтың мемлекеттік университетіндегі 42 оқытушының 8 ғана қазақ болды. 1940 жылы Алматы мал дәрігерлік-зоотехникалық институты студенттерінің арасында қазақтардың үлес саны 12-ақ пайызын қамтыған.
ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын – сүргін құқық қорғау органдарының қолымен жасалды. Осы мақсатта ең алдымен қуғындаудың заңдық негізі әзірленді. Оған дәлел ретінде сол жылдары қабылданған заңдарды алға тартамыз. Кеңес мемлекетінің заңдары қазан төңкерісінен бастап –ақ тоталитарлық жүйенің орнығуына жол ашты. Кеңестік құқық «биліктен айырылған қанаушы таптарға» қарсы бағытталғандықтан, адамдар шыққан әлеуметтік тегі үшін жазаланды. Кеңестік заңдар «кеңестік тәртіпті» нығайтуға, социалистік экономиканы құруға, еңбекшілер бостандығы мен демократиялық құқықтарын қамтамасыз етуге, бұқараны коммунистік санамен

тәрбиелеуге тиіс болды. Сөз жүзінде заңдардың сипаты демократиялық бағытта болғанымен, іс жүзінде адамдарды жікке бөліп «таптар арасындағы күресті» өмірге әкелді. Бұл адам баласының мәдениетіне, адамзат өркениетіне аса қауіпті еді. Кеңестік тоталитарлық тәртіпті жамандау мақсат емес, алайда оның миллиондаған адам өмірін құрбандыққа қиған саясаты ұлт санасына ізін салып та кетті. Кеңестік жүйеде өмір сүрген халықтардың саяси қуғын – сүргін зобалаңына ұшырамағаны кемде кем.

Кеңестік тоталитарлық жүйе билік тармақтарын бір – бірімен байланыстырып, сот билігін саясаттың құралына, коммунистік партияның қолшоқпарына айналдырды. Сол арқылы репрессиялық шаралар жүргізілді. Сот билігі өзіндік мәртебесінен айырылған тұста өрескел заңсыздықтар етек алып, адам құқықтары аяққа басылды. Ең алдымен халықты идеологиялық өңдеу ісі қарқынды қолға алынды.

КСРО-дағы қайта құру курсына байланысты 1988-1991 жылдары кеңістік тарихшылардың сталиндік қуғын-сүргін саясаты мен кеңестік тоталитаризмді терең зерттеуіне жол ашылды. Осы кезеңде жапай қуғын – сүргін көлемі, заңсыздықтар туралы құнды фактілерге толы монографиялар, мақалалар жинағы көптеп жарияланды. Кейін тоталитарлық жүйе құлаған Қазақстанның зерттеушілері қуғын-сүргін саясатының алғышарттарын, жүргізілу барысын, салдарын қарқынды зерттеді. Әлі де зерттеу жұмыстары жалғасуда. Себебі, сталиндік зобалаңның ауқымы кең болғандықтан, оны 5-10 жыл көлемінде зерттеп болу мүмкін емес. Тәуелсіздіктің арқасында шаң басқан мұрағаттардағы зерттеушісін күтіп сарғайып жатқан деректерге қолымыз жетіп, сол уақыттың шындығын көре бастадық. Зерттеушілер «құпия» қорларды зерттегендіктен де, көптеген жаңа еңбектер жарық көрді.

Кеңестік тоталитарлық қоғам ұлт мүддесін аяққа басу, ұлт рухын әлсірету мақсатында саясат жүргізіп, «кеңес халқын» қалыптастыру ісін қарқынды қолға алды. Енді саяси қуғын-сүргіннің адам құқығын аяққа басқан заңдық негіздерін зерделесек: КСРО-да 1920-1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін социалистік құрылысты орнықтырудағы шаруашылық механизмінің ажыратылмас бөлігіне айналды. 1920 жылдан бастап ВЧК-ГПУ-НКВД халық арасынан «кеңестерге қарсы мәліметтерді» жүйелі түрде жинаған. Жак Росидің айтуынша 1920 жылдың басынан бастап-ақ «контрреволюциялық» немесе «антисоветтік» іс-әрекеті үшін 6 айдан жоғары мерзіммен бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Ал, 1930 жылы РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-10 бабымен 10 жылға сотталғандар саны миллионға жетіп, ГУЛАГ халқының 25 процентін құраған. Осы баппен сотталғандар түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлерінде «агитатор» деген атты иеленген.

1920-1930 жылдары кеңестік сот жүйесі қайта құрылып, саяси қуғын-сүргін шараларын жүргізуге бейімделді. Кеңестік заңдар халық шаруашылығын дамытуға есептелген жаңа экономикалық саясаттың тиімді тетігі болғандығын да көптеген зерттеушілер дәлелдеді. Сол кезеңдегі КСРО Конституциясының 157-бабында сот мәжілістері ашық жүргізіледі, ал 155-бапта судьялар мен халық заседательдері дербес, тәуелсіз болып, тек қана заңға бағынады деп жазылғанмен, іс жүзінде жағдай басқаша болды. Конституция тұжырымдары мен шынайы өмір арасындағы алшақтық адамдардың өз қоғамынан жаттануына (отчуждения от общества) әкелді.

Саяси қуғын – сүргіннің қалыптаса бастаған жүйесіне сталиннің болмысы

1928-1931 жылдары жалған айып пен жала жабу әдісі күшейіп, айыпкерді «мойындатудың» әдіс – тәсілдері жетілдіріліп, ОГПУ – дің қолында репрессияны жүргізудің даяр механизмі болған. Осы механизм 1930 жылдары толықтай күшіне енген. Нәтижесінде саяси қуғын – сүргін жалпылама бағыт алды. Сот – тергеу органдарының жазалаушы қызметі саяси – шаруашылық науқандар барысында қарқынды деңгейде жүрді. Астық, ет дайындау, бай – кулактарды тап ретінде жою, социалистік меншікті қорғау науқандары кезінде жоспарды орындай алмаған халыққа қарсы қолданылған репрессиялық шаралар өте көлемді. Юстиция халық комиссариаты екі апта сайын сот – тергеу органдарынан экономикалық науқандарға қатысты қылмыс туралы

мәліметтерді сұрап отырған.Сол кезде азаматтар үстінен қозғалған қылмыстық істердің басым көпшілігі заңсыз болған. Мәселен, Қылмыстық Кодекстің 61 бабының 3 тармағы науқан жоспарын орындамау мақсатында ұйымдасқан топты жазалауға бағытталғанымен, осы бап бойына жеке адамдар да сотталған. Айыпқа тартылған тұлғаны «қылмыскер» атандыру үшін бірін – бірі танымайтын, әр ауылдан шыққан «айыпкерлерді» топтап, байланысы жоқ бірнеше істер біріктірілген. Ал, астық жинау науқанында кеңес өкіметіне наразылық білдіргендерді «террористік іс – әрекет» жасады деп айыптаған. Олар Қылмыстық Кодекстің 58 бабының 8 тармағымен ату жазасына кесілген. Тіпті, ауылдарында бай – кулак қаламағандығын айтқан ауылдық кеңес төрағалары да атылған. Ал, «науқан жоспарын орындауға шамамыз жетпейді» деп шындықты айтқан тұлғалар Қылмыстық Кодекстің 58 бабының 10 тармағымен сотталған. Нәтижесінде түрмелерге адам сыймай, сотталғандар адам төзгісіз жағдайда «жазаларын» өтеген. Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлерінде азапты өмір туралы мұрғаттарда көптеген құжаттар сақталған. Түрмелерде адам санының шамамдан тыс болуын билік «таптық күрестің шиеленісуінен» деп түсіндірген. Кейбір түрмелерде қылмыстық іс қозғалмай сотталған азаматтар да болған. Мысалы, 1931 жылы 112 орындық Қызылорда түрмесіндегі 325 адамның 203 – і ешқандай айыпсыз қамалған. Ал, 300 адам түрме қабырғасының жанында ашық аспан астында «қамауда» жатқан. 1930 жылдан бастап өлім жазасына кесілгендер туралы ақпарат мемлекеттік құпияға айналады.

1934 жылы С. М. Кировке жасалған қастандықтан соң репрессиялық саясат жедел дамыды. Нәтижесінде әскери емес адамдарды әскери алқа соттап, әрбір қылмыстық істі қарауға 15 минут уақыт «кеткен». Тергеушілер жауап алудың хаттамасын алдын ала дайындап, айыпкерге қол қойдыртқан. НКВД органдарына тән ерекшелік тұтқынға алынған тұлғаның әлеуметтік тегіне, мүлкіне ерекеше назар аударатындығы. Сол жылдары сот – тергеу органдарына кәсіби біліміне қарамай, тек қана бұйрықты дәл орындайтын кадрлар іріктелген. Шала, сауатты, озбыр тергеушілер репрессиялық саясаттың нәтижесі. Егерде 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын – сүргін болмаса, осындай құбылыс өмірге келер ме еді? Адам құқын аяққа басқан заңсыздықтардың салдарынан ел арасында сот – тергеу органдарына үрей, сенімсіздікпен қарау үрдіс алған. Күні кешеге дейін КСРО бұғауынан шыққан елдер сот – тергеу органдарына сенімсіздікпен қарады. Өйткені, сот – тергеу органдары партияның айтқанын орындап, биліктің құралы ғана болды. Саяси қуғын – сүргінге ең алдымен ұлтжанды зиялылар ұшырады. Мұрағат құжаттары зиялылардың көзін жоюдың астарында саяси мән жатқандығын дәлелдейді. Тіпті, «халық жауы» атанып, атылған, лагерге айдалған тұлғалардың отбасы мүшелеріне дейін репрессияға ұшырады. Өйткені, кеңестік саясаттың түпкі мазмұнына кедергі болар отбасы құндылығы еді. Билік құрылымдары кез – келген отбасы мен жеке адам өміріне белсене араласты. Қазақстандық әйелдерді, оның ішінде қазақ әйелдерінің саяси, құқықтық және әлеуметтік жағдайын өзгерту шаралары саяси қуғын – сүргінге ұласты. Саяси шаралар мен экономикалық науқандар барысындағы саяси қуғын – сүргін құрығынан әйелдер де аман қалмады. Саяси қуғын – сүргінге қазақтармен қоса, Қазақстанда өмір сүрген өзге ұлт өкілдері де ілікті.

1937 жылы 28 желтоқсанда Орталық Комитет «жауапқа тартылғандардың балалары мен туыстарын оқудан шығару туралы» шешім қабылдап, сан мыңдаған жазықсыз балалардың тағдырын ойыншыққа айналдырды. Қаулының орындалу барысын сот-тергеу органдары қатаң бақылап отырған. Нәтижесінде балаға тән көңілмен айтылған жеке пікірлер мен болмашы істерге саяси мән беріліп, олардың үстінен қылмыстық іс қозғалған. Мәселен, Алматы қаласындағы мектептер мен техникумдардағы саяси тәрбие мен қоғамдық жұмыстардың кемшіліктері туралы жасалған баяндамада (ІІХК тарапынан әзірленген) оқушылардың «кеңестерге қарсы» істері тізілген. Осылайша адам құқығы өрескел түрде бұзылды. Сондықтан саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың нақтылы санын айту да өте қиын. Орта ғасырлық жазалау әдістерін қолдану арқылы «қылмыскерлер» саны күрт артқан. Бұл жағдайды биліктегілер халыққа «тап күресі

саясатының жемісті» болуы деп «ұғындырған». Сот процесстері А. Я. Вышинскийдің «дәлелдердің ханшасы» (царица доказательств) теориясының нәтижесінде «жемісті» болған. Әсіресе, 1937-1938 жылдары «конвейер» жүйесімен тергеу ісі ІІХК органдарының басты тірегі болды. Осы мәселені саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалар өз естеліктерінде жиі жазады. Бекболат Мұстафин басынан кешкен саяси қуғын-сүргінде айта келе «...түрмеге алып келген соң құжаттарымды лақтырып, табанға тастады. «Сен Жапонның шпионысың» деп ұрады. Итше тепкілейді. Ешкімді ешнәрсеге сендіре алмайсың. Күн сайынғы көретін азап осындай. Олар мені үнемі тік тұрғызып қояды. Ұйқы жоқ, тергеу амалдарының бірі осындай болады екен ғой. Бірақ мен бәріне төздім, ешқандай құжатқа қол қоймадым...», - деп одан әрі сталиндік қу ұлт еркіндігін мәңгіге жоюды көздеген саясатын жазады. 1937 жылы 20 қаңтарда НКВД басшысы Ежовтың құпия бұйрықтарының бірінде атылғандардың жерленген жерін көрсетпеу туралы да жазылды.
Сталин ішкі және сыртқы қауіпті сезініп, ауыр өнеркәсіп пен жедел индустрияландыруды дамыту арқылы қорғанысты нығайтуға ұмтылды. Есебі жоқ адам шығыны оны ойландырмады. Зерттеушілер дәлелдегендей социалистік құрылыс жаппай жазалау, қудалау саясатымен нығайтылды. Сотталғандардың еңбегі тегін пайдаланылды. Ірі – ірі құрылыс обьектілері жазықсыз жандардың көз жасымен салынды. Ең сұмдығы адамдар «халық жауын» әшкерелеуге деген ұмтылыспен тәрбиеленіп, репрессиялық сана нормаға айнала бастады. Бірақ сонда да адамдар адами құндылықтардан айырылмады. Сонымен саяси қуғын – сүргін салдарынан ұлттың рухы тұншықтырылды. Әсіресе, отбасы бірлігіне қарсы бағытталған саясаттың астарында үлкен мән жатты. Ол ұлттың тектілік келбетін жою болатын-ды. Әрбір ұлттың ғасырлар қойнауынан келе жатқан ұлттық құндылықтарын қасақана жою арқылы тамырсыз адамдарды (өзіндік көзқарасы, ұстанымы болмайтын жандар) қалыптастыру саясаты қарқынды жүрді. Нәтижесінде тап күресі деген адам ақылына сыймайтын ұғым өмірге енгізілді. Осы мәселені де тереңнен зерелеуіміз керек. Өйткені, қазақ қоғамының өзіндік өмір сүру салтына сай қалыптасқан әлеуметтік құрылымы большевиктер саясатына мүлдем сай келмеді. Нәтижесінде таптық көзқарастар қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымын, түйіндеп айтқанда адами құндылықтар жүйесін бұзды. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов сынды көптеген Алаш зиялылары тап күресінің қазақ ұлтының өмір сүруіне зор қауіп төндіретіндігін дәлелдеді де. Тіпті, Алаш зиялылары қазақ қоғамында тап күресінің болмағандығын, оның тамырын жаймау себептерін ғылыми тұрғыдан зерделеді де. Өкінішке орай, кеңестік тоталитарлық тәртіп ұлттық құндылықтарды жою саясатымен қаруланғандықтан, өзіне қарсы келгендерді (отбасы мүшелерімен, туған-туыстарымен қоса) саяси қуғын-сүргінге ұшыратты.
Саяси қуғын – сүргін салдарынан конформизм, бюрократизм, жағымпаздану секілді көптеген адами дамуға кереғар теріс түсініктер өмірден орын алып, тамырын тереңге жайды. Алаш зиялыларының «большевиктер ылаңы көпке кетер, биліктен кеткенше талайды былғап кетер»,- деген мазмұндағы даналығының ақиқатына біз куә болып отырмыз.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Қазақстан ауқымындағы қуғын-сүргін кезеңдері.
2.Алаш қозғалысының қайраткерлеріне қарсы қуғын-сүргін.
3.1937-1938жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін. Тоталитарлық жүйенің нығаюы.
4.1940-1950 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**
Тақырып: Қазақстандағы индустрияландыру бағыты.Ауыл шаруашылығын құрудың Сталиндік-Голощекиндік үлгісі. Ұжымдастырудың әлеуметтік-экономикалық зардаптары.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с

9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**№19 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Қазақстан майдан арсеналы. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында.

**Сағат саны:** 90 мин.
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: ҰОС кезіндегі өнеркәсіп орындарының Қазақстан аумағына көшірілуі, экономиканың әскери жағдайға өтуі туралы түсіндіре отырып маңызын ашу.
-Қазақстандықтар ҰОС-ы майданында, ерлік көрсетуші дивизиялар, Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары, олардың көрсеткен ерліктері туралы,
Қазақстан экономикасын соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құрудың тарихи маңызы, ерекшелігі, себебі туралы кең көлемде түсіндіру.
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;
**Сабақтың барысы:**
Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Қазақстандағы индустрияландыру бағыты.
Ауыл шаруашылығын құрудың Сталиндік-Голощекиндік үлгісі. Ұжымдастырудың әлеуметтік-экономикалық зардаптары.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Окулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.
**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**
**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**
1.Өнеркәсіп орындарының Қазақстан аумағына көшірілуі.
2.Экономиканың әскери жағдайға өтуі.
3.Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батыры.
1941-1945 жылдары республика бұрынғы КСРО-дағы қорғасын (85%), мыс (35%) қорыту, полиметалл және мыс рудаларын өндіру жөніндегі жетекші орнын сақтап қалды. Барланған кен орындарының негізінде металл өндіру, байыту мен қорыту кәсіпорындары салынды (Шығыс Қоңырат молибден, Жезді марганец, Донской хромит кеніштері (рудниктері), Ақшатау молибден-вольфрам, Текелі полиметалл, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты т. б.). Осының арқасында Қазақстан одақтағы молибден мен марганец рудаларының 60%-ын, висмуттың 65%-ын, полиметалл рудалары мен қорғасынның 80%-ға жуығын өндірді. Соғыс кезіндегі он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан құйылды. Соғыс қызып тұрған кезде республика қара металлургиясының «тұңғышы» - Ақтөбе ферроқорытпалар зауыты іске қосылды,ал 1943

жылы Қазақ (Қарағанды) металлургиялық зауыты алғашқы 200 тонна көлеміндегі жоғары сапалы болат қорытып шығарды, бұл көрсеткіш 1945 жылы 4,6 мың тоннаға жетті. Соғыс жылдарында республиканың қара металлургиясы ойдағыдай дамыды. Донбасты фашистер басып алғанда Қарағанды көмір кеніші соғысқа қажетті отынның 65 пайызын өндірген. Қарағанды шахтерлері төрт жыл ішінде 34 млн тонна көмір қазды. Елімізде соғыс жылдарында 19 жаңа шахта, жылдық қуаты алты миллион тонналық үш көмір разрезі салынып, пайдалануға берілді. Өлкеде көмір өндіру 1940 жылғы 6,6 млн тоннадан 1944 жылы 11,2 млн тоннаға жетті. Осы жылдары 4 жаңа мұнай кәсіпшілігі ашылды. Атырауда мұнай айыратын зауыт салынды. Соғыстың 4 жылында алдыңғы жылдармен салыстырғанда 887,9 мың тонна мұнай жөнелтілген. Ал республика жеңіл өнеркәсіп өнімдері бойынша одақта РКФСР-ден кейін екінші орынға шықты. Қызыл Армия жауынгерлерін киім-кешекпен, азық-түлікпен қамтамасыз етуде республиканың жеңіл және тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары қыруар жұмыстар атқарды. Ер-азаматтары майданға алынып, бар ауыртпалық егде адамдардың, әйелдер мен балалардың мойнына түсті. Олардың еңбегінің арқасында соғыс жылдары Қазақстан колхоздары мен совхоздары елімізге 56 млн пұт астық, 733,9 мың тонна ет, 1142 мың тонна сүт, 62,4 мың тонна жүн өткізді. Тары өсірудің шебері Шығанақ Берсиев (әр гектардан 202 центнер), атақты күрішшілер Ы. Жақаев, Ким Ман Сам, дәнді дақылдардан мол өнім алғандар М. Сатыбалдина, А. Дацкова, Н. Алпысбаевалардың ерен еңбектерін атап өтуімізге болады. *Қазақстан еңбекшілері өздерінің жеке қаражатынан майдан қорына 4,7 млн сом ақша, 2 млн дана жылы киім, 1600 вагон сыйлық жөнелтті*. Қару-жарақ, көлік, киім-кешек, азық-түлікті майданға жылдам жеткізу мақсатында қысқа мерзімде Қандыағаш-Орск, Жамбыл- Шолақтау, Талдыкорған-Текелі темір жол желілері тартылды. Соның нәтижесінде шикізат көздері өнеркәсіп ошақтарымен жалғасты. 1942 жылы Алматыда құрылысы басталған вагон жөндеу зауыты соғыстың соңына таман пайдалануға берілді. Құрылыстың қарқын алуына орай Теміртау, Текелі, Жезді, Шығыс Қоңырат, Ақшатау, Макин секілді жаңа қалалар мен жұмысшы поселкелері бой кетерді. Қазақстандағы қалалар саны 5-ке, поселкелер саны - 35-ке өсті. Соғыстың соңғы жылдарында Қазақстан Республикасы еңбеккерлері фашизмнен зардап шеккен 48 аудан мен 12 қаланы қамқорлыққа алды. Қазақстан мұнайының да маңызы аз болған жоқ. Жұмыс істеп тұрған «Эмбімұнай» тресіне 4 жаңа мұнай кәсіпшілігі, ондаған бұрғылау скважиналары қосылды. Гурьев мұнай өңдеу зауыты жұмыс істей бастады. Соғыс жылдары республика мұнай өндіруді 40%-ға дейін арттырды. Жұмыс істеп тұрған электрстанциялар жүйесі Солтүстік Қазақстан мен Қарағанды облыстарындағы энергетиканың жаңа ірі және орташа нысандарымен толықты. *Соғыс жылдары жалпы 460 зауыт, фабрика, кеніш, шахталар мен жеке өндіріс орындары, оның ішінде 300-дей эвакуацияланған кәсіпорындар салынды*. Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола-Магнитогорск желісінің құрылысы аяқталды. Республикада танкілер мен ұшақтар жасау үшін ақша жинау қозғалысы жүргізілді. 1941 жылы күзде БЛКЖО (Бүкілодактық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы) атындағы танк колоннасын құруға қаржы жинау басталды. Қазақтың белгілі балуаны, әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасов жеке қаражатынан қорға 100 мың сом өткізді. Нәтижесінде 1942 жылы армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа таңк алды. 1942-1943 жылдары халықтан жиналған қаржыға 10 танк колоннасы, бірнеше авиация эскадрильясы, торпедалық катерлер мен жеке ұшақтар жасалды. *Соғыс жылдары Қазақстан халқы әскери техника жасауға 480,3 млн сом қаржы қосты*. Елдің корғаныс қабілеті армияны киім-кешек, азық-түлікпен жабдықтаумен де анықталды. Соғыс мұқтаждықтарын қанағаттандыруға женіл және тамақ өнеркәсібінің өндіріс орындары да бейімделді. Жеңіл өнеркәсіпте тігін, тоқыма, тері, аяқ киім салалары жылдам дамыды. 1941 жылы Алматыда тігін-тоқыма және тері-былғары фабрикалары, майдан үшін жұмыс істей бастаған фурнитура зауыты іске қосылды. 1943 жылдын басында республиканың жеңіл өнеркәсібі өнім өндіру көлемі жағынан бұрынғы КСРО-да Ресейден кейінгі екінші орынға шықты. 1945 жылы 1940 жылмен

салыстырғанда шұлық бұйымдарын өндіру - 11,3 есе; мақта-мата - 7,4 есе, тоқыма бұйымдары - 4 есе, жүн мата - 2 есе, былғары аяқ киім өндіру 1,3 есе өсті. Соғыс жылдары 500-дей дивизия солдаттардың жазғы киім-кешегімен, 70 дивизия - шинельдермен, 67 дивизия — қысқы аяқ киіммен, 59 дивизия - жылы киімдермен, 25 дивизия — шолақ тондармен қамтамасыз етілді. Соғыс кезіндегі дивизиялардағы әскер саны 10000 адамға жеткенін ескерсек, тауарлардың келтірілген тізімі бойынша қандай мөлшерде өнім дайындалғанын есептеп алу қиын емес. Бүтіндей алғанда республика енеркәсібі өндірісі соғыс жылдары 37%-ға өсті. Бұл нәтижелерге үлкен қажырлы еңбектің арқасында қол жеткізілді. Республика индустриясының одан арғы дамуы, оның жаңа салаларының, әсіресе жетекші салаларының пайда болуы Қазақстанды майданның қуатты арсеналына, маңызды экономикалық аудандардың біріне айналдырды. Ұлы Отан соғысы жағдайларында Қазақстанның майданды ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етудегі рөлі мен маңызы өсті. Соғыс жылдары Қазақстанның ауыл шаруашылығы елге соғысқа дейінгі соңғы бес жылда өндірілген өнімнен артық өнім тапсырды (астық - 5 829 мың тонна, ет - 734 мың тонна, жүн - 17,6 мың центнер, 3194 мың центнер сүт пен басқа да азық-түлік өнімдері және өнеркәсіп үшін қажетті шикізат). Малшылар да аянбай еңбек етті. Соғыс жылдары Қазақстан елдің шығысындағы негізгі мал шаруашылығы базасына айналды. Соғыс жағдайларында техниканың жоқтығынан миллиондаған бас малды жемшөппен, әсіресе қысқы жемшөптің қосымша қорларымен қамтамасыз ету аса қиын міндет болды. 1942 жылы колхоздар мен совхоздар етке 169,4 мың бас ірі қара мал (1941 жылмен салыстырғанда екі есе дерлік көп), 878,1 мың кой (1941 жылмен салыстырғанда 3 есе дерлік көп) тапсырды. Еттің көп мөлшерде тапсырылуына қарамастан республикадағы мал басының жалпы саны осы кезеңде 1 миллион басқа көбейді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталуы. Неміс басқыншыларын кеңес жерінен қуған Кеңес Одағының Қарулы Күштері дүниежүзілік тарихи миссияны - Европаны гитлерлік оккупациядан азат етуді жүзеге асыруға кірісті. Румыния мен Бол- гарияны азат ету шайқастарына 387-ші қазақстандық атқыштар дивизиясы қатысты. Югославияда 73-ші гвардиялық дивизия шайқасты. Ұлы Отан соғысының ірі, шешуші операциясы - Берлинді алуға 150-ші атқыштар дивизиясы қатысты. Шайқас қызып жатқан уақытта қазақстандықтар - офицер Р.Қошқарбаев, қатардағы жауынгер Г. Булатов, кіші сержант М.Еремин, қатардағы жауынгер Г.Сывенко т. б. тіккен қызыл тулар желбіреп тұрды. Берлинге тіке шабуыл жасауға «Қазақстан комсомолы» танк колоннасының танкілері қатынасты. Бұл колонна Қазақстан еңбекшілерінің жеке қаражаттарымен құрылған еді. Республика патриоттары соғыс жылдары 480 миллион сом жинап, бұл қаржыға «Қазақстан колхозшысы», «Түрксібші», «Қазақстан кеншісі», «Қазақстан мұнайшысы», «Қазақстан металлургі», «Қазақстан пионері» атты т. б. майдандардағы армиялардың құрамына кірген танк колонналары мен авиаэскадрильялары жабдықталды. Фашизммен соғысты жеңіспен аяқтаған Қазақстан жауынгерлері Квантун армиясымен болған шайқастарға да қатысты. Көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін 2027 қазақстандық ордендермен, медальдармен марапатталды, олардың ішінде 14-і - «Кореяны азат еткені үшін», 234-і - «Жапонияны жеңгені үшін» медаліне ие болды. Жеңіс күнін армия қатарында болған, Қазақстанда құрылған 12 дивизия, 3 атқыштар, 1 артиллерия, 1 минометші, 2 авиация полкі, басқа да бірнеше әскери бөлімшелер қарсы алды. 500-ге жуық қазақстандықтар Кеңес Одағының Батыры атағын алды, оның 97-і қазақтар. Б.Момышұлы, Б. Бейсекбаев, Х.Доспанова т.б. қазақстандық батырлар соғыстан кейінгі кезеңде марапатталды. Бүгінгі таңда қазақтардың Ұлы Отан соғысындағы адам шығыны жөнінде әр түрлі пікір айтылып жүр. Цифрлар 350 мыңнан бастап 410 мыңға дейінгі деңгейді меңзейді. Бірақ мұнда республикадан тыс жерлерден майданға аттанған қазақтар, еңбек армиясынан оралмай қалғандар, майданда алған жарақаттан қаза тапқандар еніп отырған жоқ. 1930-1937 жылдардағы қуғын-сүргіннен аман қалған зиялылар өкілдерін майданға аттандырған қазақ халқының өзінің ең талантты азаматтарынан айырылғаны

даусыз факт еді. Қазақстандық құрамалар Ленинградты қорғауға, Сталинград түбіндегі, Курск доғасындағы шайқастарға, Днепрден өту мен Украина, Белоруссия, Молдова мен Балтық елдерін, Еуропа халықтарын фашистік езгіден азат ету шайқастарына қатысты. 1945 жылы 8 мамырда Потсдамда гитлерлік Германияның сөзсіз тізе бүгу Актісіне қол қойылды. Сол жылдың 2 қыркуйегінде американдық «Миссури» линкорының бортында милитаристік Жапонияның сөзсіз тізе бүгуі жөніндегі Актіге қол қойылды. Бұл оқиғаның жедел өткізілуіне: біріншіден, Кеңес Армиясының Қиыр Шығыста (Маньчжурияда) жапондық Квантун армиясын қысқа мерзімде талқандауы, екіншіден, американдықтардың жапон қалалары Хиросима мен Нагасакиге екі атом бомбасын тастауы себепші болды. Жапонияның тізе бүгуімен Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Өнеркәсіп орындарының Қазақстан аумағына көшірілуі.

2.Экономиканың әскери жағдайға өтуі.

3.Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батыры.

4.Екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталуы.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.ҰОС-ң басталуы.

2.Қазақстандықтар ҰОС-ы майданында**.**

Германияда өкімет басына фашистердің келуі және олардың Еуропадағы агрессияшылдық іс-әрекеттері Кеңес Одағы мен гитлерлік Германияның арасында соғыстың болмай қоймайтындығын айқын көрсетті. *1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия өзара шабуыл жасаспау жөніндегі кеңес-герман шартын бұзып, неміс армиясы соғыс жарияламастан КСРО аумағына баса- көктеп кірді.* Жер бетінде болып өткен соғыстардың ішіндегі ең қатал әрі ауыр соғыс басталды. КСРО-ға қарсы соғысқа Германияның одақтастары - Румыния, Венгрия, Италия, Словакия, Финляндия қатысты. Гитлершілдердің жағында соғыска кіруге Жапония, Болгария, Түркия, Испания дайын тұрды. Бұл жағдай Қызыл Армияны Қиыр Шығыс пен Закавказьеде ірі әскери құрамаларын ұстап тұруға мәжбүр етті. Ұлы Отан соғысы Екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі болды. Екінші дүниежүзілік соғыс орасан зор кеңістікте жүргізілгенімен, соғыс қимылдары кеңес елінің аумағында өтті. Кеңес Одағы Ұлы Отан соғысына дайындықсыз кірісті. 1930 жылдардағы әскерилерді қудалау соғыстың алғашқы күндерінде сәтсіздіктерге ұшыратты.

И. В. Сталин халыққа 1941 жылдың 3 шілдесінде радио арқылы үндеу жариялады. Оны бүкіл ел тыңдады. Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің борышын өтеп, майдандағы армияның қатарын толықтырды. Әскери міндеттілерді әскерге алу өте қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Тарихи әдебиеттерде бұл соғыс «Ұлы Отан соғысы» деген атқа ие болды. Бүкіл кеңес халқы ортақ жауға қарсы күреске жұмылды. Алғашқы күндердің өзінде ақын В. Лебедев-Кумач пен композитор А. Александров жауға қарсы күресте көпке ортақ әнұранға айналған «Қасиетті соғыс» әнін шығарды.

**Фашистік Германияның соғыс жоспары**

1940 жылы жасалған «Барбаросса» жоспарына сай Германия қысқа мерзім ішінде (6-8 апта) Архангельск-Еділ-Астрахан шебіне шығуды көздеді. Бұл қауырт соғыс - блицкригтің негізгі мақсаты еді. «Барбаросса» жоспарын жасағанда фашистік Германияның басшылары КСРО-ны «көптеген ұлттардың жасанды әрі әлсіз бірлестігі», «ішкі бірліктен айырылған этникалық конгломерат (қоспа)» ретінде қарастырды. Фашистер басып алынған кеңестік аумақта Остланд рейхскомиссариаттарын - герман провинцияларын құруды жоспарлады. Германияның Қазақстанға қатысты жоспары айқын еді. КСРО-ны жеңгеннен кейін фашистер Орта Азия мен

Оңтүстік Қазақстанда бірыңғай герман аумағын құруды көздеді. Бұл аймақты «адамзатқа жатпайтын» славян халықтарынан тазарту міндеті қойылды.
1941 жылдың соңында түрік-монғол халықтарын жою жоспарланған болатын. Немістердің жоғарғы барлау мектебі болашақ отарлардың карталарының жобасын дайындап, 1942 жылдың басында «Еділ-Жайық» және «Үлкен Түркістан» мемлекеттік құрылымдарын құруды жоспарлады. Үлкен Түркістан отарының құрамына Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Синьцзянь, Ауғанстанның солтүстік бөлігі енгізілді. Қуыршақ мемлекеттерді құру арқылы гитлершілдер экономикалық және саяси мақсаттарды: ұлы герман империясы үшін қуатты шикізат және қосымша азық-түлік базасына ие болуды, кеңестер елін отарға, оның халқын құлдарға айналдыруды көздеді. Сондай-ақ Қазақстанның орталық, солтүстік және солтүстік-шығыс аудандары - Қарағанды, Новосібір және Кузнецк «индустриялық облыстарының» құрамына кіруге тиіс болды. Бұл жерлерде фашистік Германияға қызмет ету үшін украиндар, белорустар мен поляктарды, венгрлер мен Шығыс Еуропаның басқа да халықтарын қоныстандыру жоспарланды. Кейінірек қауырт соғыс жоспарларының күйреуіне байланысты фашистер өз жоспарларын қайта қарап, КСРО-ның орыс емес халықтарының өзін-өзі басқаруына уәде беруіне тура келді. Сөйтіп фашистер бұл халықтарды Мәскеуге қарсы күресте пайдаланбақшы болды.

## Қазақстандық жауынгерлердің майдандағы ерлігі

Қатарында мыңдаған қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастар жүргізді. *1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанда армия қатарына 300 мыңдай, ал соғыс кезінде 1 млн 200 мыңнан артық қазақстандық әскери міндеттілер шақырылды*. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап барлық жерде әскери құрамалар мен бөлімдер құрыла бастады. 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрамалар құрылды. Фашистермен шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316- шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы атты әскер дивизиялары, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадалары, 209- Зайсан, 219-минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші, 992-ші авиациялық полктар даңққа бөленді. Көрсеткен ерліктері үшін 316-дивизия 8-гвардиялық дивизия, 328-дивизия 30-гвардиялық дивизия болып, 75-теңіз бригадасы 27-гвардиялық дивизия болып қайта құрылды. Майданға 14,1 мың жүк және жеңіл автокөлік, 1,5 мың шынжыр табан трактор, 110,4 мың жылқы мен 16,2 мың арба жіберілді.
Қазақстанда құрылған әскери құрамалардан алғашқылардың бірі болып 312-атқыштар дивизиясы (командирі — полковник А. Ф. Наумов, кейіннен генерал-майор) айқасқа кірісті. 312-дивизиямен бір мезгілде дерлік, солтүстік-батыс бағыттағы майданда Қазақстанда құрылған, генерал-майор И. В. Панфилов басқарған 316-дивизия езінің жауынгерлік жолын бастады. Панфиловшылар Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығымен Мәскеуді қорғау шебіндегі 30 километрлік бөлікке орналасты. Панфиловшылар жаумен күші тең болмаса да 50 жау танкісімен болған шайқаста жеңіп шықты. Бұл тарихи шайқасқа қатынасқан 28 жауынгерге КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Волоколамск ауданында өткен осындай шайқастардың бірінде ержүрек жауынгер, талантты командир, генерал-майор И. В. Панфилов ерлікпен қаза тапты. Оған қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, ал 8-гвардиялық атқыштар дивизиясына (бұрынғы 316-дивизия) генералдың есімі берілді. Мәскеу түбіндегі ұрыстарда қазақ халқының көптеген ұлдары ерлікпен шайқасты. Олардың ішінде Кенес Одағының Батырлары - Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Рашид Жанғозин, Төлеген Тоқтаров, Рамазан Елебаев, Төлеуғали Елебековтер бар. Мәскеу үшін болған шайқаста полковник Г. П Коротков басқарған 238-атқыштар дивизиясындағы қазақстандық

жауынгерлер өздерін даңққа бөледі. Дивизия жауынгерлік Қызыл Ту орденмен марапатталып, табандылығы, ержүректігі мен батырлығы үшін 30-гвардиялық дивизия болып қайта құрылды. Алексин қаласы үшін шайқастарға қазақ халқының аты аңызға айналған батыры Амангелді Имановтың ұлы, қатардағы автоматшы (атқыш) - Рамазан Амангелдиев қатысты.

**Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары**

*Соғыстың басынан аяғына дейін әскери бөлімдер ретінде шайқасқан 12 қазақстандық дивизияға құрметті атақтар берілді*. Олардың бесеуі - бір орденмен, төртеуі - екі орденмен, екеуі үш орденмен марапатталды. 5 дивизия (олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия да бар) гвардиялық дивизияларға айналды. *Әскери ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандықтар ордендер мен медальдармен марапатталды, 497 қазақстандық Кеңестер Одағының Батыры атанды. Бұл атақты 97 қазақ иеленді, олардың ішінде қазақ қыздары - Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова бар. Төрт қазақстандық ұшқыш - Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский Кеңес Одағының Батыры атағына екі рет ие болды*. 1990 жылы 11 желтоқсанда көрнекті қолбасшы Бауыржан Момышұлына да осы құрметті атақ берілді. 1941 жылы Бауыржан Момышұлы аға лейтенант шенінде батальонды басқарып, Мәскеу түбіндегі шайқастарда өз құрамасын жау қоршауынан үш рет алып шықты. Соғысты Б. Момышұлы полковник шенінде аяқтады. Әділеттілік тек 45 жылдан соң, қазақтың ұлттық батыры өмірден қайтқаннан кейін ғана қалпына келтірілді. «Даңқ орденінің толық иегері» атағына 110 қазақстандық ие болды. 1941 жылы 26 маусымда әуеде от-жалынға оранып бара жатқан бомбалаушы ұшағын жау танкісі колоннасы үстіне шүйілтіп, жандарын пида еткен қазақтың баһадүр ұшқышы Бақтыораз Бейсекбаев пен ұшақ экипажына 1996 жылы 2 мамырда Ресей Федерацясының Батыры атағы берілді. Рейхстагқа тікелей шабуыл жасап, оған Жеңіс туын тіккендердің қатарында қазақстандықтар Р. Қошқарбаев, капитан Б.В.Чупрета, минометші А. Бақтыгереев, пулеметші А.Е.Вицко, байланысшы К.М.Волочаевтар болды.

**Қазақстан экономикасын соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құру**

Қазақстан түкпірдегі оңтүстік-батыс тыл бола отырып, үкімет шешімдеріне сай соғыстың алғашқы күндерінен бастап өз экономикасын майдан мұқтаждықтарын қамтамасыз етуге қарай бейімдеуге тиіс болды.
Соғыстың алғашқы жылдары Қазақстанға батыс аудандардан эвакуацияланған 532,5 мың адам баспана мен жұмыс тапты, сонымен бірге 50 мың маманданған жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер және негізінен ауылдар мен селоларға орналастырылған 970 мыңдай күштеп көшірілген поляктар мен немістер келді. Республика жұмысшы табының қатарына Донбастың 2 мыңдай шахта құрылысшылары келіп қосылды. Өте қысқа мерзім ішінде эвакуацияланған кәсіпорындарды тиісті өндірістік алаңдармен қамтамасыз етіп, майданға қажетті өнімдер өндіруді жолға қою, адамдарды азды-көпті тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету қажет болды. Майданға жақын аймақтардан адамдарды амалсыз эвакуациялау көптеген қиындықтар әкелді. Олардың көпшілігі ауылдар мен селоларға орналастырыдды. Қалалардағы соғысқа дейінгі тұрғын үй проблемасы одан әрі шиеленісе түсті. Ел үшін ауыр болған осы жылдардың өзінде тұрғын үй құрылысы жалғастырыла берді. 1941-1945 жылдары жалпы көлемі 3 317 мың шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілді.
**Қорытынды сұрақтар:**
1.ҰОС-ң басталуы.
2.Қазақстандықтар ҰОС-ы майданында.

3.Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары.
4.Қазақстан экономикасын соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құру.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Тақырып: Қазақстан майдан арсеналы.Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында. Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.

7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**
1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/

14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**№20 сабақ**

**Сабақтың тақырыбы**: 1950 жылдардағы Республикадағы қоғамдық саяси өмір. Тоқырау жылдарындағы Қазақстан.

**Сағат саны:** 90 мин.

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:** 1950 жылдардағы Республикадағы қоғамдық саяси өмір, Сталиндік жеке басқа табынушылыққа қарсылық, Н.С. Хрущевтің «Еркін саясаты», «жылымық» жылдары. Тың және тыңайған жерлерді игерудің салдары туралы түсіндіре отырып маңызын ашу.

-60-жылдардағы шаруашылық реформалары және олардың тағдыры, жоспарлы экономиканың зардаптары туралы түсіндіру,маңызын ашу.

- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Қазақстан майдан арсеналы.Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.Сталиндік жеке басқа табынушылыққа қарсылық.
2.Н.С. Хрущевтің «Еркін саясаты», «жылымық» жылдары.
3.Тың және тыңайған жерлерді игеру (1954-1956 жж.).
4.1958 жылғы Теміртаудағы жағдай.

Соғыстан кейінгі қоғамда пісіп-жетілген өзгерістердің қажеттігін түсіну әкімшілік жүйесінің бірқатар идеологиялық және қуғындау сипатындағы шаралармен шебер басылып тасталды. Алайда 40-жылдардың ортасы мен 50-жылдардың басында рухани жағдай тұншықтырылғанымен, біржолата күйреген жоқ. Сталиннің өлімінен (1953 жылғы 5 наурыз)

кейінгі алғашқы жылдардың өзінде қоғамда мүмкін болатын өзгерістердің сипаты жөніндегі мәселеге екі бағыт, екі көзқарас қалыптаса бастады. 1953-1954 жылдары өзіне қоғамның көпшілік бөлігінің назарын аударған социалистік қоғамдағы карамақайшылықтардың сипаты, тарихтағы жеке адам мен халық бұқарасының рөлі, теория мен практиканың арақатынасы, басшылыктың ұжымдылығы т. б. сияқты кекейкесті проблемалар женінде пікірталастар басталды. Жүріп өткен жолға сын көзбен қарау, қоғамды толқытқан сұрақтардың шешімін қарастыруда КОКП ОК-нің қыркүйек Пленумы (1953) жауап берді. Денсаулығының құрт нашарлауының нәтижесінде 1953 жылы І наурызда И. В. Сталиннің миына қан құйылды. Мәскеуде «көсемді» жерлеу кезінде көптеген адамдар халық көпірінің астында қалып қаза тапты. Кейбір адамдар, әсіресе қуғын-сүргінге ұшырағандар «көсем» өліміне қайғыра қойған жоқ. Қоғамдық өмірдің демократиялануы жолындағы маңызды кезең жазалаушы органдардың басшыларының бірі, КСРО Ішкі істер халқомы (министрі), КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, КОКП ОК Президиумының мүшесі Лаврентий Берияның қылмыстық қызметінің жолын кесу болды. 1953 жылы шілдеде КОКП ОК Пленумы Сталиннің жақын серіктерінің бірі, саяси арандатушы және қаскүнем ретінде ОК құрамынан және КОКП-ның қатарынан шығарды Л.П.Бериямен бірге негізінен мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері болған оның көмекшілері тұтқындалып, соңынан атылды. И.В.Сталиннің өлімі және Л.П.Берияның биліктен тайдырылуымен КСРО-да өмір сүрген қатаң тәртіптің қара түнек кезеңі аяқталды. Берия ісінен жасалған маңызды саяси қорытынды - **жеке басқа табынуға жол бермеу және оның зияндылығын ресми түрде мойындау болды.** Тек осындай жағдайда ғана жоғарғы партиялық және мемлекеттік қызметтерге Л.Берия сияқты кездейсоқ адамдардың өтіп кетуі мүмкін болатын еді. Сол кезде айтылғандай марксизм-ленинизм рухына жат жеке басқа табынушылық идеологиясын іс-тәжірибеден түп тамырымен жою ОК Пленумынан кейін жарияланған «Кеңестер Одағы Коммунистік партиясына елу жыл» (1903- 1953) құжатында маңызды міндет болып танылды. Одан әрі демократиялық қайта құру үрдісі неғұрлым белсенді өте бастады. Алайда И. Сталинның өлімі ол құрған әміршіл-әкімшіл жүйенің толық талқандалуын қамтамасыз етті дегенді білдірген жоқ. Мыңдаған сотталғандар бұрынғыша лагерьлерде қалып қойды, Сталиннің өзі сияқты адам құқықтарының бұзылуына қатысы бар көптеген саяси қайраткерлер (В. Молотов, К. Ворошилов, Л. Каганович т. б.) жоғарғы мемлекеттік қызметтерді атқара берді. 1950 жылдың басында КСРО- дағы түрмелерде 5,5 млн-дай тұтқындар болды. И. Сталин қайтыс болғаннан кейін партиялық билікке талас басталды. Л. Берия, Г. Маленковтар жеңіліп, бар билік Н.С. Хрущевқа көшті.

**1950 жылдардың ортасындағы біршама прогресшіл бастамалар.**

Қоғамдық ойдағы екі бағыттың куресі мен өзара бір-біріне әсер етуінің нәтижесі - 1956 жылгы ақпандагы КОКП XX съезінің шешімдері болды. Демократияландыру идеясы съездің көптеген саяси нұсқауларымен анықталды. Идеология саласында жеке басқа табынушылық үлгісін талқандау, догматизм мен схоластиканы жеңуге алғашқы әрекеттер жасалды. Бұл ниеттердің орындалуы жолындағы неғұрлым байыпты қадам - XX съездің Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптауы болды. КОКП ОК-нің Бірінші хатшысы Н. С. Хрущевтің баяндамасында жеке басқа табынушылықтың пайда болу себептеріне, оның мәні мен сипатына, зардаптарына баға беруге әрекет жасалды. Съезд көпшілік бұқараға өкімет билігін жүзеге асырып отырған жүйенің шынайы бейнесін ашып көрсетпеуге шешім қабылдады. Тек КОКПОК-нің «Жеке адамға табынушылық және оның зардаптары туралы» (маусым, 1956 жыл) қаулысы дайындалды. Онда жеке баска табынушылыққа байланысты жіберілген қателіктер мен бұрмалаушылықтардың «кеңестік құрылыстың терең демократияшыл сипатын өзгерте'алмағаны» атап көрсетілді. Тек 33 жыл өткен соң ғана «КОКП ОК-нің хабаршысы»

(«Известия ЦК КПСС») журналында (1989 ж., №3) Н.С.Хрущевтің съезде жасаған баяндамасының толық мәтіні жарияланды. Ал бұл мәтін көбейтіліп, XX съезд біткеннен кейінгі бірнеше аптадан соң-ақ шетелде жарық көрген еді.
Түрмелерге ешбір кінәсіз қамалған бірқатар адамдарды (олардың ішінде партияның көрнекті қайраткерлері – Я. Рудзутак, А. Рыков, В. Чубарь т. б.) еркіндікке шығарып, оларды ақтаумен мемлекеттік аппарат көп ұзамай бұл реформаны доғарды. Мыңдаған адал адамдар түрмелерде қалып қойды, қуғын-сүргіннен қаза тапқан адамдардың қызметіне шынайы саяси баға берілмеді. Өткен тарихтың қайғылы беттері: Қазан төңкерісінің тарихы, Азамат соғысының себебі мен сипаты, 30-жылдардағы аштық пен шаруаларды қырып-жою жөнінде біржақты ғана еске алулар болды немесе бұлар жайлы еш нәрсе де айтылмады. Сталиннен кейінгі билік қадамдарының жартыкештік сипатта болғаны чешен, ингуш, қалмақ, балқарлар тарихи отандарына қайтарылып, Қазақстанда тұрған корейлер, немістер, қырым татарлары мен месхет түріктері құқықтарының қалпына келтірілмегенінен көрінді. 1954 жылы ішінде көптеген майдангерлер болған саяси тұтқындардың Кеңгірдегі кәтерілісі катал басып тасталынды. Жезқазғанға жақын жерде салынған бұл арнайы каторгалық лагерь түрмедегілер мен тұрақты әскери бөлімдерінің арасындағы шайқас алаңына айналды. Елдің экономикалық жағынан артта қалуы себептеріне талдау жасау әрекеттері де тез тыйылып отырылды. Одақтас республикалардың құқығын кеңейту тұжырымдамасы да дамытылмады.

**Республиканың 50-жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі.**

Кеңес өкіметі мен КОКП ОК 1954-1956 жылдары шамадан тыс орталықтандыруды жоюмен одақтас республиқалардың құқығын кеңейтуге бағытталған шаралардың тутас кешенін жургізгенімен, қабылданған актілер жарияланған егемендікті іс жүзінде жоққа тән етті. Экономика мен саясат саласындағы ортақ бағытты белгілеу, мамандарды тағайындау мен алмастыру т. б. көптеген мәселелерді шешу аз ғана топтың қолында қалып қойды. Қоғамның құрылымы бұрынғыша «жоғарыдан-төмендегілерге» қағидасы бойынша әрекет етіп, адамдар жоғарыдан қабылданған шешімдерді ғана орындады. Көп ұзамай саяси басқаша ойлау да қатал басыпжаныштала бастады. Қоғамдағы келеңсіздіктерді ашық көрсеткен адамдар қуғынға түсті. Алайда басқаша ойлаудың алдын алуды бұрынғы әдістермен жүзеге асыру мүмкін емес еді. Сондықтан саяси айыптаулар неғұрлым «бүркемеленген» сипатта жүргізілді. Саяси қудалаудың мысалдары Қазақстанда да аз болған жоқ. **Оған мысал - Шығыс Қазақстан облысындағы орыс тілі пәнінің мұғалімі, майдангер, жоғары білімді маман М. Елікбаевтың тағдыры.** Ол Н. С. Хрущевтің атына хат жазып, онда адамның жеке басының құқықтарын бұзу, ұлттық саясат саласындағы бірқатар бұрмалаушылықтар, қазақ тілінде оқытатын мектептердің қысқартылуы т.б. өкімет орындары жүргізіп отырған саясаттағы олқылықтар жөнінде өз пікірлерін білдірді. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық партия комитетінің қуғындау шараларынан кейін оны КОКП қатарынан шығарды. Одан әрі бағынбаған мұғалімді психиатриялық ауруханаға жапты, ол аштық жариялаған кезде, түтікше арқылы күштеп тамақтандырды. КСРО Денсаулық сақтау министрлігі қызметкерлерінің деректері бойынша психикалық емдеу жолымен елде 90 мыңнан астам «басқаша ойлайтындар» жазаланды. 50-жылдардың ортасындағы біршама прогресшіл бастамалардың ешқайсысының күткен нәтижелерге жеткізбеген себебі жөнінде заңды сұрақ туындайды. Негізгі себептердің бірі-саясатта ғылыми негізделген болжамның жоқтығы. Н. С. Хрущев бастаған көптеген басшылардың саяси мәдениеті өте төменгі деңгейде болды, бұған биліктің өзін өсірген жүйемен тығыз байланысының әсері де тиді. Олқылықтарды жою мен өмір сүріп отырған тәртіптерді сақтауға сталиндік режимнің шектен шыққан құбылыстарын ғана жойып, кеңес адамдарының күш-қуатын жақын қалған коммунизм шептерін бағындыруға жұмсау жөніндегі қиял да ықпал

етті. Бұған Н.С.Хрущевтің социализмнің толық жеңісіне жетуін жариялап, «коммунистік қоғам құрылысын кең көлемде бастауды» ұсынған КОКП XXI съезінің (1959) шешімдері дәлел болады. Теориялық проблемаларға ерескел, жалған, тұрпайы көзқарас XXII съезде қабылданған КОКП-нің Үшінші бағдарламасынан да байқалады. Большевизм басшыларының утопиялық көзқарастары жөнінде өз уақытында Мұстафа Шоқай, Смағұл Сәдуақасов т. б. айтқан еді. Өкінішке қарай Қазақстан Мәскеу шенеуніктері қабылдаған шешімдерден шыға алмады. Басталған саяси реформалар әкімшілдік жуйенің экономикалық базасын өзгерте алмады. 50-жылдардың басында дүние жүзі елдері бір-бірімен өте тығыз байланыста болды. Дүниежүзілік қауымдастық КСРО-мен, яғни оның құрамындағы Қазақстанмен де интеграциялык байланысқа түсті. Бұл кезде кеңес мемлекетінің сыртқы саясат саласындағы қызметі жаңа серпін алды. Халықаралық шиеленістің бәсеңдеуі КСРО-ның хальқтар арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайту ісінде біраз бастамалар көтеруіне жағдай жасады. Қазақстанның индустриялық дамуы, **тың және тыңайған жерлерді игеру** республиканың әлеуметгік-таптық құрылымында терең өзгерістер болуымен қатар жүрді. Республикада құрамы жағынан күрделі болған жұмысшылардық, шаруалардық, зиялылардық үлкен әлеуметтік топтары қалыптасты. Мұндай әлеуметтік құрылым Қазақстан аумағында тұратын барлық халықтар мен ұлттарға тән болды. 50-жылдардағы Қазақстан көп ұлтты республикаға айналды. Мұнда қазақтар, орыстар, украиндар, немістер, өзбектер, ұйғырлар, татарлар өмір сүріп, еңбек етті. Көптеген еңбек ұжымдары құрамы жағынан көп ұлтты ұжымдарға айналды. Әр түрлі ұсақ ұлттарға қатысты жіберілген әділетсіздік соңына дейін жойылған жоқ. 1954 жылдан 1962 жылға дейін тың көтеруге КСРО-ның еуропалық бөлігінен 2 млн-дай адам келді. Сонымен бірге бұл жылдары жұмысшы күшін өнеркәсіптегі, құрылыстағы және транспорттағы (көліктегі) жұмыстарға тарту жөнінде кең көлемді жұмыс жалғастырылды. 1954-1965 жылдары Қазақстан халқына 0,5 млн адам қосылды. Одан кейінгі мерзімде бұл бағыт жалғаса берді. Мұның бәрі жергілікті халық пен басқа халықтардың саны үлес салмағының арасындағы алшақтыққа әкелді. 1962 жылы қазақтар республика халқының 29%-ын құрады, ал 1897 жылы қазақ ұлты елдің 85%-ы еді. Бұл ұлттық мәдениет пен оның ерекшеліктерінің деңгейіне, ана тілінің жағдайына кері әсер етті.

**Кеңестік коғамның әлеуметтік проблемалары.**

---

**Теміртаудағы толқулар.** Сталиннің өлімінен кейінгі алғашқы жылдары үкіметтің ішкі саясатында адамдардың қажеттіліктеріне қарай бет бұру сарыны байқалды. Бұл Сталин қайтыс болғаннан кейінгі төртінші күні Мавзолей мінбесінен Г. М. Маленковтың сөйлеген сөзінен айқын көрінді, ол жұмысшылардың, колхозшылар мен зиялылардың материалдық хал-ахуалын үнемі жақсартып отыруға қол жеткізу - партия мен үкімет үшін заң болып есептелінетінін жариялады. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1953 жылғы тамыздағы мәжілісі мен КОКП ОК- нің қыркүйектегі (1953) Пленумында қуатталып, одан әрі дамытылған бұл міндетті жүзеге асыру еңбекшілердің экономикалық мүдделерін барынша есепке алуға, шаруашылық жүргізудің қолайлы экономикалық, әдістерін қолдануға бағытталды. Бірақ болашағы зор жаңа саяси шешімдер жүзеге асырылмады. Әкімшілік жүйенің әрекет етуі жағдайында басқаша болуы мүмкін емес еді. Экономиканы экстенсивті сипатта дамыту бағыты республиканы шикізат шылауы ретінде пайдалануға әкеп соқты. Республика аумағында жаңа өнеркәсіп алыптарын сала отырып орталық ведомстволар, одақтық министрліктер оның әлеуметтік базасының дамуы мен экологиялық тепе -теңдікті сақтауға көңіл белмеді. Әлеуметтік проблемаларға осындай селқос көзқарас өз ізін қалдырды. **Үлкен наразылықтың бұрқ етуі 1959 жылы жазда болып өтті. Теміртауда салынып жатқан металлургиялық комбинат екпінді комсомол құрылысы деп жарияланып, 1958 жылдың соңына дейін облысқа 132 мың адам келді.** Келесі жылы бұған тағы 70 мың адам қосылды. Жаңадан келгендерге арналып үйлер салынды, бірақ олар

жетіспегендіктен жұмысшыларды палаткаларға орналастыруға тура келді. Ауа райына бейімделудегі қиындықтар, ауыз судың жетіспеушілігі, нашар ұйымдастырылған тамақтандыру адамдардың занды наразылығын туғызды. Жұмыссыз тұрып қалу да жиі қайталанды. Әлеуметтік жарылыс үшін қандай да бір сылтау керек болды. Теміртаудағы толқулардың басталуы үшін сылтау 1 тамыздағы жастар тобының қоғамдық тамақтандыру нысандарына шабуыл жасауы болды. Алғашқы заңсыз әрекеттер біртіндеп тәртіпсіздіктерге ұласты. Өкінішке қарай жұмысшылардың наразылығын қылмыстық элементтер пайдаланып кетті. Толық дүкендерді, базарды, әмбебап дүкенді, асханаларды тонады, қалалық милиция бөлімін қоршады. Тәртіпсіздіктер үш күндей жалғасты. Шектен шығудың алдын алу үшін әскер әкелініп, қару қолданылды. Тәртіпсіздікке қатысқандардың ішінде қаза тапқандар, әскери қызметшілер мен милицияның арасында жараланғандар болды. Тәртіпсіздіктерге мұрындық болғандар сотталды. Алайда Новочеркасскіде, Теміртауда, тағы басқа да жерлерде болған оқиғалар республика мен ел басшылығының қоғамнан одан әрі дамуына деген көзқарастарың қайта қарастыруға мәжбүр етпеді.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Сталиндік жеке басқа табынушылыққа қарсылық.
2.Н.С. Хрущевтің «Еркін саясаты», «жылымық» жылдары.
3.Тың және тыңайған жерлерді игеру (1954-1956 жж.).
4.1958 жылғы Теміртаудағы жағдай.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Өлген адамдар мен тірі адамдарды вагондарға аралас тиеген қатыгездікті тарихтың басқа ешбір кезеңінен ешкім естімеген шығар КСРО кезінде бүтін бір ұлттардың қуғын-сүргінге ұшырап, қазақ еліне зорлықпен жер аударылғаны баршаға аян. Кеңес өкіметінің қаһарына ұшырап, арып-ашып келген халықтарға қазақ халқы аяушылық сезіммен қарап, үлкен жанашырлық танытты. Сол қамқорлықтың нәтижесінде жер аударылғандар тезірек аяғынан тік тұрып кетті.

Әртүрлі әлеуметтік топтар мен жіктерді, сондай-ақ, аз ұлттар мен этникалық топтарды күштеп жер аудару Ұлы Отан соғысына дейін басталған. Мәселен, Қазан төңкерісінен соң Мәскеуден, Ленинградтан және Ресейдің басқа да қалаларынан Оралға, Қазақстан мен Сібірге үстем тап өкілдері, бұрынғы патшалық әкімшілік аппараты шенеуніктері, ақсүйектер мен діндарлар жер аударылады. Азамат соғысынан соң ВЦИК-тің шешімімен «казачество» жойылып, Ресей, Украина және Белоруссияның орталық аудандарынан тәркіленген шаруалар көшіріледі. Сөйтіп, Қазақстан 30-жылдардың өзінде жер аударылған халықтар үшін резервацияға айналды. Ал, Қазақстанға басқа халықтарды жаппай қоныстандыру 1937 жылдан басталады.

Бұл ретте бұрынғы Кеңестер Одағында депортацияға ең бірінші болып ұшыраған кәріс ұлты. Бұдан кейін немістер, қарашайлар, балқарлар, шешендер, ингуштер, күрділер, Ақысқа түріктері, Қырым татарлары, гректер, армяндар, еврейлер және басқалар, Қазақстанға барлығы 14 ұлт өкілдері депортацияланды.

**Кәрістер**

Егерде тарихқа жүгінсек, бүгінгі кәрістердің аталары Ресейдің Қиыр Шығысына XIX ғасырдың орта шенінде келген. Кәрістер өзгелермен бірге 1917 жылғы Қазан төңкерісіне де, Қиыр Шығыстағы азамат соғысына да, жапон интервенттеріне қарсы күреске де қатысып, социализм құруға белсене атсалысты.

Сөйтіп, кәрістерді Қиыр Шығыстан күштеп көшіру 1937 жылдың тамызында басталып, сол жылдың қазанында-ақ мерзімінен бұрын аяқталды. Осыған орай, КСРО Ішкі істер халық комиссары Н.Ежов КСРО Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы В.Молотовқа: «Құрамында 36442 отбасы – 171781 адамы бар, оның ішінде Өзбек КСР-іне 16272 отбасы, яғни 76525 адам, Қазақ КСР-не – 20170 отбасы, яғни 95256 адам тиеген 124 эшелонмен көшірілді…» (Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты, 54541-қор, 1-тізбе, 25-іс, 115-бет).

Тағдыр тәлкегіне түскен қазақстандық кәрістер өздерінің аштық пен жалаңаштықты, азап-мехнатты жеңіп, ел қатарына қосылғаны үшін ең алдымен қазақ халқының кеңпейілділігі мен бауырластығына, риясыз көмегіне дән разы. Шын мәнінде кәрістердің материалдық және рухани тұрғыдан өсіп-өркендеуіне олар жан-жақты қолдау көрсетті. Десек те, кәрістер бірқатар конституциялық және азаматтық құқықтарынан айрылды. Тұрған жердегі төлқұжаттық шектеу милицияның қадағалауына ұласты. Кәріс жастары Кеңес әскерінде қызмет ету құқығынан айрылды…

Барлық кәрістік оқу орындары жабылды, кәріс тілін оқытуға тыйым салынды. Қазақстанда кәрістер негізінен Қызылорда және Талдықорған аймақтарында шоғырланған. Алайда, қазір оларды республикамыздың кез-келген облысынан ұшыратуға болады. Олар күріш, бау-бақша өсірумен шұғылданады. Кәрістердің арасынан 67 Социалистік Еңбек Ері шықты. Сондай-ақ, кәрістен шыққан 400 ғылым докторы мен кандидаты қазір жоғары оқу орындарында еңбек етіп жүр.

**Немістер**

Қазақ жеріне неміс этникалық тобының өкілдері XVIII ғасырдың орта кезінен келе бастаған. Ресей империясының құзырына қарайтын немістер мұнда әуелі орыстық отаршылдық-әкімшілік жүйенің құрамымен бірге аяқ басып, шекаралық қалалар мен бекіністерге, қорғандарға қоныстанған. Батыстағы туған-туысқандарымен хат жазысуға, қарым-қатынас жасауға тыйым салынды. Ана тілі мен төл мәдениеті қолдан тұншықтырылды. Сөйтіп, жер аударылған немістердің бастан кешкен хәлі адам төзгісіз болды. Аштықтан, аурудан көбі көз жұмды. Олар мұнда шатыр астында, барактарда тұрды.

Қазақстанға жер аударылған 445 мың неміс үй-үйге таратылып жіберіліп, қазақ халқының қонақжай кең пейілінің арқасында тез сіңіп кетті. Және олар өте еңбекқор болды. Қай жерде еңбек етсе де, жан аямай тер төгіп, білімділіктері мен біліктіліктерін дәлелдей білді. Ал, Қазақстанға кейін қоныстанған немістердің жағдайы тез оңалғандығы көптеген тарихи деректерден белгілі. Оның себебі, кез-келген қазақ шаңырағы жер ауып келген неміс отбасын паналатып, бір үзім нанды бөліп жеді.

1955 жылы 13-желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы «Жер аударылған неміс отбасыларына қойылған құқықтық шектеулердің күшін жою туралы» жаңа жарлығы қабылданғаннан кейін ғана құқық қорғау органдарының есебінде тұрғандар бақылаудан босатылды. Бірақ, жарлықтың арнайы бір тармағы бойынша немістердің бұрынғы тұрған жерлерінен басқа жаққа қоныс аударуға, туған жерлеріне қайта оралуына тыйым салынды. Тек 1972 жылы ғана басқа жерлерге көшіп баруға, туған жерлеріне қайтуға рұқсат етілді.

**Қарашайлар**

Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан 1943 жылы 2-қараша күні таңға жақын Кавказдың Қарашай автономиялы облысын Кеңестің НКВД бөлімшелері қоршауға алды және екі сағат ішінде бүкіл қарашай халқы қарудың күшімен мал таситын вагондарға тиеліп, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанға жер аударылды. Бұған қарсы шыққан жүздеген қарашай тұрған орнында атылды.

Ертеңгі сағат онда қарашайларға лық толған мал вагондары жүруге дайын болды. Ол вагондарда 63323 жазықсыз қарашай бар еді. Бұлардың 32929-ы балалар, 18933-і әйелдер, 11401 еркектер болатын (Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты, 5451-қор, 1-іс, 25-тізбе, 247-бет). Еркектердің бәрі дерлік карттар және соғыста жараланып келгендер еді.

Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанға таратылған қарашай халқының жартысынан астамы жер аудару барысындағы зұлымдық пен ауыр тұрмыс жағдайларынан қырылды. 14 жыл Кавказдан алыста айдауда өмір сүрген қарашай халқы тек 1957 жылы атамекеніне оралды. Бірақ әлі күнге дейін жер аудару орындарынан Кавказға оралмаған 20 мыңға жуық қарашай Қазақстан мен Орта Азияда өмір сүруде.

**Шешендер мен ингуштер**

Кавказ халықтары ішінде ерекше қайсарлығымен және жауынгерлермен көзге түсетін шешендер мен ингуштерді туған жерлерінен көшіру НКВД тарапынан үлкен дайындықты қажет етті. Шешендер, ингуштер есепке алынып, 459486 адамды жер аудару керектігі анықталды. Операцияны 8 күнде аяқтау белгіленді.

Жер аудару 23-ақпанда таңертең басталды. Халықтың елді-мекендерінен шығып кетулеріне мүмкіндік берілмей, олар әскер қыспағына алынды. Халық жиналысқа шақырылды да, олар сол жерде қарусыздандырылып, пойыз вагондарына тиелетін жерге жөнелтілді. Сағат күндізгі он бірде 94 мың 741 адам темір жол мекендеріне алып келінді. Операцияны жүргізу барысында 2016 шешен мен ингуш «Кеңеске қарсы элемент» деген айдармен тұтқындалды. 29-ақпанға дейін 180 темір жол вагондарына 478479 адам тиелді. НКВД әскерлері ешкімді қалдырмау үшін таудағы ормандарды сүзіп шықты.

Л.Берияның 1944 жылдың 7-наурызында И.Сталинге жолдаған мәліметі бойынша, осы кезге дейін шығыс аудандарға жер аударуға байланысты жүргізілген үш операция барысында 650 мың шешендер мен ингуштер жаңа жерлерге орналастырылды. Осы жүгенсіздікке 19 мыңнан астам НКВД-ның барлау орындарының оперативті қызметкерлері және 100 мыңға тарта ішкі істер офицерлері мен жауынгерлері тартылды (Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты, 5451-қор, 1-тізбе, 25-іс, 172-бет).

**Балқарлар**

Балқарлар аз халық еді. Олар небәрі төрт әкімшілік ауданын мекендейтін және жалпы сандары 40 мың 900 адам ғана болатын. Шешендер мен ингуштерді жер аударудан босаған күш 1944 жылдың наурызында балқарларды жер аудартумен айналысты. 9–11-наурыз аралығында 37 мың 103 балқар эшелондарға күшпен тиеліп, өздерінің жаңа мекендері Қазақстанға және Қырғызстанға жөнелтілді.

Солтүстік Кавказ халықтарын күшпен қоныс аудару қортындыларына жүгінсек, 1944 жылдың ақпан-наурыз айларында Қазақстанға және Қырғызстанға барлығы 602193 адам қоныс аударылғанын, оның ішінде шешендер мен ингуштердің – 496460 адам, қарашайлардың – 68327, балқарлардың – 37406 адам екенін көреміз. Бұлардың негізгі бөлігі Қазақстанға қоныстандырылды (Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты, 5451-қор, 1-тізбе, 25-іс, 175-бет).

**Қырым татарлары**

1944 жылдың 18-мамырынан басталған Қырым татарларын депортациялау операциясы 20-мамырда аяқталды. 67 эшелонға күшпен тиелген 183155 Қырым татарлары жолға шықты.

Берияның орынбасарлары Кобулов пен Серов осы шараны жүзеге асыру үшін НКВД-ның 5 мың қызметкерін, ішкі әскер бөлімдерінің 20 мың солдатын, НКВД шекара полкын талап еткені айқындалады. 2 мың жүк машинасы мен 100 эшелон осы мақсатқа пайдаланылған, 6 мың татар жастарын Гурьев, Рыбинск және Куйбышев қалаларындағы жабық, денсаулыққа зиянды әскери кәсіпорындарға орналастырды.

Вагондарға мылтықтың күшімен тиелген жұрттың жол-жөнекей көрген қорлығы қаншалық ауыр болғанын ауру мен аштықтан өлген адамдарды көмуге рұқсат етілмегендіктен де білуге болады. Өлген адамдар мен тірі адамдарды вагондарға аралас тиеген қатыгездікті тарихтың өзі білмейді. Қырым татарлары 1944 жылы өз жерінен қуылғанда 2 миллиард 446 миллион сомның дүние-мүлкі тартып алынып, 640 бастауыш, 321 орта мектеп жойылған. Пойызға тоғытып тиелген 423 мың адамның ауру мен аштықтан 192 мыңы опат болған. Қырым татарларының саны 1964 жылы ғана Ұлы Отан соғысынан бұрынғы мөлшеріне жетіпті.

Қырым татарлары көп жылғы табанды талап етуі арқасында Қырымға көшіп келуге рұқсат алғанмен, іс жүзінде бұл да алдаудың жаңа түрі болды. Алыстан арып-ашып келгендерге үй салуға жер берілмеді, өз бетімен үй тұрғызғандардың қора-қопсылары қиратылды.

**Ақысқа түріктері**

Ғасырлар бойы өмір сүрген тарихи Отаны Оңтүстік Грузияда, әсіресе, оның батыс бөлігі – Месхетияда түріктер 220 ауылда шоғырлана тұрды. Олар жеке-жеке ауыл болып та, грузиндермен, армяндармен араласып та өмір сүрді. Ақысқа түріктері – бөтен түріктер емес, Анатолия түріктерінің түрлі тарихи-географиялық жағдайларға байланысты сыртта қалыптасқан тармағы болатын. Ал жалпы, Ақысқа – Оңтүстік Грузиядағы бес ауданның ең ірісі – Ахалцехенің түрікше айтылу формасы. Бұл өңір осы ауданның атымен «Ақысқа» өңірі деп аталады.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында Ақысқа түріктеріне қарсы қорлау, ұлттық беделі мен адамшылық абыройын аяққа басу шаралары жүзеге асырыла бастады. Күштеп олардың фамилиялары мен аттары, тіпті ұлты өзгертіліп жазылатын болды. Сөйтіп, 1937-1938 жылдары Ақысқа түріктерінің онсыз да өте аз зиялыларын құртып жіберді.

1944 жылғы қараша айының 14-і күні небәрі екі сағаттың ішінде олар өзінің ғасырлар бойы мекен еткен тарихи Отаны – Оңтүстік Грузияның Месхетия, Жауахетия, Ақысқа өңірінен күштеп Қазақстан мен Орта Азияға жер аударылды. Жер аударылған сәтте Ақысқа түріктерінің жалпы саны 110 мың болған. Суықтан, мал таситын вагондарындағы жайсыздықтан, аштықтан, медициналық көмектің болмауынан екі айға созылған жол жүру мерзімі ішінде Қазақстан мен Орта Азияға жеткенше аз ғана халықтың тағы да 20 мыңдай адамы опат болды (Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты, 5451-қор, 1-тізбе, 25-іс, 201-бет).

**Күрділер**

Күрді халқының ұлттық ерекшелігін жою мақсатындағы үстемдік жүргізу әрекеті оларды күштеп жер аударудан басталды. Мысалы, 1937 жылы күрділер Әзірбайжаннан Армения жеріне, ал 1944 жылы Грузиядан Қазақстан мен Орта Азияға еріксіз көшірілді. Тауар таситын пойыздарға қайта тиеліп, ақ қар, көк мұзда қазақ даласына әкеліп төгіле салынған олардың өздерінің ұлтының кім екенін ашып айтуға шамалары келмей қалған. Түпкірдегі ауылдарға қойша көгенделген күйлерінде жеткізілген оларды қазақтар шалажансар күйлерінде үйді-үйлеріне бөліп-бөліп алып, адам қалпына келтірген сол бір ауыр да азапты жылдар бүгінгі күрділердің жадынан шықпақ емес.

Қазір Қазақстанда 40 мыңға жуық күрді диаспорасы тұрып жатыр. Күрді диаспорасы республикадағы аз ұлттардың бірі ғана. Соған қарамай, ол елдің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өміріне тең құқықты жағдайда белсене қатысып келеді.

**Түйін**

Ал енді «арнайы қоныстанушылар» деген саяси айдарды иемденген, атамекеннен зорлықпен қоныс аударылғандардың жалпы саны нақты деректер бойынша олардың бүкіл Кеңестер Одағында 3332589 адам екенін көреміз. 1948-1949 жылдары бұларды қайта есепке алғанда 2275900 адамның өлім-жітімінен аман қалғаны байқалады. (Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты, 5451-қор, 1-тізбе, 25-іс, 215-бет).

Ал енді Қазақстанда біржолата қалған, оны өзінің екінші отанына айналдырған халықтарға келсек, олар ең алдымен ауыр жағдайда қолұшын берген қазақ халқының бауырмал, меймандос көңіліне, ақ пейіліне риза. Еліміз Тәуелсіздік алған жылдарда тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев халықтар арасындағы бірлік пен достыққа, тең құқылық жағдайға ерекше маңыз беріп, тұрақты назарда ұстап келеді. ТМД елдерінің арасында алғаш біздің республикамызда Қазақстан халқы ассамблеясы құрылып, тұрақты жұмыс істеуі соның айғағы.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Қазақ елінің көп ұлтты елге айналуы.

2.Күштеп қоныстандырылған халықтар.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.Қоғамдық саяси жүйе, ауыл шаруашылық жағдайы, экономика, экология, халықтың материалдық жағдайы, дағдарыс алдындағы қоғам.

2.Үкіметтің әкімшілік-бұйрықтық әдіспен басқару тәсілінің күшейе түсуі.

1959 жылдың 14-15 қаңтарында өткен ҚК(б)П-ньң IX съезі КСРО-ның 1959—1965 жылдарға арналған халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарынын жобасын талқылауға арналды. 1960 жылы 19 каңтарда Қазақстан компартиясы ОК-нің пленумы өтті. Д.А.Қонаев ҚК(б)П ОК-нің бірінші хатшысы болып сайланды. 1960 жылдың 10—12 наурызында ҚКП-ның X съезі өтті. Съезде жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың іс-шаралары анықталды. Қазақстан Компартиясы ОК-нің Бірінші хатшысы болып тағы да Д.А.Қонаев сайланды. КОКП-ның жаңа Бағдарламасы — коммунистік коғам орнату бағдарламасын қабылдауды міндетіне алған КОКП-ның 1961 жылдың 17—31 қазаны аралығында өткен XXII съезі қарсаңында Қазақстанда партияның XI съезі (27—29 қыркүйек) ашылды. Партия Жарғысына сәйкес аталмыш съезден соң әр бес жыл сайын съезд өтіп отырды.
Екі жылдан кейін, яғни 1964 жылдың қараша айында өткен КОКП ОК-нің Пленумы партияны аумақтық-өндірістік белгілер бойынша қайта құру қағидаларын мақұлдады. Нақтылап айтсақ, бұл шара партия басшылығының өзгеруіне байланысты жүргізілді. 1964 жылдың қазанында Н.С.Хрущев басшылықтан кетті де, оның орнына әуелі бірінші хатшы, ал 1966 жылдан бастап КОКП ОК-нің Бас хатшысы болып Л.И.Брежнев сайланды. Бұл орында ол 1982 жылға дейін отырды.
**60-жылдардың ортасындағы шаруашылық реформасы.** Л.И.Брежневтің тұсында елде реформа жүргізу әрекеті байқалды. Экономика саласында 60-жылдардың ортасында халық шаруашылығы экономикалық тиімділік пен жоспарлаудың жаңа жүйесіне көшуді қолға ала бастады. Ендігіде өндіріс орындарындағы жұмыстың негізгі көрсеткіші өндірген өнімнің жалпы мөлшерімен емес, керісінше, оны қаншалықты дәрежеде өткізе білудің әдіс-тәсілімен өлшенетін болды. Халық шаруашылығы кеңесі таратылып, Орталық өндірістік министрліктер қайта қалпына келтірілді. Өндіріс мекемелерінің басыбайлылығы көзделіп, міндетті түрдегі экономикалық көрсеткіштердің саны мейлінше қысқартылды. Оның есесіне өндірілген өнімнің бағасын Баға жөніндегі мемлекеттік комитет белгілеп отырды. Ал мемлекеттік жабдықтаудың құрылуы жоғарыда айтып өткен өндіріс мекемелерінің басыбайлылығына қарама-қарсы әсер етті. Кеңестік экономикалық ғылымда, шындап келгенде, «Жеке меншіктің социалистік түрі» деген ұғым шындап қолға алынған емес. Халықтық жеке меншікті иемдену құқығы Коммунистік партия басшылығындағы мемлекет қолында болды. Сондықтан да XX ғасырдың 60-жылдарындағы реформалар басталмай жатып аяқсыз қалды. Ал республикамыз партияның орталық органдары белгілеген шешімдер шеңберінде шектелді.
**1977 жылғы 7 қазанда КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі жаңа Конституцияны бекітті, ол 1936 жылғы Конституцияның орнына келді.** Конституцияда ел «социализмнің дамуы» сатысына көтерілді деп қорытынды жасалды. Бұл жаңа термин 80-жылдардың басында «коммунизмге өту» идеясын кемсітушілік жағдайында енгізілген.
Конституцияда КОКП-ның басқарушы және бағыттаушы рөлі бекітілді (6-бап), мәдениет пен спорт саласында қоғамдық ұйымдардың да рөлі арта түсті.
Д.А.Қонаевтың басшылығымен қазақтар партияның да, өкіметтің де жетекшілік қызметтеріне көптеп тартыла бастады. Сол кездерде сан жағынан орыстардың жергілікті кадрлардан басымдығы бұрынғыдай, емес азая бастады. Бұл әсіресе 1971 жылдан кейін, Д.А.Қонаев партияның Саяси бюросының толық мүшесі болып сайланғаннан кейін күшейе түсті.
Бүгінде, Кеңес өкіметі кезіндегі республика партия қызметкерлерінің қызметіне талдау жасай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады. Орталықтың қысымына қарамастан, республика басшылығы Қазақстанды қандай жағдайда да дамыта түсуге ұмтылды. 1960—1970 жылдары Қазақстанда өнеркәсіптік сипаттағы ғана емес, мәдени-тұрмыстық саладағы да құрылыстар мен объектілерді салу қарқынды жүрді. Бұлар — Медеу спорт кешені, Қазақстан қалаларындағы шағын тұрғын аудандар, мәдениет сарайлары, ірі әмбебап дүкендер, т.б. көптеген құрылыстар.

Бұл кезеңде құрылған экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени құрылым кейінгі кезде Тәуелсіз Қазақстанның күш алып кетуіне негіз болды.

**XX ғасырдың 70—80-жылдарындағы социалистік экономиканың дамуы.** 1970—1980 жылдарда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында өсу қарқынының баяулауы байқалды. Ал сырт көзге әсіресе 70-жылдары өнеркәсіптің дамуы өте қарқынды болып көрінді. Қазақстан түсті металлургияның негізгі базасы болып есептелді, кеңбайтақ елде жылу-энергетикалық кешен қалыптасты, химия саласы ұлғайды, қара металлургия өсе түсті. Кен байыту секторы айтарлықтай ілгеріледі, жоғары технологиялық өнім өндіру, керісінше, жоққа тән еді.

Мұндай жағдайда ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін азайту жалғыз жол болып табылады. Ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін басшылық көптеген реформалар жүргізді. 70-жылдардағы Коммунистік партия пленумдарының басым көпшілігі ауыл шаруашылығын дамыту мәселелерін қарауға арналды. Партия жыл сайын капитал салу көлемін ұлғайтты, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу деңгейін қайта қарастырды, тыңайтқыштар мен улы химикаттарды кеңінен қолдануды ұсынды, суландыру бағдарламасын іске қосты, т.б. Алайда аталған шаралар ауыл шаруашылығы салаларын дамытудағы жағымсыз көріністі жоя алмады. Өйткені елдегі ұжымдық (шындығында, мемлекеттік) шаруашылық өндірістің дамуын қамтамасыз етуге емес, дайын өнімді иеленуге бағытталғанды.

**Ядролық сынақ алаңдары**

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан АҚШ пен КСРО арасындағы әскери-стратегиялық бәсеке едәуір маңызға ие бола бастады. 1947 жылдың 21 тамызында КСРО мемлекеті арнайы қаулымен атомдық зерттеу сынак алаңын ашу туралы шешім қабылдады. Таңдау Қазақ даласына, оның ішінде Семей қаласы маңына түсті. Сол жылдың күзінде сынақ алаңының құрылысы басталып та кетті. 1949 жылдың тамыз айында ядролық сынақ жүргізіле бастады.

Азғыр атом сынақ алаңы Атырау облысының Құрманғазы ауданына қарайтын үш мыңға жуық адам қоныстанған бір кездегі «Балқұдық» кеңшарының аумағында орналасты. Жарылыстар тұрғындарды басқа жерге көшірместен, елді мекендердің ортасында жүргізілді. Сынақ алаңында 17 рет жер асты жарылысы болды. Алғашқы жарылыс 500-дей тұрғыны бар Азғыр ауылынан 1,5 шакырым қашықтықта 160 метр тереңдікте болған. Жарылыстан соң осы алаңнан 20 тәулік бойы ауаға көтерілген улы заттар 5,4 млн люциді құраған. Бұдан кейінгі жарылыстарда да жер астындағы шұңқырлардан екі тәуліктен 11 айға дейін радиактивті заттардың ауаға шығып тұрғаны тіркелген.

Азғыр атом сынақ алаңында жарылыс 1979 жылы тоқтатылды, бірақ ондағы экологиялық жағдай қалыпқа келген жоқ. Азғырдағы кейбір жарылыс алаңдарында топырақта цезий нормадан 220 есе, плутонийда калыптағыдан 240 есеге дейін артық екендігін көрсеткен.

**Байқоңыр ғарыш айлағы**

Байқоңыр ғарыш айлағы планетадағы 19 айлақтың бірі. Ол Қызылорда және бұрынғы Жезқазған облыстарының көлемді аумағына, Төретам темір жол станциясының маңында орналасқан. Оның салыну тарихы соғыстан кейінгі халықаралық жағдайдың ушығып кетуіне байланысты.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Қоғамдық саяси жүйе, ауыл шаруашылық жағдайы, экономика, экология, халықтың материалдық жағдайы, дағдарыс алдындағы қоғам.

2.1979 жылғы Целиноград оқиғасы.

3.Үкіметтің әкімшілік-бұйрықтық әдіспен басқару тәсілінің күшейе түсуі.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.

2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Тақырып: 1950 жылдардағы Республикадағы қоғамдық саяси өмір.Тоқырау жылдарындағы Қазақстан.

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с

2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет

3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет

4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.

5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.

6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С

7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С

8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С

9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.

10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с

2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.

3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы

4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.

5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.

6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.

7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.

8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с

9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Актөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Актөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**№21 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде.

**Сағат саны:** 90 мин.

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде, қордаланып қалған келеңсіздіктер, Брежнев атындағы алаңдағы шеру, бейбіт және саяси сипаты туралы, «Невада -Семей» қозғалысы туралы түсінік беру.

Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесіндегі өзгерістер, «ҚР тәуелсіздігі жөніндегі» декларацияның қабылдануы, КСРО-ның ыдырауы, ҚР басқару формасы мен билік тармақтары туралы кең көлемде түсінік беру.

- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: 1950 жылдардағы Республикадағы қоғамдық саяси өмір. Тоқырау жылдарындағы Қазақстан.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы және оның себептері, зардаптары, тарихи маңызы. 1985 жылғы наурызда К. У. Черненко қайтыс болғаннан кейін КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы қызметіне М. С. Горбачев сайланды. КОКП Орталық комитетінің сәуір айында болған пленумында әлеуметтік-экономикалық өмірдің мәселелеріне жаңаша қарауға әрекет жасалынды. Пленумда әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету бағыты жарияланды. Бұл серпілісті саяси басшылық дамудың экономикалық қарқынының бәсеңдеуіне жол бермеу және негізгі күштерді осы бағытқа жұмылдыру арқылы жүзеге асығуға тырысты.

Ғылыми-техникалық прогресс негізінде экономиканың құрылымдық қайта құру проблемаларын КОКП Орталық Комитетінің ірі мәжілісінде талқылау жаңа басшылықтың алғашқы қадамы болды. 1986 жылдың ақпанында болған КОКП-ның XXVII съезінде бұл бағыт қолдау тауып, дамытылды.

Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардағы түпкілікті өзгерістер социализмді жетілдірудің құралы, социалистік құрылыстың орасан зор артықшылықтары мен мүмкіндіктерін ашудың шарты деп қаралды. Сәуір (1985 ж.) пленумы, одан кейінгі пленумдар да, КОКП-ның XXVII съезі де КСРО-ны төніп келе жатқан терең дағдарыстан құтқара алмады және құтқара да алмайтын еді. Жеделдету бағыты терең ұғынылған ғылыми концепциясыз, айқын да, анық бағдарламасыз жүргізілді. Жеделдету бағытының сәтсіздікке ұшырауының негізгі кінәлілері жекелеген басшы коммунистер болып жариялануы белгілі бір заңдылық тәрізді. Мысалы, Мәскеуде В. В. Гришин, Ленинградта Г. В. Романов, ұлттық республикаларда Д. Қонаев пен Г. Алиев.

Жаңарудағы тежеудің ұшығы әміршіл-әкімшіл жүйенің бұрынғыша сақталуында, оның саяси институттарының тиімсіздігіне, халыққа жаттығында, адамға жақсы еңбек ету негізінен тиімсіз болған, оның экономикалық құрылымдарының өміршең еместігінде жатты. Қоғам дамуының қажеттерінен ғылым да қалып қойды. Алғашқыда жарияланған мақсаттар мен нақты өмірдің арасындағы күрделі қайшылықтардың нәтижесі 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғаларына жеткізді.

**Желтоқсан оқиғасы (1986 ж.)**

1986 жылғы желтоқсан оқиғасына жылдар бойы қордаланған осындай себептер түрткі болды. Орталықтың өктемдік әрекеттері мен демократиялық принциптері арасындағы қайшылықтар, шовинистік саясат т. б. қалыптасқан жағдайлар наразылықтың негізгі себептері болды.

**Наразылық сылтауы.** 1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитетінің V пленумы болды. Пленумда Қазақстанды көп уақыт бойы басқарған Д. Қонаевты орнынан босатып, мемлекет басшылығына республика халқына бейтаныс Ульяновск облысы партия комиетінің бірінші хатшысы болған Г. В. Колбин тағайындалды. Ел басшылығының ауыстырылуына арналған бұл пленум 18 минутқа ғана созылды. Орталықтың бұл әрекеті барып тұрған саяси қателік және халық мүддесін мүлде елемеушілік болды.

**Оқиға барысы.** 1986 жылы 17 желтоқсанда Алматы қаласында республика басшылығының ауыстырылуына қарсылық ретінде жастар толқуы басталды. Мұндай наразылықтар басқа қалаларда да өтті. Наразылықтың басты қозғаушы күші студенттер, жастар болды. Жастар толқуы бейбіт жағдайда Алматы көшелерінде басталды. Жастар шеруі құқық бұзушылық, ұлтшылдық сипаттан алшақ еді. Тек лениндік ұлт саясатының бұрмаланбауы, әр ұлтқа өз басшысын қою керек деген сөз жазылған тақтайлар ұстап жүрді. Бюрократиялық жүйеге үйренген республика басшылары жастар пікірін тыңдағылары келмей, олардың тез тарауын талап етті. Шеруді тарқату мақсатында республика басшылары Алматы горнизоны, басқа да әскери күштер жастар жиналған Брежнев алаңын қоршады. Демонстрацияны тоқтату мақсатында КСРО-ның кейбір өңірлерінің ішкі әскер бөлімдері әкелінді.

Осыншама ірі күштер сапер күрегі, үйретілген иттер, су шашатын машиналар, сойылдар т. б. қарулар көмегімен демонстрацияны тоқтатты. Қоғамдық тәртіп сақшылары өрескел қатыгездікке барып, көп адамдардың қаза табуына жол берілді. Республика басшылары бұл жағдайға көз жұма қарады. Шеруге қатысқандарды тергеу ісі өте қатал, заңсыз жүргізілді. Тергеу камераларына, қаланың сыртына әкетілгендердің саны 8,5 мың болды. Көптеген жастар оқу орындарынан, комсомолдан шығарылды. Оқу орнынан 271 студент, комсомолдан 787 адам шығарылды.

Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың ішінен Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхаметжанова сияқты жастар жазықсыз өктем биліктің құрбандары болды. Біраз уақыттан кейін сол кезде айыпталған 99 адамның 46-сы ақталды. 1987 жылғы КОКП Орталық Комитеті Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деп бағалады.

Желтоқсан оқиғасы КСРО-ның ыдырауын тездетті. Кейіннен партия желтоқсан оқиғасында жіберілген қателерді мойындады. КОКП ОК-ның желтоқсандағы жастар шеруін қазақ ұлтшылдығы деп кінәлау қате деген қаулы шығарды. КСРО халық депутаттарының I съезінде ақын,

қоғам қайраткері М. Шаханов желтоқсандағы орталықтың жүргізген іс-әрекетін қатты сынап, тұңғыш рет мінбеде сөз сөйледі. Бұл желтоқсан шындығын ашудағы алғашқы қадам болды.
**Қорытынды сұрақтар:**
Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы және оның себептері, зардаптары, тарихи маңызы.
**Тақырыптың негізгі сұрақтары**
1.1958 жылғы Теміртаудағы жағдай.
2. 1979 жылғы Целиноград оқиғасы.

**Кеңестік қоғамның әлеуметтік проблемалары.**

**Теміртаудағы толқулар.** Сталиннің өлімінен кейінгі алғашқы жылдары үкіметтің ішкі саясатында адамдардың қажеттіліктеріне қарай бет бұру сарыны байқалды. Бұл Сталин қайтыс болғаннан кейінгі төртінші күні Мавзолей мінбесінен Г. М. Маленковтың сөйлеген сөзінен айқын көрінді, ол жұмысшылардың, колхозшылар мен зиялылардың материалдық хал-ахуалын үнемі жақсартып отыруға қол жеткізу - партия мен үкімет үшін заң болып есептелінетінін жариялады. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1953 жылғы тамыздағы мәжілісі мен КОКП ОК- нің қыркүйектегі (1953) Пленумында қуатталып, одан әрі дамытылған бұл міндетті жүзеге асыру еңбекшілердің экономикалық мүдделерін барынша есепке алуға, шаруашылық жүргізудің қолайлы экономикалық, әдістерін қолдануға бағытталды. Бірақ болашағы зор жаңа саяси шешімдер жүзеге асырылмады. Әкімшілік жүйенің әрекет етуі жағдайында басқаша болуы мүмкін емес еді. Экономиканы экстенсивті сипатта дамыту бағыты республиканы шикізат шылауы ретінде пайдалануға әкеп соқты. Республика аумағында жаңа өнеркәсіп алыптарын сала отырып орталық ведомстволар, одақтық министрліктер оның әлеуметтік базасының дамуы мен экологиялық тепе -теңдікті сақтауға көңіл белмеді. Әлеуметтік проблемаларға осындай селқос көзқарас өз ізін қалдырды. **Үлкен наразылықтың бұрқ етуі 1959 жылы жазда болып өтті. Теміртауда салынып жатқан металлургиялық комбинат екпінді комсомол құрылысы деп жарияланып, 1958 жылдың соңына дейін облысқа 132 мың адам келді.** Келесі жылы бұған тағы 70 мың адам қосылды. Жаңадан келгендерге арналып үйлер салынды, бірақ олар жетіспегендіктен жұмысшыларды палаткаларға орналастыруға тура келді. Ауа райына бейімделудегі қиындықтар, ауыз судың жетіспеушілігі, нашар ұйымдастырылған тамақтандыру адамдардың занды наразылығын туғызды. Жұмыссыз тұрып қалу да жиі қайталанды. Әлеуметтік жарылыс үшін қандай да бір сылтау керек болды. Теміртаудағы толқулардың басталуы үшін сылтау 1 тамыздағы жастар тобының қоғамдық тамақтандыру нысандарына шабуыл жасауы болды. Алғашқы заңсыз әрекеттер біртіндеп тәртіпсіздіктерге ұласты. Өкінішке қарай жұмысшылардың наразылығын қылмыстық элементтер пайдаланып кетті. Толық дүкендерді, базарды, әмбебап дүкенді, асханаларды тонады, қалалық милиция бөлімін қоршады. Тәртіпсіздіктер үш күндей жалғасты. Шектен шығудың алдын алу үшін әскер әкелініп, қару қолданылды. Тәртіпсіздікке қатысқандардың ішінде қаза тапқандар, әскери қызметшілер мен милицияның арасында жараланғандар болды. Тәртіпсіздіктерге мұрындық болғандар сотталды. Алайда Новочеркасскіде, Теміртауда, тағы басқа да жерлерде болған оқиғалар республика мен ел басшылығының қоғамның одан әрі дамуына деген көзқарастарың қайта қарастыруға мәжбүр етпеді.**Целиноград наразылығы** — 1979 жылғы 16 — 19 маусымда Целиноград (қазіргі Астана) қаласында болған әміршіл-әкімшіл жүйеге қарсы наразылық қимылдары.

Еділ бойындағы неміс автономиясы таратылғаннан кейін оның мыңдаған азаматтары Қазақстан жеріне көшірілді (қ. Депортация). КОКП20-съезінен кейін 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында таратылған көптеген автономиялы республикалар қалпына келтірілгенімен

Еділ бойынан көшірілген немістер жөніндегі шешім қайта қаралмай қалды. Осыған байланысты жер аударылған немістер арасында тарихи отандары — ГФР-ға көшу мәселесі жиі көтеріле бастады. Бұл процесті тоқтату үшін кеңес өкіметі немістердің тарихи отанына оралуына шек қойды және Қазақстанда неміс автономиялы облысын құру туралы шешім қабылданды. Ол шешім 1979 жылғы көктемде КОКП ОК Саяси Бюросының мәжілісінде республика үкіметі мен Жоғарғы Кеңестің келісімінсіз қабылданды. Бұл шешімнінконституцияға сәйкес келмейтініне қарамастан, Қазақ КСР-і үкіметі мен Қазақстан Коммунистік партиясы ОК елеулі қарсылық көрсете алған жоқ. Бұл автономиялық облысқа Ақмола, Павлодар, Қарағанды және Көкшетау облыстарының біраз аудандары беріліп,Ерейментау қаласы оның орталығы болып белгіленді.

Автономиялы облыс құру туралы мәлімет республикаға тез тарап, қазақ халқының заңды қарсылығын туғызды. 16 маусым күні таңертең негізінен облыс орталығындағы жоғары оқу орындары мен техникумдарының студенттері қаланың орталық алаңына жиналды. Жастар қазақ және орыс тілдерінде “Қазақстан бөлінбейді!”, “Неміс автономиясына жол жоқ!” және басқа да ұрандар жазылған тақтайшалар алып шықты. Митинг Кремльдің неміс автономиясын құру туралы шешімін айыптаған үндеу қабылдады. Облыс басшыларының митингіні тез арада таратуға тырысқан әрекеті іске аспады. Митингіге қатысушылар шеп түзеп, қала көшелерімен ұрандатып өтті. Облыстың және қаланың партия басшылығы тоталитарлық жүйенің дәстүріне сай әрекет жасай отырып, халықтың Саяси бюроның ойланбай алған шешіміне қарсы жасалған шеруі мен ашу-ызасын идеологиялық жұмыс дәрежесінің төмендігіне әкеліп саяды. Студенттер жатақханаларына “түсінік жұмысын жүргізу үшін” насихатшылар тобы жіберілді. Автономия құру туралы шешім болған жоқ деп мәлімдеп, облыс басшылығы КОКП ОК Саяси Бюросының автономиялы облыс құру жөніндегі жобасынан іс жүзінде бас тартты.

Келесі шеру 19 маусымда болды. Оны аудандардан келген соғыс және еңбек ардагерлері бастады. Оған 2-4 мыңдай адам қатысты. Шеруге қатысушылар облыс басшыларына автономияны құруға қарсы үндеу тапсырды. Целиноградтан кейін шағын митингілер мен шерулер Атбасарда, Ерейментауда, Көкшетауда өтті.

Бұл бой көрсетулерден соң жазалау науқаны шектеліп, тіпті әкімшілік істері бойынша да сот процесі жүрген жоқ. Алайда республика басшылығы және Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті бұл шерулер туралы ақпарат таралмауы үшін қолдан келгеннің бәрін істеді. Баспасөзде, партия активтері мен пленумдарда бұл оқиғалар туралы ештеңе айтылмады. Дегенмен, Целиноград наразылығы туралы қауесет халыққа тарап кетті және ол қазақтардың ұлттық сана-сезімінің оянуына үлкен әсер етті.[1]

**Қорытынды сұрақтар:**

1.1958 жылғы Теміртаудағы жағдай.

2. 1979 жылғы Целиноград оқиғасы.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.«ҚР Тәуелсіздігі туралы» декларацияның қабылдануы.

2.КСРО-ның ыдырауы.

3.ТМД-ның құрылуы.

4.ҚР Тәуелсіздігінің жариялануы.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылы 25 қазанда республикамыздың мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады.

1990 жылғы желтоқсанда Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан республикаларының жетекшілері өзара төрт жақты шарт жасау жөніндегі келісімге қол қойды. Бұл келісім бойынша олар өздерінің Одақтық шартқа қарсы қоятын талаптарының бар екендігін ашып айтты. Республикалар бұрынғы федерацияның орнына, енді конфедерация түріндегі одаққа бірігу жөнінде талап

қойды. Ол бойынша Орталықтың шешуіне сыртқы саясат, халықаралық мәселелер, сыртқы сауда, мемлекеттік банк және финанс, елдегі қорғаныс мәселелерін шешуді қалдырып, қалған мәселелердің барлығын жергілікті жерлерде шешу дұрыс деп есептелінді.
Бұл талаптар негізінде жаңа Одақтық шартқа қол қояр алдында 1991 жылы 19 тамызда Янаев, Павлов, Крючков, Пуго, Язов, т. б. қатынасқан мемлекеттік төңкерістің болуымен және орталықтың ешқандай ымыраға келмеуімен байланысты одақтас республикалардың жетекшілері бұған дейін жүргізіп келген келіссөз талаптарынан бас тартты.
Қазақстанның атынан Н. Ә. Назарбаев КСРО Жоғары Кеңесінің кезектен тыс сессиясында жаңарған Одақ енді федерация түрінде болуы мүмкін емес, тек конфедеративтік шарт негізінде болуы керек деп ашық айтты, яғни бұл тек тең құқықты республикалардың достық одағы болуы мүмкін деп көрсетті. Республикалардың бұл ұсынысы 1991 жылғы 19 тамыздан кейінгі оқиғаның артынша тәжірибе жүзінде іске асырыла бастады, бұрынғы бірыңғай одақтың орнына тәуелсіз мемлекеттер достастығы қалыптасты. Олар көптеген саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді өздері шешетін болды. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы бойынша әскери, сыртқы және т. б. аса маңызды халықаралық мәселелерді бірігіп шешу міндеті ғана қалды. Тамыз уақиғасынан кейін Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы, оның құрамдас бөлігі Қазақстан Компартиясы (1991 ж. Қыркүйек) тарихи аренадан кетті.
Өкілеттіктер республика парламентінің 1991 жылы 20 қарашада қабылдаған «Қазақ КСР-да мемлекеттік өкімет билігі мен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заңы бойынша берілді. Заң негізінде Республиканың мемлекеттік басқару органдарында өзгерістер жасалды. Прокуратура, Мемлекеттік қауіпсіздік, Ішкі істер, әділет, Сот органдары қайта құрылды. Қазақстанның мемлекеттік Қорғаныс комитеті жаңадан ұйымдастырылып қызметіне кірісті.
1991ж. 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республикада жалпы халықтың қатынасуымен Президент сайлауы өткізілді. Дауыс беру қорытындысы бойынша Н. Назарбаев Президент болып сайланды. Сол жылғы 10 желтоқсанда Елбасы жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді.
1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылдады.
Республиканың мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ал орыс тілі ұлтаралық байланыс тілі болып белгіленді. Сөйтіп, 1991 жылғы 16 желтоқсан республика тәуелсіз күні ретінде бүкіл әлемге танылды.
1992 жылы 3 наурызда Қазақстан біріккен Ұлттар Ұйымына кірді.
Өзінің тәуелсіздігін алған Қазақстан Республикасын дүниежүзінің ондаған елі таныды. Біздің елді алғашқылардың бірі болып Түркия, сол сияқты АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания және т. б. ірі-ірі мемлекеттер мойындады.

**Қоғамдық-саяси қозғалыстар (1985–1992 жж.)**

80 жылдардың аяғына қарай демократиялық процестің жандануына байланысты Қазақ КСР-де қоғамдық ұйымдар құрыла бастады.
1989 жылы Қазақстанда алғашқы болып «Невада-Семей» экологиялық қозғалысы құрылды. Қозғалыстың мақсаты – республика жеріндегі Семей және басқа полигондарды жабу, полигон зардабын шеккен халыққа көмек көрсету. Қозғалыс төрағасы – О. Сүлейменов. Ақын, қоғам қайраткері М. Шахановтың бастамасымен Балқаш және Арал проблемалары бойынша комиетет құрылды. Комиеттің негізгі мақсаты Арал төңірегіндегі экологиялық апатқа өкімет назарын аудару болды.
1990 жылы «Азат» азаматтық қозғалысы құрылды. Басты мақсаты Қазақстанның мемлекеттік егемендігін алу болды.

1991 жылы «Азат» азаматтық қозғалысының партиясы құрылды.
Жастар өздерінің саяси қозғалысы «Алаш» париясын құрды.
1991 жылы Қазақстан социал-демократиялық партиясы құрылды.
1990 жылы ұлтаралық «Единство» қозғалысы құрылды. Қозғалысқа ғылыми-техникалық интеллигенция өкілдері кірді.
Осы кезде «Желтоқсан» партиясы құрылды. Бұл партияның құрамына 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысқандар кірді.
1989 жылы «Әділет» қоғамы құрылды. Қоғамның негізгі мақсаты ұжымдастыру кезіндегі ашаршылық, сталиндік репрессия шындығын ашу болды. Бұдан басқа Қазақстанда «Азамат», «Ақиқат», «Қазақ тілі», «Мұсылмандар әйелдер лигасы» сияқты қоғамдық-саяси қозғалыстар құрылды. 1990 жылы Қазақстанда 100-ден аса қоғамдық-саяси қозғалыс болды. Алматыда ғана 40-қа жуық саяси қозғалыс жұмыс істеді. Бұл кезде Қазақстандағы көптеген қоғамдық-саяси қозғалыстар әлсіз және қалыптасу кезінде болды. «Невада-Семей», «Қазақ тілі» сияқты қоғамдық қозғалыстар біршама мықты, көптеген мүшелері мен белгілі дәрежедегі қаржылық қорлары бар ірі қозғалыстар болды.
1990 жылы Қазақстан коммунистік партиясы құрамында 800000-ға жуық мүше болды. Осы кезден бастап компартияға деген халықтың сенімсіздігі күшейді. Бұл жағдай компартия беделінің түсуіне айтарлықтай әсер етті. 1990 жылы компартия мүшелерінің 42%-ы өз еркімен партия қатарынан шықты. Осы жылы партия мүшелерінің қатары 49000-ға кеміді.
90 жылдардың басына қарай Қазақстанда бұрын патша үкіметінің қолшоқпары жазалаушы күші болған казактар ұйымы пайда болды. 1991 жылы 15 қыркүйекте Орал қаласында казактар патша үкіметіне қызмет етуінің 400 жылдығын мерекелеуге шешім қабылдады. Бұл қазақ халқының ұлттық мүддесімен санаспағандықтың дәлелі. «Азат», «Желтоқсан», «Парасат» қозғалыстары бұл әрекетке ашық түрде қарсы шықты. Жаппай қақтығысқа ұласа жаздаған бұл әрекет жоғарыда аталған қозғалыстар мен құқық қорғау органдарының араласуымен тоқтатылды.

**Егемендік алудың кезеңдері**

1989–1990 жылдары Егемендік туралы Декларацияны КСРО-ның басқа республикалары да қабылдады. Сөйтіп, 74 жыл бойы өмір сүрген Республикалар Одағы ыдырады.
1991 жылдың желтоқсанында Н. Ә. Назарбаев Қазақстандағы «1986 жылғы 17–18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау жөнінде» жарлық шығарды, ол бойынша қылмыстық жауапкершілікке, әкімшілік және тәртіп бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылғандар ақталды.
1991 жылғы 8 желтоқсанда Белорусь, РСФСР және Украина республикаларының басшылары Минск қаласында (Беловеж кездесуі) кездесіп, мәлімдеме қабылдады.
1991 жылдың 12 желтоқсанында Ашхабад қаласында Орта Азия республикалары мен Қазақстан басшыларының кездесуі болып өтті.
1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматыда 11 республика өкілдері қатынасқан кездесу болды. Олар тең құқықтық жағдайдағы Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрылғандығы жөніндегі шартқа қол қойды.
1991 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республикада жалпы халықтың қатынасуымен Президент сайлауы өткізілді. Дауыс беру қорытындысы бойынша Н. Назарбаев Президент болып сайланды.
1991 жылғы 10 желтоқсанда Елбасының жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді.
1992 жылғы қаңтарда Республиканың Мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оның ішкі істер әскері құрылды.
1992 жылы 3 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына кірді.
1992 жылы 25 мамырда Достық, ынтымақтастық және өзра көмек туралы шартқа қол қойды.

1992 жылғы 4 маусым – Қазақстан Республикасы тарихындағы ерекше мәртебелі күн. Бұл күн еліміздің мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Гимні – дүниеге келген күн ретінде мәңгі есте қалады.
1992 жылы желтоқсанның ортасында қоғам мен халықтар достығын нығайтуда Алматыда Қазақстан халықтарының форумы өтті.
1993 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев сыртқы саяси бейбітшілік саясатын ұстануды ескере отырып, Лиссабон хаттамасына қол қою арқылы Қазақстан ядролық қарудан еркін аймақ болатындығын мәлімдеді.
1993 жылы 28 қаңтарда Республика Жоғары Кеңесі құқықтық мемлекет құрудың іргетасы, оның мемлекеттілігінің, тәуелсіздігін қамтамасыз етудің, экономикалық, мәдени және ғылыми-техникалық прогресс жолымен алға баса беруінің кепілі болып табылатын тәуелсіз Қазақстан Конституциясын қабылдады.
1993 жылдың аяғы Қазақстанда кеңестердің жаппай өзін-өзі таратуымен ерекшеленді. Өзін-өзі тарату жайлы алғаш рет Алматыдағы Алатау аудандық кеңестері мәлімдеді. Қараша айының аяғында 100-ге жуық, оның ішінде Алматы қалалық және облыстық кеңестері өздерінің таратылғанын мәлімдеді. Желтоқсанның 8-күні Алматы қаласында Республика Жоғарғы Кеңесі XI сессиясының II кезеңі өз жұмысын бастады.
1994 жылы 7 наурызда Қазақстан Республикасындағы сайлау жөніндегі жаңа кодекске сәйкес Жоғарғы Кеңеске сайлау өтті. Бұл сайлаудың ерекшелігі сол, салыстырмалы көпшіліктің мажоритарлық жүйесі депутаттыққа кандидаттарды Президенттің ұсыну тәжірибесімен бірге қолданылды. 1995 жылғы сәуірдегі Қазақстан Республикасының Конституциялық соты «1994 жылғы 7 наурызда сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің легитимді еместігі (заңсыздығы) жөніндегі» қаулы қабылдады. Осы қаулы бойынша қызметі 1993 жылғы Конституцияға негізделген XIII шақырылымның Жоғарғы Кеңесі өзінің өкілеттігін тоқтатты.
1994 жыл 6 шілде – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің кезекті жалпы отырысында Президенттің астананы Ақмолаға көшіру туралы ұсынысы мақұлданды.
1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Оған қатысқан адамдардың 90%-ы біздің мемлекетіміздің жаңа Ата заңын жақтап дауыс берді.
1997 жыл – Н. Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысы» атты кітабы жарыққа шықты. Республика Президенті Жарлығымен жалпы ұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланды. Қазақстан 60тан астам халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданған.
1998 жыл – Халық бірлігі мен ұлттық тарихы жылы деп атап өтілді. Тарих жылы тұтастай алғанда 23 ірі-ірі ғылыми форумдардың өткізілуімен ерекшеленді.
1999 жыл – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы деп жарияланды. Осымен байланысты өткен ғасырлардан жеткен орасан зор мәдени-тарихи мұраны сақтап, оны жинақтап жаңа ғасырдың игілігіне айналдыру міндеті қойылды.
1999 жыл 10 қаңтар – Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Президенті болып қайтадан сайланды.
2000 жыл – Мәдениетті қолдау жылы деп жарияланды. Бұл жылы мәдениет мекемелерін дамытуға, олардың материалдық базасын нығайтуға бағытталған едәуір жұмыстар атқарылды. Мәдениетті қолдау жылының шарықтау шегі Түркістан қаласының 1500 жылдық тойын тойлаумен сабақтас келді.
2002 жыл халықтың денсаулығын сақтау және оның деңгейін көтеру мақсатында Президенттің жарлығымен Денсаулық жылы деп жарияланды. Денсаулық жылының аясында ауылдағы көптеген медициналық мекемелер ғимараттары жөндеуден өтті. 4,2 миллион ауыл тұрғындары тексеруден өткізіліп, 36 пайызға жуық науқас есепке алынды. Ауруларға қарсы адамдарды егумен қамту 97 пайызға жетті. Денсаулық жылы шеңберінде 12–18 жасқа дейінгі бір миллион 690 мың

оқушыға медициналық тексеру жүргізілді. 2002 жылдың ерекшелігі жеке Денсаулық сақтау министрлігі, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және Фармация комитеті құрылды.
23 қазанда Түркістан қаласында қазақтардың Бүкілдүниежүзілік екінші құрылтайы болып өтті.
2004 жыл желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Парламент сайлауы өтті.
2005 жылғы 4 желтоқсанда ҚР Президентінің кезекті сайлауы өтті. Сайлау қорытындысы бойынша ең көп дауыс алған Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып жеті жыл мерзімге қайта сайланды.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.«ҚР Тәуелсіздігі туралы» декларацияның қабылдануы.
2.КСРО-ның ыдырауы.
3.ТМД-ның құрылуы.
4.ҚР Тәуелсіздігінің жариялануы.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Тақырып: Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с

2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/

11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**№22 сабақ**

**Сабақтың тақырыбы**: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы.

**Сағат саны:** 90 мин.

**Сабақ түрі: теория**

**Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы туралы мәліметтер жасау. Қазақстан және әлемнің жетекші мемлекеттері, көпвекторлы сыртқы саясаты, Қазақстан- беделді ұйымдардың мүшесі екендігі туралы түсінік беру.

- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:**жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Қазақстанның геосаяси жағдайы

Тәуелсіз Қазақстан Республикасына өзіндік сыртқы саясаты ұстанымын қалыптастыру қажет болды. Сыртқы саясаттағы негізгімақсат — елдің қауіпсіздігін сақтау, саяси және экономикалық қарым-қатынастарда аймақтық, субрегионалдық құрылымдарға ену,тәуелсіз мемлекет есебінде елдің дамуы үшін сыртқы қолайлы жағдайларды қарастыру және оны тиянақтау.

*«Азия мен Еуропаның түйіскен жерінде орналасқан геосаяси жағдайы, экономикалық және әскери-саяси мүдделері, сондай-ақ қол жеткен қуаты Қазақстанды қазіргі халықаралық қатынастарда өзінің айналасындағы елдермен қауіпсіздігін, егемендігін, аумақтық тұтастығын құрметтеу қағидаларына негізделген тату көршілік аймағын құруға мүдделі ірі аймақтық мемлекет ретінде танытты».*

Бүгінгі әлем күрделі де жан-жақты. Бұрынғы кездегі идеологиялық қарама-қайшылық (социалистік жүйе — капиталистік жүйе) енді жекелей мемлекеттердің экономикалық және саяси беделіне ауысты.

1993 жылдың 13 желтоқсанында Үкімет қаулысына сөйкес, ядросыз мемлекеттер қатарында Қазақстан *«Ядролық қаруды таратпау жөніндегі Келісімге»* қосылды. Республика аумағында бірнеше жылдар бойы ядролық қару болып келді. Бірақ оны Қазақстанөз бақылауында ұстай алған жоқ. Ендігі бірден-бір шешім — ядролық қарудан бас тарту еді. 1994 жылы үш мемлекеттің — Еуропадағы қауіпсіздік пен өзара достық қарым-қатынастар жөніндегі Будапештте өткен Кеңесінде Қазақстанның қауіпсіздігін сақтауға Ұлыбритания,АҚШ және Ресей мемлекеттері өз кепілдіктерін берді. 1995 жылы оларға Қытай мен Франция қосылды. Сөйтіп, Қазақстанның төуелсіздігі, дербестігі, шекара біртұтастығы мен қауіпсіздігі басты-басты ядролық державалар тарапынан кепілдікке алынды.

Ядролық каруды өз жерінен көшіру үшін республика 84 млм доллар алды. 1995 жылдың 26 мамырында ядролық қарудың соңғы бөлшектері республика аумағынан әкетілді. *1995 жылдың 30 мамырында Семей сынақ алаңында қалған ең соңғы ядролық заряджойылды.*

90-жылдары әлемде бірқатар аса маңызды геосаяси және экономикалық өзгерістер болды. КСРО-ның ыдырауы, бұдан кейінгі Ресейжағдайын анықтау, бірігуге бет алған Еуропа мен реформадан кейінгі Қытайдың күшейе түсуі, бірқатар Азия аумағы мемлекеттерінің пайда болуы, жаңа халықаралық экономикалық жүйенің қалыптасуы, т.б. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан өзінің сыртқы саясатында мына төмендегі аймақтық саяси одақтарға сүйенеді:

- АӨСШК — Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес — 1992 жылдың қазан айында болды. БҰҰ Бас Ассамблеясында Н.Назарбаев бұл ұйымды қолдап сөз сөйледі.
- Еуразиялық Одақ *1994 жылдың наурыз айындавы Мәскеуге сапары кезінде Н. Назарбаев бұл одақты құру жөнінде мәселекөтерді.*
- 1992 жылдан бері Қазақстан Экономикалық өзара қарым-қатынас ұйымына *Иран*, *Пәкстан*, *Түркия*, *Әзірбайжан*, *Қазақстан*,*Ауғанстан*, *Қырғызстан*, *Тәжікстан*, *Түрікменстан*, *Өзбекстан* мүше болды.

Қазақстанның геостратегиялық басымдылығы үш бірдей әлеуметтік-экономикалық және әлемдік қатынастардың саяси орталығынанегізделеді. Олар Солтүстік Америка, бірігу бағытындағы Еуропа және Тынық мұхит аймағы. Орталық Азияда орын тепкен жас мемлекетке дүниежүзілік экономикалық кеңістікке шығу әлдеқайда тиімді.

Қазақстанның геосаяси жағдайы, қазақстандық өнімдерді дүниежүзілік рынокқа шығару жолдарын іздестіру қажеттігі жан-жақты халықаралық байланыстар орнатуға қосымша негіз болды.

**Қазақстан және халықаралық ұйымдар**

Дүние жүзіндегі көптеген экономикалық және саяси жаһандау үдерістері халықаралық құқықтың басты-басты қағидаларын алға қойып отыр. Қазақстан жекелеген мемлекеттермен сыртқы қарым-қатынасында халықаралық құқықтың көпшілік таныған нормаларын сақтауды көздейді.

Сондықтан да жас мемлекет үшін БҰҰ, ЕҚЫҰ (ОБСЕ) — (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Халықаралық Еуропалық даму және қайта құру банктері, Халықаралық валюта қоры, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО, т.б. сияқты ірі-ірі халықаралық ұйымдарға мүше болуы аса маңызды жағдай.

*1992 жылғы 2 наурыздағы БҰҰ Бас Ассамблеясының (БҰҰ БА) 46-сессиясында Қазақстан Республикасын БҰҰ-ға мүшелікке алу жөніндегі қаулыға қол қойылды.* Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше мән бере отырып, Қазақстан БҰҰ-ның бейбітшілікке бағытталған қызметіне белсенді түрде қолдау көрсетті. 1996 жылы Қазақстан БҰҰ-ның, бейбітшілікті қолдайтын шараларына қатыса алатын резервтік келісімдер жүйесіне қосылған 51 - мемлекетке айналды.

1998 жылы 16 қарашада БҰҰ БА-ның 53-сессиясы *«Халықаралық ынтымақтастық және тұрғындарды сауықтыру Қазақстандағы Семей аумағының экологиясы мен экономикалық дамуы мақсатындағы жұмыстарды үйлестіру»* деп аталған қарар қабылдады. Қазақстан басқа да халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесіне айналды. 1998 жылы республика БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесі (ЭӘК) жанындағы комиссия құрамына кірді. Қазақстанның БҰҰ-ның балаларға көмек қорымен (БКҚ) ынтымақтастығы кең түрде даму үстінде. Республикада *«Бала мен ана денсаулығы», «Базалық білім беру», «Сумен қамтамасыз ету және санитария ісі»* және басқа да бағдарламалар бойынша жұмыстар жүргізілді. 1997 жылы Қазақстан БҰҰ-ның балаларға көмек қорының Атқару Кеңесіне мүше болды.

1996 жылы мамырда ЮНЕСКО (БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелерімен айналысатын ұйымы) делегациясының Алматыға сапары кезінде үлкел ғаламдық ЮНЕСКО бағдарламаларын (*«Адам және биосфера», «Халықаралық гидрология»*) жүзеге асыру жөнінде келісімдерге қол жеткізілді. 1997 жылғы қарашада ЮНЕСКО-ның Париждегі Бас конференциясында Қазақстан ЮНЕСКО-ның Атқару Кеңесінің мүшелігіне қабылданды. 1994—1995 жылдарда ЕҚЫҰ-ның төмендегідей құрылымдарымен тұрақты ынтымақтастық байланыстар орнады: аз санды ұлттар жөніндегі институты, демократиялық институттар мен адам құқығы бюросы. 1999 жылдың қаңтарынан бастап Алматыда ЕҚЫҰ орталығы тұрақты жұмыс істейді.

**Қазақстанның сыртқы саясаты**

Халықаралық байланысты жүзеге асыруда Қазақстанның сыртқы саясаты дүние жүзінде қалыптасқан жағдайға байланысты көпбағыттылығын ескеру принципінен шығуы керек. Дүние жүзіндегі саяси және экономикалық үдерістердің ғаламдық сипаты жағдайында, жекелеген елдер қауіпсіздігіне кепілдік ұжымдық күш-жігермен ғана қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасы өзімен шекаралас елдердің бәрімен сенімге негізделген тату көршілік қатынас орнатуға тырысады. Бұл мақсатқа жету үшін Қазақстан қауіпсіздік жүйесін құруға арналған және халықаралық ынтымақтастықтың барлық деңгейіндегі қарусыздану ісіне міндетті түрде қатысады. Оның бірнеше деңгейі бар:

- Қазақстанның ТМД-дағы халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану саласындағы ықпалдастық саясаты;
- Қазақстанның Азияда бейбітшілікті және тұрақтылықты қолдау туралы ұйым құру ұсынысы;
- Қазақстан халықаралық БҰҰ, ЕҚЫҰ және т.б. ұйымдарға қатысып, қарусыздану және бейбітшілікті қолдау саясатын жүзеге асырады.

Қауіпсіздікке кепілдік алуға қол жеткізу үшін Қазақстан бірқатар сыртқы саясат әрекеттерін қарастырды. 1992 жылы ТашкентгеҚазақстанның, Қырғызстан, Тәжікстан, Белоруссия, Армения, Әзірбайжан, Грузия мен Өзбекстанның басшылары бас қосып, *Ұжымдық қауіпсіздік туралы Келісімге* қол қойды. Мемлекет басшылары жәнә ТМД Біріккен Қарулы күш Бас қолбасшыларынан тұратын Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі құрылды. 1999 жылы 14 қыркүйекте Алматыда АӨСШК мүшелері — 15 мемлекеттің Сыртқы істер министрлерінің кездесуі өтті.

1995 жылы үш республика — Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан басшылары БҰҰ Бас хатшысына БҰҰ қарамағындн Біріккен ортаазиялық бейбітшілік сақтау батальоның (ОртАзБат) құру туралы ұсыныс енгізді. 1997 жылы ОртАзБаттың алғашқы оқу- жаттығулары өткізілді. 1996 жылы бес мемлекет — Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан әскери салада және шекаралық аудандарда сенім шараларын нығайту туралы Келісімге қол қойды. 1997 жылы шекаралық аудандардағы қарулы күштерді келісімді қысқарту туралы Келісімге қол қойылды. Бұл келісімдер Қытаймен шекара жөніндегі дауды реттеуге негіз болды. 2001 жылғы көктемде бұл Келісімге Өзбекстан қосылып, Шанхай бестігі *Шанхай ынтымақ тастық ұйымы* (ШЫҰ) болып құрылды.

Республика ішінде жүргізіліп жатқан реформаларды қамтамасыз ету жөнінде де бірқатар міндеттердің бар екені белгілі. Оларды атап айтсақ:

- Қазақстан экономикасы үшін дамыған мемлекеттер және жекелеген қаржы ұйымдары тарапынан қаржы салымын тарту;
- экономикалық міндеттер, экологиялық мәселелер, дүниежүзілік коммуникацияға шығу үшін қаржы тарту және практикалық көмек көрсету;
- әр түрлі мәселелер бойынша халықаралық ақпараттармен алмасуға қатысу;
- Қазақстандық экономиканың, ғылым мен басқарудың әр түрлі салалары үшін шетелдерде мамандар даярлау бағдарламасын жүзеге асыру;
- шетелдердегі Қазақстан азаматтарының мүддесі мен құқықтарын қорғау;
- шетелдік серіктестермен еліміздің сауда-экономикалық байланыстарын кеңейту.

Аталған бағыттар бойынша Қазақстанның дипломатиялық қызметін тұрақты жүзеге асыру біздің еліміздің ұзақ мерзімдік басым бағытын іске қосуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның сыртқы саясаты 1991 жылдан 2001 жылға дейінгі 10 жыл ішінде күрделі даму жолынан өтті. 1991—1993 жылдары Қазақстан халықаралық құқық субъектісі ретінде әлемдік қоғамдастыққа ену шараларын жүзеге асырды, дүние жүзіндегі жетекші елдермен ынтымақтастықтың келісімдік-құқықтық базасын қалыптастырды.

1994—1997 жылдары сыртқы саясат қызметінде мықты құқықтық база құру жұмысы жалғастырылды, бірінші кезекке шет елдерстратегиялық ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету тетігін қалыптастыру міндеті шықты.

1997 жылдан бастап Қазақстанның сыртқы саясатында үшінші даму кезеңі басталды, ол ел алдында жаңа ғаламдық жағдайлартууымен сипатталады. Қазақстаниың сыртқы саясатындағы бағдары «Қазақстан—2030» стратегиялық даму бағдарламасында ашып көрсетілді.

2003 жылы Алматыда Бейбітшілік пен өзара келісім жөніндегі халықаралық конференция мен Әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің1 съезі болып өтті. 2006 жылдың қыркүйек айында Астанада Бейбітшілік пен өзара келісім Сарайында Әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің II съезі болды.[1]

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.Қазақстанның геосаяси жағдайы дипломатиялық қатынастардың дамуы.
2.Қазақстанның БҰҰ-на кіруі.
3.Әлемдік аренадағы Қазақстан бейнесі.
4.ЕҚЫҰ-ның Астанадағы саммиті.

Соңғы жылдары Қазақстан жалпы алғанда барлық беделді және ықпалды халықаралық ұйымдарға кіру үрдісін аяқтады. Қазіргі кезде Қазақстанның халықаралық аренадағы, ең алдымен, халықаралық ұйымдар шеңберіндегі стратегиялық мүдделерін нақты жүзеге асыру аясына көшіру міндеті тұр.

**Қазақстан және БҰҰ.** 1992 жылғы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 46-сессиясында Қазақстан Республикасы өзінің мәні жөнінен аса маңызды тарихи құжат болған 46/224 қарарымен БҰҰ-ға мүшелікке бірауыздан қабылданды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1992 жылғы күзде өткен 47-сессиясы Қазақстан делегациясының БҰҰ-ның толық мүшесі ретінде қатысқан бірінші форумы еді. Бұл сессияда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның халықаралық саясаты туралы келелі сөз сөйледі.

Қазақстанның БҰҰ шеңберінде ұсынған халықаралық негізгі бастамалары:

Азиядағы Өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру;

БҰҰ қамқорлығымен Орталық Азия бітімгершілік батальонын (ОртАзБат) құру;

«бір қосу бір» формуласы бойынша БҰҰ-ның бітімгершілік күш-жігері қорын жасақтау: әрбір мемлекет оған қорғаныс бюджетінің 1%-ын аударады, жыл сайын өзінің аударымын 1%-ға көбейтеді;

Орталық Азияда алдын алу дипломатиясы бойынша өңірлік орталық құру:

Орталық Азия өңірі үшін экономикалық комиссия құру, бұл комиссия БҰҰ-ның Орталық Азия экономикалары үшін Арнаулы бағдарламасының негізіне алынды (СПЕКА).

Арал және Семей экологиялық апат аймақтарын сауықтыру;

Алматы қаласында 2003 жылы теңізге шығуға мүмкіндігі жоқ елдер үшін БҰҰ-ның халықаралық министрліктер конференциясын өткізу.

БҰҰ-ға қатысу Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдеседі. Елдің қоғамдық өмірінің әлеуметтік-саяси, экономикалық және басқа салалардағы бұдан былайғы қайта өзгерістерді жүзеге асыру үшін қолайлы халықаралық жағдай жасайды.

БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннанның Қазақстанға 2002 жылғы 17–18 қазандағы ресми сапары Қазақстан Республикасы мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңызды белесіне айналды, ол Қазақстан мен БҰҰ арасындағы онжылдық ынтымақтастықтың нәтижелерін баянды етті, сондай-ақ өзара іс-қимыл үшін жаңа келешекті белгіледі.

БҰҰ-да Қазақстанның қарусыздану және ядролық қаруды таратпау режимін нығайту саласындағы белсенді рөлін, республиканың осы салада жасалған барлық халықаралық келісімдерге адалдығын жалпы жұртшылық таныды. Қазақстанның БҰҰ-дағы ұстанымы, БҰҰ қарайтын мәселелердің барлық кешені бойынша елдің мүдделерін ескеру негізінде қалыптасады. Бұл орайда ұйыммен экономика, экология, әлеуметтік даму, халықаралық құқықтың ілгерішіл дамуы, адам құқықтарын сақтау саласындағы, лаңкестікке, ұйымдасқан қылмысқа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді. БҰҰ шеңберінде әлемдік қауымдастықтың күш-жігерін Семей өңіріндегі жағдайды сауықтыруға жұмылдыру жөнінде айтарлықтай жұмыс тындырылды. Бірқатар жылдар ішінде БҰҰ Бас Ассамблеясының «Қазақстандағы Семей өңірінің халқын және экологиясы мен экономикалық дамуын сауықтыру мақсатында халықаралық ынтымақтастық және қызметті үйлестіру» қарарлары қабылданды, бұл қарарларға сәйкес Семей өңіріне көмек көрсетудің халықаралық бағдарламасы жүзеге асырылуда.

1975 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесі (ЕҚЫК) – Шығыс пен Батыс арасындағы пікір алысуды жолға қою үшін көп жақты форум құрылды.

1994 жылы Будапешт қаласында Кеңесті ұйым деп қайта атау туралы шешім қабылданды, мұның өзі ЕҚЫҰ кеңістігінде «қырғи-қабақ соғыстың» аяқталуымен сипатталатын жаңа геосаяси

жағдайда қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік пен тұрақтылық талаптарына жауабы болды және ұйымның жұмысына қосымша саяси серпіліс берді.
ЕҚЫҰ бүгінгі таңда қауіпсіздік және жанжалдарды болдырмау мәселелерімен айналысушы қазіргі өңірлік ұйымдардың ішіндегі ең ірі ұйым деп заңды түрде есептеледі. ЕҚЫҰ-ға Еуропа континентінің, Кавказ сыртындағы, Орта Азияның және Солтүстік Американың елдері кіреді. Ұйым Жерорта теңізі мен Азия мемлекеттерінің қатарынан өз әріптестерімен тығыз ынтымақтасып отыр. Сөйтіп ЕҚЫҰ Ванкуверден Владивостокқа дейінгі географиялық кеңістіктегі еуроатлантикалық және еуроазиялық қоғамдастықты біріктіреді.
ЕҚЫҰ-ның негізгі принципі – ЕҚЫҰ қызметінің негізгі үш өлшемінің, әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық себеттердің өзара тығыз байланысын қамтамасыз ететін қауіпсіздікке кең ауқымды және жан-жақты көзқарас. Адамның іргелі құқықтары мен бостандықтарын қорғау, экономика және қоршаған ортаны сақтау саласындағы ынтымақтастық бейбітшілік пен тұрақтылықтың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде қаралады.
Бүгінгі таңда ЕҚЫҰ жанжалдардың ертерек алдын алудың және оларды реттеудің, сондай-ақ еуразиялық кеңістікте жанжалдан кейінгі сауықтырудың басты құралы ретінде әрекет ететін бірегей және бірден-бір жалпы еуропалық ұйым болып табылады.
Қазақстан ЕҚЫҰ-ға 1992 жылғы қаңтарда қатысушы болды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға мүше болғандағы біздің басты мүддеміз де еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету еді. Құрамында 55 мемлекет бар осы беделді халықаралық ұйымның 1994 жылдың желтоқсанында Венгрия астанасы Будапештте өткен саммитінде біздің Елбасы сөз сөйлеп, Еуропа және Азия елдерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы өз ойларын ортаға салды. Дәл осы басқосуда Қазақстан үшін тарихи шешім қабылданды. 1994 жылдың 6 желтоқсанында Будапешт қаласында 55 мемлекет басшысы қатынасқан саммитте АҚШ Президенті Билл Клинтон, Ресей Президенті Борис Ельцин, Ұлыбритания Премьер-министрі Джон Мэйджер, Украина Президенті Леонид Кучма және Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның ядролық қарудан қауіпсіздігіне кепілдік келісіміне қол қойды.
1998 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының үкіметі, ЕҚЫҰ және Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро (ДИАҚБ/ЕҚЫҰ) арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, Алматы қаласында ЕҚЫҰ-ның орталығы ашылды.
ЕҚЫҰ-ның қатысуымен Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі уәкілетті институтты, сайлау заңнамасын жетілдіру, сот жүйесін реформалау, адам саудасы, нашақорлыққа, лаңкестікті қаржыландыруға, қылмысты жолмен табылған табыстың жылыстауына қарсы әрекет ету, БАҚ тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жобалар іске асырылуда.
2003 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға 2009 жылы төраға қызметіне өзінің кандидатурасын тұңғыш рет ұсынды.
2005 жылғы 26 тамызда Қазан қаласында ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету жөніндегі бастамасын қолдау туралы шешімі қабылданды.
2010 жылдан бастап біздің ел ЕҚЫҰ-ны басқару абыройына ие болды.
**Астана саммиті**. Қазақстанда 1–2 желтоқсанда соңғы 11 жылдың ішінде алғаш рет өткен ЕҚЫҰ саммитінің қатысушылар Еуропа континентіндегі қауіпсіздік, ЕҚКҚК мәселелерін, сондай-ақ Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымдастыру мақсаттары мен міндеттерін талқылады. Астанаға бұл ұйымның 56 мүше мемлекеттері, ЕҚЫҰ «ынтымақтастық жөніндегі әріптестер» — 12 ел басшыларының өкілдері, атап айтқанда Ресей президенті Д. Медведьев, Германия канцлері Ангела Меркель, Италия премьер-министрі Сильвио Берлускони, Ауғаныстан президенті Хамид Карзай, сондай-ақ бірнеше ондық халықаралық ұйымдардың өкілдері, оның ішінде БҰҰ, ЕО, НАТО, ЕК, ТМД, ҰҚКҰ бар. Астанадағы кездесу – Орталық Азияның жүрегінде – Еуропаның географиялық шектерінен тыс өткізіліп жатқан алғашқы саммит.

**Солтүстік Атлантика шарты ұйымымен (НАТО)** өзара қатынастарды тереңдету Қазақстанның сыртқы саяси қызметінде басты орын алады. Бұл ынтымақтастықтың көкейтестілігі, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалауды қоса алғанда, Ұлттық қауіпсіздікті қолдау жөніндегі басым сипаттағы бірқатар міндеттерді шешумен, сондай-ақ қазіргі заманның жаңа талаптарға – халықаралық лаңкестікке, есірткі трафигіне т. б. қарсы әрекет ету жөніндегі үйлестірілген кешенді шараларды жүзеге асыру қажеттігіне байланысты туындап отыр.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тәжірибе алмасуы, альянспен әріптестік шеңберінде жүзеге асырылатын офицерлер құрамын оқыту, бірлескен жаттығулар, семинарлар мен конференциялар өткізу Қазақстан Республикасы қорғаныс күштерінің кәсібилігін арттыруға, даярлықтың жалпы деңгейіне, сондай-ақ қорғанысты жоспарлауды жетілдіруге және оларды жалпы жұрт қабылдаған халықаралық стандарттарға келтіруге жәрдемдеседі.

Қазақстанның 1992 жылы Солтүстік Атлантика ынтымақтастық кеңесіне (бұл кеңес кейін Еуро-атлантикалық әріптестік кеңесі (ЕАӘК) болып қайта құрылды) кіруі Қазақстанның НАТО-ға мүше-елдермен және Еуразия кеңістігі елдерімен халықаралық қауіпсіздіктің негұрлым көкейтесті мәселелері бойынша жемісті пікір алысуына мүмкіндік береді. НАТО-мен саяси пікір алысуды және әскери ынтымақтастықты кеңейту мақсатымен 1994 жылы Қазақстан «Бейбітшілік үшін әріптестік» (БҮӘ) бағдарламасына қосылды. Қазақстанның БҮӘ-ге қатысуы азаматтық төтенше жоспарлауды, дағдарысқа қарсы реттеуді, қарулы күштер мен қарулы құрылымдарды демократиялық бақылауды, қорғаныс саясаты мен стратегиясын, әскери жаттығулар мен әскери білім беруді т. б. қоса алғанда, НАТО-мен өзара іс-қимылдың кең ауқымын қамтиды.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Қазақстан және БҰҰ.

2.ЕҚЫҰ-ның Астанадағы саммиті.

3.Солтүстік Атлантика шарты ұйымымен (НАТО)

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.

2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма**

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы.

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с

2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет

3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет

4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.

5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К.  Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша  әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О.  Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice  : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/

5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**№23 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Қазақстанның жаңа экономикалық бағыты. №2Аралық бақылау.
**Сағат саны:** 90 мин.
**Сабақ түрі: теория**
**2. Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: Қазақстанның жаңа экономикалық бағыты, 2006-2010 жылдарға арналған халық шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары, қазақ елінің Ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» идеясының маңызы туралы баяндау.
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
| --- | --- |
| Ұйымдастыру кезеңі : | 2 мин. |
| Миға шабуыл: | 3 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 3 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 2 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 15 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 3 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 2 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Қазақстанның әлемдік экономикадағы орны

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы әлемдік экономикалық қоғамдастыққа кіру жағдайында, оның сыртқы экономикалық байланыстары дамып, жаңа сапалық өзгерістерге көшіп келеді. Сол себептен де әлемдік экономикалық қатынастар мәселелері зор маңызға ие болып, әлемдік қатынастардың даму жағдайы мен қызметін үйренудің қажеттілігі артады. Соңғы 50 жылдықтағы әлемдік шаруашылылықтың үдерісі әлемдік экономикалық қатынастардың серпінді дамуымен тығыз байланысты. Әлемдік шаруашылыққа әсер етіп оны түбегейлі өзгертетін басты үдерістер, әлемдік шаруашылық пен капиталдың, қоғам мен адамдардың тіршіліктерінің негізгі түрлерінің интернационалдануы және ғаламдануы. Әлемдік дамудың түбегейлі заңдылығы дүниежүзілік экономиканың өздігінен дамушы жүйе ретінде біртұтастығында және оның өзара байланысының тұрақты артуында.

Сонымен қатар бұл жүйенің кейбір бөліктері көлемдік және құрылымдық сипаты бойынша әлемдік шаруашылықтың қатынастарға әр түрлі енгені. Қандай да болмасын елдің, оның жеке аймағының әлемдік маңызы оның экономикалық әлуетімен, әлемдік тауар өндіру, технология, қаржы жүйесіндегі орнымен, жалпы экономикалық серпінділігімен анықталады. Қысқа мерзім ішінде Қазақстанды егеменді тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзінің 120-дан астам елі мойындады. Минералды ресурстарға бай Қазақстан шетел капиталын өзіне тартып, 200-дей біріккен кәсіпорын құрылды. Өнеркәсібі дамыған елдермен (АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея т.б.) халықаралық экономикалық қатынастарды дамыту жүзеге асуда. Осындай игі істер АСЕАН елдерімен, әсіресе – Индонезия, Малайзия, Сингапурмен жасалуда. Түркия, Иран, Сауд Арабиясы елдерімен ынтымақтастығы артып келеді. Ресей, Өзбек, Қырғыз елдерімен экономикалық қатынастар басым бағыттарда ұстауда. Еуропа экономикалық одақ елдерімен Қазақстанның экономикалық қатынаста болуы үлкен стратегиялық мүдделілікті байқатады.Дәстүрлі экономикалық қатынастарды Қазақстан барлық ТМД елдерімен және Шығыс Европамен жалғастыруда. Қытаймен өзара ұзақ мерзімді қатынас жаңа деңгейге көтерілді. Қазақстан қазіргі кезде дүниежүзіндегі 60-тан астам елдермен сауда қатынастарын жүргізуде.

Қазақстан 2012 жылы Халықаралық менеджментті дамыту институты (IMD) жариялаған ғаламдық бәсекеге қабілетті мемлекеттердің рейтингісінде өзінің орнын тұрақтандырды. Бұл рейтингте (IMD) мемлекеттердің мына факторлар бойынша бәсекеге қабілеттілігі талданады: 1) Экономикалық қызмет; 2) Үкіметтің тиімділігі; 3) Бизнестің тиімділігі; 4) Инфрақұрылым. Қазақстан әлемнің 59 елдерінің ішінде 32-ші орынға жайғасты, өткен жылмен салыстырғанда 2012 жылы 4 мемлекеттің алдын ораған. Қазақстан барлық факторлар бойынша рейтингісі жақсарды деп көрсетіледі. Мысалға, экономика саласында – 28-ші орында, 7 сатыға көтерілген, үкіметтің тиімділігі – 3 сатыға жоғарылап, 18-ші орынға, бизнестің тиімділігі — 34-ші орынға

орналасып, 2 сатыға, ал инфрақұрылым бойынша – 43-ші орынға жайғасқан. Қазақстанның осы рейтингтегі бәсекелестік басымдылығы мемлекеттік қаржылар (5-ші орын), еңбек нарығы (5-ші орын), фискалдық саясат (9-шы орын) және жұмысбастылық арқылы (14-ші орын) байқалады. Мамандардың пікірінше, IMD рейтингісі нәтижесі бойынша 2012 жылы Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуындағы қабылданған шараларының өзектілігін атап өткен.
Соңғы уақытта бірлескен кәсіпорындар саны тез өсіп келеді. Біздің серіктестеріміздің ішінде белгілі «Шеврон» мұнай – газ өндіретін компаниялары бар. Шетел капиталын тартпайынша осы заманғы экономиканы тез құру, оның құрылымдарындағы қиғаштықтарды жою тіпті де мүмкін емес. Сондықтан, республикада шетел инвесторлары үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін заңы қабылданды. Ол: Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 373 Заңы. Шетелдік инвестицияларды тарту және нәтижелі түрде қолдану – Қазақстан Республикасының басқа елдермен өзаратиімді сауда-экономикалық ынтымақтастығының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстанда шетелдік инвестицияларға ұлттық мәртебе беріледі, яғни шетелдік және отандық компанияларға инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін тең жағдайлар жасалған. Осы «Инвестициялар туралы» заңы негізінде инвесторлардың Қазақстандағы инвестициялық қызметін атқару барысында туындауы мүмкін тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік беретін түрлі кепілдіктер беруді көздейді: қығының қорғалуына кепілдік; · Кірістердіпайдаланукепілдіктері; ·
Инвесторларға қатысты мемлекетті коргандары қызметінің жариялылығы; · Мемлекеттік меншіктеу және реквизициялау барысында инвесторлардың құқықтарына кепілдік. Халықаралық экономикалық ұйымдардың қалыптасуы мен дамуы мемлекеттердің жақындасуы мен интеграциялануына негіз болып отыр. Сонымен бірге, Қазақстан еуразиялық қауіпсіздікті нығайту саласында мақсатты бағытталған жұмыстарды жүргізіп жатыр. Алматыда Азиядағы өзара байланыс және сенімділік шаралары бойынша Кеңесті дайындау үшін арнайы жұмысшы топтың екі мәжілісі болып өтті. Бұл мәжіліс жұмысына 20- ға жуық Азия елдерінің сарапшылары қатысты. Соңғы жылдардың өзінде Қазақстан ел орналасқан жерлер бойынша ЭКОСОС (БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік одағы) комиссиясының және ақпарат бойынша комитеттің мүшесі болды. БҰҰ-ның даму бағдарламасының қызметі Қазақстанда қарқынды жүргізілуде және ол ұлттық кадрларды дайындау ісіне жәрдемдесуге, сонымен бірге, нарықтық реформаларды және экономиканың әр түрлі секторларындағы (ауыл шаруашылығы, ауыр өнеркәсіп, сауда және т.б.) қайта өзгертулерді жүргізуге Үкіметке кеңестік көмек көрсетуге бағытталған. Қазіргі кезде Қазақстанның белгіленген басымдық салаларында ЕЭК- ның қызметін тұрақты ынтымақтастықта белгілеу бойынша комиссиямен жұмыс жүргізілуде.
ТМД одағы құрылғаннан бері ынтымақтастықтың дамуының қандай жолы тиімді деген талас тоқтамай келеді. Тәжірибе көрсеткендей, «бәрін бірден» деген принциппен интеграциялық құрылысқа көшу өзін ақтамады. ТМД шеңберіндегі интеграциялық үдеріс бірегей, біртекті экономикалық кеңістік, тауарлар, қызмет, жұмыс күшінің ортақ нарығын құруға алып келуі тиіс. Сол себепті де ынтымақтастық шеңберінде көп деңгейлі интеграциялық үлгіні іске асырудың жаңа тетігін әзірлеудің маңызы зор. ТМД шеңберіндегі интеграциялық үдерістің дамуы әлі баяу дамуда. Экспорттық өндірісті дамыту Қазақстанда басым бағыттарға ие болуда. Қазақстан Республикасы ТМД елдерімен кең көлемде экономикалық байланыстар жасап келеді. Мысалы, 2012 жылы қаңтар-желтоқсан айларының өзінде Қазақстанның достастық елдермен сыртқы сауда айналымы 34,7 млрд. долларды құраған. Демек, республика үшін негізгі серіктес болып ТМД елдері жатады, оның ішінде біріншісі – Ресей. Республикадағы экспорттық құрылымның негізін ірі-тонналық өнімдері– мұнай, астық, көмір, руда және концентраттар, қара металл прокаты, мыс, мырыш, қорғасын құрайды. Осы өнімдерді алыс жаққа тасу экономикалық жағынан тиімсіз, себебі оларды қымбаттатып жібереді. Сондықтан Қазақстан үшін таяу көршілермен сауда – саттық жасау пайдалы.

Қазақ елі даму қарқыны жөнінен әлемдегі көшбасшылардың «үштігіне» кіріп отыр. Ernst&Young аудиторлық компаниясы Қазақстанның алдағы уақыта — 2011-2015 жылдар аралығында да экономикалық өсімі бойынша дүниежүзіндегі алғашқы үш мемлекеттің қатарында болатындығын жариялады. Ernst&Young Қарқынды дамушы нарықтар орталығы өздерінің елімізді «әлемдік нарықтағы маңызды ойыншыға айналып келе жатқан» мемлекет санайтындарын жеткізді. Ұлыбритания сынды алпауыт елдер «0,27 пайыздық» өсім көрсеткішін қанағат тұтып отырғанда, Қазақстан Көшбасшысы ел Үкіметі алдына алдағы бес жыл бойы ең кем дегенде 7 пайыздық өсімді сақтауды міндеттеді. Осындай қарқынмен ілгерілесек, Елбасының«әлемнің жоғары табысты елдері қатарына өту» бастамасы іске аспақ. Президент Н.Назарбаевтың бұл мұраты шетелдік сарапшыларды тамсандырады, бірақ қайран қалдырмайды. Қатысушыларға Қазақстанда жағымды макроэкономикалық орта қалыптасқан. Бұған даму көрсеткіштері дәлел. Инфляция деңгейі ағымдағы жылдың қаңтар-қазанында 6,5%-ды құрап, былтырғы жылдың сәйкес көрсеткішінен сәл асты. Инфляция жылдық шамада 8% деңгейінде және жоспарланған дәлізде болады.

Елбасымыз француздық «Valeurs actuelles» журналында биылғы 2012 жылдың қазан айында берген сұхбатында:«Қазақстанның ендігі 5 жылдан кейін өңдеу өнеркәсібінің ІЖӨ-дегі үлесі 12,5 пайызды құрайтын болады. Шикізаттық емес сектор үлесі 10-нан 40 пайызға дейін ұлғаймақ. Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі қазіргіден 1,5 есе, ал агроөнеркәсіп кешенінде 2 есе көбейеді. Біз өзімізді құрылыс материалдарымен 80 пайыз қамтамасыз ететін боламыз. Отынның әр түріне деген қажеттілікті отандық мұнай өңдеу зауыттары қанағаттандыратын болады. Басқаша айтқанда, алдағы жылдарда Қазақстан алға қарай өте үлкен қадам жасауға тиіс». Әлемдік экономикалық кеңістікте Қазақстанның өз жолы бар. Сонымен 50 елдің қатарына қарай адымдап келеміз. Сол қиын уақытқа қарамай жетістіктерге қол жеткізген 10 елдің қатарындамыз. Мұны «Дағдарыстан кейінгі әлем» қоры айтып отыр. Олар жүргізген сауалнама осыны растаған. Ал, оған емес әлемнің 57 елінің 247 жетекші экономистері, қаржы талдаушылары, ғалымдары, компаниялардың топ-менеджерлері, журналистері мен саясаткерлері қатысқан. Осы жылдың үш тоқсанында бізде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, сауда және байланыс салалары жедел дамыған. Тұрақты да қарқынды өсуді экономиканың барлық салалары көрсетіпті. Оның ішінде шағын және орта бизнес те бар.

Сонымен қатар бизнестің белсенділігі артты. Бұл өз кезегінде нақты жалақының 6,8 пайызға өсуіне ықпал етіп, бөлшек сауда айналымының 13 пайызға артуына септігін тигізді. Осының арқасында ішкі сұраныс өсіп, ІЖӨ деңгейі көтерілді. Қазіргі жағымды жаңалық энергия тасығыштар, металдар, астық бағалары қалпына келуде. Жан басына шаққандағы инвестициялар бойынша Қазақстан ТМД-да көшбастаушы болып табылады. Қазақстан экономикасына тартылған тікелей шетел инвестициялары былайғы Орталық Азия мемлекеттерін бүтіндей алғандағы шетел капиталы салымдарынан айтарлықтай асып түседі. Қазақстандағы инвестициялық ахуалға берілетін басты баға да осы. Инвестициялардағы бизнестің жеке қаражатының үлес салмағы өткен жылғы қаңтар-қыркүйек айларындағы 32,9 пайыздан 46,0 пайызға өскен. Бұл бизнестің инвестициялық әлеуетінің қалпына келуінен хабар беретін жақсы көрсеткіш. Негізгі капиталға салынатын жалпы инвестиция көлемінде дәстүрлі түрде көшбасшы орын алатын шетел капиталының көлемі керісінше қысқарған. Олардың үлесі 40,9% -дан 25,3% – ға азайған. Соған қарамастан негізгі капиталдағы жалпы салымдар көлемі өзгермеген.

Биылдан бастап іске асырыла бастаған индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы – Қазақстанның өзіндік даму жолы. Оның негізгі мақсатының өзі экономиканы әртараптандыру және еліміздің ұзақ мерзімде бәсекелестік қабілеттілігін арттыру. Мұнда жеке бизнес пен мемлекеттің мүмкіндіктерін біріктіруге баса назар аударылған. Мемлекет күш-жігерін шикізаттық емес бағытты дамытуға жұмсайтын болады. Бизнес болса әртараптандыру мақсаттарына жауап беретін салаларды көтеруге атсалысады. Осы бағдарламаны іске асыру

арқылы экономика 46 млрд. АҚШ долларынан асатын жылдық қосымша құн құруға мүмкіндік алады. Қазақстанның әлемдік қауымдастықта өзінің беделін көтерудің жолында кең көлемде жұмыс атқаруда. Бұл өз кезегінде, өзге де дамушы және дамыған мемлекеттермен тығыз сауда-саттық және экономикалық жағынан қарым-қатынас жасауда тиімділігін көрсетеді деп біледі.Себебі беделі артқан мемлекеттерге аса сенімділік білдіріледі. Әлемдік нарықта өзінің орнын орнықтырып, тұрақтанған мемлекетіміз келешекте ірі келісімдер мен шетел инвестицияларға ие бола алады. Мемлекеттің ІЖӨ-ң деңгейін жоғарылатып, әлемнің түрлі рейтингтерінде орнын біршама жақсартады. Халықтың жағдайы көтеріліп, орташа жалақы көлемі артып, жұмысқа деген құлшынысын жақсартады. Бұл тиісінше, мемлекеттің дамуында айрықша маңызды рөл атқарады.

**1. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы.**

«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Ал ең бастысы – еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды.

«Мәңгілік ел» идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея.

Бұл дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз. Әрбір Жолдауында Ұлт Көшбасшысы халықтың жағдайын бір сәтке де ұмытқан емес. Күні бүгінге дейін айтылған міндеттердің бәрі жыл өткен сайын бірте-бірте орындалу үстінде. Өз тәуелсіздігінің жиырма екі жылын артта қалдырған егеменді еліміз бүгінде жаңа экономикалық өрлеу жолында.

Ал ендігі кезекте 2050 жылға дейінгі мақсат пен міндеттерімізді айқындап алуымыз — заңды құбылыс. Елбасының «Қазақстан жолы — 2050» Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ Жолдауы жастарға да үлкен аманат жүктеп, салмақты жүк арқалатып отыр. Елбасы өз сөзінде: «Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деген болатын. Мемлекет болса, өз тарапынан жастардың сапалы білім мен саналы тәртіп алуына, қажетті мамандықты игеруіне, өз арман-мақсаттарын жүзеге асырулары үшін бар мүмкіндіктер жасап келеді. Осыларға әлемдік деңгейдегі Назарбаев Университеті, Назарбаев Зияткерлік мектептері, «Болашақ» бағдарламалары дәлел. Біздің ата-аналарымыз жете алмаған мұрат-мақсаттар, мүмкіндіктер, біздің алдымызда айқара есігін ашып тұр, біз өз кезегімізде осы мүмкіндіктерді іске асыру барысында бар күш-жігерімізді аямай, табысты жұмыс жасауымыз қажет. Осы жолда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес Жоғары мектебінің Қаржы кафедрасы ұжымы да тәуелсіз қазақ елінде тынбай еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне жоғары білімді маман кадрлар дайындауда өз үлестерін қосып келеді. Осы Жолдау қазақстандық жастарды біріктіріп, биік белестерден көрінуге апаратын жарқын жол іспеттес.

Жолдауда айтылғандай «Жетекші университеттерді академиялық және басқару-шылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажет. Үлгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет. Үкіметке 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап стипендиялар мөлшерінің 25 пайызға өсірілуін қамтамасыз етуді тапсырамын» делінген болатын. Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленген. Біз мына басым бағыттар бойынша бірқатар мәселелерді шешуіміз керек. Олар: Инновациялық индустрияландыру трендін түзеу және

күшейте түсу , Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру, Ғылыми қамтымды экономика құру , Инфрақұрылымдық үштаған – агломерацияның, көліктің, энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ету, шағын және орта бизнесті дамыту және біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Елбасы ұсынған елімізді өркендетудің бағыттары өте маңызды. Оның ішінде білім саласының қызметкерлері, біздер үшін өте маңызды болып табылады. Ол — жоғары білімді ұлт қалыптастыру қажеттігі. Бұл бағыт білім беру саласында еңбек етіп жүрген ұстаздарға жаңа міндеттер жүктейді. Оқыту әдістемелерін жаңғырту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиістігі заман талабы. Жаңа заман талабына сай пәндерді өзгерту, ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге, сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту мәселесін шешу қажет.

Жолдауда Елбасы бүгінгі күннің ең маңызды мәселесі ел бірлігі мен тілге баса назар аударды. Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. «Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады». Бүгінгі Қазақстанның жеткен жетістіктері мен алған шыңдары бірліктің арқасы. Сондықтан қазақтың бірлігі — елдігіміздің кілті, жаң қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі. Ел бірлігі — ең асыл қасиет», — деген Елбасы тұжырымы Отанын сүйген әр азаматтың жүрегінен орын тебуі керек. Тілге деген көзқарас — шындап келгенде елге деген көзқарас. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн, — деп Президент ел бірлігінің басты белгісі — қазақ тілі екенін баса атап өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы — 2050» Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты Қазақстан халқына Жолдауын әрбір қадамын сенімді басқан мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтар қатарынан қалмай, болашақты оптимисттік көзқараспен болжамдап, өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдей алатын, өркениетті даму жолындағы жаңа бағыттарын айқындаудың жолы деп білеміз.

Елбасы бұл жолдауында мемлекетте білім алып, еңбек етіп жатқан азаматтарға ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруді міндеттеп отыр. Әрине, біздің еліміз үдемелі индустриалды-инновациялық бағытта шарықтап, тез дамып келе жатқан елдердің қатарында. 2030 – 2050 жылдар аралығында еліміздің ғылыми қамтымды және жасыл экономика қағидаттарына негізделген орнықты дамуын қамтамасыз ету қажет. Біз қуатты өңдеуші өнеркәсіп қалыптастырамыз.Дәстүрлі салаларда жоғары өңделген өнімдер шығаруға көшу жүзеге асырылып, ғылыми қамтымды экономиканың базасы ретінде инжинирингтік қызметтер дамиды. Сол себепті жаңа өзгерістерге әруақытта да қазақстандық азаматтардың дайын болулары керектігін Елбасымыз ашық айтты. Елбасының осындай саясатын жете түсінген ел азаматы өзінің кәсіби біліктілігін үзбей жетілдіріп, озық технологияларды меңгеру жолында тынымсыз еңбек етуі керек шығар. Елбасы өз жолдауында прагматикалық стратегия құра отырып, қазақстандықтарға жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу мақсатын қояды. Ол үшін инновациялық зерттеулер мен әзірлемелер дайындап, ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу мүмкіндіктерінің бар екендігін баса айтады. Қазіргі уақытта еліміздің кейбір ғалымдары ғана өз жобаларының аясына бірен-саран шетелдік ғалымдарды тартып, бірлесе жұмыс істеп жатыр деп айта аламыз. Алайда бұндай қадамдар баяу түрде іске асып, саны жағынан да саусақпен санарлықтай ғана. Елбасының келешек ұрпағымыздың өсіп-өнуі үшін жасап жатқан парасатты қадамдары өте мол. Еліміздің балабақша, мектеп, колледж, жоғары оқу орындарына арналған стратегиялық білім беру бағдарламалары жастардың білім мен ғылым жолында жан-жақты дамуларына, жаңа өзгерістерге төтеп бере алатын, заманауи

техниканы меңгерген, өз ісінің шеберлері ретінде қалыптасуларына мүмкіндіктер беріп жатыр. Елбасының бұл Жолдауда көрсеткен бағыттарын барлық қазақстандықтар түсініп, қолдайды деген ойдамыз. Өйткені стратегиялық инновациялық бағыттар бойынша шетелдік ғылыми-зерттеушілік қоғамдастықпен ықпалдасу біздің еліміздің экономикалық дамуына зор ықпалын тигізеді. Бұл қадам арқылы қазақстандықтар жаңалықты меңгереді, шыңдалады, тәжірибе жинақтайды, бір сөзбен айтқанда, еліміздің басқа шет елдермен бәсекеге қабілеттілігін арттырып, терезесін теңестіреді. Бізді айрықша қуантқаны — мемлекеттің саяси, экономикалық, мәдени дамуының жолдарын белгілей отырып, Жолдауда ұлттың рухани жаңғыруына баса көңіл бөлінгені. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық» деп тағы бір мақсатты айқындап, сол мақсатқа жетуде қазақ халқының рөлін көрсетіп, алдағы уақытта біздің мемлекет жаңа қазақстандық патриотизмге негізделген қазақ тілді мемлекет болатынын айтып өтті.

«Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсіп жүр. Осы мақсатта біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар екендігін паш еттті. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Қазақстан Президенті қашанда ел ертеңі білімді ұрпақтың қолында екенін айтып, ұдайы білім беру саласын қолдап отырады. Ендігі мақсат — Мемлекет басшысы Жолдауында келтірілген, алдымызға қойылған міндеттерді басшылыққа алып, жұмыс істеуіміз керек. Жаңа бағдарламаны іске асыруда өз үлесімізді қосып, алдыңғы орында болатынымызға сенеміз.

Сонымен қатар Елбасының баса назар салып айтып кеткені, әрине, таяудағы 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру керектігі. Келешекте жастардың техникалық білім алуын мемлекеттік кепілдендіруге көшіруді қарастыру қажет екендігін баса айттты. Өскелең жастарға берілетін білім әлемдік стандарттарға сай озық оқыту технологиясымен жабдықталған оқу орындары атап айтсақ, әр облыстағы бой көтеріп жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Назарбаев университеті сияқты білім ордаларына қарап бой түзеу. «Қазақстан-2050» стратегиясында Елбасымыз жоғарғы оқу орындарында халықаралық үлгідегі сертификаттарға ие болатын инжинерлік және техникалық мамандықтарды даярлау көзделіп, жоғарғы оқу орындары жалғыз білім беру саласымен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар қолданбалы және ғылыми зерттеу салаларын құрып, оны одан әрі дамыту көзделген

Құрметті отандастар!

Әлем бүгінде күрделі сынақтардың алдында тұр.

Жаһандық экономикалық дағдарыс, геосаяси шиеленістер, санкциялық текетірестер, сондай-ақ, энергия ресурстарына әлемдік бағаның төмендеуі әлемдік үдерістердің белсенді қатысушысы - біздің елімізге әсер етпеуі мүмкін емес.

Елбасы атап өткендей, «...таяудағы жылдар жаһандық сынақтардың уақыты болады. Әлемнің бүкіл архитектурасы өзгереді. Барлық елдер осы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Бұдан тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады...».

Осындай жағдайда Мемлекетіміздің Басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Нұрлы Жол» Жаңа экономикалық саясатын жариялады.

Бұл тарихи құжатта дағдарысты еңсерудің кешенді шаралары ғана көрсетіліп қоймай, еліміздің әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуіне қажетті жағдай, ұзақмерзімдік даму жолы анықталып отыр.

Бүгінде көптеген әлемдік алаңдарда саясаткерлер, экономистер, сарапшылар дағдарысты еңсеру, сондай-ақ, ұлттық экономиканың өсімін сақтап қалу жөніндегі тұспалдар мен болжамды шараларды қарастырып жатқанда, еліміз Елбасының стратегиялық көрегендігінің арқасында алғашқылардың бірі болып айқын, әбден пысықталған іс-қимыл жоспарын қабылдады.

Алғашқы кезекте экономиканың елдің дамуына және азаматтарымыздың әл-ауқатының артуына неғұрлым оң әсерін тигізетін салаларына қолдау көрсетіледі.
Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Үкіметке барлық әлеуметтік міндеттемелермен сөзсіз қамтамасыз ету міндетін жүктеді.
«Нұрлы Жол» Жаңа экономикалық саясаты – бұл болашақтың инфрақұрылымын кең көлемде инвестициялау есебінен экономиканы жүйелі түрде қайта құру. Көлік, индустриялық, энергетикалық, тұрғын үй-коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ шағын және орта бизнеске барынша қолдау көрсету тұрақты экономиканың негізі – мықты орта тапты қалыптастыра отырып, болашақ Қазақстанның іргетасын мызғымастай етіп нығайтады.
Жолдар құрылысы өңірлерді байланыстырып, ауыл мен қаланы жақындатуға, еліміздің транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Шағын және орта бизнеске, сондай-ақ, азаматтарға өндіруші нарықты қолжетімді етудің арқасында сауда-саттық жанданады. Тұрғын үй-коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылым құрылысының, сондай-ақ, мемлекеттік қолдаудың жаңа тетігінің арқасында миллиондаған қазақстандық баспанаға қол жеткізуге және өмір сапасын арттыруға мүмкіндік алады.
«Нұрлы Жол» бағдарламасын жүзеге асыру дегеніміз – жүздеген мың қосымша жұмыс орны, жаңа өндірістер, бизнесті жандандыру және қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру.
Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің, оның ішінде АҚШ пен Германияның тәжірибесі инфрақұрылымды кең көлемде инвестициялау болашақ өркендеу үшін мызғымас негіз қалыптастыратынын көрсетеді.
Қазақстан «Нұрлы Жол» Жаңа экономикалық саясатының жүзеге асырылуын Ұлттық Қорға жиналған қаржының арқасында қамтамасыз етпек.
Кейбір саясаткерлер мен экономистердің Ұлттық Қордағы жинақты тұрғындарға таратып беру жөніндегі популистік үндеулеріне қарамастан, Елбасы бағдарының арқасында, болашақ ұрпаққа арналған Қорға қомақты қаражат жиналды. Бұл қазақстандықтардың келешекке сеніммен қарап, Мемлекет басшысының сарабдал саясаты мен көрегендігінің нәтижелерін толықтай бағалауына мүмкіндік береді.
Ел Президенті нақты іс-қимыл жоспарын бекітіп және қажетті қаржылық негізбен қамтамасыз ете отырып, мемлекет үшін сын-қатерлерді мүмкіндіктерге айналдыра келе, экономикамыздың бұдан әрі өрлей беруі үшін барлық шараны қабылдады.
Барлық жетекші үкіметтік емес ұйымдардың, партиялардың, Үкіметтің, Парламенттің, яғни, баршамыздың ортақ міндетіміз – Жаңа экономикалық саясаттың мақсаттарына қол жеткізуге қажеттінің барлығын жасау.
Осыған байланысты, Демократиялық күштердің жалпыұлттық коалициясы барлық азаматтық институттарды, саяси партияларды, сарапшылық қауымдастығын, сондай-ақ, барша азаматтарды «Нұрлы Жол» бағдарламасының жүзеге асырылуы мен мемлекет қаражатының жұмсалуына қоғамдық бақылау жасауға атсалысуға шақырады.
Мемлекет басшысы атап өткендей, «...жаһандық сынақтан өту үшін біздің топтаса білуіміз қажет. Біз барлық қазақстандықтар арасындағы сенімді нығайтуға тиіспіз... Бірлігіміз бен этносаралық келісімді біздің өзіміз сақтауға тиіспіз».
Сондықтан, Коалиция, барша қазақстандықтарды, барлық қоғамдық бірлестіктерді Елбасының Мемлекеттік бағдарының төңірегіне топтасуға және Жаңа экономикалық саясаттың іске асуын бірлесе қамтамасыз етуге шақырады.
«Нұрлы жол», бұл – ел дамуының жаңа кезеңінің бастауы. Бұл тек дағдарысты еңсеру бағдарламасы ғана емес. Бұл - біздің ортақ мақсатымыз – Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына енуін қамтамасыз ете отырып, бұрынғыдан да күшейе түсуіміздің, топтасуымыздың және Мәңгілік Ел идеясын іске асыруымыздың тарихи мүмкіндігі.

«Нұр Отан» партиясы, Қазақстанның Коммунистік халық Партиясы, «Бірлік» партиясы, Қазақстанның Патриоттар партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, Қазақстанның «Ауыл» әлеуметтік-демократиялық партиясы, Кәсіпкерлердің Ұлттық палатасы, «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» Заңды тұлғалар бірлестігі, Қазақстан Кәсіподақтары федерациясы, «Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымы» Қоғамдық бірлестігі, «Болашақ» қауымдастығы» Қоғамдық бірлестігі, Қазақстанның кәсіпкерлер форумы, Мүгедектердің «ДОС» тәуелсіз өмір орталығы» Қоғамдық бірлестігі, «ҚР Қарулы күштер ардагерлері» Қоғамдық бірлестігі, «ҚР Қарулы күштер ардагерлері» Ауғанстан соғысы ардагерлерінің ұйымдарының ассоциациясы, Қазақстан іскер әйелдері ассоциациясы, «Қазақстан тұтынушыларының Ұлттық Лигасы» Заңды тұлғалар бірлестігі, «Жасыл» экономика мен G-GLOBAL дамыту үшін коалициясы» Заңды тұлғалар бірлестігі, Ұлттық ғылым академиясы, Қазақстан Жазушылар одағы, Кәсіпкер-әйелдер одағы, «Республикалық әйелдер кеңесі» Қоғамдық бірлестігі, «Қазақстан украиндарының радасы» Қоғамдық бірлестігі.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. «Мәңгілік Ел» идеясы.
2. «Нұрлы жол» бағдарламасы

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма:**

Қазақстанның жаңа экономикалық бағыты
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.

10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014
**Қосымша әдебиеттер:**
1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.
**Электронды басылымдар:**
1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/

10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/

**№2 Аралық бақылау 45 мин**
12-24 тақырыптар бойынша жазбаша бақылау жұмысы алынады.

**№24 сабақ**

**1. Сабақтың тақырыбы**: Тәуелсіз Қазақстанның білім, ғылым және мәдениеті.
**Сағат саны:** 90 мин.
**Сабақ түрі: теория**
**2. Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: ҚР «Білім туралы», «Тіл туралы» заңдарының қабылдануы, «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы туралы, Тәуелсіз Қазақстанның білімі, ғылымы және мәдениетінің ерекшелігі туралы түсінік беру, ұғым қалыптастыру.
-ҚР Елбасының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдаулары туралы, олардың ел өміріндегі маңызы туралы түсінік беру.
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;
**Сабақтың барысы:**
Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Қазақстанның жаңа экономикалық бағыты.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1.ҚР бірінші Конституциясының қабылдануы.
2.ҚР екінші Конституциясының қабылдануы.

**1993 жылдың 28 қаңтарында** ҚР жаңа Конституцияға ие болды. Бірінші Конституция экономикалық және саяси реформа құрылымының негізін қалап, жеке меншік институтының заңдылығын жариялады, қысқасы, ұлттық-мемлекеттік тәуелсіздік құрылысының құқықтық негіздерін белгіледі. Дегенмен аталмыш Констиуцияда қазақстандық қоғамның біркелкі еместігі жөніндегі талас тудыратын тұжырымдар көрініс тапты.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. Ол кіріспеден, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрады.

Конституция Қазақстан мемлекеттік егемендігін алған сәттен бергі көптеген құқықтық нормаларды:

- халықтық егемендік
- мемлекет тәуелсіздігі
- билікті бөлісу принципі
- қазақ тілін мемлекеттік деп тану
- Президентті мемлекет басшысы деп тану
- сот органдарын — Жоғарғы, Конституциялық және Жоғары Арбитраждық соттар және басқаларды қамтыды.

1993 жылғы Конституция негізіне парламенттік республика моделі алынды.

**1995 ж. 30 тамызындағы** республикалық референдумда ҚР жаңа Конституциясы қабылданды. Оған азамат және адамның азаттығы мен құқығы – ең бірінші негіз етіп алынды. Жаңа қабылданған Негізгі заңда атқарушы, заң шығарушы және сот өкіметінің функциялары нақты атап көрсетіліп, олардың өзара қарым-қатынасы белгіленді.

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз.

I бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР *(1-9 бап)*
II бөлім. АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ *(10-39 бап)*
III бөлім. ПРЕЗИДЕНТ *(40-48 бап)*
IV бөлім. ПАРЛАМЕНТ *(49-63 бап)*
V бөлім. ҮКІМЕТ *(64-70 бап)*
VI бөлім. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС *(71-74 бап)*
VII бөлім. СОТТАР ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІ *(75-83 бап)*
VIII бөлім. ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ *(85-89 бап)*
IX бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР *(90-98 бап)*

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.1995 жылы 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы 10253 сайлау

учаскелерінде жүрді. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады.1995 ж. желтоқсанда екі палаталы (жоғарғы палаталы — Сенат, төменгі палаталы —Мәжіліс) Парламент.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1. Қазақстан ғылымы
2. Білім беру жүйесі
3. Мәдениеті

Ғылымның дамуы мен гүлденуі табиғаттың шынайы заңдылықтарын үйренуге және оған қоғам мүшелерін тартуға тікелей байланысты. Кеңес Одағы жүйесінің күйреуі барысында республика ғылыми мекемелері дағдарыс жағдайында болды. Мұның себебі бірнешеу:

ғылыми зерттеулердің негізгі көздері мен бағыттарын белгілеу КСРО кезінде орталықтан жүзеге асырылды. Одақтық ведомстволар зерттеу институттарын көбіне республикалардың қалауынсыз жүргізіп келді;

Республика ғылыми-техникалық әлуетінің басым бөлігі жалпы-одақтық ғылыми құрылымға тартылғандықтан, олар Қазақстан ғылымына қосалқы түрде көңіл бөлді;

ғылым академиясы мен салалық ғылым мекемелері (КСРО энергетика және электрлендіру министрлігі 6 мұнай және газ өндірісі министрлігінің батыс қазақстандық институты, т.б.) өзара және академиялармен тығыз байланыста жұмыс істей алған жоқ;

экономикалық дағдарыс салдарынан ғылымды қаржыландыру едәуір қысқартылды;

коммунистік қызметке арналған бағаны ырықтандыру ғылыми мекемелерді ұстап отыру мәселелерін одан сайын қиындата түсті;

90-жылдары белең алған құнсыздану ғалымдардың айлық жалақысын төмендетті, көптеген жас та дарынды мамандар бизнеске, шетелге кетті;

XX ғасырдың 90-жылдарындағы республика ғылымының өрісі, оның жаңа технологиялармен жабдықталуы бүгінгі күн талабына жауап бере алмады.

Аталған кемшіліктердің орнын толтыру бағытында Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі нақтылы жұмыстарды қолға ала бастады. Министрліктің ұсынысына сәйкес 1992 жылы Қазақстан Республикасының Президенті «Ғылымды жетілдіру және республиканың ғылыми-техникалық потенциалын дамыту туралы» Жарлыққа қол қойды.

Жергілікті жерлердегі бөлімшелері мен материалдық-техникалық базаларының жоқтығына қарамастан, аталған министрлік Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында үш аймақтық бөлім құрды. 1992—1993 жылдары аса маңызды мәселелерге байланысты 7 ұлттық ғылыми орталықтар дүниеге келді. Олар:

электроника мен байланыс жүйесі бойынша,
ақпаратты және есепті техника бойынша,
биотехнология,
экология,
жаратылыс ғылымдары бойынша,
минералдық шикізаттарды кешенді өңдеу,
жаңа ғарыштық технологиялар бойынша ұлттық ғылыми орталықтары.

Бірақ бұл аталған шаралар дер кезінде материалдық ресурстармен қамтамасыз етілмеді. Елдегі экономикалық ахуал мен құнсыздану бұған кері әсерін тигізді. Дегенмен іргетасы бұрыннан қаланған ғылыми ошақтар, атап айтқанда, геология, химия, механика, т.б. бүкіл-одақтық жүйенің

күйреуі мен құрылымдық құлдырауына қарамастан, өз тұрғыларын сақтап қалды. Жалпы алғанда, 1992—1994 жылдар ғылымның мүшкіл хал кешуімен есте қалады.
1994 жылы Ғылым және жаңа технология министрлігі жанынан ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды мемлекеттік сараптау бөлімі құрылды. Аталған құрылым ғылымға арналған бюджеттік ассигнадиялардан қаржыландыруға қабылданған ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың бөрін дерлік сараптаудан өткізуге тиісті болды.
1996 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында ғылымды басқарудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру шаралары туралы» Жарлығы шықты. 1996 жылы мемлекет ғылыми саланы қайта жаңғыртуға, академиялық ғылымның реформалық жолдарын анықтауға бет бұрды. Осы мақсатта Ғылым және жаңа технология министрлігін, Ұлттық академияны, ауыл шаруашылығы ғылыми академиясын біріктіру жүзеге асырылды. Сөйтіп, жаңадан Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясы дүниеге келді.
2001 жылы министрлік мақсатты бағдарламаларды қаржыландыруға көшті. Ғылыми-зерттеу институттары мұндай бағдарламаларды қорғап, конкурстық негізде жеңіп алуы тиіс. Зерттеу бағдарламалары республикадағы ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келуі қажет. Бағдарлама зерттеушілері істелген жұмыс жайлы жылда есеп беріп, егер ол алдын ала белгіленген талаптарға сай келмесе, қаржыландыру тоқтатылуы мүмкін. Ғылымды қаржыландыруға байланысты мұндай жағдай 2001 жылы қабылданған «Ғылым туралы» Заңда анықталған.
Жаңа заң республика дамуының соңғы он жылдығында болған өзгерістерді ескере отырып даярланды. Осылайша бюджеттік қаржыландырудан басқа ғылыми мекемелер мен ғылыми қызметкерлердің өзге де қаржы көздерін тауып, қаражат тартуға мүмкіндіктері бар. Мысалы, грант түрінде арнайы ғылыми және қоғамдық қорлардан ала алады. Сөйтіп, жаңа заң қазір біздің мемлекетіміздегі ғылым мен ғылыми-техникалық саясаттағы өзгерістерге сәйкес келеді. Ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында ғылым саласын одан әрі жаңартудың 2007—2012 жылдарға арналған стратегиясы белгіленді.

**Білім беру жүйесі**

Қазақстандық ғылымның ертеңі республикадағы білім жүйесіне де тікелей байланысты. Қазақстанда басқарудың тікелей негізгі қағидаларына сүйенген, әрі қаржыландыру жағынан мемлекеттік және мемлекеттік емес болып есептелетін еуропалық типтегі білім беру жүйесі қанат жайып келеді.
1995 жылғы Конституция бойынша (30-бап) баршаға бірдей міндетті болып есептелетін толық орта білім алуды мемлекет тегін жүргізеді. Әйткенмен, мектеп бітірген жас жеткіншектің одан әрі қандай оқуға түсуі (мемлекеттік немесе жеке) өз еркі мен қалауына байланысты. Этностық ерекшеліктердің есепке алынуына орай, республикада оқу, білім алу 7 тілде жүргізіледі.
1997—1998 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мекемелерде ақпараттандыру мен компьютерлендіру бағдарламасын орындау міидеттелінді. 2001жылы мектептерді компьютерлендіру толығымен аяқталды. Республика мектептерінде аталған барлық тілдер бойынша керекті оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді басып шығару баяғысынша ең маңызды мәселенің бірі ретінде күн төртібінде тұрды.
Бүгінгі таңда республика аумағында жеке меншік және мемлекеттік көптеген оқу орындары білім беру жүйесін сыбайлас жүргізуде. 1995—1998 жылдар аралығында жеке меншік оқу орындары 41-ден 88-ге дейін өсті.
2001 жылы жеке меншік мектептер мен олардағы оқушылар саны 1996 жылғымен салыстырғанда үш есеге артты.
Мектептер мен жоғары оқу орнындағы жастардың білімін жетілдіру мақсатында республика көлемінде әр түрлі деңгей- дәрежедегі оқу орындарын лицензиялау мен аттестациялаудың нормативі белгіленді.

Мамандар даярлауды жаңарту мен жақсарту үшін «Дарын» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылу үстінде. Бұл бағдарлама жасөспірімдер мен жеткіншектерге тәрбие мен білім берудегі білім органдарының негізгі стратегиялық іс-шараларын белгілейтін болады. Ерекше дарынды балаларды шетел оқу орындарына жіберіп отыру мақсатында 1993 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы жұмыс істеп келеді.
Бүгінгі таңда шетелге барып білім алу мәселесімен басқа да мемлекеттік емес білім ұйымдары, орталықтар, қорлар айналысуда. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде білім берудің қыры мен сыры, мазмұны айқындала түсіп, оларды қаржыландыру мен басқару негізі едәуір өзгерді. Бұл салада жаңаша құқықтық-нормативтік база құрылып, қалыптасты. Білім берудің қосымша және баламалық мекемелері өмірге келді. Осыған орай мемлекеттік оқу орындарын қолдап-қуаттаудың мүлдем жаңа мүмкіндіктері ашылды. Білім алу мен білім берудің ықпалдастық дәрежедегі әлемдік кеңістігі ұлғайды.

**Мәдениет**

Қазақстанның дамудың жаңа жолына түсуі өз кезегінде білім алу жүйесіне ғана емес, мәдениет саласына да үлкен өзгерістер әкелді. Кеңестік кезеңде мәдениет пен білім мемлекеттің қосымша көмегін пайдаланатын.
Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл екі салаға көңіл аз бөлінді. Мемлекеттің бюджеттік саясаты адамдардың рухани сұранысымен есептеспеді. Әсіресе бұл республиканың рухани-мәдени өмірінде көбірек көрініс тапты. Экономиканың ырыққа көнбеуі, оның жылдан-жылға төмендеуі адамдар психологиясын мәдени дамудан гөрі материалдық байлыққа итермелей, икемдей түсті.
Қазақстанның әлемдік кеңістікке бет алуы өзінің құнын жоғалтқан идеологиялық мәдениеттен гөрі әсірекызыл батыстық үлгіге айқара есік ашып берді. Батыстық мәдениетпен қосарланып түрліше діни секталар мен ағымдар да ағылды. Бұл келеңсіздік өз дәрежесінде республика көлемінде мәдени-рухани саланы басқарудың басқаша жолдарын қарастыруға мәжбүр етті. Олар, түптеп келгенде, мыналар:
Қазақстан халқының мәдени-ұлттық сана-сезімінің жаңаруына ықпал ету;
этномәдени және конфессионалдық шектеулікте мәдени әр алуандылықты қалыптастыру;
менеджменттіктің мейлінше пайдалы моделін таңдау.
Қазақстан Республикасы «Мәдениет туралы» (1996) Заңының 3-бабында мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат қағидалары былайша көрініс тапқан:
азаматтардың шығармашылық қызметінің еркіндігі;
мәдени байлықты жасауда, оны пайдалану мен таратуда барлық азаматтардың құқығы бірдей;
тарихи-мәдени мұраны қорғау;
ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарын қатар игеру аясында тәрбие мен білім беру жүйесін дамыту;
мәдениет саласында монополиялық пиғыл-әрекетті болдырмау;
мәдениетті қаржыландыруда бюджеттік, коммерциялық және қайырымдылық бастамаларды қолдап-қуаттау;
мәдени қызметті ұйымдастыруда мемлекеттік және қоғамдық бастамаларды бірдей пайдалану.
90-жылдары республика мемлекеттік мәдениет мекемелерінің жүйесі мәдени-демалыс орындарын, кітапханаларды, мұражайларды, театрларды, концерттік ұйымдарды, кино өнері мекемелерін, мәдениет және демалыс парктерін, т.б. қамтыды.
Бұлардың бәрі дерлік мемлекеттік баланста тұрды. Бұдан кейінгі жылдарда, яғни онжылдық кезеңде мәдени саланы қаржыландыру мәселесі едәуір өзгеріске ұшырады:
ұлттық маңызға ие мемлекеттік мәдениет мекемелерін мемлекеттік тұрғыдан қаржыландыру сол күйінде сақталып қалды;

нақты мәдени жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін түрліше қаржы көздерін тарту мүмкіндігі ашыла түсті;
меншік формасының өзгеруіне байланысты мәдени мекемелердід көпшілік бөлігі, атап айтқанда, кинематография, туризм, спорт, шоу, теледидар, концерттік ұйымдар, т.б. өзін-өзі қаржыландыруға көшірілді.
Мәдени саладағы жеке меншіктің түрліше формалары өз кезегінде сөз еркіндігіне, Қазақстанның дербес шығармашылығына жол ашты. Аталған мемлекеттік емес мәдени мекемелердің жұмыстарын ретке келтіріп отыру барысында қайсыбіреулердің адамзатқа, ұлтқа, мемлекетке қарсы идеяларды насихаттап, таратуына жол бермеу үшін тіркеуден өткізу тәртібі қатаң сақталуы тиіс болды.
Бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістік құру — Қазақстанның мәдениет саласындағы негізгі стратегиялық мақсаты. Тек осы жолмен ғана елдің рухани қуатын анықтап, дербес ұлт ретінде әлемдік қауымдастық қатарынан орын алуға болады. Бұл мақсаттың үдесінен шығудың бір жолы — қазақ халқының этномәдени тұрғыдан қайта жаңғыруы өте-мөте қажет. Бұдан бұрынғы идеологиялық жүйенің күйреуі рухани өмірдің дүр сілкінуіне, ұлттық салт-дәстүрдің табиғи жаңғыруына түрткі болды.
Республиканың бүгінгі өмірінде бұған мысал жеткілікті. XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап «Наурыз мейрамы» қайтадан салтанат құрды. Ол республикада тұрып жатқан барлық ұлт-ұлыстардың ортақ мерекесіне айналды. Қазақ халқының ең көне ауызекі өнерінің бірі — айтыс жаңа дәуірге лайық қайта дамыды.
Әсіресе соңғы жылдары республикада ұлттық мәдениет пен өнердің озық үлгілерін әлемдік айналымға шығару, сол арқылы Дүние жүзі қауымдастығына танылу жолдары қарастырылуда. Жамбылдың 150 жылдығының аталып өтуі, 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдығының тойлануы, 1999 жылы Түркістанның 1500 жылдығы кең көлемде мерекеленуі тәуелсіз жас мемлекеттің бұл бағыттағы тарихи құтты қадамдары болса керек.

**Қорытынды сұрақтар:**

1.Тәуелсіз Қазақстанның ғылымы, білімі
2.Мәдениеті.

**Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан бергі уақыттан бастап өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруды басты даму бағыты етіп айқындады. Әлеуметтік мемлекетті құрудың негізгі құқықтары мен қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Тәуелсіз Қазақстанда әлеуметтік мемлекеттің берік іргетасы қалануында Елбасының жыл сайынғы Жолдауларының алар орны ерекше. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының, 1-тармағына сәйкес Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнайды. Елбасының жыл сайынғы Жолдаулары тәуелсіз Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғалар. Өйткені ондағы қойылатын міндеттер мен жасалынатын пайымдаулар мен тұжырымдамалар әрбір жыл сайын бір-бірімен жалғастық тауып, мемлекеттің тұтастай дамуын жаңаша деңгейге көтеруді айқындайтын, нақты дәлелді көрсеткіштерге негізделген стратегиялық бағыттар. Еліміздің әлеуметтік мемлекет ретінде дамып, қалыптасуының нақты бағыттары жыл сайынғы Елбасы Жолдауларының ең маңызды арқауы болып табылады. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» деп аталатын 2006 жылғы Жолдауда Елбасы Қазақстан халқының әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға ерекше ден қойды. Жолдауда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталған міндеттерді іске асыру үшін нақты іс-шаралар жеке-жеке атап көрсетілді. Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту –

Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында әлеуметтік жауапкершілікті барлық деңгейде арттыру қажеттігі аталып көрсетілді. Өйткені, «әлеуметтік жауапкершілігі бар мемлекет адамның даңғазалық ниеттілігін және қол жайып қарап отыратын көңілі мен таптауырындық мінезіне жол бермейді» . Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму бағыттары айқындалған Елбасының өткен жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деген Жолдауы стратегиялық маңызды құжат болып табылады. «Біз шекарамызды заңдық тұрғыдан ресімдедік. Елдің жаңа елордасы – Астананы салдық. Біз «Алдымен экономика – содан соң саясат»деген айқын формуламен ілгерілеп келеміз. Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды. Біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бірінші болып жеке меншікке, еркін бәсекелестікке және ашықтық принциптеріне негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін жасадық», [3]- деп атап көрсетті Мемлекет басшысы Жолдауда. Елбасының салиқалы саясатының нәтижесінде Қазақстан әлеуметтік мемлекет ретінде дамуының негізгі міндеттері шешілді. Мемлекет басшысы 2012 жылғы 3 шілдеде Астана қаласында өткен Индустрияландыру күніне арналған телекөпір барысында «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасын жария етті. Бағдарламада Елбасы әлеуметтік жаңғыру мәселесі барша Қазақстан халқы үшін зор маңызды екендігін айта келе, осы бағытта атқарылуға тиіс негізгі міндеттерді бағамдап көрсетті. Қорыта айтқанда, әрбір жыл сайынғы Президент Жолдаулары Қазақстанның мемлекет ретінде қуатын арттыра түсетін басты мақсат-мұраттарға негізделіп жасалады. Олардың әрқайсысы өзіндік бір мақсаттарға бағытталып, белгілі бір жүйемен және оларды жүзеге асыру механизмдерімен нақтылы құрылады. Елбасы Жолдаулары - Қазақстанда жүргізіліп отырған саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету бойынша, халықаралық қауымдастықта Қазақстанның рөлі мен орнын бекіту, оның саяси беделін арттыруға бағытталған еліміздің жалпы дамуын айқындайтын басты стратегиялық құжаттар болып табылады. Пайдаланған әдебиеттер тізімі 1. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- 2006, 1 наурыз. 2. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- 2012, 27 қаңтар. 3. «Қазақстан-2050» Стратегиясы- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- 2012, 14 желтоқсан.

1991 жылғы 16 желтоқсанда біз - Қазақстан халқы - егемендікті, бостандықты, әлемге ашықтықты таңдадық. Бүгінгі күні осы құндылықтар біздің күнделікті өміріміздің бөлшегіне айналды. Сол кездері, сапарымыздың басында бәрі басқаша болды. Енді біздің ортақ күш-жігер жұмсауымыздың арқасында ел танымастай болып өзгерді. Біз бүгін - өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табысты мемлекетпіз. Қуатты да табысты мемлекет. Біздің басты жетістігіміз - тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз. Біз шекарамызды заңдық тұрғыдан ресімдедік. Елдің тұтастандырылған экономикалық кеңістігін құрдық. Елде өндірістік байланыстарды қайтадан орнықтырып, нығайттық. Бүгінде барлық өңірлер бір-бірімен ажырағысыз байланыста жұмыс істейді. Билік тармақтарының бөлінуіне негізделген заманауи мемлекеттік басқару жүйесін жасаған тарихи маңызды конституциялық және саяси реформалар жүргіздік. Елдің жаңа елордасы - Астананы салдық. Бұл заманауи қала біздің бойтұмарымыз бен мақтанышымызға айналды. Біз еліміздің мүмкіндігін әлемге көрсету үшін оның әлеуетін пайдалана алдық. Дәл сол себептен де халықаралық қауымдастық Қазақстанды ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде таңдады. Егер Астана болмаса, бұл да болмас еді. Мұндай құрмет кез келгеннің еншісіне тие бермейді. Біздің еліміз кеңестен кейінгі кезеңдегі күллі кеңістікте ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен, осы Ұйымның Саммитін өткізген және ғаламдық

ауқымдағы іс-шара - ЭКСПО-2017-ні өзінде өткізетін бірінші ел екенін айтсақ та жеткілікті. Демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесі Біз «Алдымен экономика - содан соң саясат» деген айқын формуламен ілгерілеп келеміз. Саяси реформалардың әрбір кезеңі экономика дамуының деңгейімен ұштасады. Сондықтан да біз саяси ырықтандыру жолын дәйекті ұстанудамыз. Осылайша ғана елді жаңғыртып, оны бәсекеге қабілетті етуге болады. Қоғам әрбір қадам басқан сайын демократияландыру мен адам құқықтары саласындағы ең жоғары стандарттарға жақындап келеді. Біз ел Конституциясында негізгі құқықтар мен бостандықтарды бекіттік. Бүгінгі күні Қазақстанның барлық азаматтары тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие. Түрлі әлеуметтік, этникалық және діни топтардың келісімі мен татулығы Біз қазақ халқына, біздің мәдениетіміз бен тілімізге қатысты тарихи әділдікті қалпына келтірдік. Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім - біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды. Ұлттық экономика. Халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің ролiміз Біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бірінші болып жеке меншікке, еркін бәсекелестікке және ашықтық принциптеріне негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін жасадық.

Әлемде не болып жатқанын біздің бәріміз көріп отырмыз. Бұл дағдарыстың жаңа толқыны емес, әлемдік экономика әлі еңсере алмай отырған 2007-2009 жылдардағы дағдарыстың жалғасы. Жаһандық экономикалық жүйе 2013-2014 жылдардың өзінде елеулі іркіліске ұшыратып, атап айтқанда, шикізатқа әлемдік бағаның құлдырауын туғызуы мүмкін. Біз үшін мұндай көрініс аса тиімді бола қоймайды. ЕО мен АҚШ-тағы ықтимал рецессия дамыған елдердің шикізат ресурстарына қажеттілігін төмендетуге әкелуі мүмкін. Еуроодақтағы жоқ дегенде бір мемлекеттің ықтимал дефолты «домино әсерін» тудырып, біздің халықаралық резервтеріміздің сақталуы мен экспорттық өнім беруіміздің тұрақтылығына күмән туғызуы мүмкін. Валюталық резервтердің қысқаруы валюталық бағамдар мен инфляцияның қысымын күшейтіп, бұл қайтадан әлеуметтік-экономикалық ахуалға кері әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты біз халықаралық ахуал дамуының кез келген көрінісіне жан-жақты дайын болу үшін биліктің барлық тармақтарының, мемлекет пен қоғамның ойластырылған, келісілген және үйлестірілген бағытын тұжырымдауға тиіспіз. III. Қазақстан-2050 Стратегиясы - тым құбылмалы тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт Құрметті қазақстандықтар! Қымбатты отандастар! Біз шешуге тиісті міндеттер парадигмасы сапалық тұрғыдан өзгерді. Жаңа сын-қатерлерді лайықты қабылдау үшін ендігі жерде 2030 Стратегиясының аясы жеткілікті емес. Біз жоспарлау көкжиегін кеңейтіп, 15 жыл бұрынғыдай кезекті дүниетанымдық серпіліс жасауымыз керек. Біріншіден, Қазақстан - қазіргі заманғы мемлекет. Біздің мемлекетіміз кемелдікке жетті. Сондықтан да бүгінгі күн тәртібі мемлекеттің қалыптасуы кезеңіндегіден өзгеше. Дүниеде болып жатқан өзгерістердің сипаты мен тереңдігі, жаһандық өзара іс-қимыл ұзақ мерзімді дамуды талап етеді. Көптеген елдер қазірдің өзінде 2030-2050 жылдардың арғы жағына көз жіберуге тырысады. «Басқарылатын болжамдау» қазіргі тұрақсыз кезде мемлекеттер дамуының маңызды тетігіне айналуда. Екіншіден, «Қазақстан-2030» Стратегиясы біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасу кезеңі үшін жасалған болатын. Өзінің базалық өлшемі бойынша ол орындалды. Үшіншіден, біз жаңа шындық тудырған сынақтар мен қауіп-қатерлерге кезігіп отырмыз. Олар жалпылық сипат алып, барлық елдер мен өңірлерге әсерін тигізуде. Біз «Қазақстан-2030» Стратегиясын тұжырымдаған кезде нәтижесінде жаңа, мүлдем күтпеген, экономикалық және геосаяси жағдаяттар туындайтын, өз көлемі жағынан теңдесі жоқ әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс

төнеді деп ешкім күтпеген еді. 2030 стратегиясы 1997 жылы ашық құжат ретінде жасалды. Біз о бастан-ақ оған түзетулер енгізу мүмкіндігін ескердік. Әлемдегі жағдай өзгеретінін және өмір өз түзетулерін енгізуі мүмкін екенін түсіне отырып, менің тапсырмам бойынша жаңа жағдайдағы біздің орнымыз бен біздің мүмкіндіктерімізді ой елегінен өткізе отырып жұмыс істейтін жұмыс тобы құрылды. Олардың талдау жұмыстарын ескере отырып, мен ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытын жасауды ұсынамын, оның ішінде 2030 Стратегиясының міндеттерін орындау жалғасын табатын болады. Уақыт пен жағдай 2030 бағдарламасы сияқты біздің жоспарларымызға түзетулерін енгізетінін нақты түйсінуіміз керек. 2050 жыл - жай бейнелі дата емес. Бұл бүгінде әлемдік қауымдастық бағдар ұстап отырған нақты мерзім. БҰҰ-да 2050 жылға дейінгі өркениеттер дамуының жаһандық болжамы әзірленді. 2050 жылға дейінгі болжамдық баяндаманы Дүниежүзілік азық-түлік ұйымы жариялады. Қазір елдердің дені осындай ұзақ мерзімді стратегиялар әзірлеп, қабылдауда. Қытай өзі үшін дәл осындай стратегиялық жоспарлау көкжиегін айқындап алды. Ірі трансұлттық компаниялардың өзі алдағы жарты ғасырға даму стратегияларын әзірлеуде. Он бес жыл бұрын, 2030 Стратегиясы қабылданғанда біздің жаңа мемлекетімізде дүниеге келген қазақстандықтардың жаңа буыны енді ғана мектепке баруға даярланып жатты. Бүгінде олар еңбек етуде немесе жоғары оқу орындарын аяқтауда. Енді екі-үш жылдан соң Тәуелсіздіктің екінші буыны дүниеге келе бастайды. Сондықтан қазірдің өзінде оларға дұрыс бағдар нұсқау туралы ойланғанның маңызы зор. Біздің басты мақсатымыз 2050 жылға қарай Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру. Қазақстан XXI ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс. Біздің жетістіктеріміз бен қазақстандық даму үлгісі Жаңа саяси бағыттың негізі болуға тиіс. Қазақстан-2050 стратегиясы - Қазақстан-2030 стратегиясының жаңа кезеңдегі үйлесімді дамуы. «Біз кімбіз, қайда барамыз және 2050 жылға қарай қайда болғымыз келеді?» деген сұрақтарға жауап осы. Жас ұрпақтың нақ осыған мүдделі екеніне сенімдімін. Осыған орай, ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытының жобасын ұсынамын. Бұл менің Қазақстан халқына жолдауым болады. *** Біз қайда бара жатырмыз? Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс. Дамушы елдер арасында осы клубтағы орынға бәсекелестік қатал болмақ. Күн астындағы орын тек ең мықтыларға арналғанын нақты сезіне отырып, ұлтымыз жаһандық экономикалық тайталасқа дайын болуға тиіс. Біз бірінші дәрежедегі мынадай мақсаттарымызды назардан шығармастан, нысаналы әрі шабытты жұмыс істеуіміз керек: Мемлекеттілікті одан әрі дамыту және нығайту. Экономикалық саясаттың жаңа қағидаттарына көшу. Ұлттық экономиканың жетекші күші - кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету. Жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыру. Білім беру мен денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құру. Мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін, тиімділігі мен функционалдығын арттыру.

.....

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.

2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма:**

Тәуелсіз Қазақстанның білім, ғылым және мәдениеті.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6.Тлеужанова М. К.  Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**Қосымша  әдебиеттер:**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О.  Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аудармa бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice  : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в ХХ –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. https://aknurpress.kz/
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 https://aknurpress.kz/
5.Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019 https://aknurpress.kz/
6,Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 https://aknurpress.kz/
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. http://rmebrk.kz/
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. http://rmebrk.kz/
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б http://rmebrk.kz/
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. http://rmebrk.kz/
11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. 1тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. http://elib.kaznu.kz/
13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. http://elib.kaznu.kz/
14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, http://elib.kaznu.kz/